

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh national pedagogical university



ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

«Көркемөнерден білім беру: өнер – теориясы – әдістемесі» сериясы
Серия «Художественное образование: искусство – теория – методика»
Series of «Art education: art – theory – methods»
3 (64), 2020

Алматы

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh national pedagogical university**

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

**«Көркемөнерден білім беру: өнер – теориясы – әдістемесі» сериясы
Серия «Художественное образование: искусство – теория – методика»
Series of «Art education: art – theory – methods»
3 (64)**

Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті

ХАБАРШЫ

«Көркемөнерден білім беру:
өнер - теориясы - әдістемесі»
сериясы
№3 (64), 2020

2001 ж. бастап шығады.
Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір

Бас редактор – п.ғ.к., профессор
Т.М. Қожағұлов

Бас редактордың орынбасары және
жауапты хатшы – п.ғ.к., ҚР ЖАК
доценті Ш.Ә. Ақбаева

Редакция алқасы:

Reser Gulmes – Associate Professor
(Туркия);

Xie Henging – Professor (Қытай);

Rafis Abazov – PhD докторы, Колумбия
университетінің профессоры (АҚШ);

Omer Zaimoglu – PhD докторы, Акдениз
университетінің доценті (Туркия);

К.Д. Добаев – п.ғ.д., профессор
(Қырғызстан);

А.Т. Калдыбаева – Қырғызстан
Республикасы, Бишкек қаласы, И.Арабаев
атындағы Қырғыз мемлекеттік
университетінің профессоры, п.ғ.д.
(Қырғызстан);

О.В. Шаляпин – п.ғ.д., профессор (Ресей);

Н.Б. Смирнова – п.ғ.д., доцент (Ресей);

М.Ж. Тәнірберген – п.ғ.к., М.Ауэзов
атындағы Оңтүстік Қазақстан
мемлекеттік педагогикалық
университетінің профессоры;

Б.Н. Байділда – Қазақстан еңбек сіңірген
қайраткері, Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА
профессоры;

Л.Ш. Какимова – п.ғ.к., доцент;

А.К. Ахметова – п.ғ.д., профессор;

В.В. Ващенко – әскер.ғ.к., ҚР ЖАК
доценті;

Р.Ж. Нарибай – б.ғ.к. ҚР ЖАК доценті,
кафедра профессоры

Қ.Қ. Мұратаев – өнертану кандидаты,
профессор;

А.С. Сманова – п.ғ.к., қауым.профессор;

М.Ә. Султанова – өнертану кандидаты,
қауым.профессор;

Ж.Н. Шайғозова – п.ғ.к.,

қауым.профессор;

З.Ж. Рабилова – PhD доктор, аға
оқытушы.

© Абай атындағы

Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
2020

Қазақстан Республикасының Мәдениет және
ақпарат министрлігінде 2009 жылы мамырдың 8-
де тіркелген №10099-Ж

Басуға 03.012.2020. қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 26,0 е.б.т.
Таралымы 300 дана. Талсырыс 390.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENT

I БӨЛІМ. КӨРКЕМДІК БІЛІМ БЕРУ
РАЗДЕЛ I. ХУДОЖЕСТВЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

- Қожағұлов Т.М.** Қазақстан кәсіби суретшілерінің көркем туындылары негізінде оқушыларының талғамын қалыптастыру..... 8
- Қожағұлов Т.М.** Формирование вкуса учащихся на основе художественных произведений профессиональных художников Казахстана
- Kozhagulov T. M.** Formation of students ' taste on the basis of artistic works of professional artists of Kazakhstan
- Умралиева Л.М., Таңірберген М.Ж.** Қазақстан суретшілерінің шығармаларындағы ұлттық құндылықтар қашанда келер ұрпаққа мұра..... 15
- Умралиева Л.М., Таңірберген М.Ж.** Национальные ценности в произведениях Казахских художников всегда наследуются будущими поколениями
- Umralieva L.M., Tanirbergenov M.Zh.** National values in the works of kazakhstani artists are always inherited by future generations
- Бейсенбаев С.К., Битемир Д.А.** 3D-моделирование в графической программе sketch up рабочего пространства преподавателей-дизайнеров..... 23
- Бейсенбаев С.К., Битемир Д.А.** Оқытушы-дизайнерлердің жұмыс орнын sketch up графикалық бағдарламасында 3D - модельдеу.
- Beisenbayev S.K., Bitemir D.A.** 3 D - modeling of design teachers' workspace in sketch up graphic software.
- Келденова К.К.** Орнамент как средство художественно-эстетического воспитания младших школьников в системе дополнительного образования..... 28
- Келденова К.К.** Ою-өрнек қосымша білім беру жүйесінде бастауыш сынып оқушыларына көркемдік және эстетикалық тәрбие беру құралы ретінде
- Keldenova K.K.** Ornament as a means of artistic and aesthetic education of primary school children in the system of additional education
- Тұрдалиев А.М., Мұсақұлов Қ.Т.** Кәсіптік білім берудің педагогикалық бағдар жұмысы..... 33
- Тұрдалиев А.М., Мұсақұлов Қ.Т.** Работа педагогических направлений профессионального образования.
- Turdaliev A.M., Musakulov K.T.** Work of pedagogical directions of vocational education
- К.М. Бекболатова., А.С. Сманова.** Дәстүрлі колөнер негізіндегі шығармашылық іс-шаралар..... 39
- К.М.Бекболатова., А.С.Сманова.** Творческие мероприятия на основе традиционного декоративного искусства.
- Bekbolatova K.M., Smanova A.S.** Creative events based on traditional decorative art
- Келденова К.К.** Дополнительное образование в мировой художественной педагогике как главный ресурс эстетического воспитания школьников..... 47
- Келденова К.К.** Әлемдік көркем педагогикасында қосымша білім беру мектеп оқушыларының эстетикалық тәрбиесінің басты ресурсы ретінде.

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия «Художественное образование: искусство - теория - методика» №3(64), 2020

Выходит с 2001 года. Периодичность – 4 номера в год

Главный редактор – к.п.н., профессор Кожаягулов Т.М.

Заместитель главного редактора и ответственный секретарь – к.п.н., доцент ВАК РК Акбаева Ш.А.

2. Члены редколлегии:

Reser Gulmes – Associate Professor (Турция);

Xie Henging – Professor (Китай);

Rafis Abazov – доктор PhD, Профессор Колумбийского университета (США);

Omer Zaimoglu – доктор PhD, Доцент университета Акдениз (Турция);

Добаев К.Д. – д.п.н., профессор (Киргизия);

Калдыбаева А.Т. – Республика Киргизия. г. Бишкек, д.п.н., профессор Киргизского государственного университета им. И.Арабаева (Киргизия);

Шалыпин О.В. – д.п.н., профессор (Россия);

Смирнова Н.Б. – д.п.н., доцент (Россия);

Танирбергенов М.Ж. – д.п.н., профессор Южно-Казахстанского педагогического государственного университета им. М.Ауэзова;

Байдилда Б.Н. – заслуженный деятель Казахстана, профессор КазНАИ им.Т.Жургенова;

Какимова Л.Ш. – к.п.н., доцент;

Ахметова А.К. – д.п.н., профессор;

Вашенко В.В. – канд.военных н., доцент ВАК РК;

Нарибай Р.Ж. – к.б.н., доцент ВАК РК, профессор кафедры

Муратаев К.К. – профессор, кандидат искусствоведение;

Сманова А.С. – к.п.н., ассоц.профессор;

Султанова М.Э. – кандидат искусствоведение, ассоц.профессор;

Шайгозова Ж.Н. – к.п.н., ассоц. профессор;

Рабилова З.Ж. – доктор PhD, ст. преподаватель;

© Казахский национальный педагогический университет имени Абая, 2020

Зарегистрировано Министерстве культуры и информации Республики Казахстан 8 мая 2009 г. №10099-Ж

Подписано в печать 03.12.2020. Формат 60x84¹/₈. Объем 26,0 уч.-издл. Тираж 300 экз. Заказ 390.

050010, г. Алматы, пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат» Казахского национального педагогического университета имени Абая

Keldenova K.K. Additional education in the world of art pedagogy as the main resource of aesthetic education of schoolchildren.

Мукеева Н.Е., Қартбаева Ж.Ж. Мектепалды даярлық тобы балаларының ертегілер арқылы эстетикалық талғамын дамыту..... 53

Мукеева Н.Е., Қартбаева Ж.Ж. Развитие эстетического вкуса детей дошкольной подготовки через сказки.

Mukeeva N., Cartbanva Zh. Development of children's aesthetic sense in preschool training through fairytales.

II БӨЛІМ. МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ
РАЗДЕЛ II. МУЗЫКАЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

Юсупова А.А. Развитие музыкальных способностей младших школьников в процессе обучения пению..... 61

Юсупова А.А. Ән айтуды оқыту процесінде бастауыш сынып оқушыларының музыкалық қабілеттерін дамыту.

Yusupova A. A. Development of musical abilities of younger students in the process of learning to sing.

Дюсебаев С.Б., Сырайлова Р.Т. Уәлихан Қонақбайұлының музыкалық шығармашылық стилистикасының ерекшелігі..... 66

Дюсебаев С.Б., Сырайлова Р.Т. ОСОБЕННОСТИ СТИЛИСТИКИ МУЗЫКАЛЬНОГО ТВОРЧЕСТВА УАЛИХАНА ҚОНАҚБАЙҰЛЫ

Dusebayev S.B., Syrylova R.T. Features stylistic musical creativity of Ualihan Konakbayeva

Абдуллаева Г.С., Таубаева Р.К. Музыка мұғалімінің кәсіби педагогикалық қабілетін қалыптастыру..... 72

Абдуллаева Г.С., Таубаева Р.К. Формирование профессионально-педагогических способностей учителя музыки.

Abdullayeva G.S., Taubayeva R.K. Formation of professional and pedagogical abilities of music teacher.

Байбатшаева С.З., Смаилова М.С. Оңтүстік өңіріндегі музыкалық өлкетану арқылы өскелең ұрпақты тәрбиелеу..... 79

Байбатшаева С.З., Смаилова М.С. Воспитание подрастающего поколения через музыкальное краеведение в южном регионе.

Baybatshayeva S. Z., Smailova M. S. Education of the younger generation through musical local lore in the southern region.

Турдалиев А.М., Байгонова А.С. Бастауыш сынып оқушыларының музыкалық-шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың теориялық және педагогикалық негіздері..... 85

Турдалиева С. М., Байгонова А.С. Теоретические и педагогические основы формирования музыкально-творческих способностей младших школьников.

Turdaliev A.M., Baygonova A.S. Theoretical and pedagogical bases of formation of musical and creative abilities of younger schoolchildren.

Турдалиева С. М., Байгонова А.С. Теоретические и педагогические основы формирования музыкально-творческих способностей младших школьников.

Turdaliev A.M., Baygonova A.S. Theoretical and pedagogical bases of formation of musical and creative abilities of younger schoolchildren.

Байгонова А.С., Джоламанова Г.Д. Мектеп оқушыларының музыка сабағында шығармашылық дағдысын дамыту..... 93

Байгонова А.С., Джоламанова Г.Д. Развитие творческих навыков школьников на уроках музыки.

Baigonova A.S., Dzholamanova G. D. Developing students' creative skills in music lessons

<p>Kazakh national pedagogical university named after Abai</p> <p>BULLETIN</p> <p>A series of «Art education: art - theory - methods» №3(64), 2020</p> <p>Periodicity – 4 issues per year. Published since 2001</p> <p>Chief Editor – candidate of pedagogical sciences, Professor T.M. Kozhagulov</p> <p>Deputy chief editor and Executive Secretary – candidate of pedagogical Sciences, HAC associate Professor A.Sh. Akbaeva</p> <p>Members of editorship: Reser Gulmes – Associate Professor (Turkey); Xie Henging – Professor (China); Rafis Abazov – doctor PhD, Professor at Columbia University (USA); Omer Zaimoglu – doctor PhD, associate Professor at Akdeniz University (Turkey); Dobaev D.K. – doctor of pedagogical sciences, Professor (Kyrgyzstan); Kaldybayeva A.T. – The Republic Of Kyrgyzstan, Bishkek, doctor of Economics, Professor of Kyrgyz state University named after I. Arabaev (Kyrgyzstan); Shalyapin O.V. – doctor of science, Professor (Russia); Smirnova N.B. doctor of pedagogical Sciences, associate Professor (Russia); Tanirbergenov M. Zh. – doctor of pedagogical Sciences, Professor of the South Kazakhstan pedagogical state University named after M. Auezov; Baidilda B.N. – honored worker of Kazakhstan, Professor of KazNAI named after T. Zhurgenov; Kakimova L.S. – candidate of pedagogical Sciences, associate Professor; Akhmetova A.K. doctor of pedagogical Sciences, Professor; Vashchenko V.V. – Candidate of military Sciences, associate Professor of the higher attestation Commission of the Republic of Kazakhstan; Naribay R.Zh. – Candidate of biological Sciences, associate Professor of HAC RK, Professor of the Department Musataev K.K. – Professor, candidate of art history; Smanova A.S. – candidate of pedagogical sciences, Associate Professor; Sultanova M.E. – candidate of art history, Associate Professor; Shaikozova Zh. – candidate of pedagogical sciences, Associate Professor; Rabilova Z.Zh. – doctor PhD, senior lecturer.</p> <p>© Kazakh National Pedagogical University named after Abai, 2020</p> <p>Registered in the Ministry of Culture and Information of the RK, 8 May, 2009 № 10099-Ж.</p> <p>Signed to print 03.12.2020. Format 60x84 1/8. Book paper. 26,0 300 copies. Order 390.</p> <p>050010, 13 Dostyk ave. Almaty. KazNPU. Abai Publisher "Ulagat" Kazakh National Pedagogical University named after Abai</p>	<p>Досбағанбетова А.Т., Байгонова А.С. Бастауыш сынып оқушыларының музыкалық өнерге психологиялық-педагогикалық феномен ретінде қызығушылығы..... 99</p> <p>Досбағанбетова А.Т., Байгонова А.С. Интерес учащихся начальных классов к музыкальному искусству как психолого-педагогическому феномену.</p> <p>Dosbaganbetova A. T., Baigonova A. S. Interest of primary school students in musical art as a psychological and pedagogical phenomenon.</p> <p>Досбағанбетова А.Т., Қарсыбаева А.М. Жаңа технологияларды пайдалану барысында музыка мұғалімінің кәсіби шеберлігін дамыту жолдары..... 106</p> <p>Досбағанбетова А.Т., Қарсыбаева А.М. Пути развития профессионального мастерства учителя музыки в процессе использования новых технологий.</p> <p>Dosbaganbetova A.T., Karsybayeva A.M. Ways to develop professional skills of a music teacher in the process of using new technologies.</p> <p>Исабекова Г.Т., Риксибаева А.Б. Музыканың адам денсаулығына әсері..... 112</p> <p>Исабекова Г.Т., Риксибаева А.Б. Влияние музыки на здоровье человека</p> <p>Isabekova G.T., Riksibayeva A. B. Influence of music on human health</p> <p>Еркибаева Г.Г., Пернебекова Г.Е. Роль музыки в создании эстетической культуры..... 118</p> <p>Еркибаева Г.Г., Пернебекова Г.Е. Эстетикалық мәдениетті қалыптастырудағы музыканың рөлі</p> <p>Erkibaeva G.G., Pernebekova G.E. The role of music in creation of aesthetic culture</p> <p>Сырайлова Р.Т., Дюсебаев С.Б. Музыкалық шығармалардың даму процесінде кездесетін тарихи оқиғалардың бейнесі..... 124</p> <p>Сырайлова Р.Т., Дюсебаев С.Б. Образы исторических событий в процессе развития музыкальных произведений</p> <p>Syrallova R. T., Dyusebayeva S.B. In the development of musical works image of historical events</p> <p>Таубаева Р.К., Абдуллаева Г.С. Оқушыларды ұлттық музыка өнері арқылы мектептен тыс мекемелерде тәрбиелеу жолдары..... 131</p> <p>Таубаева Р.К., Абдуллаева Г.С. Пути воспитания учащихся во внешкольных учреждениях через национальное музыкальное искусство.</p> <p>Taubayeva R.K., Abdullayeva G. S. Ways of education of students in extra school institutions through national musical art.</p> <p>Мұстафаев Е.Ж. Сыр бойы жыр мақамдары мен Қазанғап күйлерінің сабақтастығы..... 137</p> <p>Мұстафаев Е.Ж. Преемственность макамов сырдарьинского региона и кюев Казангапа</p> <p>Mustafaev E.Zh. Succession of the macams of the syrdarya region and the kyuis of Kazangap</p> <p>Какимова Л.Ш., Абденова Г.З. Формирование компетенций в практике преподавания урока музыки в школе..... 141</p> <p>Какимова Л.Ш., Абденова Г.З. Мектепте музыка сабағын оқыту практикасында құзыреттіліктерді қалыптастыру</p> <p>Kakimova L.Sh., Abdenova G.Z. Formation of competencies in the practice of teaching a music lesson at school</p>
--	---

- Какимова Л.Ш., Нұрмуғанбет Ш.** Мектептегі музыка сабақтарында оқытудың интерактивті әдістерін қолдану (орта білім берудің жаңартылған мазмұны мысалында)..... 152
- Какимова Л.Ш., Нұрмуғанбет Ш.** Использование интерактивных методов обучения на уроках музыки в школе (на примере обновленного содержания среднего образования)
- Kakimova L.Sh., Nurmuganbet Sh.** Use of interactive teaching methods in music lessons at school (on the example of updated content of secondary education)

III БӨЛІМ. СӘНДІК ҚОЛӨНЕР
РАЗДЕЛ III. ДЕКОРАТИВНО-ПРИКЛАДНОЕ
ИСКУССТВО

- Кудасова Г.Ж.** Заманауи тігін бұйымдарының моделдеу және құрастырудың ерекшеліктері..... 161
- Кудасова Г.Ж.** Особенности моделирования и конструирования современных швейных изделий
- Kudassova G.Zh.** Features of modeling and construction modern sewing research

IV БӨЛІМ. ӨНЕРТАНУ
РАЗДЕЛ IV. ИСКУССТВОВЕДЕНИЕ

- Хазбулатов А.Р., Битореева Д.Т.** Казахстанский арт-рынок: о вопросах развития территории искусства в современных условиях..... 166
- Хазбулатов А.Р., Битореева Д.Т.** Қазақстанның арт-нарығы: қазіргі заманда өнер аймағының даму мәселелері туралы
- Khazbulatov A.R., Bitoreyeva D.T.** Kazakhstan art market: on issues of development of the territory of art in modern circumstances
- Таңірбергенов М.Ж., Умралиева Л.М.** Құрасбек Тыныбековтің шығармаларындағы ұлттық құндылыққа негізделген төрт элемент..... 172
- Танірбергенов М.Ж., Умралиева Л.М.** Четыре элемента на основе национальной ценности в работах Курасбека Тыныбекова
- Tanirbergenov M.Zh., Umralieva L.M.** Four elements based on national value in the works of Kurasbek Tynybekov
- Қрықбаева С.М., Ермағанбетова З.М.** Қазіргі қазақстан суретшілерінің шығармашылығындағы сюрреализм бағыты..... 177
- Крыкбаева С.М., Ермаганбетова З.М.** Направление сюрреализма в творчестве современных казахстанских художников
- Krykbaeva S.M., Ermaganbetova Z.M.** Direction of surrealism in the creativity of modern kazakh artists
- Нехвядович Л.И., Шайгозова Ж.Н.** Роль этноискусствознания в исследовании тюрко-монгольской художественной традиции..... 183
- Нехвядович Л.И., Шайгозова Ж.Н.** Түркі-монғол көркемдік дәстүрін зерттеудегі этно өнертанудың рөлі
- Nekhvyadovich L.I., Shaygozova Z.N.** The role of ethno- art study in the research of the turko-mongol artistic tradition

Мухадиев Ә.М., Байкулаков Н.Т. Композиционные приемы архитектурного формирования городского пространства.....	188
Мухадиев Ә.М., Байкулаков Н.Т. Қала кеңістігінде сәулетті қалыптастырудың композициялық тәсілдері Mukhadiev A. M., Bachlakov N. T. Methods of architectural composition of formation of urban space	
Омарова Е.О. Анализ традиционных женских ансамблей в этническом стиле.....	194
Омарова Е.О. Этникалық стильдегі дәстүрлі әйелдер ансамбльдерін талдау Omarova E.O. Analysis of traditional women's ensembles in ethnic style	
Қалмен С.М., Кемалова Г.Б. Заманауи дизайнерлік жобалаудың түрлері мен ерекшеліктері.....	199
Калмен С.М., Кемалова Г.Б. Виды и особенности современного дизайнерского проектирования Kalmen S.M., Kemalova G.B. Types and features of modern design project	
Сутеева М.А., Кемалова Г.Б. Қазақтың ұлттық заманауи киімдеріндегі ою-өрнектің мәні.....	205
Сутеева М.А., Кемалова Г.Б. Значение национального орнамента в современной одежде Suteeva M.A., Kemalova G.B. The significance of national ornaments in modern clothing	
Киргизбекова С.С. Джо Понти: отец итальянского послевоенного дизайна	210
Киргизбекова С.С. Джо Понти: соғыстан кейінгі итальяндық дизайнның әкесі Kirgizbekova S. S. Joe Ponti: father of post-war italian design	

V БӨЛІМ. БАСТАПҚЫ ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ
РАЗДЕЛ V. НАЧАЛЬНАЯ ВОЕННАЯ ПОДГОТОВКА

Джакубақынов Б.Б., Құлатаев Қ.Ә., Баймұратов Ө.С. Жауынгерлік дәстүрлер – әскери-патриоттық тәрбиенің қайнар көзі.....	216
Джакубақынов Б.Б., Құлатаев К.А., Баймұратов Ө.С. Боевые традиции - источник военно-патриотического воспитания Jakubakynov B.B., Kulataev K.A., Baimuratov O.S. Battle traditions - source of military-patriotic education	
Тәукейұлы С., Нарибай Р.Ж. Құнарлы да дұрыс тамақтану - студенттердің салауатты өмір салтының алғы шарты ретінде.....	222
Тәукейұлы С., Нарибай Р.Ж. Здоровое и правильное питание - как условие здорового образа жизни студентов Taukeiuly S., Naribay R.Z. Healthy and proper nutrition - as a condition for a healthy lifestyle of students	

I БӨЛІМ. КӨРКЕМДІК БІЛІМ БЕРУ

РАЗДЕЛ I. ХУДОЖЕСТВЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

ӘОЖ 373.1.02:372.8

МРНТИ 14.25.09

Қожағұлов Т.М.

*Абай атындағы Қаз ҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институтының директоры,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
профессор, Қазақстан Суретшілер Одағының мүшесі.
Алматы қ., Қазақстан. E-mail: tokkozbagul@mail.ru*

ҚАЗАҚСТАН КӘСІБИ СУРЕТШІЛЕРІНІҢ КӨРКЕМ ТУЫНДЫЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАЛҒАМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада автор қазіргі кездері көркем білім мен эстетикалық тәрбие беру саласының өзекті мәселелері мен жалпы орта мектептердегі «бейнелеу өнері» пәнінің жәй күйі мен қазақстан суретшілерінің көркем туындылары арқылы мектеп оқушыларының көркемдік сезімі, әсерленушілігі, көркем талғамы, көркем баға беру қасиеттерінің оң жетілуі мен қалыптасуы үшін тиімді педагогикалық жолдарын қарастыруға талпынады. Өнер туындысының алдында оқушы жүрегінде, оның ішкі сезіміне терең әсер ететіні жөнінде сонымен қатар жалпы оқушының ішкі мәдениетін қалыптастыруға игі әсер ететін факторларды атап, қазіргі кездерде мектеп оқушыларын жылтырақтарға әуес қылмай, оларды әрдайым ұсқынсыздықтан бойын аулақ ұстап жүруге, өнер туындыларындағы таза өнер мен жалған өнердің ара жігін ажырата білу сияқты қасиеттерін қалыптастыру мәселелері мен өнер туындысының ар жағында жеке адамилық, руханилық пен қамқорлықтың жатқаны жөнінде айтылады. Сонымен қатар автор суретшінің өзіндік көркем ойлау ерекшелігі, өзіндік қолтанбасы болатындығын және де онымен байланысты өнердің ұлттық бейнесі ашылатындығы, қазіргі кездерде біздерге жеткен көркем өнер туындылары мен осы заманғы өнер бағытын анықтауда өнер атауларымен, формаларымен және де өнерге деген көзқараспен ғана таныс болу жеткіліксіз екендігі айтылады. Автор әрбір адам іштей өнер туындысына қызықпай қоймайтындығын және де осы арқылы өзінің дүниеге көзқарасы мен қоршаған ортаға деген өзіндік қатынасының, көркемдік талғамының қалай қалыптасқанын аңғара алатындығын айтады.

Түйін сөздер: көркем, көркемдік, талғам, көркемдік образ, реализм, өнер, таза өнер, жалған өнер, эстетика, бейнелеу өнері, өнертанушы, көркемдік идея, туынды, сюжет, форма, композиция, рухани, пейзаж, портрет, жанр, дүниетаным.

Кожзагулов Т.М.

Директор Института Искусств, Культуры и спорта КазНПУ им. Абая, кандидат педагогических наук, профессор, член Союза художников Казахстана. Г. Алматы, Казахстан. E-mail: tokkozbagul@mail.ru

ФОРМИРОВАНИЕ ВКУСА УЧАЩИХСЯ НА ОСНОВЕ ХУДОЖЕСТВЕННЫХ ПРОИЗВЕДЕНИЙ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ ХУДОЖНИКОВ КАЗАХСТАНА

Аннотация

В данной статье рассмотрены актуальные проблемы художественного образования и эстетического воспитания. Связь подрастающего поколения с народными художниками и изучения в их художественных произведениях народного изобразительного искусства и культурой своего народа, на сегодняшний день продолжает быть актуальной темой в системе среднего и общего художественно-эстетического образования Казахстана. Уникальный мир духовных ценностей представляет собой профессиональные художники изобразительное искусство Казахстана, и чем больше утрачивается нить, связывающая нас с прошлым, тем явственнее становится духовное обнищание.

В целом в статье автор выявляет и обосновывает необходимость использования методики преподавания на уроках беседы об ИЗО анализа изучения произведения казахстанских профессиональных художников. На основе проведенного исследования автором предлагается выделить наиболее основные вопросы формирования художественного вкуса учащихся средних общеобразовательных школ на основе изучения художественного произведения первых профессиональных художников Казахстана. А также автор непосредственно рассматривает вопросы художественно эстетического развития учащихся при изучении произведения профессиональных художников Казахстана и его методики преподавания на уроке изобразительного искусства. В целом автор особенно выделяет на уроках роль и особенности темы: «первые профессиональные казахстанские художники» и дает определения к таким понятиям как: художественная ценность казахстанского профессионального искусства, художественный вкус, художественное восприятие.

Ключевые слова: художественный, искусство, вкус, художественный вкус, художественный образ, реализм, чистое искусство, формальное искусство, эстетика, изобразительное искусство, искусствовед, художественная идея, произведение, сюжет, форма, композиция, духовное, пейзаж, портрет, жанр, мировоззрение.

Kozhagulov T. M.

Director of the Institute of Arts, Culture and sports of KazNPU. Abaya, candidate of pedagogical Sciences, Professor, member of the Union of artists of Kazakhstan. Almaty, Kazakhstan. E-mail: tokkozbagul@mail.ru

FORMATION OF STUDENTS ' TASTE ON THE BASIS OF ARTISTIC WORKS OF PROFESSIONAL ARTISTS OF KAZAKHSTAN

Abstract

This article describes the current problems of art education and aesthetic education. Communication with the younger generation of folk artists and explore their artistic works of folk art and culture of its people, to date continues to be a hot topic in the secondary and General artistic and aesthetic education in Kazakhstan. The unique world of spiritual values is professional artists fine arts of Kazakhstan, and the more lost the thread that connects us to the past, the clearer it becomes spiritual impoverishment.

In the article, the author reveals and substantiates the need for the use of teaching methods in the classroom conversation about the BEST analysis of the study of the works of professional artists. Based on research by the author, it is proposed to allocate the most basic questions of formation of artistic taste of students of secondary schools on the basis of a study of the artworks first professional artists of Kazakhstan. As well as the author directly addresses issues of artistic aesthetic development of students in studying the works of professional artists of Kazakhstan and his teaching on the lesson of the fine arts. In general the author particularly highlights the lessons learned from the role and features of the theme: «first Kazakhstani professional artists and gives definition to such concepts as: artistic value of professional art, artistic taste and artistic sensibility.

Keywords: art, art, taste, artistic taste, artistic image, realism, pure art, formal art, aesthetics, art, art, art, artwork, story idea, form, composition, spiritual, landscape, portrait, genre, ideology.

Кіріспе. Қазіргі кездерде әр мемлекеттің интеллектуалды, экономикалық, әлеуметтік және рухани-мәдени потенциалы оның инновациялық қызметінің өркендеуі, қоғамның тәлім-тәрбие беру жәйімен қатар оның прогрессивті даму мүмкіндіктеріне тікелей байланысты. Әрине, бұл мәселенің өзекті екенін терең ұғыну үшін Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан 2030» стратегиялық бағдарламасында тәлім-тәрбие саласына мемлекеттік мәні бар жеке басымдық беру қажеттілігін және оны көтерудің алғы шарттарын атап көрсеткен болатын. [1] Қазақстан Республикасының бүгінгі де, болашақтағы кемелділігі, өркендеуі, рухы биік ұрпақ тәрбиесін жандандыру міндеттерінің тиімді шешілуіне оның прогресіне тәуелді екендігін Елбасы өзінің жылда халыққа тастайтын жолдауларында атап көрсетіп жүр. Кез-келген тәлім-тәрбие жүйесі мемлекеттің, жеке адамдардың, әлеуметтік-рухани қажеттілігін іске асыру үшін құрылатыны сияқты, жалпы орта мектептердегі «бейнелеу өнері» пәні бойынша білім мен тәрбие берудің зәру мәселелерін шешуге бағытталған.

Жаңа қоғамда орын алып жатқан сан салалы өзгерістер республика мектептеріндегі оқу тәрбие жұмыстарына да күрделі міндеттер жүктеп отыр. Осындай іргелі талаптар тұрғысынан қарағанда, Қазақстан мектептеріндегі бейнелеу өнері пәнінің оқушыларға эстетикалық, көркемдік жағынан білім мен тәрбие берудегі ролі ерекше. Жас ұрпақты туған елін, жерін, өнерін, мәдениетін сүйуге, әсемдікті бағалауда, *көркемдік талғампаздыққа* тәрбиелеуде, оқушының ішкі мәдениетін қалыптастыруда, білім көкжиегін кеңейтуде бұл пәннің қосары қомақты. Тек бір өкініштісі – әлі күнге дейін бұл пәннің ұлттық мектептерде өз дәрежесінде жүргізілмей отырғандығы қынжылтады. Мектептерде білікті мамандардың жетіспеушілігі, оның үстіне сыныптан тыс жұмыстардың өз дәрежесінде өткізілмеуі кері ықпалын тигізіп отырғаны даусыз. Тіпті, республика көлемінде осынау қажетті пәнді оқытудың әдістемесі бойынша әдебиеттердің тапшылығы да көп жайды аңғартса керек. Республикамыздың бейнелеу өнері саласынан қазақстан суретшілері мен шеберлерінің туындыларын жанрлық, композициялық, сюжеттік тұрғыдан айқындайтын әдебиеттердің жұтандығы үкіметтік шаралармен шешуді қажетсініп тұрғаны жасырын емес. Бір ғана Ә.Қастеевтың Алатау табиғатына арналған немесе Түркісіб темір жолына байланысты туындысының өзі көзі қарақты өнертанушы үшін ұлан ғайыр еңбек емес пе? Олай болса, қазақ бейнелеу өнері классиктерінің өмір деректері мен көркем туындылары да мектеп оқушылары санасында күні бүгіннен бастап өз жолымен, өз орнымен орныға бергені абзал.

Жалпы адам өзінің рухани негіздерін кемелдендіре, тереңдете алмаса, онда ол табиғи өзімшілдік жолына түседі. Сондықтан да бұл құбылыс әзірге адамзат тарихының, тіршілігінің негізгі құрамдас бөлігі болып отыр. Шын мәнінде тарихтағы көптеген даналар көпшілікті адами пендешіліктен, тәкаппарлықтан, зұлымдықтан арылып, әдемілікке, тазалыққа шақырады. Бірақ, өкінішке орай, өмірде әзірге бұл теріс процестерден арылып, оң процестерге енуден алыста жүрміз. Мүмкін болашақта адами әлемде рухани жағынан жетілген оңды үрдістер басталуы да мүмкін болар. Сондықтанда зерттеушілер арасында

ғасырлар кедергілерінен өтіп келеген бейнелеу өнер туындылары мен құндылықтарын жан жақты мағынада көрерменге ашып көрсету, яғни, оның сиқырлы сырларын, сұлулығын, көркемдік образдық мағынасын ашып, болашақ ұрпақтың көркемдік талғамына игі әсер ететіндей етіп құру қазіргі кездері көркем білім мен эстетикалық тәрбие беру саласының өзекті мәселесі деп қарауға болады.

Оқушының бойында сұлулықты көре білуге, ондағы үйлесімділікті бұзбауға үйрету. Бұл жерде адамның жан сұлулығы, ой тазалығы, іс-қимыл мен ниетінің ақтығы айтылатын іспетті. Ал үйлесімділік бар жерде сұлулық та бар. Табиғатта алғашында әсемділіктен құралған. Оның әрбір бөлігі қайталанбас керемет үйлесімдікпен қалыптасқан. Тек сол әсемдікті байқай білетін, сезе білетін жүрек керек. Ал, енді рухани деңгейі жоғары шебердің қолынан шыққан көркем өнер туындысы адамдарға өте ыстық көрінеді. Өзінің ішкі күш - қуатымен көрермендерін сүйсіндіреді. Суретші тек табиғаттан үйренудің арқасында ғана шеберлікке жеткен. Ал рухани тоқыраудан шыға алмаған адам сомдаған көркем өнер туындысы сырты көркем болғанымен, шын мәнінде тартымдылығы жоқ бос дүние болмақ. Руханилықтың әсемдікпен байланысы осындай. Әсемдікті көре білген, сезе білген адам оны қоғамның рухани әлемін өз тарапынан толықтыра түседі. Сөйтіп, ол өз іс-әрекеті арқылы адамдар арасындағы сұлулықпен, үйлесімділікпен көмкерілген руханилықтың қалыптасуына, оның дамуына өз үлесін қосады.

«Ең алдымен адамдардың «эстетикалық ляззат алуы», «көркемдік талғамның жетілуі» деп нені танитындығына мән беріп көрелік. Өнер туындысының алдында адамның жүрегінде, ішкі сезімінде қандай өзгерістер болатындығын, мысалы, «көркем өнер мұражайында бір суретшінің көркем туындысының ұнауын» талдап көрейік. Егер де суретші адамдарды өзінің туындысының айшықтығымен, көркемдік идеясымен, ішкі терең мазмұнымен бейнелеп қызықтыра алса, әрине адамдарға көркем өнер ұнайтыны сөзсіз. Мысалы, көрмені тамашалаушы оқушылардың бойында суретшінің туындысында бейнеленген көркем образдарға деген махаббат пен жек көрушілік, қуаныш пен қайғы баураса – көрініс шынайлыққа құрылып, сол заманда болған оқиғаларға етене еніп кетіп, оқушылар тікелей қатыса алады. Оқушыларды суретшілер туындысындағы өзімен белгілі жағдайда өмір сүрген оқиғалар мен қызықты көркем бейнелер тартады. Қазақстан суретшілерінің пейзаж жанрында жазылған туындылары «жанға жағымды» деп табылады. Мұның барлығында адамның барлық шынайылыққа құштарлығы, реалдыққа, шынайылыққа жабысуы, сезімі, *көркемдік талғамы* жатыр. Өнер туындысында адамның «таза өнер» мен «жалған өнер» дегенді ажыратып алуы мен көрмейтіндігі – өнер туындысының ар жағында жеке адамилық, руханилық пен қамқорлықтың принциптері қатаң түрде эстетикалық ләззат пен көркемдік талғамды қатар қоюда жатыр деп білеміз. Хосе Ортага-и-Гассет көркем өнер туралы: «егер жаңа өнер барлық адамдарға түсініксіз болатын болса, онда оның құралдары жалпы азаматтық емес» деген еді. Ал енді мұны белгілі өнертанушы, философ Б.К.Байжігітов өзінің «Эстетикалық оқу тәрбие жүйесі мәселелері» атты еңбегінде көркем өнер арқылы көркемдік талғам мен тәрбиенің мәні мен маңызын, оқу үдерісінде алатын орнын, тигізер пайдасы жөнінде жақсы ашып көрсеткен.[2, 21-266]

Жалпы өнер туындыларын көре білмеу, ақиқаттың бейнелеу өнері үшін мағынасыз болуы мүмкін емес. Ол міндетті түрде қоршаған ортаның сыртқы немесе ішкі әлемімен үйлесе отырып, қоршаған орта мәнінің қандай да бір шынайы нұсқасын көрсетуі тиіс. Осыған орай әрбір дәуір, әрбір суретші өзінің уақытында сай қоршаған ортаны бейнелеп, оның шынайы бейнесіне, мәніне деген өзінің мінездемесін беріп, өзгертіп отырды.

Бүгінде ең басты нәрсе жүрекке қорқыныш сезімін ұялатып, үрей туғызатын мәселе өнер мұражайлардағы қазақ ұлттық бейнелеу өнері туындылары мен оны туындатқан ұлттық суретшілерімізді қазіргі жастардың танымауы, мойындамауы, қызықпауы, жастарымыздың өзге шет елдердің мәдениетіне, өнеріне еліктеуі, бет бұруы сияқты мәселелер қатты алаңдатады. Ал мұның бәрі ертеңіміздің болашағы, бетке ұстар жас ұрпақтың сана сезімін

жаулап алып, қара түнекке апарып өзінің мәдениетін, өнерін, ұлттық рухын, рухани жоғалуына, ұмытуына әкеліп соқтырады. Жалпы жастар өнер мұражайдағы қазақ ұлттық суретшілерінің туындыларын көре отырып қайсысы жалған өнер туындысы, қайсы бірі шынайы өнер екендігін ажыратып беріп отырған жөн. Сөйтіп өскелең, еліктегіш жастарға көрер көзге жақсы, мейірім шуаққа мол қазақстан бейнелеу өнері туындыларын көрген болса, жастар да өмірге қызығып, болашағына мақсат қойып, соған жету үшін, жақсыға ұмтылып, жаманнан жиреніп яғни, көркемдік талғамы биік болуға, қоршаған ортада жалған өнер жылтырақтарынан бойын аулақ ұстауға әрдайым өзін даярлап жүрсе нұр үстіне нұр жауары айдан анық.

Сан қырлы құбылыс бояу тілімен айшықталып, сомдалса ғана көрермен көңілінен көркем дүниеге деген жол табылары анық. Әрбір салынған көркем туынды мейлі ол еңбек адамының портреті болсын, мейлі ол табиғаты тамылжыған пейзаж болсын, бояу құдіретімен бедерленіп, сезім қылын шерткенде ғана өнер туындысы бола алады.

Оқушылар өзіне ұнаған, сезіміне айтарлықтай әсер еткен оқиғаны, құбылысты сурет арқылы бейнелеуге ынталы болып тұрады. Ал сурет салып машықтанған оқушы белшілі бір суретшінің салған туындыларын көргенде, оның егжей-тегжейіне, бояуының үйлесімділігіне, композициясына, көркем образдық шешіміне, сюжетіне, бейнелеу шеберлігінің қыр сырына байыпты назар аударады. Мұның өзі оқушының эстетикалық, *көркемдік талғамының* белгілі дәрежеде биіктігін аңғартады.

Негізгі бөлім. «Талғам» ұғымы сөздіктерде физиологиялық (түйсік-тәттіні, ащыны, тұщыны, тұздыны түйсіну) және эстетикалық тұрғыдан пайымдалады. Эстетикалық талғам «түрлі эстетикалық сапа-қасиеттерге эмоционалды баға берудегі адамның қоғамдық практика барысында қалыптасқан қабілеті», өмір мен өнер сфераларындағы сұлу құбылыстарындағы сұлулықты түсіну, баға беру, әлемдік пен парықсыздықты ажырата білу, пайымдау, баға беру қабілеті ретінде көрінеді. Сондай-ақ философиялық сөздікте айтылғандай «егер өнер туындыларына баға бергенде ондай талғам «көркемдік талғам» болып табылады.[3, 106]

Ал, «әсемдік - бұл «адам әлемі туралы ұғымдардың бірі, өмірдің бүкіл күнделігі мен тереңдігін қамтиды»-деген еді Т.Ғабиттов. [4] Яғни, әсемдік бала бойында көркемдік талғамды қалыптастыратын эстетикалық категориялардың бірі. Жалпы әрдайым суретшінің өзіндік көркем ойлау ерекшелігіне, өзіндік қолтанбасына байланысты өнердің ұлттық бейнесі ашылатыны мәлім. Өйткені, «өнерде тек суреткер тұлғасы ғана таңбаланбайды. Көркем өнер туындысында адамдардың жалпы бұқарасы үшін маңызды, тұрақты, қажетті нәрселерді бейнелей отырып, суреткер оған тұлғалық форма береді, яғни, әлемді өзі арқылы шешеді». Демек, шығармашылықпен айналысатын суретші өз бойында биік мұраттар хақында қалыптасып, кәсіби өнерінде өзіндік төлтаңба туындыларды жеке өзін айқындау құралы ретінде дүниеге әкелетіні рас. Қазіргі кездерде біздерге жеткен көркем өнер туындылары мен осы заманғы өнер бағытын анықтау үшін өнер атауларымен, формаларымен және де өнерге деген көзқараспен ғана таныс болу жеткіліксіз. Себебі, әрбір адам іштей өнер туындысына қызықпай қоймайды, осы арқылы өзінің дүниеге көзқарасы мен қоршаған ортаға деген (өнер мен мәдениет) көркемдік талғамының қалай өскенін де аңғармауы мүмкін. Қазақ ойшылы, Абай, қырық үшінші қара сөзінде «..адам көзбен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп тыстағы дүниеден хабар алады» - деп дүниені танып біліп оны айыратын қуаттың аты- ақыл деп атаған. [5] Адам қоршаған ортаны, шындықты немесе болмысты сезімдермен, талғаммен (көркемдік талғам) қабылдап, оны ақыл оймен олар жайында түсініктермен, талғаммен қалыптасатынын және ол талғам адам мен материяның тікелей байланысының нәтижесінде туылатынын қуаттайды. Демек, талғам қоршаған ортада жүріп барлық процесстерге қатысты және олардың даму заңдылықтарымен өсіп, дамып отыратыны мәлім.

«Адам қоршаған ортасын алдымен сезімдер арқылы танып біліп, содан кейін одан алған әсерін шынайы ұқсастықта емес, тек сезіну немесе көркем туындылардағы образдарды ұғыну жолымен оларды табиғатта кездеспейтін, бірақ олар дыбыста, түсте, жарықта, қозғалыста, тұрақты сөздерде және т.б. табиғи материалдарда, шынайы емес, идеалды бейнеленеді. Осы сәттен бастап адамның дүниемен тек материалдық қатынаста ғана емес, сондай ақ осы уақытқа дейін идеалды-материалды деңгейге шыққан адам үшін дүние материалды-идеалды екең жақты дүниеге айналды» - дейді И.Киященко өзінің әйгілі «Эстетика- философия ғылымы» атты еңбегінде. [6]

Жалпы адамның көркемдік талғамының дамуы мен қалыптасуына қоршаған ортада болып жатқан оқиғалар, өзгерістер тікелей байланысты деген тұжырым жасасақ, алғашқы қауымдық кездерден бастап қоршаған ортаны сезіну, тану арқылы қалыптасатын құбылысты біздер – эстетикалық немесе көркемдік талғам дей аламыз. Бүгінде біздерге жеткен көркемөнер туындылары мен осы заманғы заманауи өнер бағытын анықтау үшін өнер атауларымен, формаларымен және өнерге деген көзқараспен ғана таныс болу жеткіліксіз деп ойлаймыз. Сондықтан да бұл жерде өнердің қандай мәдени орта мен жағдайда пайда болғанын анықтау қажет.

Қазақстан бейнелеу өнері-басқа шет елдердің өнерімен салыстырғанда жас өнер. Сондықтан да оның теориялық және практикалық негіздерінде игерілмеген көптеген тың проблемалар бар. Осы жағдайда суретшілер өздері үшін тақырып, коларит, пластика, қолтаңба тапқандай болды. Соның ішінде өзіміздердің суретшілеріміз өз халқының өз ұлтының мәдени мұраларын, дүниетанымдық түсініктерін, ата бабаларының жүріп өткен сара жолын, тұрмыс тіршілігін зерттеп, зерделеуге мүмкіншілік алды.

Ендігі жағдайда Қазақстанның кәсіби бейнелеу өнері тарихына аздап тоқталып өтелік. Өздеріңізге мәлім, қазақ кәсіби бейнелеу өнері ХХ ғасырдың 20-шы жылдары қалыптасып, дамыды. Кәсіби бейнелеу өнерінің өз қарқынында өрбуіне біріншіден тума таланттардың өмірге келуі болса, екінші жағынан Ресей жерінен келген орыс суретшілерінің де тікелей ықпалы болды. Дәлірек айтқанда, 1920 жылы қазақ жерінде алғаш рет көркемсурет студиясының ашылуынан басталады. Бұл студияның негізін қалаған, сол Ресей жерінен 1877 жылы келген орыс кәсіпқой суретші Н.Г. Хлудов болды. Суретші Н.Г. Хлудовтың студиясында кескіндеме өнерінің кәсіби тұрғыда қыр - сырымен танысып дәріс алған суретшілер Ә. Кастеев, А. Ташенов, М. Жанкин, М. Өскенбаев, Б. Сәрсенбаев, А. Қашбаевтар болды.

Айта кетер болсақ 30-шы жылдары Семейде ұйымдастырылған бірінші жылжы-малы көрменің де қазақ бейнелеу өнеріне дәрежелі деңгейге көтерілуіне үлкен ықпалын тигізді. Сондай-ақ, 1920-30-шы жылдары Қазақстанда реалистік кескіндеме, станоктық кескіндеме, графика және мүсін өнері өз ерекшеліктерімен шарықтай бастаған кезі еді.

Қазақ бейнелеу өнері - олардың есімдерімен тікелей және орыс реалистік мектебімен тұтастай байланысты, атап айтқанда нанымды көрнектілігін, табиғи болмысы мен жаңа қалыптасқан құрылымға сүйенуі алғашқы кезең де шапшаң еуропалық көркемөнер жүйесіне енгені бүгінгі таңда тарихтан белгілі. Соғыс кезінде 30-шы жылдары кеңестік өнерде белгіленген идеологияландыру тенденциясы көптеген жағдайда нақты себептердің салдарынан күшейді. Суретшілердің негізгі тақырыптары сол уақыттағы «жеңіске», «бейбіт өмір мен жарқын болашаққа» бағышталды. Мұндай тақырыпта суретшілер энтузиазм партия саясатымен және халық сенген көсемімен байланыстырып көрермендерге паш етіп отырды. Бұл бағдарлама өнерге айрықша маңызды роль берген еді. Бұрын-соңғы болмаған дәрежеде форма мен форманы таңдауды анықтайтын мазмұнның алғашқы мағынасының тұтастығын бекітетін концепция социалистік реализм әдісі туралы мәселе қатаң тұрғыда алға қойылды.

Қазақ бейнелеу өнерінде, жалпы өзгерістер 1950-60-шы жылдары шарықтады. Бұл кезеңнің нағыз қол жеткізген табыстарының бірі – бейнелеу өнеріне алғашқы ұлттық

өнердің келуі еді. Олардың - ұлттық мәдениет үшін жаңа көркем – пластикалық тілмен ұлттық дүниені сезінуді жүзеге асыруы еді. Сонымен қатар бұл кезеңде бейнелеу өнерінде «қатаң стиль» пайда болды. Бейнелеу өнерінің қай саласында болмасын «ұлттық мектеп» пен «қатаң стильде» көрінген композициялар тек қазақ жерінде ғана емес, одақтас республика өңірлерінде де кездескені біздерге, өнер тарихынан мәлім. Сондай-ақ жер - жерлердегі әр ұлттардың өзіндік ерекше бір стильдерін немесе мектебін танытуда көздеген өнер иелері өз идеялогиялық ізденістерімен шарықтап жатты.

Қазақстан бейнелеу өнерінің кәсіби мектебінің қалыптасуы мен дамуының ерте кезеңінде шығармашылықта да, білім беру процестерінде де жаңа көркемөнерлік форманы меңгерудегі ең басты және қол жеткізген – *реалистік әдісі* болды. Бұл уақыттың өзінде-ақ Қазақстанда суретшілердің шығармашылықтарында тарих пен мәдениет негізгі орын алды. Мұндай әсер қазақ суретшілердің еңбектерінен жарқын көріне бастады. Атап айтсақ, 50-ші жылдары С.Мәмбеев, К.Тельжанов, Н.Нұрмұхамедов, К.Шаяхметов, М.Кенбаев, 60-шы жылдары С.Айтбаев, Ш.Сариев, Ә.Жүсіпов, С.Романов, Ұ.Әжиев, Г.Исмаилова, А.Ғалымбаева, Ж.Шарденов, Ә.Сыдыханов және т. б.[7]

50-ші жылдың орта шенінде бейнелеу өнерінің тобына еліміздің орталық жоғары оқу орындарында көркемдік білім алған дарынды жастардың келуіне байланысты Республикамыздың көркемөнерінде жаңа кезең басталды. Профессионализм мен көркемдік кемел ой суретшілердің жеке-дара мәнерінің әр-алуындылығына, сонымен қатар қазақстандық кескіндеме мектебін қалыптастырудың жолдарын іздестіруге септігін тигізді. Бұл кезеңде бейнелеу өнерінің қалыптасқан ырқын жалғастыра отырып, ұлттық тақырыпқа көбірек мән беріле бастады.

Халықтық мәдениетке жанасу, өмірдің адамгершілік негіздері жайында толғану көптеген суретшілердің шығармашылық қызметтеріне бірыңғайлық ықпалын тигізді. Сонымен қатар суретшілер әдет-ғұрыптың ерекшеліктерін ұдайы зерттеудің нәтижесінде өздерінің көптеген композицияларының шешімін ұлттық тұрмыс тіршілігіне және қарапайым заттарды бейнелеуге арнады.

Қорытынды. Жастарға көркемөнердің қыр сырын, яғни, қазақстан суретшілері туындыларындағы бейнелік тілді, образды, жалпы өнер тілін меңгерту және олардың өнер саласындағы шығармашылық іс әрекетін дамыту арқылы қазақстан суретшілері туындыларының көркемдік, мәдени бай мұраларын, шығармаларын игерту, туған халқының бейнелеу өнеріндегі парасатты дәстүріне деген эстетикалық көзқарастарын, көркемдік талғамдарын қалыптастыру қазіргі кезде білім беру салаларындағы білім мен тәрбиенің негізі, негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Қандай да болмасын өнер туындысы қоршаған шындық болмысының құбылыстарын бейнелейтін, өзіне тән көркемдік құралдары арқылы баланың санасына, талғамына игі әсер ете отырып, оның сұлулық туралы алғашқы түсінігін, қоршаған өмір шындығына эмоциялық қатынасының қалыптасуын сапалы дәрежеге жеткізетін танымдық мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Міне, сол себептіде келешек жас ұрпағымыздың тәрбиесінің негізі құралып болып есептелетін және де негізгі құралы болып қалатын қазақстан суретшілерінің туындылары. Баланың аттап басқан қадамдарынан бастап, біз көркем өнер туындылары арқылы балаға еліне, жеріне, мәдениетіне, өнеріне деген сезімдерін оята отырып, көркемдік талғамын қалыптастырамыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан-2030. – Алматы: Юрист, 2004. – 144 б.
2. Байжігітов Б.К. Эстетикалық оқу тәрбие жүйесі мәселелері. Қазақстан мектебі. 1993 – №6. – Б.21-26.
3. Акбаева Ш.Ә. Қазақтың дәстүрлі өнерінің негізінде оқушылардың көркемдік талғамын қалыптастыру: Пед. ғыл. канд. дис.: 13.00.01. – Алматы, 2005. – 135 б.

4. Философия: жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқулық \ Құрастырған Т.Ғабитов. – Алматы: Раритет, 2004. – 392 бет.
5. Абай. Қалың елім қазағым. – А.: Атамұра баспасы, 2002. – 223 б.
6. Киященко Н.И. Эстетика-философская наука. – М.: Издательский дом «Вильямс». 2005. – 592 с.: ил.
7. Байжігітов Б.К. Бейнелеу өнерінің философиялық мәселелері: Кеңістік пен уақыт ырығындағы тұрақты сурет үлгілері. – Алматы: Ғылым-өлке, 1998. –192б.

ӘОЖ 37(094)
МРНТИ 14.01

Л.М. Умралиева¹, М.Ж.Танирбергенов¹

*¹Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, докторант,
Қазақстан, lauraumralieva@mail.ru*

*¹Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, п.ғ.д., профессор,
Қазақстан, Deu-me@mail.ru*

ҚАЗАҚСТАН СУРЕТШІЛЕРІНІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҚАШАНДА КЕЛЕР ҰРПАҚҚА МҰРА

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан суретшілерінің шығармаларындағы ұлттық құндылықтарының тарихы талқыланады. Ұлттық құндылықтардың жаңа үрдісі, мәдени шығармашылық мұра. Қазіргі кезеңдегі қалыптасуы, ұлттық құндылықтардың келешек жастарға беретін тәрбиелік мәнісипатталады. Қазақстан суретшілерінің шығармаларындағы ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі жастар тәрбиесіндегі ролі. Қазақстан суретшілері: Тоқболат Тоғысбаев, Бибіаждар Симова, Құрасбек Тыныбеков, Құттыбек Жақып сияқты шебер суретшілердің қазіргі заманның талабына сай стильдерде тұсаукесер тақырыптары, шығармашылық өмір жолдары қарастырылған.

Отандық авторлардың шығармаларынан түрлі стильдерді жаңарту, бейнелеу өнерінің түрлі бағытындағы, дәстүрлі өнердің бала тәрбиесіндегі қалыптасуына бағытталған. Байырғы кезеңдегі мәдени мұраларымызбен қазіргі кезеңдегі ұлттық құндылықтарымыздың ерекшеліктері. Қазақстан суретшілерінің заман талабына сай ұлттық құндылықтарымызды жаңа форматта жаңғыруы, өсуі, қазіргі таңдағы даму деңгейі, қалыптасуы сипатталады. Суретшілердің бойындағы қолөнердің жастарға атадан мұра болып келе жатқан ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, мағынасы мен мазмұнын тереңінен түсіндіру жолдары айтылған.

Түйін сөздер: Ұлттық құндылықтар, Салт-дәстүр, Ұлтық мұра, Мәдениет, Ұлттық тәрбие, Қазақи ою-өрнек, Ұлттық коллорит.

Л.М. Умралиева¹, М.Ж.Танирбергенов¹

¹Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, докторант
Казахстан, lauraumralieva@mail.ru

¹Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, доктор
педагогических наук, профессор, Казахстан, Deu-me@mail.ru

НАЦИОНАЛЬНЫЕ ЦЕННОСТИ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ КАЗАХСТАНСКИХ ХУДОЖНИКОВ ВСЕГДА НАСЛЕДУЮТСЯ БУДУЩИМИ ПОКОЛЕНИЯМИ

Аннотация

В статье рассматривается история национальных ценностей в творчестве казахстанских художников. Новое направление национальных ценностей, культурного и творческого наследия. Формирование современного этапа характеризуется воспитательной ценностью национальных ценностей для будущей молодежи. Роль воспитания молодежи в продвижении национальных ценностей в творчестве казахстанских художников. Казахские художники: Токболат Тогысбаев, Бибиажар Симова, Курасбек Тыныбеков, Куттыбек Жакып.

Обновление разных стилей от произведений отечественных авторов направлено на формирование традиционного искусства в воспитании детей в разных областях изобразительного искусства. Особенности нашего древнего наследия и современные национальные ценности. Он характеризуется модернизацией, ростом, современным уровнем развития и формированием наших национальных ценностей в новом формате современными художниками Казахстана. Ремесленники рассказывали молодым людям о значении и содержании наших национальных ценностей, унаследованных от их предков.

Ключевые слова: национальные ценности, обычаи, национальное достояние, культура, национальное образование, казахский орнамент, национальный колорит.

L.M. Umralieva¹, M.Zh. Tanirbergenov¹

¹South Kazakhstan State Pedagogical University, doctoral student
Kazakhstan, lauraumralieva@mail.ru

¹South Kazakhstan State Pedagogical University, Doctor of Education, Professor,
Kazakhstan, Deu-me@mail.ru

NATIONAL VALUES IN THE WORKS OF KAZAKHSTANI ARTISTS ARE ALWAYS INHERITED BY FUTURE GENERATIONS

Abstract

The article examines the history of national values in the work of Kazakhstani artists. A new direction of national values, cultural and creative heritage. The formation of the present stage is characterized by the educational value of national values for future youth. The role of youth education in promoting national values in the work of Kazakhstani artists. Kazakhstani artists: Tokbolat Togysbaev, Bibiazhar Simova, Kurasbek Tynybekov, Kuttybek Zhakyp.

The renewal of different styles from the works of domestic authors is aimed at the formation of traditional art in raising children in different areas of the fine arts. Features of our ancient heritage and modern national values. It is characterized by modernization, growth, modern level of development and the formation of our national values in a new format by contemporary artists of Kazakhstan. Artisans told young people about the meaning and content of our national values inherited from their ancestors.

Key words: national values, customs, national heritage, culture, national education, Kazakh ornament, national color.

Кіріспе

Ұлттық құндылықтарымыз қашанда келер ұрпаққа мұра. Қазақ халқы салт-дәстүрге бай ел. Атадан балаға, көнеден келе жатқан асыл құндылықтардың мұрагері ретінде өзге ешбір жұртқа ұқсамайтын бітімі бөлек, болмысын қалыптастыруға негіз болған салт-дәстүріміз, қаймағы бұзылмай дамып келе жатыр, жаңа мұраларымызды қазіргі заман талабына сай бейімделіп, рахани жаңғырып, жаңа бастама алып, қарқынды дамуы өскелең жас ұрпақтың басты мақсаты.

Ғылыми еңбек белгілі бір қабілеттілікті қажет етеді, ал оның өзі кез келген студентте болады. Әрине, оны белгілі бір бағытта, әрі дамытып отыру қажет. Зерттеушілік қабілет -бұл ақыл-ойдың белгілі бір қасиеті, бірінші кезекте проблеманы көре білушілік. Резорфорд былай деген екен: егер оның қарамағында жас ғалым істесе және ол екі жылдан кейін бұдан әрі не істемейін деп сұраса, ұстазы оған ғылыми жұмысыңды таста деп кеңес берер еді. Шығармашылық ақыл -ой қарапайым нәрседен кереметті, өзгелер байқамаған сұрақтар көре

білуі тиіс. Венгер ғалымы А.Сент-Дьердьи былай деп жазды: «жаңалық ашу -демек бәріміз көріп жүргенді көре білу, бірақ осыған дейін ешкімнің ойына келмегенді ойлап білу». Ал Д.Бернал былай деп түсіндіреді: «Проблеманың шешімін тапқаннан гөрі, оны білу әлдеқайда қиын. Оның алғашқысына іскерлік, ал екіншісіне -қиял қажет»[8].

Көп білген ғалым емес, бәрінен көп оқытатын ғалым.

Қоғамдық пікірді зерттеу үшін анкеталау, әңгіме өткізу, интервью алу және тапсырма беріп тексеру әдістері қолданылады.

Сұрақтар мен тапсырмалар (тесттер) құру -білім мен тәжірибені қажет ететін өте күрделі іс.

Педагогикалық практиканы ұйымдастыру талаптарының бірі - жоғары оқу орнында оқытудың барлық жылдарында оның үздіксіз өткізілетіндігінде. Осы талапты негізге ала отырып, мыналарды атап көрсету қажет. Мәселе мынада: оқыту мен тәлім-тәрбие берудің нәтижесі бірден байқала қоймайды.

Кейде былай болады: мұғалім сабақта материалды тартымды, ұғынықты, әрі шебер түсіндіреді, ал оқушылар оны жақсы түсініп, бір-екі күндей көкейінде сақтайды, бір-ақ бірер айдан кейін ұмытып, жаңа материалды оқығанда бұрынғы еткен ережені есіне түсіре алмайды. Демек, мұғалім алғашқы түсіндірген сәтте ережені өткен материалмен жеткілікті байланыстырмаған және «алдағы уақытта жұмыс істеуге қажетті» кейбір сәттерін атап көрсетпеген.

Бұл жағдайда мұғалімнің оқыту жұмысындағы теріс нәтижелері көрінеді, оның үстіне ең бастысы, ол бірден байқалмай отыр. Егер студент-практикант бірнеше сабақты ғана бақылаған жағдайда, мұндай олқылықты байқамауы мүмкін, ал кейіннен пәнді оқытуда өз басы осындай қиыншылықтарға кездескенде жете түсіне алмайды.

Оқу-тәрбие жұмысының, әсіресе оқушыларды өнегелілікке тәрбиелеудің тек қолайсыз жақтары ғана емес, қолайлы нәтижелері де бірден сезіле қоймайды. Мәселен, мұғалім оқушыларды мұқияттылыққа тәрбиелеу жөнінде дұрыс, әрі қажетті міндет қояды. Осы мақсатта қызғылықты шаралар әзірлейді. Мұның өзі класс сағаты, әңгімелесу, диспут болуы мүмкін. Кез келген істе мұқиятты болу керек екендігі, мұның езі еңбек сүйгіш адамның ең қажетті сапасы екендігі туралы мұғалім де, оқушылар да бейнелі салыстырулармен тартымды әңгімелеп береді. Әркімге мұқияттылықтың қажеттілігі ешқандай талас тудырмайды [2].

Осыдан кейін тәрбие міндеті шешілді, нәтиже ойдағыдай деуге бола ма? Оны келесі күні-ақ аңғаруға болады. Мектепке біреуі қаламсапсыз, екіншісі - ұшы сынған қарындашпен, үшіншісі - түймесі үзілген, ботинкасы тазартылмаған қалпында келді, төртіншісі - столға қобыратып қағаз шашып кетті, ал бесіншісі... Мұқияттылық жайында жеткілікті-ақ айтылған сияқты еді, алайда іс жүзінде олай болмай шықты. Демек, тәрбие ықпал етпегені ме? Әрине, бұлайша үзілді-кесілді айтуға болмайды. Өнегелілікке тәрбиелеудің мәні сонда, өнегелілік нормасын түсіндіру - бұл әлі бастамасы ғана. Әуелі оқушы оны терең түсінуі, белгілі бір тәртіпті бұлжытпай орындау керектігін жете ұғынуы, кейіннен мұның өзі оның үйреншікті дағдысына және қажеттілігіне айналуы тиіс. Ол үшін жалпылай, жан-жақты кеңесуден кейін әрбір оқушымен жеке әңгімелесіп, оларға бақылау қояды, өзін-өзі тәрбиелеуіне ықпал етеді, яғни тәлім-тәрбие процесіне үздіксіз және тікелей қатысады. Тиімді нәтижеге жетпей тұрып, педагогикалық қызметті меңгердім деп айта алмайсың.

Алайда бұдан әрбір студент жоғары оқу орнында оқыған жылдары тек бір ғана оқушымен жұмыс істеуі тиіс деген ұғым тумайды. Өйткені оқу кезінде оқу-тәрбие процесінің барлық негізгі жақтарымен, бағыттарымен, бүкіл ерекшеліктерімен, оқушылардың әр түрлі жас топтардағы өзіндік өзгешеліктерімен, оқу-тәрбие мекемелерінің (қалалық және ауылдық мектептер, кәсіптік-техникалық училищелер, пионер лагерлері, жоғары класс оқушыларының еңбек және демалыс лагерлері) алуан түрімен танысуға тура келеді.

Педагогикалық практика объектілерінің ауысуы оның өзін күрделендіре түседі, алайда педагогикалық іскерліктің қалыптасу деңгейін тексеруге мүмкіндік береді [4].

Педагогикалық практиканың толассыз сипатының тағы бір көрінісі сонда, әрбір жаңа кезеңдегі оның міндеттері өткен кезеңдегі міндеттермен ілесе жүреді. Белгілі бір кезеңдегі педагогикалық қызметтің қажетті деңгейін игермеген, орындамаған, жаңа кезеңде ондағы міндетті тапсырмалардың әлде біреуін атқармай ұмыт қалдырған жағдайда бұл олқылықты бірден сезесің.

Педагогикалық практика өзінің комплекстілік сипатымен ерекшеленеді. Практикалық педагогикалық қызмет барысында әр түрлі оқу курстарында, түрлі уақыттарда оқушы, мұғалім, оқу-тәрбие процесі туралы алған бүкіл білімің ұштасады, жинақталады қорытылады. Студент өзінің арнайы оқу пәнінің мазмұнын арнайы сабақтарда оқып-үйренеді, психологиялық-педагогикалық сабақ циклдерінде оқыту мен тәрбиелеу заңдылықтарын жете ұғынады, кейіннен ол оқушылармен тікелей жұмыс істегенде пән мазмұнын, методикалық, психологиялық, педагогикалық іскерлік секілділерді айналып өте алмайды.

Педагогикалық практикаға кірісерде оқу-тәрбие жұмысының алуан сырларын ой-елігінен өткізіп шығу қажет. Кәсіптік білімнің ұлғайып тереңдеген сайын мектептегі оқу-тәрбие процесі, оның тұтастық сипаты барынша айқындала түседі. Педагогикалық практиканың комплекстілігі оны жоспарлау, ұйымдастыру, мазмұндау бақылау және бағалау жүйесі арқылы байқалады. Жалпылама бірыңғай баға бергенде студенттің практикалық қызметінің бүкіл бағыты көрінеді [7].

Педагогикалық практика оқу сипатында болады, оның барысында оқытушының басшылығымен болашақ мұғалімде педагогикалық іскерлік жүйесі бірте-бірте қалыптасады. Алайда іскерлік жүйесін терең меңгеру әрбір студентте дербес өткенімен, бүкіл практикалық педагогикалық қызмет коллективтік түрде болады — мұғалім мамандығының басты ерекшелігі де осында. Студент осы ерекшелікті қаншалықты түсінсе, педагогикалық практика барысында коллективтік педагогикалық қызметті қаншалық жете үйренсе, кәсіптік-педагогикалық даярлық соғұрлым табысты болады.

Мәселе тек әрбір кәсіпке тән коллективтік жұмыстың адамгершілік нормаларын терең меңгеруде ғана емес. Педагогикалық қызметтің артықшылығы сол, жеке оқушылар, оқушылар коллективі бір адамның, ең жақсы деген мұғалімнің ғана емес, бүкіл педагогикалық коллективтің ықпалымен қалыптасады. Оркестрде музыканттың аспап күйін келтіргені секілді, мұғалімдер де, тәрбиешілер де, кітапханашылар да, бала бағушылар да және мектептегі асхана жұмыскерлері де бірыңғай педагогикалық үндестікке құлақ тұруі, өз қарым-қатынастарында, оқушыларға және бір-біріне талап қоюға бір-ауызды болуы тиіс. Мұның өзі мұғалімнің өз дербестігін, қабілетін, талантын танытуға ешқандай бөгет жасамайды, қайта коллективті байыта түседі, мектепте шығармашылық ахуал орнатуға ықпал етеді.

Студенттер тобы педагогикалық практика барысында педагогикалық коллективтің өзінше моделіне айналады. Әрбір студенттің күш жігері белгілі бір мектепте (кәсіптік-техникалық училищеде) жұмыс істейтін топта тиісті ынтымақты қарым-қатынас, жоғары талап орнатуға, ортақ мақсат пен міндетті түсінушілікке бағытталуы тиіс.

Студент-практиканттар коллективі мен мұғалімдер коллективі бір-біріне қарсы қойылмайды, алайда объективті себептерге байланысты қосылмайды, өйткені студенттер мектепте уақытша істейді. Алайда мектептің, оқушылар мен мұғалімдердің қамқорлығы осы мектептегі студент-практиканттардың қамқорлығымен бірдей дәрежеде болуы тиіс. Барлығы күні бұрын ойластыруы, ауыспалы және тура мағынасында айтқанда алғашқы күннен бастап мектептегі өз орнын белгілеуі; өз мүйісін безендіруі мектеп өмірінің ішкі тәртіп ережесін толық білуі, коллективтік дәстүрге араласуы тиіс [6].

Педагогикалық практиканы ұйымдастырудың ерекшелігі - қоғамдық-саяси, қоғамдық-педагогикалық қызметтердің және кәсіптік-педагогикалық әзірліктің біртұтастығында. Жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасының негізгі бағыттарында тек ата-аналарға ғана емес, оқушы жастардың жұмысына катысы бар барлық адамдарға мұғалімдер күшімен педагогикалық жалпыға міндетті оқу өткізу көзделген. Студенттердің қоғамдық-саяси практикасы олардың «жұмыс орындарында» (мектептерде) етеді, әрі педагогикалық қызметке тығыз байланысты болады. Студенттер оқушылармен және олардың ата-аналарымен жұмыс істегенде тәрбиешілік іскерлігін көрсетіп қана қоймайды, лекторлық, ағартушылық, насихатшылық шеберлігін де жетілдіреді. Қоғамдық ғылымдар кафедрасының оқытушылары қоғамдық-саяси және қоғамдық-педагогикалық қызметке байланысты барлық мәселелер бойынша студенттерге методикалық ұсыныстармен консультациялармен қосымша практикалық көмек көрсетеді.

Педагогикалық практиканы ұйымдастырудың маңызды талаптарының бірі - оны бірінші курстан бесінші курсқа дейін жоспарлаудың перспективалығында. Практикалық педагогикалық даярлықты жоспарлаудың ролі ерекше зор. Егер барлық пәндер бойынша теориялық курстардың оқу материалы меңгеру жоспарына сәйкес күні бұрын белгіленіп қойылатын болса, практикалық педагогикалық қызмет студент алдына кез келген уақытта толық көлемде кездеседі.

Жоғарыда педагогикалық іскерліктің міндеттері мен жүйесі тұжырымдалды, оның өзі әр алуан кезеңде педагогикалық практиканың мазмұнын таңдау үшін белгілі бір бағыт береді. Алайда мұның өзі жеткіліксіз. Өйткені нақтылы бір міндеттер, нақтылы бір іскерлік кезеңнен кезеңге қарай қайталанып отырады, алайда бұдан нақтылы бір әрекет қайталады деген ұғым тумайды, қайта жаңа «айналымнан» өткен сайын ол дамытылып отыратындықтан перспективалық жоспарда көзделеді. Оның үстіне, перспективалық жоспарлау әрбір студенттің жеке ерекшелігі мен қабілеті ескеріле отырып, олардың практикалық педагогикалық қызметін меңгеруіне қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді. Сөйтіп ол қосымша күш-жігер мен уақытты қажет ететін практикалық әзірлік жағына көңіл бөлуге ықпал етеді. Перспективаны білу төзімділік деңгей қаншалық екендігін ұғынуға, осы сәтте іскерлік қандай көлемде игерілу керектігін білуге жәрдемдеседі.

Ал егер студентке бәрі ойдағыдай болмаса ше? Перспективалық жоспар мұндай жағдайда да көмектеседі. Оның өзі жіберілген олқылықты әрі қарай жоспарлы түрде түзету мүмкіндігінің болу-болмауын немесе қазіргі жағдайда оқушылармен дербес жұмысты, қоғамдық-саяси практиканы толығырақ пайдалану қажеттігін көрсетеді. Өзін кәсіптік тәрбиелеу программасына қиын мәселелер дер кезінде енгізілуі тиіс.

Педагогикалық практиканы ұйымдастырудың тағы бір талаптарын-педагогикалық басшылық пен жоғары белсенділікті, студент-практиканттың дербестігін үйлестіруді атаған жөн. Педагогикалық практика программасында студенттер қызметінің басты бағыттары белгіленген. Мұнда оқу-тәрбие жұмысының нақтылы мазмұны мен келемін студенттердің өздері белгілейді. Олардың дербестілігі мен белсенділік деңгейі осыдан көрінеді.

Екі аптада бір рет практикалық сабақта оқытушының басшылығымен практиканттардың дербес жұмысы талданады, педагогтық іскерлікті меңгерудегі жетістіктері атап көрсетіледі. Студенттердің дербес жұмысындағы жинақтаған тәжірибесі негізінде, оларға алдағы екі апталық мерзімге арналған жаңа оқу міндеттері қойылады. Егер белгіленген мерзімде студенттің тындырғаны шамалы болса, белсенділік пен дербестік танытпаса, онда оқытушыға да, студентке де қиын соққаны демек іскерлікті қалай қалыптастыру, нендей олқылық болды, қандай тұрғыда ерекше жұмыс істеу керектігін ойластырады.

Дербестіктің өзі кезекті практикалық сабаққа әзірленгенде студент тек қана өзінің педагогикалық оқу практикасын ғана емес, сондай-ақ қоғамдық-саяси және қоғамдық-педагогикалық қызметін де талдайды.

Педагогикалық практиканы ұйымдастырудың жоғарыда аталған талаптарының маңызды екені сөзсіз, бірақ олардың өзара байланысты екендігін түсіну одан да маңызды. Шындығында, кәсіптік даярлықтың, қоғамдық-саяси және қоғамдық - педагогикалық қызметтің біртұтас талаптары педагогикалық басшылықпен үйлестірілген дербестілік пен белсенділік талаптарымен тығыз байланысады.

Мектепте оқу және тәрбие жұмыстарын жетілдірудің жаңа бір формасы мұғалімдердің шығармашылық тобы. Шығармашылық ең алдымен мұғалімдердің мамандықтарына сәйкес терең және берік білімді, мол тәжірибені талап етеді. Шығармашылық қабілетті дамыту, өз бетімен іздену, зерттеу жұмыстарына байланысты. Осыған орай, мұғалімнің жұмысында шығармашылық басым болуы керек [2].

Озат мектептердің іс-тәжірибелеріне қарағанда шығармашылық топтың құрамына өте тәжірибелі мұғалімдер кіреді. Іс жоспары бір жылға жасалып, топ мүшелері айына бір рет кездесін отырады.

Шығармашылық топ қазіргі кездегі ең көкейтесті проблемаларды шешу жолдарын іздестіреді, оларды келешекте мұғалімдердің игілігіне айналдырады. Қаралатын мәселелердің бағыттары дифференцивтік және проблемалық оқыту, оқушылардың логикалық ойын дамыту, дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру, тәрбиесі қиып балалармен жұмыс, кәсіптік бағдар беру проблемасы, қосамдық пайдалы жұмыстарды ұйымдастыру мәселелері т. б.

Мектеп өмірінде мұғалімдердің кәсіби дайындығын көтеруде психологиялық-педагогикалық семинарлардың және практикумдар семинарлардың маңызы арта түсуде. Психологиялық-педагогикалық семинарларда мұғалімдер теориялық мәселелермен және озат педагогикалық тәжірибелермен танысады, терең білім алады. Семинар тақырыптары мектептің жылдық жоспарына кіреді. Сондықтан, мұғалімдер алдын-ала тақырыптармен танысып дайындалады. Семинар әр түрлі вариантта өткізіледі; кейде лекция, кейде жеке баяндама-хабарлау, пікір алмасу ретінде өткізіледі. Лекцияларда, баяндамаларды тәжірибелі мектеп басшылары мен мұғалімдер, мұғалімдердің білімін жетілдіру институтының әдіскерлері, жоғары оқу орындарының ғалымдары оқиды. Психологиялық-педагогикалық семинарларды өткізу мерзімдерін әрбір мектеп өзі шешеді.

Психологиялық-педагогикалық семинардың мақсаты - оқумен тәрбие жұмысының деңгейін көтеруде өз бетімен білім алушы мұғалімдерге психология, педагогика ғылымдарының соңғы жаңалықтарын және озат педагогикалық тәжірибені меңгеруге үйрету.

Мұғалімдердің практикалық іскерлігін, шығармашылық қабілеттерін дамытуда практикумдар-семинарлардың ролі өте зор. Көбінесе мұндай семинарларда педагогикалық ситуацияларды шешу және есептер шығарылады. Сонымен бірге, сабақ үстінде оқушылармен істелетін жұмысты басқаруға, сабақта бақылау әдісіне, сабақты талдау тәсілдеріне үйретеді. Осының нәтижесінде әрбір мұғалім өз ісіндегі кемшіліктерді байқайды, теориялық, практикалық білім алуға тырысады, қызығушылығы, белсенділігі артады.

Қазіргі заман мұғалімнің жаңа проблемаларды жүйелі түрде оқуын және зерттеуін талап етеді. Сондықтан әрбір педагогтың оқу, білім беру, тәрбие және ұжымды басқару теорияларымен, педагогикалық-психологиялық мәселелермен, шетел психологтары және педагогтарының теорияларымен үнемі қаруланып отыруы қажет.

Сонымен, мұғалімнің қандай болса да педагогикалық еңбекке жарамдылық деңгейін анықтау үнемі жаңартып және жетілдіріп отыруды талап етеді.

Мұғалім еңбегі басқа қызметтермен салыстырғанда, өтіндік ерекшелігі мол шығармашылықты сүйеді. Өйткені жеткіншек ұрпақты өмірге, еңбек пен әлеуметтік іс-

әрекетіне дайындау мұғалімдерді көп іздендіріп, ойландыратын жұмыстың ең басты түрі. Олай болса, әрбір мұғалім орта немесе жоғары дәрежелі педагогтық білім алумен қанағаттанып қоймай, ол тәрбие мен оқытудың тиімді жолдарын үнемі іздестіріп, өз жұмысында пайдаланып отыруы тиіс. Сонда ғана мұғалім жаңашыл, оқушыларға тәрбие және білім берудің теориясы мен практикасын дамытудың қорғаушы күші және асқан шебері бола алады[5].

Әдебиеттер

1. ҚР – ң Білім туралы Заңы. 15 тамыз 2007.
2. Өстеміров К. Кәсіптік педагогика. – Алматы, 2006.
3. Өстеміров К. Кәсіптік оқыту әдістемесі. Оқулық. – А., 2006.
4. Нұрғалиева Г., т.б. Кәсіптік білім негіздері. Оқу құралы. – А., 2002
5. Бақтыбаев Қ.Б., Әлмағамбетова Д.Қ. Бастауыш кәсіптік білім мамандықтарына арналған оқу жоспарының моделін жасау жөніндегі нұсқаулар. – А., 2002.
6. Мүсілімов Ә., Сиымова А. Кәсіптік бағдар беруде мектептен тыс жұмыстардың түрлері. Қазақстан жоғарғы мектебі. – №3, 2002. – 89-91б.
7. Құтпанбаев Ә. Кәсіпке оқытатын орта мектептер мен кәсіптік білім беретін бастауыш мектептің бағдарламасы. (Жоба). Мектептегі технология. №7-8. 13-25б.
8. Интернет Сайт. www.pedagogik.mgou.ru.

ӘОЖ 378.096
МРНТИ 14.01.07

К.М.Бекболатова¹ А.С. Сманова²

¹ *PhD., Абай атындағы Каз ҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институтының аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан,*

² *п.ғ.к., Абай атындағы Каз ҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институтының қауымд.профессоры, Алматы қ., Қазақстан*

ДӘСТҮРЛІ ҚОЛӨНЕР НЕГІЗІНДЕГІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ШАРАЛАР

Аңдатпа

Мақалада қазіргі дәстүрлі ұлттық өнерді үйрету мен жалғастыру мәселелері қарастырылады. Әртүрлі өнер кеңістігінде ұйымдастырылып жатқан іс-шаралар барысы, ондағы дәстүрлі қолөнер көрінісі мен дамуы айтылады. Өнер мен ғылым интеграциясы мен жаңарту кезеңіндегі дәстүрлі қолөнердегі ерекшеліктер ескеріледі. Мақалада берілетін материалдар мен зерттеулер көркем білім беру деңгейінде сипатталады. Дәстүрлі қолөнер материалдары мен бағыты, заманауи өнер мүмкіндіктері беріледі. Авторлар өз тәжірибесінен өткен көрме, семинарлар мен шеберсыныптары арқылы өз көзқарастарын тұжырымдайды. Орта және арнайы, жоғары білім берудегі дәстүрлі қолөнерді жас ұрпаққа үйретудегі шығармашылық іс-шаралар ықпалын, онда бақыланған жеткілікті және жеткіліксіз деңгейлері мазмұндалады. Авторлар өз тәжірибелерін оқу үдерісінен тыс ұйымдастырылған көрме, семинар, симпозиум, онлайн шеберсыныптар арқылы жүзеге асырған. Сол тәжірибелерінен суреттер, үдерістер сипатталған. Өткені мен бүгінгі дәстүрлі ұлттық өнер көрінісінің бағыттылығы анықталып, келешегіне болжамдар жасалған.

Түйін сөздер: дәстүрлі өнер, ұлттық өнер, шығармашылық іс – шаралар, дизайн, экодизайн, экоөнер, заманауи өнер, көркем білім, сән дизайны, көрме, симпозиум, шеберсынып.

К.М.Бекболатова¹, А.С. Сманова²

¹ *PhD., старший преподаватель Института искусств, культуры и спорта при КазНПУ им. Абая г.Алматы, Казахстан,*

² *к.п.н., ассоц.профессор Института искусств, культуры и спорта при КазНПУ им. Абая г.Алматы, Казахстан*

ТВОРЧЕСКИЕ МЕРОПРИЯТИЯ НА ОСНОВЕ ТРАДИЦИОННОГО ДЕКОРАТИВНОГО ИСКУССТВА

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы обучения и продолжения развития традиционного национального искусства, а также о видах и развитии декоративного искусства и об организации проводимых мероприятий в разных пространствах искусств. Учитываются особенности традиционного декоративного искусства в период интеграции и обновления искусства и науки.

Представленные в статье материалы и исследования описаны на уровне художественного образования. Предоставлены традиционные декоративные материалы, направления и возможности современного искусства. Авторы формулируют свои взгляды по проведенным собственным выставкам, семинарам и мастер-классам. Описывается влияния творческих мероприятий, направленных на обучение подрастающего поколения в среднем и специальном, высшем образовании и об уровне контроля на достаточность/недостаточность.

Авторы реализовали свой опыт через выставки, семинары, симпозиумы, онлайн мастер-классы, организованные вне учебного процесса. Из этих экспериментов описаны изображения, процессы. Определены направления традиционного национального искусства прошлого и настоящего, сделаны прогнозы на будущее.

Ключевые слова: традиционное искусство, национальное искусство, творческие мероприятия, дизайн, эко-дизайн, эко-искусство, современное искусство, художественное образование, дизайн моды, выставка, симпозиум, мастер-класс.

Bekbolatova K.M.¹, Smanova A.S.²

¹ *PhD., senior lecturer, Institute of arts, culture and sports at Abai KazNPU ,
Almaty, Kazakhstan,*

² *candidate of pedagogical Sciences, associate professor, Institute of arts, culture and sports at
Abai KazNPU , Almaty, Kazakhstan*

CREATIVE EVENTS BASED ON TRADITIONAL DECORATIVE ART

Abstract

The article discusses the issues of teaching and continuing the development of traditional national art, as well as the types and development of decorative arts and the organization of events in different art spaces. The features of traditional decorative art in the period of integration and renewal of art and science are taken into account.

The materials and research presented in the article are described at the level of art education. Provided traditional decorative materials, trends and opportunities for contemporary art. The authors formulate their views on their own exhibitions, seminars and master classes. The article describes the influence of creative activities aimed at teaching the younger generation in secondary and special, higher education and on the level of control on sufficiency / insufficiency.

The authors realized their experience through exhibitions, seminars, symposia, online master classes organized outside the educational process. Images, processes are described from these experiments. The directions of traditional national art of the past and present are determined, forecasts for the future are made.

Key words: traditional art, national art, creative events, design, eco-design, eco-art, modern art, art education, fashion design, exhibition, Symposium, master class.

“Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының” негізгі мақсаты – білім берудің барлық деңгейінде қоғамның жаңа талаптарына сәйкес келетін, сапалы, бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптастыру. Оқу үрдісінде жаңа технологияларды пайдалануда әрбір оқушы мұғаліммен бірге оқуды басқара алады, дарынды балалармен тұрақты және жүйелі жұмыс жасауға мүмкіндік туады. Жаңа технологиялар қандай да бір ақпарат беруді білдірмейді, ол оқушылардың қисынды ойлау, бағдарламалық материалдың ең бастысын таба білу қабілеттіліктерін қалыптастырып, материалды неғұрлым терең меңгеруін қамтамасыз етеді. Қазіргі кезде оқушы өзі ізденіп, өзі оқып, өзі үйренеді. Бұл әрбір оқушының жеке мүмкіндіктерін, қабілеттерін ашады. Демек, жеке тұлғаға бағдарланған технологиялық сүйіспеншілік, қамқорлық, ынтымақтастық ахуалын туғызып, жеке тұлғаның шығармашылық әрекеттеріне және өзін-өзі өзектендіруіне барлық жағдайларды жасайды әрі жеке тұлғаға бағдарланған оқыту әрбір оқушының өзін танымдық және оқу қызметіне бейімділіктеріне, мүдделеріне, қабілеттеріне сай жүзеге асыруына мүмкіндік береді [1,33 б.].

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері дәстүрлі ұлттық өнерімізге назар аударылып, осы іспен айналысып жүрген тұлғалар туралы деректер жарыққа шығып, болашақ ұрпаққа насихаттау мен кеңінен тарату жолында біршама істер атқарылуда. Осы мақсатта жүзеге асып келе жатқан дәстүрлі түрде өтіп тұратын жоғары деңгейлі конкурстар мен фестивальдер және т.б., іс-шараларда өздерін паш етіп елдің назарына есімдерін танытып жүргендердің қатары көбеюде. Оның дәлелі ретінде бүгінде ұлттық өнерімізді паш етуші Алматы аймақтық Degree & Profession (ҚазБСҚА), Республикалық «Шебер», Халықаралық «Шабыт және «Aspara fashion week» конкурстарымызды айтуға болады. Сонымен қатар, ұйымдастырылып жатқан халықаралық, қалалық көрмелерімізде артта қалып жатқан жоқ. Олардың бірі ретінде, Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институтының Сән дизайны және сән өнері мамандықтарының профессор-оқытушы құрамы мен студенттерінің Заманауи дизайндағы – ұлттық өнер «Гүлденген көктем» атты шығармашылық көрмесі «Алматы» мұражайында 2020 жылдың 3-12 наурыз аралығында өткен болатын.



Сурет 1. «Гүлденген көктем» атты шығармашылық көрме.

Жас мектеп оқушыларымыздың да ұлттық өнерге деген қызығушылық танытып жүргендігін жақында өткен 29 ақпан 2020 жылы Алматы облысы Қарасай ауданы «Алмалыбақ ауылындағы орта мектеп-гимназиясында «Жарқын болашаққа бастау» атты Дарынды мен талантты оқушылардың XVI слеті дәлел бола алады. Әр мектептен

шоғырланған сексен Дарынды мен талантты оқушылардың шығармашылық жұмыстары көрмеге қойылып, «Көркем еңбек» номинациялары бойынша жүлделі орындармен марапатталды. Көрмеге оқушылар ұлттық қолөнеріміздің түрлі бағыттары бойынша шығармашылық жұмыстарынан бөлек қорғауда қысқаша баяндама мен жасалу техникасы мен технологияларына сипаттама беріп білімдерін шындай түсті.



Сурет 2. «Жарқын болашаққа бастау» атты Дарынды мен талантты оқушылардың XVI слеті

Дәстүрлі ұлттық өнерде қолданылып келген материалдардың өңдеу тұстары жүйелі өзгерістерге ұшырап, формаларын өзгерте бастайды. Тіпті киім үлгілері мен тұрмыста қажетті заттардың барлығын жаңа материалдар арқылы өңделіп, дәстүрлі шығармашылыққа тән көптеген әдістер заманауи дизайнға көшіп өз жалғасын тауып жатыр.

Дәстүрлік өнер – халықтың өміріндегі шындықтың бейнесі. Ол адамдардың рухани мәдени тұрмысынан бөлінбейтін құбылыс. Әрбір халықтың дәстүрлі өмірі тарихи тағлым мен озық ой-пікірлер мен тоғысады. Дәстүр адамның қоғамдық қатынастарының тарихи қалыптасқан тұрақты және мейлінше қорытылған нормалары мен принциптері болып табылады. Ал дәстүрлі өнер қоғамдық өмірдің материалдық жағдайының өзгеруімен сипатталады. Дәстүрлік өнер дегеніміз өткен ғасырлардағы ата-бабалар мәдениетін сақтау арқылы ұлттық өнердің озық үлгілерімен толықтыру [2; 17 б.].

Қазақстан жерінде қолөнер кәсібі бұдан екі жарым мың жыл бұрын, әрбір дәуірде өзінің өшпес ізін қалдырып, талай тайпалардың өнері арқылы қалыптасып, мәдени мұраға айналған. Оның өркен жаюы, біріншіден, қазақ халқының күнделікті тұрмысына пайдалану қажеттілігінен туса, екіншіден, халықтың өнерді құрметтеп тұтып, жоғары бағалануынан туған жағдай екендігінде. Халқымыздың баланы еңбекке үйрету, кәсіптік бағдар беру тәжірибесіндегі бала тәрбиесі бір-бірімен тығыз байланысып отыратын екі мақсатқа бағышталған: баланы еңбекке үйрету барысында оның қабілет- иекемін, дағдысын дамыту; еңбек үстінде бала бойына халықтық ізгі қасиеттерді сіңіріп дарыту. Бұл екі бағыт бір-бірімен жалғаса отырып, тәрбиенің барлық түрлерін қамтиды [3; 7 б.].

Көркем білім беруде мамандарды кәсіби даярлаудың ең өзекті талаптары сәндік өнердің типтік тапсырмаларынан тұрады. Сондықтан бұл тұрғыдан мынадай мәселелер меңгерілуі тиіс:

- көркем мәдениет негіздері, этикалық және құқықтық нормалар, адам мен ададардың өзара қатынастары, қоғамды және қоршаған ортаны ойлау, мәдениет арқылы өз еңбегін ғылыми негізде ұйымдастыру, жаңа білім түрлерін меңгеру;

- сәндік өнердің бір саласындағы дәстүр және заманауи дәстүрдің сабақтастығын суретшінің өз кәсіби әрекетінде тиімді қолдануы;
- көркемдік өндірістің экономикалық негіздерін, шығармашыл шеберханаларды, өндірістік мекемелерді, түрлі жекеменшік формаларын пайдалануы, меңгеруі;
- маркетинг негіздерін, менеджмент және авторлық құқық.

Осы белгіленген мәселелерді толыққанды орындауға қойылатын талаптар да зор. Кәсіби тұрғыдан алғанда, сәндік өнер мамандарын даярлау дегеніміз – бұл кәсіби көркемдік білімді кеңінен қолдана отырып, өнер аясындағы адамдардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, нарықтық жағдайда көркем еңбек пен технологияны терең меңгеру болып табылады. Жоғары оқу орындарында болашақ сәндік өнер мамандарын тәрбиелеуде олардың халық шығармашылығына деген сүйіспеншілігін оятуға, қолданбалы өнер туындыларының құндылығына мән беруге, дәстүрлі халық шеберлерінің туындыларынан нәр алуға және олардың өзіндік дүниетанымын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді [4; 12, 21 б.].

Алдымен дәстүрлі ұлттық өнер не болмаса қолөнер дегеніміз не? Оған қандай өнер салалары жатады? Соны қарастырайық.

Қолөнер дегеніміз – қарапайым еңбек құрал-жабдығының көмегімен шикізаттардан әр түрлі дайын бұйымдар жасайтын ұсақ қол өндірісі. Яғни, халық тұрмысында жиі қолданатын өру, тігу, тоқу, мүсіндеу, құрастыру, бейнелеу сияқты творчестволық өнер жиынтығын айтады [5, 41 б.].

Сонымен қолөнер туындыларын табиғи таза материалдардан өру, тігу, тоқу, мүсіндеу, құрастыру, бейнелеу сияқты әдістерін қолдану арқылы түрлі бұйымдар жасауға болады деген сөз. Яғни, өнер саласындағы не болмаса басқа салалар бойынша да адамның жұмыс істеу қызметіне қарай барынша экологиялық таза материалдарды қолданудың өзі экодизайн деп айтуға болады. Экодизайнды көркем білім берудегі процесстер арқылы, көрнекілік қорытынды бұйымдар, не болмаса мұражайлардағы экспонаттарды білім алушылар қауымына педагогикалық тұрғыдан жеткізіп, сол экодизайн материалдарынан жасалған бұйымдардың табиғи түстері адамға қаншалықты әсер ететінін психологиялық тұрғыдан байқауға болады. Қоршаған ортадан алынған табиғи түстерді бұйым жасауда қолданса, сол аталмыш бұйымды өмір салтында қолданған жағдайда адам баласы өзін табиғат аясында сезініп қана қоймай, оның денсаулығына жақсы әсер беріп, ішкі дүниесіне деген тыныштық сезімін беретіні сөзсіз.

Ал Ежелгі өнерді үйренуде археолог К.Ақышевтің «Ыссық (Есік) қорғаны» (Сақ өнері) атты кітабының маңызы зор. Бұл кітап 1978 жылы «Өнер» баспасынан шыққан. Кітапта біздің ғасырымыздан бұрынғы VIII-IV ғасырлардағы өнер туралы ғылыми-археологиялық мәліметтер берілген. Ессік қорғанынан табылған «Алтын адам» туралы толық баяндалады. Кітапта Есік қорғаннан табылған заттар жайлы да, сақ мәдениеті мен өнері туралы да сыр шертіледі. Халық қолөнерінің қайнары ою-өрнектер және оларды саралау, киіз басу, тоқыма өнері, алаша тоқу және кесте тігу өнерлері туралы өзінің «Қазақтың үй тұрмысына арналған қолөнері» атты кітабында М.Мұқанов әңгімелейді (Алматы: «Қазақстан» баспасы, 1979). Ө.Жәнібековтің «Жаңғырық» атты кітабында (Алматы: «Өнер» баспасы, 1985) қазақ халқының тарихы мен этнографиясы баяндалып, музыка, бейнелеу өнері, қолданбалы өнер, сәулет өнерінің даму тарихы туралы мол деректер келтіріледі [6, 25 б.].

Киіз басу ісімен қазақ халқы өте ертеден таныс. Ғасырлар бойы көшпелі өмірге ыңғайлы тұрмыстық бұйымдардың бірқатарын киізден жасап келгендіктен, киіз басу технологиясын әбден меңгеріп, өнер дәрежесіне көтерген. Дәстүрлі қазақ қоғамында Киіз басу ісі маусымдық сипатта болған. Ол қойды қыркудан басталады да (күзде), қырқылған күзем жүннің барлығын өңдеп болғанға дейін созылады. Жүні таза болу үшін, қойды қырқар алдында 3 – 4 рет ағынды суға тоғытады. Алдымен жүн жасалатын бұйымдарға ыңғайланып,

ақ, кара түстерге бөлініп жиналады да, оны ешкі терісінен жасалған тулаққа салып, сабаумен сабайды. Жүн сабалып болған соң, басылатын киіздің көлеміне қарай, шиді жаяды да, оның үстіне жүнді салып, шабақтайды.

Текеметке әсемдік пен өң беру үшін, оюды жиектеп салып, оның негізгі фоны көрініп тұру қажет. Оңтүстік облыстарда текеметті ортасын қызыл түске бояп, үстіне өң беріп, негізгі түсін бері шығарып көрсетеді. Ал, Батыс Қазақстанда аппақ текеметтен дайындайды. Ақ түсті талдырмадан оюды жіңішкелеп салады. Қара немесе қоңыр текеметтің ою-өрнектерін ұсақтап не болмаса ортаңғы бөлігін ұсақ ромбтарға бөліп алады. Өрнектеудің бұндай түрінде текеметтің негізгі түсі анық көрінеді. Талдырма салу әдісі Қазақстанның барлық жерлерінде кең етек алған. Талдырманы әр түрлі түске бояп алып, киіз басу әдісімен басып, оюды ойып алады. Содан біртегіс салынған жүннің бетіне дайын болған ою түрін орналастырып, жоғарыда айтылған әдіс бойынша текеметті басып шығарады. Сонымен қатар талдырма салу Жетісуда да кездеседі. Жетісу аймағының Батыс Қазақстандағыдан айырмашылығы- оюлары жалпақ, сырмақ оюлары секілді болып келеді. Бұл оюдың түрін «жалайыр текемет» деп атайды.

Текемет басу технологиясы Оңтүстік Қазақстанда үш кезеңнен тұрады. Бірінші кезең ақ, қоңыр, кара жүндерді талдырып алғаннан соң ғана текеметтің негізін жасайды, сондай-ақ екінші кезеңде өң есебінде боялған түрлі-түсті жүн тартады, ал үшінші кезеңде ою-өрнектің үлгісіне жүн салып, оны әбден пысқанша оншақты әйел білектеп басады [7, 131 б].

Сонымен Оңтүстікте текеметтің ортаңғы бөлігін шымқай қызыл түске бояйды. Кейбір Оңтүстік және Батыс Қазақстан аймақтарының тұрғындары текеметтің үлкендігіне қарай ірілі-уақты сәндік әшекей өрнегін киіздің негізгі түрін ашатын басқа айшықты түстен салады. Толық піспеген, жартылай басылған киіз үстіне басқа түстен созып өрнек салады не болмаса, өрнекті әр түстен қатарлап, бірнеше түзу ретінде түсіреді. Безендірудің бұндай элементтері қырғыз, тәжік көбіне өзбектердің көркем өнерінде әлі де көрініс табады.

Шығыс Қазақстан өңірінде текеметтің көркемдік мәнері, безендіру жағынан ерекше көрініс алады. Негізгі түсі күлгіндеу боз қызыл. Оның дәл ортасына ромбы пішінді тоқ сарыдан тартылған тағы сол ромбының үстіне көк ромбылы өрнекті салған. Ал текеметтің шетіне S тәріздес ирегі бар оюды салған. Мұндай ашық түсті текеметті жарық аз түсетін бөлмеге төсеген болар. Алматы облысының текеметтерінің негізгі түсі ақ, ал көк түстен бірдей үш ромбы салынған. Ромбылардың ішіне қызғылт түсті төрт құлақты ою ойылып, ромбы сыртына тағы оюдан орналастырады. Текеметтің екі жағына ұзыннан екі қатар ою қойылса, көлденең - кара оюдан бір қатар жүргізілген. Бұл текемет оюларының түрі, орналастыру тәртібі жағынан сырмаққа ұқсас келеді. Негізі өрнектің көрнекілігі, әдемілігі халық шеберінің көркемдік талғамына, ой-қиялына, суреткерлігіне байланысты әр жерде, әр аймақта әр түрлі. Қарап тұрсақ, қазақтың кез келген бұйымдарында ою-өрнектердің алатын орны ерекше екенін байқап отырмыз.

Ал текемет түріне таңдалатын өрнек түрлері әр ру-тайпада әрқилы болуы да заңды. Арғын, найман, дулат, адайлар да, жалайырлар да өздері жақсы көретін текемет әрлеуде, түскиіз кестелеуде, сырмақ сыруда басымдыққа ие өрнектер болуы ықтимал. Сондықтан да болар «найман кілем», «арғын сырмақ», деп білгіштер заттың төркінін жазбай танитыны [8, 97 б].

Киіз қазіргі кезде бүкіл әлемге таралып, бұрын болмаған дәрежеде көркемдік «серпіліске» ие болып отыр. Шығыстың және Батыстың сәндік-қолданбалы өнерінің қазіргі суретшілері киіздің табиғи қадір-қасиетін жоғары бағалап, экологиялық таза метриал ретінде қолданбалы өнердегі әртүрлі сәнді, эксклюзивті шығармаларды жасау үшін пайдалануда. Олар автордың қиялынан туындаған түс үйлесімділігінің кереметтігімен, өрнектеу шешімдерінің жарасымдылығымен көз тартатын бейнелі киіз төсемдерін дүниеге келтіреді, ол туындыларда этностық таңба-белгілер, абстрактілі накыштар, оқалы зерлі көріністер,

бейнелер дүниеге келеді. Қазіргі суретшілер дәстүрлі материалды түрлі былғары, бисер, жартылай асыл тастармен бүршіктеп, байытады.

Экологиялық таза талшықтардан жасалған киімдер тарихи деректерге сүйене отырып адам баласының өмірге келген күннен басталды десе болады. Талай жылдар бойы өз тәжірибемізден қоспасында синтетикасы бар киімдер бір көзге қарағанда төзімді көрінгенмен адам денесіне жайсыздық, ал жасанды қоспалар бар бұйымдар аллергиялық реакция беретінін анықтадық.

Сол себептен қазіргі кезде киімнің пішіміне, формасына ғана емес оның табиғилылығына және ағзаға қалай әсер етуіне мән береді. Экологиялық тазалық пен жайлылықты негіз ретінде ала отырып, дизайнерлер бізге эксклюзивті және заманауи экодизайн бағытындағы жаңа шешімдер ұсынуда.

Бүгінгі таңда экодизайн бағыт қолға алып жүрген кәсіби шеберлеріміз А.Бекқұлова, Сәуле және Әлібек, Ая Бапановтар әулеті, Г.К.Кабижанова, М.Нүрке, Г.Жораева, М.Жұмағалиев, Н.Байженова, А.Жансерікова, Ұ.Бақтығалиқызы, Г. Байсариева, Д.Абдуллина, Ә.Хайрулла, Э.Қажытаева және т.б.

Сол сияқты 2019 жылдың 5 сәуір айында Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайында Кабижанова Гүлжанат пен Нұрия Бикинеевалардың «Мүмкіндіктер палитрасы» дәстүрлер және жаңашылдық атты көрмесі өтті. Көрмеге киіз басу мен құрақ құру техникаларында орындалған алпысқа жуық шығармашылық жұмыстары қойылған. Олар өз туындыларында дәстүрлі ұлттық қолөнерді заманауи көзқараспен өнер үшін маңызды ұлттық дәстүрлерді сақтау, дамыту және қайта қарастыру мәселелерін түсіндіре алғандай әсер қалдыра алды. Олардың сәнді-декоративті шығармашылық жұмыстарынан тарихи терең мазмұнды, символдық бейнелермен қатар түстік шешімдерге де баса назар аударғандығы байқалады.



Сурет 3. Кабижанова Гүлжанат және Нұрия Бикинеевалардың «Мүмкіндіктер палитрасы» атты көрмесінен үзінді.

Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің, Өнер, мәдениет және спорт институтында педагогикалық және шығармашылық мамандықтар бойынша мамандар даярланады. Жоғары білім беру талаптарының жаңартылуы көркем білім беруде де өзіндік инновациялық тәсілдерді қажетсінуде. Себебі, суретші, кескіндемеші, сән өнері, сән дизайны мамандары да заманауи даму мүмкіндіктерін меңгерулері аса маңызды. Сонымен, педагогикалық дайындық бойынша көркем еңбек пәнінің жалпы орта мектептерде жүргізілуі. Яғни, жаңартылған білім беру мазмұны негізінде. Көркем еңбек пәні мазмұны өнер мен ғылым байланысына негізделген мазмұны кең пән болып тұр. Сондықтанда тек

қана, тәжірибелік деңгейде ғана емес, өнерге оқытудағы ізденістер мен жобалауға, шығармашылық ұсынымдар жасауға бағытталған. Жалпы, айтқанда бейнелеу өнері, сызу және технология пәндері мұғалімдері де қайта дайындықтан өтіп, бейімделуде. Жоғары педагогикалық білім беру ісіндегі бейнелеу өнері, сәндік қолөнері, дәстүрлі киіз басу өнері, экодизайн, дизайн салалары бойынша, қазақ ұлттық киімдерінің дамуы мен тарихына және заманауи түрлеріне арнап, өнер мамандарын дайындауда суретші және ғалым оқытушылары ықпал етуде. Жоғарыда берілген шығармашылық іс-шаралардың да көркем білім беру ісінде, дәстүрлі қолөнердің дамуына, жаңартылуына да негізгі себеп бола алады.



Сурет 4. Заманауи үлгідегі Текеметті басу барысы.

Сонымен халқымыздың ежелден келе жатқан қолөнерінің кейбір түрлері ескіріп, өткен күннің еншісінде қалып, заманның талабына сай өзгеріске ұшырап, түрлі ерекшеліктерге ие болғанымен бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатыр. Қазіргі заман сұранысына ие болып жатқан жайы барына, ұлтымыздың өлмес мұрасы ретінде жалғасын тауып, әрі қарай өз елімізде ғана емес, бүкіл әлемге танылады деген үмітпен Қазақ елін паш еткіздіретін өнерімізді дамытып, оны келешек ұрпаққа оқытудың қолжетімді материалдарын шығармашылық іс-шаралар арқылы да жеткізілу түрлері алдағы уақыттарда қарастырылуы талаптары артуда.

Әдебиеттер:

- 1 Қазақстан мектебі. -№ 2, ақпан 2012 ж.
- 2 Болатбаев Қ. Көкжиек және кеңістік. – Алматы: «Алматы баспа үйі» ЖШС, 2008. - 192 б.
- 3 Сатыбалдинова Б. Ұлағат. - № 4, шілде, тамыз. 2009 ж.
- 4 Ысқақ Ә.И. Болашақ сәндік өнер мамандарының кәсіби даярлығын этнокөркемдік білім беру арқылы жетілдіру: пед.ғыл.канд. ... дисс.: 13.00.08. – Шымкент, 2010. – 170 б.
- 5 Оразқұлова Қ.С. Бейнелеу өнері тарихына кіріспе: Көркем-сурет факультеті студенттеріне арналған көмекші құрал. - Алматы. – Абай атындағы ҚазҰПУ, 2008. – 100 б.
- 6 Сағымбаев Ә. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі: Оқу-әдістемелік құрал. –Астана: Фолиант, 2013. -152 б.
- 7 Өмірбекова М.Ш. Көшпенділер мәдениеті. Қазақтың дәстүрлі өнерінің мәдени рәміздік негіздері. Ғылыми-танымдық басылым – Алматы: РПБК «Дәуір», 2015 -292 б.
- 8 Капекова Г.А. «Өрнек жолдары» - «Путь орнамента» - «Ornaments way». Алматы: «Асыл сөз» баспасы, 2014. – 240 бет. – қазақша, орысша, ағылшынша.

УДК 7.021
МРНТИ 18.07.31

К.К. Келденова

*доктор PhD, старший преподаватель кафедры художественное образование
КазНПУ им. Абая, k_kiran@mail.ru*

**ДОПОЛНИТЕЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В МИРОВОЙ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ
ПЕДАГОГИКЕ КАК ГЛАВНЫЙ РЕСУРС ЭСТЕТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ
ШКОЛЬНИКОВ**

Аннотация

В этой статье автор рассматривает состояние и роль дополнительного художественного образования в зарубежных странах и Казахстане. Анализ научных трудов по настоящей проблематике и многолетний опыт работы автора статьи в системе дополнительного художественного образования позволяет сделать собственный вывод: наряду с приобщением к духовным национальным ценностям, учреждения дополнительного художественного образования детей могут расширять свои задачи, вырабатывать у школьников собственный взгляд на мир, обогащать этот мир. Таким образом, дополнительное художественное образование призвано компенсировать приобщение детей школьного возраста к национальным традициям, национальному искусству, национальной художественной культуре. В этом контексте интересным представляется мировой опыт художественной педагогики.

Ключевые слова: дополнительное образование, художественная педагогика, эстетическое воспитание, национальное искусство.

К.К. Келденова

*Абай атындағы ҚазҰПУ, Көркем білім кафедрасының PhD докторы, аға оқытушысы
k_kupan@mail.ru*

ӘЛЕМДІК КӨРКЕМ ПЕДАГОГИКАСЫНДА ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕСІНІҢ БАСТЫ РЕСУРСЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Бұл мақалада автор шет елдерде және Қазақстанда қосымша білім беру жүйесінің қазіргі кездегі жағдайы мен орнын және осы заманғы қосымша білім беру жүйесінің бірқатар ұйымдастыру әдістемелері мен бағыттарын зерттейді. Авторлық мақала осы мәселе жайлы ғылыми еңбектерді зерттеу барысында жасалынған талдаулар және қосымша көркем білім беру жүйесінде жүргізген көпжылдық тәжірибесі төмендегідей тұжырым жасауға мүмкіндік береді: рухани ұлттық құндылықтарға бетбұрғызумен қатар, балаларға қосымша көркем білім беру мекемелері алға қойған талаптарды кеңейте алады, оқушылардың әлемге деген өз көзқарастарының қалыптасуына ықпал етеді, олардың әлемін жан-жақты байыта алады. Осылайша, қосымша көркем білім беру мектеп жасындағы балаларды ұлттық дәстүрлерге, ұлттық өнерге, ұлттық көркем мәдениетке қатыстыру үшін арналған. Бұл тұрғыда, көркем педагогика әлемдік тәжірибесін айтуға болады.

Кілтті сөздер: қосымша білім беру, көркемөнер педагогикасы, эстетикалық тәрбие, ұлттық өнер.

Keldenova K.K.

*Doctor PhD, Senior Lecturer of the Department of Art Education, KazNPU named after Abay,
k_kupan@mail.ru*

ADDITIONAL EDUCATION IN THE WORLD OF ART PEDAGOGY AS THE MAIN RESOURCE OF AESTHETIC EDUCATION OF SCHOOLCHILDREN

Abstract

In this article, the author examines the status and role of an additional art education in foreign countries and Kazakhstan and a number of directions and methods of the modern system of additional education. An analysis of scientific papers on the present problems and many years of experience the author's article in an additional art education system allows you to make your own conclusion, along with the initiation to the spiritual national values, the establishment of additional art education of children can expand its tasks to develop students' own view of the world, to enrich this peace. Thus, additional artistic education is intended to compensate for familiarizing children of school age to national traditions, national art, national art culture. In this context, interesting to the world experience the artistic pedagogy.

Key words: additional education, art pedagogy, aesthetic education, national art.

Мировым лидером в вопросах художественного образования, безусловно, является Япония. Так, в Японии существует бесплатная практика обязательного участия каждого школьника в дополнительных занятиях, не входящих в школьную программу по физической культуре, художественному творчеству и национальным видам искусства. Японская школа совершенно уникальна, хотя при ее построении использовались некоторые американские и французские образцы. Анализируя, традиционную модель эстетического воспитания в Японии авторы коллективной монографии пишут, что: «В целом система образования и воспитания в Японии опирается на синтез исконно японских, классических восточных и соответствующих западных мировоззренческих и поведенческих установок. Японская школа

культивирует национальный дух, формирует соответствующие моральные качества, развивает традиционные черты национального характера, используя в качестве опорных основ идеи влиятельных философских, религиозно-мировоззренческих, этических учений: синто, бусидо, буддизма, конфуцианства. Идеями национализма, воспитания в духе «традиционных моральных ценностей» проникнуто преподавание и таких дисциплин как рисование и пение, формирование представлений об эстетическом идеале» [1, с.313]. Данное убедительно доказывает, что: во-первых, японская система образования открыта для инновационных мировых педагогических идей, но вместе с тем глубоко содержательна в отношении «традиционных моральных ценностей», национального духа, национальной культуры, национального искусства.

Теоретические исследования и рекомендации к практическому осуществлению формирования художественно-эстетического сознания ведет Институт художественного воспитания. Японская Академия искусств осуществляет направляющую и координирующую работу в области искусства; она же решает вопрос о присуждении, в соответствии с действующим с 1955 г. Законом об охране культурных ценностей, почетного звания «человек – национальное сокровище» (нингэн кокухо) самым выдающимся деятелям культуры и искусства. Этим названием еще раз подчеркивается понимание роли и значения культурной деятельности для интересов государства [1, с. 312]. К сожалению, здесь надо отметить, что такой координирующей организации в области художественно-эстетического воспитания (которая бы объединяла все ступени или уровни художественного образования) в Казахстане нет.

В большинстве стран Европы имеется система клубов по интересам, как правило, существующая на муниципальные средства или за счет финансирования общественных и религиозных организаций, а также на родительские средства. Показателен опыт Германии в этом отношении, где «создаются новые концепции в теории и в области преподавания изобразительного искусства. Поиски немецких педагогов в области художественного образования обогащаются данными из теории поликультурализма (ее иначе в Германии называют теорией инкультурации), то есть искусство представлено как процесс практически-духовного освоения мира в специфически художественных формах и традициях различных этносов и народов; «искусство многослойно, многомерно, представляет собой социальную оптику, является семиотической технологией, культивирует и сохраняет культуру». Итак, современные модели художественного образования Германии транслируют мировоззренческие и духовно-нравственные проблемы национального самосознания, культурно-исторической идентичности, гуманистического значения разных культур для человека» [2, с. 223].

Актуальность разработки содержания и инновационного развития системы дополнительного образования детей в сфере искусства и культуры подчеркивается и российскими исследователями. Так, директор Национальной ассоциации учреждений и учебных заведений искусства Российской Федерации Э.Р. Дарчинянц подчеркивает высокую востребованность в современном мире системы дополнительного художественного образования. Остро необходимы на взгляд автора: «принципиальное обновление системы научно-методического обеспечения, перестройка организации методической науки, преодоление оторванности от запросов современного общества и передовой образовательной практике, повышение ее роли в поддержке, проектировании, экспертизе образовательных инноваций, в обеспечении непрерывности процессов обновления образования» [3, с. 3-19] Сказанное означает, что конструирование содержания системы дополнительного художественного образования всегда актуальный и непрерывный процесс.

В педагогической литературе сформулированы основные функции системы дополнительного образования: социальные функции – выявление и поддержка детей, способных к творческой деятельности; предупреждение детской безнадзорности; педагогические функции – удовлетворение коммуникативных потребностей, потребностей в

личностном самоопределении; формирование духовного образа жизни школьников; методические функции – повышение квалификации педагогов дополнительного образования; организационно-методическое обеспечение педагогических инноваций (по О.Е. Лебедеву [4, с. 3-12]). Таким образом, перечисленные функции системы дополнительного образования предопределяют поиск способов, условий ее совершенствования современными исследователями.

Согласно мнению исследователей Л.Н.Буйловой и Н.В.Кленовой [5, с. 12-22] сегодня в общеобразовательной школе существуют четыре основных модели его организации. Первая модель характеризуется случайным набором кружков, секций, клубов, работа которых не всегда сочетается друг с другом. Вся внеклассная и внеурочная деятельность школы полностью зависит от имеющихся кадровых и материальных возможностей; стратегические линии развития дополнительного образования не прорабатываются. К сожалению, пока что это наиболее распространенная модель.

Вторая модель отличается внутренней организованностью каждой из имеющихся в школе структур дополнительного образования, хотя, как единая система она еще не функционирует. Тем не менее, в таких моделях встречаются оригинальные формы работы, объединяющие как детей, так и взрослых (ассоциации, творческие лаборатории, экспедиции, хобби-центры и т. п.).

Третья модель организации дополнительного образования строится на основе тесного взаимодействия общеобразовательной школы с одним или несколькими учреждениями дополнительного образования детей или учреждением культуры – центром детского творчества, клубом по месту жительства, спортивной или музыкальной школой, библиотекой, театром, музеем и др. Такое сотрудничество осуществляется на регулярной основе. Четвертая модель организации дополнительного образования детей в современной школе существует в учебно-воспитательных комплексах (УВК). На сегодняшний день модель является наиболее эффективной с точки зрения интеграции основного и дополнительного образования детей, поскольку в ней органично сочетаются возможности обоих видов образования.

Разработкой теоретических основ системы дополнительного образования занимается исследователь Е.В.Гетманская, где автор подчеркивает внеаудиторное дополнительное образование в первую очередь направлено на расширение, дополнение базовых знаний, на их совершенствование [6, с. 22]. Сказанное означает, что система дополнительного образования призвана совершенствованию и расширению базовых знаний, в том числе и художественных.

Бұл мақалада У. Қонақбайұлы ән шығармашылығының кейбір стилистикалық ерекшеліктері ашылады. Қазіргі ән-композиторлар өз туындыларының негізіне, алдымен халық фольклорына сүйеніп және жергілікті әндеріне тән стилистикалық ерекшеліктерге басымдық береді.

«Әуеннің сөзі- музыкалық шығарманың ең басты компоненті. Олсыз ән болуы мүмкін емес» (Лотман).

Әуен сөздерінің лингвистикалық талдаудың негізгі міндеті - жалпы көркем идеяны анықтау, яғни туындының негізінде жатқан эмоцияналдық мағынаны жинақтау. Оның доминанты сипатталған шындыққа қатысты авторлық көзқарасы болып табылады. Талдау барысында әннің түрлі деңгейлері қарастырылады. Бұл деңгейлердің талдау тәртібі еркін және нақтв болып табылады.

Түйінді сөздер : Әмбебап, фольклор, қос тұра, әуен, слитистика, лингвистика, ән жанры.

С.Б. Дюсебаев¹, Р.Т.Сырайлова²

*старший преподаватель, Южно-Казахстанский государственный педагогический
университет, Казахстан, г.Шымкент, e-mail: sabit.nsp@mail.ru*

*старший преподаватель, Южно-Казахстанский государственный педагогический
университет, Казахстан, г.Шымкент, e-mail: viproza64@mail.ru*

ОСОБЕННОСТИ СТИЛИСТИКИ МУЗЫКАЛЬНОГО ТВОРЧЕСТВА УАЛИХАНА КОНАҚБАЙҰЛЫ

В этой статье раскрываются некоторые стилистические особенности песенного творчества У. Конақбайұлы. Современные песни-композиторы, основываясь на основе своих произведений, прежде всего, на народном фольклоре и отдавая предпочтение стилистическим особенностям, присущим местным песням.

"Слово мелодии - главный компонент музыкального произведения. Без нее не может быть песня" (Лотман).

Основная задача лингвистического анализа музыкальных слов - определить общую художественную идею, то есть обобщить эмоциональный смысл, лежащий в основе произведения. Его доминант является авторским отношением к описанной действительности. В ходе анализа рассматриваются различные уровни песни. Порядок анализа этих уровней является свободным и конкретным.

Ключевые слова: многогранный фольклор, Костура, поэтика, стилистика, лингвистика, песенные жанры.

S.B. Dusebayev¹, R.T. Syrylova²

Senior Lecturer, South Kazakhstan State Teachers' University, Kazakhstan, Shymkent, e-mail: sabit.nsp@mail.ru

Senior Lecturer, South Kazakhstan State Teachers' University, Kazakhstan, Shymkent, e-mail: viproza64@mail.ru

FEATURES OF THE STYLE OF MUSICAL CREATIVITY OF UALIKHAN KONAKBAYULY

Abstract

This article describes some of the stylistic features of the song U. CONABIO. Modern songs-composers, based on the basis of their works, primarily on folk folklore and giving preference to the stylistic features inherent in local songs.

"The word of melody is the main component of a musical composition. There can't be a song without it" (Lotman).

The main task of linguistic analysis of musical words is to determine the General artistic idea, that is, to generalize the emotional meaning underlying the work. Its dominant is the author's attitude to the described reality. The analysis looks at different levels of the song. The order of analysis of these levels is free and specific.

Key words: *multi-faceted folklore, Kostura, poetics, stylistics, linguistics, song genres.*

Кіріспе

Қазақтың дәстүрлі аспаптық және ән мұраларының үлгілерін жинау, зерттеу және басып шығару әрдайым Қазақстанның музыкалық фольклорының қажетті міндеті болып келді.

Этнография саласындағы ғылыми ізденістер бүгінгі күні дәстүрлі музыкалық фольклордың аз белгілі немесе тіпті зерттелмеген құбылыстарына көбірек көңіл бөлуге мәжбүр етеді. Қазақ жері дарынды адамдарға, өнер шеберлеріне бай. Көбінесе, ән шығарып, оларды өздері орындап, бірнеше аспаптарды шебер ойнауды білетін музыканттар болған. Мұндай әмбебап дарынды адамдарды халық «бес аспап» деп атаған, бойында көп өнері бар адамдарды «бір сырлы, сегіз қырлы» деп атайды. Бұл дәстүр жоғалған жоқ, тек жаңа формалар, жаңа мазмұн алды.»\1\

Қазақтың дәстүрлі әндері басқа халық әндерінің түрлерімен салыстырғанда, кейінірек шыққан туындыларға жатады. Олар мазмұны жағынан өте бай және халықтың ең сүйікті ән түрлерінің бірі.

Қазақтың дәстүрлі әндері ерекше сазды, әуезді, кең ауқымды болып келеді. Бұларға көлемді құрылым мен күрделі ырғақ тән. Қазақтың дәстүрлі әндері адамның ой сезімі мен толғаныс көңіл күйінің түрлі қырларын суреттейді. Шығармадағы жеке адамға тән мінез бен сезім көпшіліктің көңілінен шығып, ол ән халықтың рухани мәдениетіне еркін енеді.

Қазақтың дәстүрлі әндері мінезі мен болмысына қарай ажыратып, махаббат және табиғат деген топқа бөлсек болады. Осы орайда қазақ ән Қазақтың дәстүрлі әндері басымдықпен көрінетін махаббат мазмұны мен тақырыбы әр алуан, әрі өте бай. Мысалы, Сегіз серінің «Назқоңыр» әнінде айқын көрінетін нәзік толқыныс пен болмыс сүйген жардың көркем келбетін суреттейді. Осы орайда төмендегі мына өлең жолдарынан сүйген жарға ынтықтық, сонымен қатар сүйгені үшін тәуекелден де бас тартпайтын бірбеткейлікті де әдемі жеткізе білген:

Ай қабақ, алтын кірпік, қызыл ерін,

Кел десең, неге аяйын аттың терін.

Сарыағаш сазға біткен секілденіп,

Қай жерде отыр екен бұраң белім («Назқоңыр» әнінен үзінді).

Осы сияқты кедей жігіттің қалың мал төлей алмай, сүйген қызынан айырылып қалған күйініш сезімін бейнелейтін әннің бірі - халық әні «Ақбөпе» де осы сарындағы топ қатарын

толықтырады. Халық әнші-композиторларының сүйікті жарын, ғашығын суреттеген туындыларының тілі айшықты, өрнегі мол, метафора мен теңеулерге өте бай болып келеді. Мысалы, Ыбырай Сандыбайұлының «Гэкку» әнінде қыз бейнесі аққуға теңеледі:

Түрленіп тоқсан түрлі ән саламын,
Жай тастап, құлашымды кең аламын.
Түскенде сен есіме, ерке Гэкку,
Құлпыртып осынау әнді толғанамын.

Махаббат әндерінде мұндай мысалдар көптеп кездеседі. Махаббат әндерінің келесі бір түріне жататын табиғат атауында тұрғандай халық ақындары мен композиторларын әдеби музыкалық суреттерді шырқауға шабыттандырады. Табиғат суреттері адамның өміріне арқау болған шаттығы мен күйінішіне тығыз байланысты туып, музыкалық әуенмен көмкерілді. Біреулер табиғаттың пейзаждық суреттерін жасаса, енді бір ақындар сол табиғат арқылы қоғамдық өмірді, адамның ішкі көңіл-күйін астастыра жырлаған. Табиғат сөз етіскенде Абайды еске аламыз. Оның жылдың төрт мезгіліне арнап жазған өлеңдері осы уақытқа дейін оқушысын тамсандырып келеді. Сонымен қатар Еділ, Қаратал сияқты өзендерге арнап, «ахау, Семейім» деп ел мен жерге арнап жазған лирикалық әндері де өте көп жазылған. Мысалы, халық әні «Айкөке» адамның жер анаға деген махаббаты мен қуанышын анық сездіреді:

Сырымбет биік асыр қатар кезең,
Жарасып таудан құлай аққан өзен.
Ұқсаған биқасапқа көк шалғыны,
Көк орай қайың мен тал - бәрі де әсем.

Қазақтың дәстүрлі әндерінің де өзара түрлері бар. Бұл түрлер көрсетпек болған өмір құбылыстарын қалай суреттеуі, ақынның көңіл күйі қалай берілуіне байланысты. Бұл жанрға тән ақынның дүниетанушылығы, көзқарасы мен өзінің ішкі сезімін, күйініш-сүйінішін дайым ұштастыра жырлау десек, айырмасы, жоғарғы айтылғандар тәрізді, қалай жырлауында ғана. Кейде шаттық, қуаныш, асқақты білдірсе, кейде мұң, зарды, кейде көңілдің бейжай қоңыр күйін сездіруі мүмкін. Міне, осы сипаттарына қарап, әлденеше түрлерге бөлінеді. Олардың барлығына түгел тоқталу бұл кітаптың міндетінен тыс болғандықтан, біз тек кейбіреулеріне ғана тоқталамыз.

XVIII ғасырда дворян әдебиетіндегі негізгі бір түрі ода болады. Бір таптық топтың ең керекті санаған адамы не нәрсесі туралы ақынның өте қуанышты, өте көтеріңкі тілмен жазған өлеңдерді ода деп атайды (мысалы, әскердің жеңуі, сарайда болған мейрам т.б.). Россияда ода жазушылар Ломоносов, Державин т.б. болды. Қазақ хандарының дәуірлеп тұрған кезінде ханның қасындағы ақындардан ода шығарушылар көп болған. Жәңгірдің хан боп тұрған кезінде ханның сарай ақыны болған Байтоқ ақынның одаға жататын бірнеше өлеңдері бар.

Осындай оңтүстік өңірдегі әмбебап музыканттардың бірі - Уәлихан Қонақбайұлы. Балалық шағынан саздың шырын демін еміп өскен оның туындылары алып ұшқан сезімге емес, байсалды мінез, терең ойларға құрылған. Еңселі тұлғасына сай қиялынан есті әуендері үйлесімді туындаған. Тыңдаушысын ынтық еткен әндері адамның кеудесіне тәтті мұң түсіреді, сағыныш бесігіне құндақтайды. Абай дана айтпақшы, «көңілге түрлі ой салып», алыстап кеткен құрғыр өмірдің елесіне шым бата еніп кеткенінді өзін де байқамай қаласын. Бұл- құлақ құрышын қандырған ән-күдіреттің қасиеті.^[3]

Уәлихан Қонақбайұлы 1952 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Алғабас ауданының Костұра ауданында дүниеге келген. Әкесі Жолымбетов Қонақбай мал өсіруші болған, домбырада ойнағанды жақсы көретін және күйлерін жиі шығаратын. Қонақбайдың әйгілі ағасы атақты ақын Орынбай Тайманов, көптеген айтыстардың жеңімпазы болған. Уәлиханның анасы Мамырбаев Жаңыл әйгілі опера әншісі Құрманбек Жандарбековтің жиені болған.

Уәлихан Қонақбайұлының шығармашылығы ХХ ғасырдың екінші жартысына жатады. У.Қонақбайұлының ән лирикасы жанр ауқымының ерекше кеңдігімен ерекшеленеді. 60-тан астам ән жазды. Өлеңдерінде ақын табиғатты, жастықты, махаббатты дәріптейді. Туған өлкенің Ерекше сұлулығы, таңғажайып кеңістігі, таңғажайып таулары, дала өзендерінің бойындағы көлеңкелі қырыққабат, таңғажайып, шөптермен, ауамен, шексіз көк аспанмен, туған Костұраның күн сәулесімен шуақты аспаны - осының бәрі ақын жүрегіне жас кезінен енген. Оның барлық өлеңдері музыкамен қатар туды. Олардың кейбіреулері әнге айналды, ал басқалары импровизациялық-қайталанатын ән түрін алды. Уәлихан әндеріндегі музыкалық әуендердің кейбір ерекшеліктерін «Қос тұра» әнінің мысалымен қарастырайық.

«Қос тұра» - композитордың танымал әндерінің бірі. Оны дәстүрлі музыканттар да, эстрада әншілері де орындайды. Бұл туған жеріңе деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін оятатын ән.

Әлемде ең кең таралған музыкалық шығармалар жанрын ән деп атайды. Ол - музыка және поэзия өнерлеріне ортақ туынды. Өйткені, әннің сөзі - жыр шумақтары. Ән мын-андай бірнеше түрге бөлінеді: мазмұнына қарай (азаматтық, лирикалық, әзіл, т.б.), орындалуы мен құрылымына байланысты (жеке дауысты, көп дауысты). Ал енді әуендік - ырғақтық, орындаушылық мәнері мен нақышына, шырқау ерекшелігіне қарай әндер: Арқа әндері, Жетісу сазы, Батыс Қазақстан мектебі, Алтай әуені, Сыр бойы мақамы тәрізді бірнеше түрге бөлінеді. Мұның сыртында әр елдің өзіндік әнұраны бар. Әнұран - салтанатты түрде шырқалатын мадақтау әні, ол - мемлекеттік рәміздердің бірі.

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының:

«Құлақтан кіріп, бойды алар, Әсем ән мен тәтті күй. Көңілге түрлі ой салар, Әнді сүйсең, менше сүй», - деп жырлайтынындай, көптеген әуендер мен әуездер сөзсіз айтылса да адамның ішкі жандүниесіне ерекше әсер етіп, жүрегіне қуаныш, мұң, тәтті арман, сағыныш, іңкәрлік сезімдерін құяды, оны сыры мен жұмбағы мол тылсым бір әлемге қанат қақтырады, қалың ой құшағына бөлейді.

Халықтық тәлімдік, тағылымдық тәжірибесі бүгінгі таңда да өз маңыздылығын, құндылығын жойған жоқ. Халық өнері соның ішінде ән өнері ғасырдан-ғасырға өмір шежіресі болып кетті. Оның халық өмірімен тығыз байланыстылығы, тарихылылығы, ұжымдық шығармашылдық сипаты, көркем образдылығы, философиялық ой тереңдігі, көпварианттылығы, сан алуан жанрлығы тыңдарманның эстетикалық идеясын, көркемдік қажеттілігі мен қабылдаушылығын қалыптастыруда ерекше жағдай жасайды.

Қазақтың әдет-ғұрып, тұрмыс-салт әндерінің тарихы қазақ қауымы өз алдына жекелене бастаған (б.д.д. VII-V ғғ.) кезінде-ақ пайда болған. Әрине, ол кезеңнің музыкалы мәселелерін зерттеудің өзіндік қиындықтары жеткілікті. Көне үлгілердегі ән-өлеңдердің ауызекі түрде таралуы себепті олардың жазбалары сақталмады.

Қос тұра

Сөзі мен өмі Уәлихан Қонақбақтысыні

1
Үл - көк тұ - ра, кі - ші тұ - ра а - ра - ла - ра,

5
Ба - ба - ла - рым се - зі та - лай а - ра - ла - ды.

9
Жау - лап ал - ғам дұш - пан - дар мың жыл - қы - сым,

13
А - сы - рып а - ра - а - су - дым ба - ра - ал - ма - ды.

18
и-сы:
Шы - ғал тұр - мың шы - қы - ға Қос тұ - ра - мың.

23
Қа - сік - ет - ті ба - ба - лар - ды өс - қа - ла - мың.

28
Сып - дар су - ы бұ - лақ - тақ,

32
дү - бір - ле - рі мың ат - тақ,

36
Қай - да жүр - сөм ө - сім - де Қос тұ - ра - мың.

Қазақтың дәстүрлі алғашқы фольклоры заман елегінен өткен сайын мүлдем жоқ болып кетпегенімен, бастапқы қалпында сақталмай, үлкен өзгерістермен жаңарып, бізге жеткені мәлім. Антологияға енген ғұрыптық үлгілердің бәрі де әуендік, интонациялық, ырғақтық ладтық жағынан дами түскендігін көрсетеді (дыбыс көлемі тұрғысынан кеңейген). Ал өлең-мәтіндерде әр уақыттың жырын жырлайтын осы дәуірдің өмір тіршілігін суреттейтін сөздер кездеседі. Әдет-ғұрыптық әндердің көнелігі, біздіңше, олардың жанрлық жағымен байланыстылығында. Сондықтан да ғұрыптық үлгілердің ритуалдығын да нақты түрде, арбау-байлау, емдеу, үйлену салты, өмірге келу, өлікті жерлеу, т.б. салт-жоралармен біртұтас деп тұжырымдаймыз.

«Бесік жырлары» көбінесе 7-8 буынды, 11-буынды өлеңдермен, дыбыс қатары шағын көлемде, кейде бір, ал кейде қайырмасы бар екі бөлімнен тұратын қысқа-қысқа әуендермен қайталанады. Әуендік-интонациялық құрылымы, ырғақтық өлшемдік жағынан бесіктің тербелісіне сай бірқалыпты сарында үнделеді.

Үлкен тұра, кіші тұра аралары,
 Бабаларым сені талай аралады.
 Жаулап алған дұшпандар мың жылқысын,
 Асырып ары асудан бара алмады.

Қайырмасы:

Шығып тұрмын шыңына Қос тұраның.
Қасиетті бабаларды еске аламын,
Сылдыр суы бұлақтың, дүбірлері мың аттың,
Қайда жүрсем есімде Қос тұраның.

Туған жерді әнге Қосам мақтанғанда.
Табиғаты таң қалдырар жат жандарды.
Балалық шақ, жас даурен еске түсіп,
Таң атқанша ән шырқаймыз шаттанғанда.

Қайырмасы:

Шығып тұрмын шыңына Қос тұраның.
Шырқап салғым келеді достар әнін.
Сылдыр суы бұлақтың, мөлдір сезім шуақты үн,
Қайда жүрсем есімде Қос тұраның.

Үлкен тұра, кіші тұра арасы бұл,
Ассау өзен Боралдайдың жағасы бұл.
Бүкіл туыс жиналып туған елге,
Ән шырқасақ туған жер деп жарасып тұр.

Қайырмасы:

Қос тұраның шығайық белесіне,
Бүгінгідей жастық шақ әлі есімде.
Сылдыр суы бұлақтың, мөлдір сезім шуақты үн,
Қайда жүрсем есімде Қос тұраның.

«Қос тұра» әні жұптық құрылымға ие және жалпы интонацияға негізделген, Мәтіннің мазмұны мен әуеннің ырғақты құрылымының ерекшелігі әннің дамуына ықпал етеді. Әуеннің ырғақтық үлгісі біркелкі, сегіздік ноталармен жазылған, қайталану қағидасы бойынша речитативтік сөздері бір нотада айтылады. Әрбір әуенді жолдың үшінші такттерінде ғана ырғағына синкопа қосылған :(сегіздік-төрттік-сегіздік), осылайша әуенге ерекше сипат береді.\2\

Ән бастамасында квинтаға секіріледі (1 әуендік жол 3 такт), терцияға (3 әуен 3 такт) кейіннен музыкалық кеңістікті толтыра отырып, кішкентай серпілістер қосылады.

Ән қайырмасы жоғары регистрде басталады (екінші октаваның ре нотасы) және кішігірім көтеріліп-түсетін интонациялық әуендерден тұрады.

Өлең 11 буынды қара өлең үлгісінде жазылған, бірақ Уалихан аралас келетін 4-3-4 ,4-4-4. мысалы:

Ту-ған жер-ді ән-ге қо-сам мақ-тан-ған-да
4 + 4 + 4
Та-би-ға-ты таң қал-ды-рар жат жан-дар-ды
4 + 4 + 4
Ба-ла-лық шақ, жас дау-рен ес-ке тү-сіп,
4 + 3 + 4
Таң ат-қан-ша ән шыр-қай-мыз шат-тан-ған-да
4 + 4 + 4

бірінші жол 4 + 4 + 4, екінші жол 4+ 4+4. Ал келесі үшінші жолда 11 буынды болып келеді : 4+ 3 + 4, ал төртінші жол 4 + 4 + 4 қайталайды. Жалпы қабылданған нормалардан сәл ауытқу байқалады.

Шы-ғып тұр-мын шы-ңы-на Қос тұ-ра-ның

4 + 3 + 4

Қа-си-ет-ті ба-ба-лар-ды ес-ке ала-мын

4 + 4 + 4

Сыл-дыр су-ы бұ-лақ-тың, Дү-бір-ле-рі мың ат-тың

4 + 3 4 + 3

Қай-да жүр-сем е-сім-де Қос тұ-ра-ның

4 + 3 + 4.

Нәтижесінде келесі құрылым пайда болды: Бірінші жол: 4+ 3+ 4, екінші жол: 4+ 4+ 4, үшінші жол: 4+ 3, 4+ 3, төртінші жол: 4+ 3+ 4 (жоғарыдағы мәтінді қараңыз). Бұл құбылысты түсіндіре отырып, екі түрлі сфераның қақтығысы болғанын айту керек: бірі – 7-8 буынды , екіншісі - 11 буынды поэтикалық желі.

Ұ.Қонақбайұлы ән жанрында белсенді түрде тәжірибе жасап, интонациялық ән тілін байытуға және жаңартуға тырысады. Қазіргі заманғы қазақ музыкасын жасай отырып, композитор фольклорлық дәстүрлерге сүйенеді, сол арқылы жаңа стильдік құймалар пайда болады.

Әдебиеттер

- 1.Ахметов З. Казахское стихосложение. – Наука, 1964г.
- 2.Нурагунова Г.М. «К типологии традиционное песенное искусство». «Успехи современного естествознания», 2015.
- 3.Сейтбеков Ж. «Ән арнаймын жүрегімнен», «Асқаралы»,2010.

ӘОЖ 37.372.8
МРНТИ 14.01.45

Г.С. Абдуллаева¹, Р.К. Таубаева²

*¹аға оқытушы, Аймақтық әлеуметтік - инновациялық университеті,
Қазақстан, Шымкент қ., e-mail: Inju-16_10@bk. ru*

*²аға оқытушы, Аймақтық әлеуметтік - инновациялық университеті,
Қазақстан, Шымкент қ., e-mail: raya.taubaeva@mail.ru*

МУЗЫКА МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Қазіргі заман мұғалімі-оқушылардың бойында білімді шығармашылықпен қабылдауға ұмтылысты дамыта алатын, оларды дербес ойлауға, материалды зерделеу барысында өзіне қоятын сұрақтарды тұжырымдауға үйрететін, олардың қажеттіліктерін толығырақ іске асыратын, пәндерді зерделеуге ынтасын арттыратын, олардың жеке бейімдіктері мен дарын нышандарын ұштай ала білуі керек. Жас ұрпаққа рухани дүниені дұрыс танытатын, адамдықтың, әлемдік мәдениеттің шырқау шыңына бағдарлайтын музыка пәні мұғалімінің орны бөлек. Музыка мұғалімі өз бойына өнердің сан қырын сіңірген сөйлеу мәдениеті, кәсіби-педагогикалық, музыкалық орындаушылық дайындығы жоғары, қабілетті, іскер, ізденімпаз маман болуы тиіс. Жалпы музыкалық білім беру жүйесі жас ұрпақты музыка өнеріне баулып, олардың жан-жақты мәдениетті, білімді, ақылды да сымбатты болып өсу

үшін, ең жоғары мүмкіндіктерді қолдануды мақсат тұтады. Педагогтың кәсібилігі оның кәсіби жарамдылығымен, кәсіби жол табуымен, дербес дамуымен, яғни өз бойында кәсіби қызметті орындау үшін қажетті қасиеттерді мақсатты түрде қалыптастыруымен анықталады.

Түйін сөздер. Музыка мұғалімі, кәсіби дайындық, мәдениет, бағдарлама, шығармашылық қабылдау, педагогтың кәсіби дайындығы.

Г. С. Абдуллаева¹, Р.К. Таубаева²

¹старший преподаватель, Региональный социально-инновационный университет, Казахстан, г. Шымкент, e-mail: Inju-16_10@bk.ru

²старший преподаватель, Региональный социально-инновационный университет, Казахстан, г. Шымкент, e-mail: raya.taubaeva@mail.ru

ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ УЧИТЕЛЯ МУЗЫКИ

Аннотация

Современным учителем должен быть тот, кто может развить в ученике желание творчески осваивать знания, научить их самостоятельно мыслить, формулировать вопросы, которые они задают при изучении материала, более полно удовлетворять их потребности, стимулировать желание изучать предметы и персонализировать свои личные склонности и таланты. Учитель музыки, правильно проявляющий духовный мир молодому поколению, ориентирующий на человеческой мировой культуры, занимает особое место. Учитель музыки должен стать профессионалом, способным, деловым, творческим профессионалом, обладающим высоким уровнем культуры речи, профессионально-педагогической и музыкальной исполнительской подготовкой. Система общего музыкального образования нацелена на использование высоких возможностей, для приобщения молодого поколения к музыкальному искусству, их всесторонней культуры, образования, творческого и эстетического роста. Профессионализм учителя определяется его профессиональной способностью, профессиональным подходом, саморазвитием, то есть целенаправленным формированием качеств, необходимых для осуществления профессиональной деятельности в себе самом.

Ключевые слова. Учитель музыки, профессиональная подготовка, культура, программа, творческий прием, профессиональная подготовка педагога.

G.S. Abdullayeva¹, R. K. Taubayeva²

¹senior lecturer, Regional socio-innovative University, Kazakhstan, Shymkent, e-mail: Inju-16_10@bk.ru

²senior lecturer, Regional socio-innovative University, Kazakhstan, Shymkent, e-mail: raya.taubaeva@mail.ru

FORMATION OF PROFESSIONAL AND PEDAGOGICAL ABILITIES OF MUSIC TEACHER

Abstract

A modern teacher must be one who can develop in the student, the desire to creatively assimilate knowledge, teach them yourself to think, to formulate questions that they ask in the study material, more fully meet their needs, stimulate the desire to study subjects and personalize your personal inclinations and talents. A music teacher who correctly manifests the spiritual world to the younger generation and focuses on the development of world culture occupies a special place. A music

teacher must become a professional, capable, business-like, creative professional with a high level of speech culture, professional-pedagogical and musical performance training. The system of General music education is aimed at using high opportunities to introduce the younger generation to the art of music, their comprehensive culture, education, creative and aesthetic growth. The professionalism of the teacher is determined by his professional ability, professional approach, self-development, that is purposeful formation of the qualities necessary for implementation professional activity in itself.

Key words. Music teacher, professional training, culture, program, creative reception, professional teacher training.

Кіріспе

Жас ұрпақты музыка өнеріне баулып, олардың жан-жақты мәдениетті, білімді, ақылды да сымбатты тұлға етіп тәрбиелеуде мектептің, оның ішінде шебер ұстаз-жетекшінің атқарар үлесі мол. Бүгінде білім саласында көптеген өзгерістер, жаңалықтар енгізіліп, авторлық бағдарламалар, әдістемелік жинақтар шығармашылық ізденіспен дамып келеді. Бәрінен де, жас ұрпаққа рухани дүниені дұрыс танытатын, адамдықтың, әлемдік мәдениеттің шырқау шыңына бағдарлайтын музыка пәні мұғалімінің орны ерекше. Музыка мұғалімі өз бойына өнердің сан қырын сіңірген сөйлеу мәдениеті, кәсіби-педагогикалық, музыкалық орындаушылық дайындығы жоғары, қабілетті, іскер, ізденімпаз маман болуы тиіс. Бәрімізге аян, музыка балалардың қиялын, талғамын, мәдениетін, өнерге деген сүйіспеншілігін дамытады. Музыка пәнімен байланыста берілетін тәрбие жұмыстары мазмұны мен көркемдігі арқылы оқушылардың идеялық көзқарасын, қоғамға, қоршаған ортаға Отанға деген сезімдерін қалыптастырады, өмір құбылыстарын дұрыс түсініп, қабылдауға көмектеседі. Жалпы музыкалық білім беру жүйесі жас ұрпақты музыка өнеріне баулып, олардың жан-жақты мәдениетті, білімді, мәдениетті болып өсуі үшін ең жоғары мүмкіндіктерді қолдануды мақсат тұтады.

Бұл мәселелерді зерттеуші педагогтарымыз А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинский, А.Г.Арчажникова, Д.Б.Кабалевский, Р.Р.Жәрдемалиева, Қ.М.Меңдіаяқова, З.Абиевалар өз еңбектерінде кеңінен қарастырған.

Музыка мұғалімінің тұлғалық қасиеті

Тәрбиенің аса маңызды құралы -өнер. Оның ішінде өте кең тарағаны-музыка өнері. Ол-мәдени тағылым, асқақтаған күймен, сыңғырлап шырқалған әнмен дамыған ғасырлар үнінің жемісі. Музыка жалпы өмірдің, бүкіл дүниенің қимыл іс- әрекетін бейнелейтін, диалектикалық құбылыс. Музыка-әлем тіршілік ететін адамзат және әр түрлі құбылыстардың өзара қарым-қатынасын, сырласа үндесуін сезіммен жеткізіп отыратын құрал. Қандай музыкалық шығарма болмасын, оның адам жанына әсері мол.

Музыка өнері жеке тұлғаның дамып, қалыптасуында аса маңызды роль атқарады. Музыка адам саласына, жүйке жүйесіне ықпал ететін ерекше психофизиологиялық құбылыс болып табылатын дыбыстар арқылы бейнеленеді. Ал ол дыбыстар-түрлі биіктік пен күштіліктегі жай дыбыстар емес, адам сезімін бейнелеуші, реттеуші сұлулық заңына сәйкестенген әсерлі әуен өрнектері.

Музыка өнері өмірдің ажырамас бөлігі ретінде эстетикалық, танымдық, тәрбиелік функциялар атқарады. Бұл туралы Д.Б.Кабалевский былай деп тұжырымдағанды: «Адам жасаған өнер сол адам туралы және сол адам үшін жасалады, музыка мен өмірдің байланысы осында жатыр. Міне, сондықтан да өнер үнемі адамдардың идеялық дүниесін байытып, рухтандырып, дүниетанымын бекітіп, күш қуатын арттырып келеді». Музыкалық шығармаларды тыңдау, ойнап үйрену, орындау барысында оқушылардың өмір тәжірибесі байытылады, болмысты байыптау өрісі кеңейеді, ойлау процестері жеделдетіледі. Музыкамен қарым-қатынаста болу әуен-саздың өзара байланысын, мәнерін, бірзділіктегі құрылымын танып білуге көмектеседі. Оқушылардың музыкалық іс-әрекеттерінде дамитын

ойлаудың осы сферасы олардың болмысты тануына көмектеседі, дүниетанымын кеңейтеді, ақыл-ой қабілеттерін жетілдіреді. Қиялдың, фантазияның дамуы – тәлім-тәрбиенің маңызды жақтарының бірі. Осы ретте бала қиялын шарықтатып, арман-мақсатының өресін биіктетуде шығармашылыққа жетелеуде музыканың маңызы зор [1, 12-б].

Мұғалімнің негізгі міндеті - оқушының ешкімге ұқсамайтын даралығын, шеберлігін көрсету, оны дамыту, жарыққа шығару. «Баланы жан-жақты етіп тәрбиелеу үшін жан-жақты білу қажет» -деген белгілі педагог К.Ушинский [2, 296.]. Сол айтпақшы, оқушыны жан-жақты білу үшін мұғалімнің өзі жан-жақты болу керек. Болашақ маманның кәсіби қалыптасуындағы қоғамдық факторлардың түрлері әр алуан. Ол үшін, алдымен оның болмысында мәдени құндылықтар қалыптасуы шарт, яғни гумандық, адамгершілік, рух, тәрбие. Қазіргі кездегі жаңа білім саласына қойылатын талап, жас маманның кәсіби білімділігін, біліктілігі мен дағдысын қойып отыр.

Қазіргі кездегі "Қоғамның ең басты талаптарының бірі - әр азаматтың өмірде өз орнында толық күш-жігерін жұмсап, қоғамдық байлықты еселей түсуге еңбек үлесін қосуы, еңбекке адал, саналы қатынасу-қоғамның өмір салтының алғы шарты болып табылады " [3, 132б.].

Мектептегі музыкалық тәрбиенің негізгі мақсаты мен міндеттерін іске асыруда орасан зор роль атқаратын–мұғалім. Жас ұрпаққа тәрбие берудің бүкіл ісінің табысты болуы едәуір дәрежеде мұғалімнің іскерлігіне, шеберлігіне, сенімділігіне байланысты. Мұғалімнің еңбегі өте жауапты әрі күрделі. Ата- аналар мұғалімге өздерінің балаларын, оларға ықпал жасау бәрінен де жеңіл болатын кезінен бастап тәрбиелеуді, дүниеге көзқарасын дамытып, қалыптастыруды сеніп тапсырады. Бұл орасан зор сенім мұғалімдерге үлкен жауапкершілік жүктейді.

Музыка мұғалімі мамандығын біздің еліміздегі ең ардақты әрі қадірлі мамандықтардың бірі деуге болады. Қазіргі кезеңде музыкалық тәрбие беру және жаңа адамды қалыптастыру ісіне аса маңызды орын беріліп отырғанда мұғалімнің рөлі мен жауапкершілігі ерекше арта түседі.

Балаларды сүйетін, балалардан, олар үшін барлық күшін жұмсағысы келетін адам ғана нағыз мұғалім бола алады.

Бүгінгі музыка мұғалімі – жан-жақты білім алған, оқушылардың бойында әсемдікке деген нәзік сезім қылын қозғай алатын шығармашылық тұлға болуы шарт. Мұғалім қатаң талап қоюмен қатар, әділ болуы тиіс, сонда ғана ол балалар алдында беделді бола алады. Мұғалімнің ісі мектеп жұмысымен ғана шектеліп қоймай халық арасында мәдени жұмыстарды да жүргізуіне талап қойылып отыр. Оқытушы өз пәнін жете білуімен қатар , білімін жаңа еңбектермен үнемі толықтырып отыруы тиіс.

Ы.Алтынсарин балаларды оқыту және тәрбиелеу ісінде мұғалімдер рөлінің айырықша зор екендігін ескертті. Ол өзінің бір хатында: «Халық ағарту жұмысы бұл арада тек қана жаңа басталып келеді. Сондықтан жаңа салынып жатқан үйдің жақсы болуы оның іргесінің берік және мықты қалануына байланысты болатын сияқты, біздің қолға алып отырған ісіміздің де , қазақ мектептерінің бар келешектері көбінесе, істің қазіргі басталуына байланысты. Сондықтанда мен қазір жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәріненде қымбат көремін...» [4,56б.]. Ыбырай Алтынсарин екі сөзінің бірінде жастардың білімі мен тәрбиесін аузынан тастамады. Жастар-біздің болашағымыз, үмітіміз екенін жақсы білді. Қазақ жастарын оқытып, тәрбиелеу, қоғам үшін қызмет ететін маман адамдар даярлап шығару мәселесін көтерді. Бұл күнде өз халқының болашағы үшін күрескен, саналы да білімді азаматтарымыз, қазақ жастарын тұңғыш өнер мен білімге үндеген таңдаулы ұлдарының бірі - Ыбырай Алтынсаринді әр уақытта да есте ұстайды.

Музыка-мұғалімінің әлеуметтік білім беру кеңістігінде білім алу жолын оң шешіммен қарауы, он жүйелі түрде қарастыруы, ғылыми тұрғыдан өзінше тұжырым жасай отырып, оқу-тәрбие процесінде пайдалана білуі бастауыш сыныптарда өтілетін музыка сабағындағы негізгі мәселенің бірі болып саналады. Ұстаз-өзінің іс-әрекетін үнемі педагогикалық

жаңашылдыққа, көркемдік құндылықтар мен білім берудің негізгі жолдарын меңгеруге, оны жеткізе білуі арқылы мектептегі тың бастамалардың қолдаушысы болуы тиіс. Музыка мұғалімі-жан-жақты білім алған, оқушылардың бойында әсемдікке, көркемділікке деген нәзік сезімін шыңдай алатын шығармашылық бағыттағы тұлға болуы қажет. Болашақ ұрпақтың білімділігі мен оның рухани байлығын музыка сабағы арқылы байытуда мәдениетті, білімді, өзіндік ұстанымы мен таным-көзқарасы жетілген тұлға тәрбиелеудің маңызы зор.

Мектеп мұғалімі жеке тұлға ретінде өзін-өзі шығармашылықпен жүзеге асырған жағдайда ғана зерттеушілік мәдениеті қалыптасады, өзінің кәсіби шеберлігін шындауда өзін-өзі зерттеу, кәсіби іс-әрекетін талдау, оқу-тәрбие жұмысында қолданатын әдіс-тәсілдерінің тиімділігін пайымдау, музыкалық білім мазмұнын жобалау, болашақ нәтижелерді талдау сияқты толып жатқан іскерліктерін үнемі жетілдіріп отыруы тиіс. Педагогикалық талаптарына сайбалаларды ән өнеріне баулуда тәжірибеде қолданылатын арнайы ән жаттығуларының алатын орны ерекше. Болашақ музыка мұғалімі педагогикалық шеберлігінің негізі-ең алдымен, олардың ғылыми тұжырымдама жасау әдістемесін бойларына сіңіруіне байланысты. Танымдық қызығушылықтың өз уақытында пайда болып, дамуымен шығармашылық бесленділігі, қызығушылығы, өз бетінше жұмыс жасау қалыптасады.

Музыка мұғалімі-ұйымдастырушы, тәрбиеші ретінде жетекші өзінің педагогтық шеберлігін арттырып, барлық жағынан үлгі болуға міндетті. Ол дайындықты ұйымдастырудың барлық мәселелерін шешуге, оның жоспарын жасауға, музыкалық шығармамен жұмыс істеудің мазмұны мен әдістерін, жеке-дара және топтың сабақтардың формаларын, тәсілдері мен әдістерін құралдарын динамикалық келісімділігін және т.б. мұқият ойластыруға тиіс.

Жақсы музыка мұғалімі ең алдымен, өз жұмысының ерекшеліктерін, қиыншылықтарын терең білу жөн. Оның музыкалық-педагогикалық қызметінің негізінде ән айту, аспапта ойнау, дирижерлік іскерліктері жатыр. Сонымен бірге, оқушылардың ішкі жан-дүниесін ұға білетін психолог, еңбек процесін шебер ұйымдастыра алатын қабілеті болуы тиіс. Музыка мұғалімі әр уақытта өзіне де, өзгеге де қатаң талап қойып, оқушыларға үлгілі болуы керек.

Кез-келген мамандықтың өзіндік ерекшеліктері болатын музыка мұғалімінің де өзіне тән “құпиясы” бар. Музыка мұғалімі әрдайым шығармашылық ізденісте жүреді. Өйткені, ол оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізе отырып, балалардың көзқарастарын, сенімін, талғамын қалыптастырады. Ол тек жан-жақты дамыған білімді, өз пәнін жақсы меңгерген маман иесі болып қана қоймай, жеке тұлға болуы тиіс. Музыка өнері арқылы балаларды тәрбиелеуде, оның дүниетанымының, көзқарасының, түсінігінің мәнділігі қажет. Бұл мамандықты қалаған мұғалім әрдайым өзінің музыкалық қызығушылығы мен шығармашылық қабілеттерін жетілдіре түсуі тиіс. Мұғалімнің музыкалық аспапта орындауы, даусымен еркін ән салуы сабақтың қызықты әрі әсерлі, мазмұнды өтуіне себебін тигізеді. Әсіресе, қажет болған жағдайда кез-келген тактіні, музыкалық сөйлемді қайта қайталауға ыңғайлы болады. Сонымен қатар балалардың өздерінің орындауға қызығушылығын арттырады. Музыка мұғалімі кез-келген сауатты музыкант ретінде музыкалық әдебиетті, музыканың тарихын, музыка тілінің ерекшеліктері мен заңдылықтарын талдай білуі тиіс.

Музыка мұғалімі музыка сабағының өзіне тән белгілерін есепке ала отырып, дәстүрлі қарым-қатынас ретінде сұрақ қоюды белсенді түрде қолданып қоймай, айтылған сөз-ойлау, айтылған сөз-белгілі бір мәселе, айтылған сөз-қарым-қатынас деп қарастыру керек. Балалардың сабақта ойлануы-бұл әңгімелесу процесі сияқты музыкамен көркемдік байланыс кезінде туындайтын іс-әрекет. Оқушылар әрқашан тыныш ойлануға, ал мұғалім осы ойларды, пікірлер мен айтылған сөздерді шебер дамытуға үйренуі керек.

Музыка мұғалімінің мәнерлі сөзі, дыбыстау құралдарының барлық жиынтығы, дыбыс күшінің өзгеруі, биіктігі, дыбыстың ұзақтығы мен сапалы бояуы дауыс ырғағының

аркасында жүзеге асады. Мұғалімнің рухани бай екендігі оның ойлау мәдениеті мен сөйлеу мәдениетінен көрініс табады. Бұл қабілет сонымен қатар, тұлғаның қалыптасуында басты құрал ретінде көрініс береді.

В.А.Сухомлинский өз сөзінде: «Мұғалімнің сөзі-тәрбиеленушілердің жанына әсер ететін ештеңемен алмастырылмайтын құрал. Атап айтқанда-тәрбие өнері-бәрінен бұрын сөйлеу өнері, адам жүрегімен байланыс жасау ісі» [5, 101-б.].

Адам санасына ғана емес, сонымен қатар, сезіміне де әсер ету педагогикалық шығармашылықтың шынайы шеберлігі. Қазіргі кезде мектептегі музыка сабағын беру әдіс-тәсілі мынадай сенімді көрсетіп отыр. Ойнаған шығармасын үзіліссіз байланыстыра, айтылған ой немесе айтылған сөздер ішкі жан-дүниесімен қабысса, өзінің дыбыстар үндестігіне деген қарым-қатынасының өзінің өмірлік тәжірибесімен жалғастырса мұғалім-сонда ғана өз ісінің шебері, жасаушысы. Шебер музыка мұғалімі алға қойылған тапсырманы, музыкалық сабақтың идеясын өз жүрегінің елегінен өткендей сезінуі қажет. Музыка мұғалімі оқушыларды музыкалық шеберлігі пен дағдыларды игеруде белсенділік пен дербестікті дамыту және халық музыкалық творчествосының негіздерін оқып үйреніп, оларды жүйелі жүргізуді қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, белсенділік пен дербестікті дамыту және халық музыкалық шығармашылығының негіздерін оқып үйреніп, іс-тәжірибеде қолдануды жүйелі түрде жүргізуді қамтиды.

Музыка мұғалімі жетістігі көпшілігінде балалармен арада орнатылған қарым-қатынас шеберлігіне де байланысты. Сыныппен жүргізілетін әрбір сабақ ара қатынас тек айтылған сөзде, мимика мен қозғалыста ғана көрініс тауып қана қоймайды. Оның бояуының реңі тек өнер сабағына тән көптеген компоненттерден құралады, ішкі жан дүниеге әсер ететін, орындаушылық процестер кезінде, музыка тыңдағанда және музыка жайлы ой жүгірткенде туындайтын музыканың-өз тілі, сөзі, мимикасы, көзқарасы болады. Ал, Ю.П.Азаровтың пікірінше, «дәл сол жерде болашақ мұғалімдер педагогикалық шеберліктің алғашқы түп нұсқасын, жоғары педагогика мен мектептегі білім реформалары мен негізін қалыптастырады». Алайда, тек жалғыз білім педагогикалық санатты анықтай алмайды. Егер мұғалім осы айтылғандарды іс-тәжірибеде қолдана алса ғана олар жүзеге асады [6,16-б].

Егер мұғалім балалардың әнді қалай айтып жатқанын естімесе, былайша айтқанда, олардың бет әлпетіндегі өзгерістерді көрмесе, көңіл-күйлерін түсінбесе, сөйлемнің айтылу мәнерін байқамаса, музыка сабағы бүлінеді. Әсіресе, жоғары сынып оқушылар мұғалімнің жасанды қылығын бірден байқайды. Бұл жерде қарым-қатынасты ұйымдастыру және айтылатын сөздің мәніне тікелей әсер ететін сөйлеу өнері де маңызды. Барлық педагогтарға белгілі, бастауыш мектеп оқушылары ұзақ мазмұннан құралған, берілген тапсырманы толық игере алмайды. Көпшілігінде мұғалім бұл туралы ұмытып, ұзақ және көп сөйлеуге әуестеніп кетеді. Оқу процесінің нысаналы жүргізілуі, оның жүйелілігі, түсініктілігі, көрнекілігі, өмірмен байланыстылығы, оқыту мен тәрбиедегі сабақтастығы, әрбір адамды терең құрметтей отырып, ұжымның барлық мүшелеріне қойылатын талаптардың бірлігін қалыптастыру қажет. Шығармашылық ізденіс, өзін-өзі көрсету үшін оңтайлы жағдайлар жасау және ұжымның, жетекшінің талаптарына міндетті түрде бағыну, жоғары тәртіптілікті талап етеді.

Музыкалық шығарманы ұжымдық үйренуге кірісуде, шығарманың музыкалық текстің дәлме-дәл орындау, әуеннің сипатын анықтау, музыка дыбысын шығаруда барлық тәсілдерді белгілеу, бүкіл шығарма барысында дыбыстың тепе-теңдігіне қол жеткізу, орындаушылық шеберлігінің дәлдігіне жетуде музыка мұғалімінің қосатын үлесі мол.

Музыка мұғалімі “Музыка” пәніне арналған бағдарламалардың барлық түрлерімен танысып, оларға талдау жасап, оның ішіндегі қажеттілігін іс-жүзінде қолданып, өмір талабына сай шығармашылық тұрғыда түрлендіріп отыруы тиіс [7, 278б.].

1. Мұғалім үнемі бақылау жұмысын жүргізудің арқасында педагогикалық сезімталдығын жетілдіріп, әр түрлі ситуацияларда тез шешім қабылдап, өздігінен педагогикалық ықпал жасауды үйренеді.

2. Жеке тәжірибесін байыта отырып музыкалық сабақтарға жоспар жасап өзінің шығармашылығын дамытып, жобалау, конструкциялау тәжірибесін жинақтайды. Оның ішінде оқу-тәрбиелеудің озық шешімдері және мақсатты анықтау, әрбір сабақтың міндет, ой біліктілігі мен мүмкіндігінше қойылған міндетті ұтымды шешуді пайдалану және әдістемелердің бірігуімен зейінді нақтылау, сонымен бірге өз пәнін ішкі дүниені кеңейтуге пайдалану мен музыкалық мәдениетті тәрбиелеу бар.

3. Мұғалім музыканттың өзіндік ерекшелігі оқушылармен қарым-қатынас өнерінде, яғни сабақта толық ашылады. Ол шығармаларды орындап қана қоймай музыка жайында ауызша түсіндірмелер жасап композитордың өмірі мен шығармашылық жолын таныстырып, эмоцияға ықпал жасайды. Өзінің сезімталдығы, тыңғылықты ісі, талап қойғыштығы және оқушының жанашыры болуының арқасында абырой, сенім, құрметке бөленеді. Оқушыға барлық уақытта мұғалімнің көмегі, жылы көңілі қажет.

4. Жұмыста мұғалімнің ұйымдастырушылық қабілеті үлкен орын алады. Ол музыкалық жұмысында күш-жігерін жұмсап аспапта шебер ойнауы арқылы оқушыны баурап алады. Бұл ерік пен мақсатқа, талпынысқа жетуге өте қажетті. Мұғалім шығармашылығы, оның ұстаздық шеберлігі, тапқырлығы мектеп табалдырығын алғаш аттаған күннен бастап қалыптаса бастайды. Өз ісінің білгірі, шебер педагог болу үшін мұғалім өзінің бойындағы жетістіктері мен кемшіліктерді дұрыс бағалап, өзін-өзі тәрбиелеуге міндетті.

Өскелең ұрпақты туған халқының төл тумалық асыл қазыналарының бірегейі болып табылатын, ұлттық педагогиканың озық үлгісі саналатын музыкалық мұраларымен сусындатып, соның негізінде мәдениетті, білімді, шығармашыл, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру, бүгінгі тәрбие жұмысының ең өзекті мәселесі болып отыр. Оқушыларды елжандылық, адамгершілік құндылықтарын меңгерген тұлғаға лайықты етіп тәрбиелеуде әрбір пәннің алатын орны ерекше [1, 102б.].

Қорытынды

Музыка мұғалімі тек музыка пәнінен сабақ беретін маман емес, ол оқушыларды жан-жақты тәрбиелейтін өнегелі ұстаз болып саналады. Ол өзінің күнделікті жұмысында педагогикалық, психологиялық, дидактикалық принцип негіздерін қолдана отырып, оқушыларды жалаң ән музыкаға үйрету міндетін іске асырумен шектелмей, оларды өнегелік негізге бағыттап тәрбиемен айналысады. Педагогикалық шеберлік-бұл педагог-музыкант тұлғасы, оның кәсіпқой білімі, педагогикалық қабілеті мен педагогикалық іс-әрекеттен тұратын тұтас жүйе. Болашақ маман келтірілген компоненттерді өз бетімен іс-әрекет еткенде игеру қажет. Өз бетінше жұмыс жасау жауапкершілігін түсінгенде ғана, алға қойған талапқа ұмтылу мен балаларға деген махаббат, оның кәсіпқой шеберлігін қалыптастыратын болады. Біздің пікіріміз бойынша, педагог-шебер - бұл педагогикалық техниканы әдістемелік дайындық барысында игерген, оқып үйретудің әдіс-тәсілдерін меңгерген және оны өзгерген жағдайларға байланысты шебер қолдана алатын жоғары кәсіпқой маман. Тұтас алғанда, әрбір мұғалімнің шығармашылық мүмкіншілігінің дамуына қажетті білім көзі мен белгілі бір әдістер жиынтығы. Сол себептенде, музыка сабағын беретін мұғалімнің бүгінгі ғылыми-әдістемелік жетістіктермен қаруланып, сабақты жан-жақты етіп жоспарлап өтуінің мәні зор. Осы айтылған мақсаттарды іске асыру үшін, мектеп мұғалімінің қолындағы бағдарламаға сәйкес музыка сабағын өткізуде әдістемелік кеңестерді еске ала отырып, сабақты ұйымдастырудың жаңа формалары мен әдістерін пайдалану қажеттілікке айналуға.

Музыка мұғалімі шеберлігінің құпиясы-оны зерттеу ісінде ғана емес, жинақтаған мұраға және оқыту әдістеріне шығармашылық шабытпен келуі, оларды жаңа өзгерген жағдайларға байланысты қолдана білу, сонымен қатар, ғылыми жаңалыққа өз сараптамаларын жасай білу

талаптары, кездескен қиыншылықтарға өз бетінше даяр бола білу мен оларды шешу болып табылады. Оқушыларды өз бетінше ізденуге, салыстыруға, талдау жасауға және зерттеу ісіндегі құбылыстарды қоршаған ортамен байланысын табуға, ақиқат іздеуге, шығармашылықпен ойлау қабілетін қалыптастыру музыка сабағының мақсаты болып табылады.

Мұғалімінің кәсіби шеберлігін арттыру тәжірибелері туралы мәселені қамти келе мұғалім алдымен, өзі үлгі боларлықтай тұлға болу керек. Ұстаз мәртебесі - ел мерейі. Ұстаздар алдындағы басты міндет – еліміздің жарқын болашағын жасайтын білімді, білікті, тәрбиелі ұл-қыздарын қалыптастыру болмақ.

Әдебиеттер:

1. П. Момынұлы Музыкалы-эстетикалық тәрбие. – Алматы, 2000.
2. К.Д. Ушинский Таңдамалы шығармалар. – М.1961.
3. Меңдіаяқова Қ.М., Қарамолдаева Г.Ж. Мектепте музыка тәрбиесін беру әдістемесі.– Алматы.: Әл–Фараби, 1997.–132 б.
4. Ы. Алтынсарин Таза бұлақ. – Алматы, 1992.
5. Қ.М. Меңдіаяқова, Г.Ж. Қарамолдаева Мектепте музыка тәрбиесін беру әдістемесі. – Алматы: Әл-Фараби, 1997.
6. Жұбанов А. Музыкадағы алғашқы қадам. – Алматы: Өнер, 1963 ж.
7. Төртжылдық бастауыш мектептің 1-класына арналған музыка бағдарламасы. – Алматы: Мектеп, 1990.–278 б.

ӘОЖ 7.031 (091)

МРНТИ: 14.00.09

С.З. Байбатшаева¹, М.С. Смаилова²

¹магистр аға оқытушы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Қазақстан, Шымкент қ., e-mail: soli-7676@mail.ru

²магистр аға оқытушы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Қазақстан, Шымкент қ., e-mail: smail-maya76@mail.ru

ОҢТҮСТІК ӨҢІРІНДЕГІ МУЗЫКАЛЫҚ ӨЛКЕТАНУ АРҚЫЛЫ ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ

Аңдатпа

Мақалада Оңтүстік өңіріндегі музыкалық өлкетану арқылы өскелең ұрпақты тәрбиелеудің теориялық және педагогикалық негіздері талқыланады. Жалпы өлкетанудың басты мақсаты- өз өлкесін сүйетін және білетін, адамгершілігі мол азаматты тәрбиелеу. Оңтүстік Қазақстанның музыкалық өлкетануы балаларды эстетикалық және этникалық тәрбиелеудің маңызды құралдарының бірі. Өлкетану-әрбір білім алушы адам үшін әлемді танудағы сенімді көмекші. Оның міндеттеріне ұлттық, этнографиялық ерекшеліктерді анықтау және зерделеу, мәдениет ескерткіштерін есепке алу және қорғау, халық ауыз әдебиетін зерттеу кіреді. Сондықтан, Отанға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу негізгі міндеттердің бірі болуы қажет. Біз ұлттық тәрбиенің көздерін музыкалық фольклордан қарастырмақпыз. Көптеген зерттеулерге қарасак, музыкалық фольклор-балалар үшін қызықты екенін көрсетті. Ұлттық тәрбиенің қайнар көзі фольклорымызда екені даусыз. Себебі, дәстүрлі мәдениетіміздің ұмыт бола бастаған қай түрін, қай саласын болса да сол фольклорымыздан тауып, ажырата аламыз. Өмірдің алғашқы күндерінен бастап музыкалық фольклор жалпы баланың дүниетанымын, оның эстетикалық және адамгершілік мәнін қалыптастырудың құралы болып табылады,

бейнелі ойлауды дамытады. Ойлаудың арқасында бала өзінің музыкалық қабілеттерін дамытып, өз даралығын қалыптастырады. Музыкалық өнер- балаларға өзін рухани-маңызды тұлға ретінде сезінуге, қоршаған ортаны көркем, эстетикалық, адамгершілік бағалау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Мәдениет құндылықтарын игеру, ұрпақтың рухани тәжірибесін алу балаға үлкен азық болары сөзсіз.

Қазіргі уақытта білім алушыларды Отан тарихы мен рухани құндылықтарына баулу, өз халқының ізгіліктері мен жеңістері мен қателерін білуге негізделген азаматтық ұстанымды қалыптастыру ерекше маңызға ие болып отыр.

Түйін сөздер: музыкалық өлкетану, музыкалық мәдениет, музыкалық-өлкетану материалы, рухани-адамгершілік даму, патриоттық тәрбие, оқушылардың зерттеу қызметі.

С.З. Байбатшаева¹, М. С. Смаилова²

¹магистр старший преподаватель, Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Казахстан, г.Шымкент, e-mail: soli-7676@mail.ru

²магистр старший преподаватель, Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Казахстан, г.Шымкент, e-mail: smail-maya76@mail.ru

ВОСПИТАНИЕ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ ЧЕРЕЗ МУЗЫКАЛЬНОЕ КРАЕВЕДЕНИЕ В ЮЖНОМ РЕГИОНЕ

Аннотация

В статье рассматриваются теоретические и педагогические основы воспитания подрастающего поколения посредством музыкального краеведения в южном регионе. Основная цель краеведения в целом-воспитание нравственного гражданина, любящего и знающего свой край. Музыкальное краеведение Южного Казахстана является одним из важнейших инструментов эстетического и этнического воспитания детей. Краеведение-надежный помощник в познании мира для каждого обучающегося. В его задачи входит выявление и изучение национальных, этнографических особенностей, учет и охрана памятников культуры, изучение устной народной литературы. Поэтому воспитание любви к Родине должно стать одной из основных задач. Мы планируем рассмотреть источники национального воспитания в музыкальном фольклоре. Если посмотреть на многие исследования, то музыкальный фольклор показал, что для детей интересен. Неоспоримо, что источник национального воспитания в нашем фольклоре. В этой связи, мы считаем, что в соответствии с Законом Республики Казахстан "О религиозной деятельности и религиозных объединениях" от 16 июля 2001 года № 242-ІІ каждый гражданин Республики Казахстан имеет право на свободу вероисповедания и религиозных убеждений. С первых дней жизни музыкальный фольклор является средством формирования мировоззрения ребенка в целом, его эстетической и нравственной сущности, развивает образное мышление. Благодаря мышлению ребенок развивает свои музыкальные способности и формирует свою индивидуальность. Музыкальное искусство позволяет детям чувствовать себя духовно-значимой личностью, развивать способность к художественному, эстетическому, нравственному оцениванию окружающей среды. Освоение ценностей культуры, получение духовного опыта поколений, безусловно, станет для ребенка большим достижением. В настоящее время особое значение приобретает приобщение обучающихся к истории Отечества и духовным ценностям, формирование гражданской позиции, основанной на знании гуманизма, побед и ошибок своего народа

Ключевые слова: музыкальное краеведение, музыкальная культура, музыкально-краеведческий материал, духовно-нравственное развитие, патриотическое воспитание, исследовательская деятельность учащихся.

S. Z. Baybatshayeva¹, M. S. Smailova²

¹Senior lecturer of the South Kazakhstan state pedagogical University, Kazakhstan, Shymkent, e-mail: soli-7676@mail.ru

²Senior lecturer of the South Kazakhstan state pedagogical University, Kazakhstan, Shymkent, e-mail: smail-maya76@mail.ru

EDUCATION OF THE YOUNGER GENERATION THROUGH MUSICAL LOCAL LORE IN THE SOUTHERN REGION

Abstract

The article deals with the theoretical and pedagogical foundations of educating the younger generation through musical local lore in the southern region. The main goal of local history in General is to educate a moral citizen who loves and knows his region. Musical local history of southern Kazakhstan is one of the most important tools for aesthetic and ethnic education of children. Local history is a reliable assistant in learning the world for each student. Its tasks include the identification and study of national and ethnographic characteristics, the registration and protection of monuments of culture, the study of oral folk literature. Therefore, the education of love for the Motherland should be one of the main tasks. We plan to examine the sources of national education in musical folklore. If you look at many studies, musical folklore has shown that it is interesting for children. It is undeniable that the source of national education is in our folklore. In this regard, we believe that in accordance with the Law of the Republic of Kazakhstan "on religious activities and religious associations" dated July 16, 2001 No. 242-II, every citizen of the Republic of Kazakhstan has the right to freedom of religion and religious beliefs. From the first days of life, musical folklore is a means of forming a child's worldview as a whole, its aesthetic and moral essence, and develops imaginative thinking. Through thinking, the child develops his musical abilities and forms his personality. Musical art allows children to feel like a spiritually significant person, develop the ability to artistic, aesthetic, and moral assessment of the environment. Mastering the values of culture and getting the spiritual experience of generations will certainly be a great achievement for a child. At present, it is particularly important to introduce students to the history of the Fatherland and spiritual values, the formation of a civil position based on knowledge of humanism, victories and mistakes of their people

Keywords: musical local history, musical culture, musical and local history material, spiritual and moral development, Patriotic education, research activities of students.

Кіріспе

Ұрпақ тәрбиесіне айрықша мән берген халқымыз сұлу ән, асыл сөздің кестесімен сәби жүрегін тербеп, ой санасын игі адамгершілікке жетеледі. Сондықтан кең байтақ ата жұртта буыннан-буынға жалғасып, ұят-аят, әдет көрген, мейірім-шарапат салтанат құрды. Ең кереметі сол, ән қанатында халық ойының тереңдігі, шексіз қиялы, кестелі, орамды шешен тіл берік сақталып заманның алдын орап, кейінге тарады. Мұның өзі отбасынан Отан тұтастығына дейін тамырын үзбеген дәстүрге айналды. Отан. Туған өлке. Отанымен танысқан бала оны сүйе бастайды және өмір бойы оған бауырмалдық сезімін сақтайды.

Әр ұлт өз ұрпағына ұлттық тәрбие беру арқылы ғана ұлттық болмысын, бейнесін сақтап, дамыта алатыны белгілі. Тәрбие ісі адамзаттың бүкіл даму тарихымен қатар жүріп келеді. Тәрбие-бір ұрпақтың өмір сүру тәжірибесін екінші ұрпаққа жалғастырушы үрдіс. Отырардан шыққан ғұлама ғалым Әбу Насыр Әл Фараби музыка зерттеу саласындағы еңбектерінде музыканың жағымды әсерін жан – жақты дәлелдеді, сондай – ақ оның адамның жан дүниесіне әсер ететін тәрбиелік мәнін баса айтты. Оған дәлел, Ұлы ғұлама әл-Фарабидің «...тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген дидактикалық өсиеті. Өскелең

ұрпаққа музыкалық тәрбие беруде, бала бойына рухани байлықты дамытудың аса маңызды саласы-музыкалық өнер.

Музыкалық тәрбие дегеніміз-музыкалық өнердің ықпалы арқылы баланың жеке басын қалыптастыру - музыкалық ынтасын, қажеттерін, қабілетін, музыкаға эстетикалық көзқарасын қалыптастыру деген сөз. Тәрбиенің аса маңызды құрамы-өнер. Соның ішінде өте кең, сан ұғымды қамтитын-музыка өнерін айтамыз. Музыка адамзаттың рухани азығы, жан серігі, тілмен айтқызып жеткізе алмайтын ұшқыр қиялы, нәзік сезімі. Музыка өзінің көркемдігі және нәзіктігімен адам жанын баурап, олардың ақыл-ой, сана-сезімінің кеңейіп, жақсы мінез-құлықтарының қалыптасуына әсерін тигізеді. Қазақ халқы бала тәрбиесіне өте үлкен жауапкершілікпен қараған. Мәдениеті қалыптаспаған дәуірдің өзінде де ұшы-қиырсыз жазира байтақ дала тұрғындары өздерінің тарихында жас буынға тәлім-тәрбие берудің бай тәжірибесін жинақтап, өзіндік ерекшеліктерімен бала тәрбиесіне өте үлкен ықпал жасаған. Мектептегі оқушыларға берілетін тәрбие саласының бірі рухани тәрбие. Қазіргі кезде жалпы білім беретін мектептерде оқулықтарының мазмұны қазақ халқының өмір тәжірибесіне, әдет-ғұрыптарына, салт-дәстүрлеріне, рухани қазынасына, саяси әлеуметті, экономикалық ерекшеліктеріне ыңғайланып жасалуда. Бұны біз ұрпағымыздың бойына ұлттық құндылықтарымызды, қасиеттерімізді сіңіруді қажеттілігінен туындаған жағдай деп түсінуіміз керек. Яғни, ұрпағымызға ұлттық тарбие беру қажет. М.Жұмабаев бұл мәселе жөнінде былай деп ой түйеді: «Әрбір ұлттың балаға тәрбие беру туралы ескіден келе жатқан жеке- жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп қолданып келе жатқан жол болғандықтан әрбір тәрбиеші сөз жоқ ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті. Және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет атқаратын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті». Қазіргі уақытта білім алушыларды Отан тарихы мен рухани құндылықтарына баулу, өз халқының ізгіліктері мен жеңістері мен қателерін білуге негізделген азаматтық ұстанымды қалыптастыру ерекше маңызға ие болып отыр.

Өскелең ұрпақтың өлкетануға қызығушылығы патриоттық сезімдерді тәрбиелеуде, ой-өрісін кеңейтуде, зияткерлік және шығармашылық әлеуетті дамытуда үлкен маңызға ие. Көрнекті мәдениеттанушы академик Д. С. Лихачев: «Өлкетану адамдарды тек қана туған жерін сүюді үйретіп қана қоймай, оны танып білуге, оның тарихына өнері мен әдебиетіне қызықтыруды үйретеді, мәдени деңгейін көтереді» - деп тұжырымдаған [3]. Өлкетану қазіргі кездегі болып жатқан оқиғаларды терең түсінуге және мәдени мұраны зерттеуге және сақтауға қатысуға мүмкіндік береді, оқушылардың жалпы мәдени деңгейін арттырады және олардың қоғамдық өмірге белсенді қатысуын ұйымдастыруға ықпал етеді.

Музыкалық өлкетану-бұл туған өлкенің музыка мәдениетін (халықтық және кәсіби), әдет-ғұрпын, білімін зерттеуі. Музыкалық өлкетану жеке тұлғаның шығармашылық және зияткерлік қасиеттерін дамытуға ғана емес, сонымен қатар өскелең ұрпақтың өзін-өзі көркемдік тұрғыдан қалыптастыруының белсенді тәсілі болып табылады.

Оңтүстік Қазақстанның музыкалық өлкетануы балаларды эстетикалық және этникалық тәрбиелеудің маңызды құралдарының бірі. Өлкетану-әрбір білім алушы адам үшін әлемді танудағы сенімді көмекші. Өлкетану міндеттеріне ұлттық, этнографиялық ерекшеліктерді анықтау және зерделеу, мәдениет ескерткіштерін есепке алу және қорғау, халық ауыз әдебиетін зерттеу кіреді. Өлкетану қызметінің кешенді сипаты өскелең ұрпақты тәрбиелеу мәселесін шешуге мүмкіндік береді. Сондықтан, Отанға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі негізгі міндеттердің бірі болуы қажет. Өлкетанудың басты мақсаты-өз өлкесін сүйетін және білетін, адамгершілігі мол азаматты тәрбиелеу. Қойылған мақсатқа жету үшін бірқатар міндеттер қойылады:

- балаларды өлкенің қазіргі заманымен таныстыру
- өз өлкесінің және оның тұрғындарының өмірінің түрлі жақтары туралы түсінік қалыптастыру

-мектеп жасына дейінгі балалардың өз өлкесін білуге ұмтылысын дамыту.

Тарих, мәдениет, табиғатпен танысу туған өлкені жақсы сезінуге, яғни өзінің кіші Отанының құрушысы болуға мүмкіндік береді.

Ұлттық тәрбиенің қайнар көзі фольклорымызда екені даусыз. Себебі, дәстүрлі мәдениетіміздің ұмыт бола бастаған қай түрін, қай саласын болса да сол фольклорымыздан тауып, ажырата аламыз. Өмірдің алғашқы күндерінен бастап музыкалық фольклор жалпы баланың дүниетанымын, оның эстетикалық және адамгершілік мәнін қалыптастырудың құралы болып табылады, бейнелі ойлауды дамытады. Ойлаудың арқасында бала өзінің музыкалық қабілеттерін дамытып, өз даралығын қалыптастырады. Музыкалық өнер-балаларға өзін рухани-маңызды тұлға ретінде сезінуге, қоршаған ортаны көркем, эстетикалық, адамгершілік бағалау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Мәдениет құндылықтарын игеру, ұрпақтың рухани тәжірибесін алу балаға үлкен азық болары сөзсіз. [4]. Біз ұлттық тәрбиенің көздерін музыкалық фольклордан қарастырмақпыз. Көптеген зерттеулерге қарасақ, музыкалық фольклор-балалар үшін қызықты екенін көрсетті.

Фольклор- балаларды жарқын поэтикалық образдармен қызықтырады, олардың жағымды эмоцияларын тудырады, өмірдің қасиетті, өмірлік қабылдауын нығайтады, не жақсы және жаман, не әдемі және нәзік екенін түсінуге көмектеседі. Фольклор оларға өмір, адамдар туралы ең негізгі және қарапайым ұғымдар береді.

Музыкалық фольклор- өте бай және тақырыбы мен мазмұны, музыкалық құрылысы, композициясы, орындау сипаты бойынша әр түрлі. Балаларды оқытуда қолданылатын музыкалық фольклор алуан шығармаларды талдау, музыкалық мәнерліліктің нақты құралдарын қабылдау процесіне неғұрлым күшті әсер ететінін көрсетеді.

Халқымыздың бірнеше ғасырлар көлемінде жинақталып қалыптасқан бай рухани - мәдени мұраларының бірі музыкалық фольклор. Фольклор-ауыз әдебиеті мен музыка өнерінің бір тұтастығына негізделген ерекше бір сала. Халықтық арман-мұраттар мен рухани құндылықтарды орнықтыруға мүмкіндік туғызуға ықпал ететін этномәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде қарастыра отырып біз фольклордың мәні - рухани мұра, қалың көпшіліктің шығармашылығы, көптеген ұрпақтардың мәдени тәжірибесінің қорытылуы этностардың көпсалалы тәрбиелік құралы екендігін айқындаймыз.

Мұндай шығармашылық әсіресе музыкалық фольклорлық жанрларда айрықша сезіліп оның өрісі айқындай түседі. Сол сияқты, қазақ халқының да ауызша музыкалық поэтикалық мәдениеті адамзаттың кейінгі ұрпаққа қалдырған, мәдени мұрасының жарқын белгілері болып отыр. «Фольклор» – ағылшын сөзі, «халық даналығы» деген ұғымды білдіреді. Фольклор – ежелгі дүниетаным және көне мәдениет, әрі мұра.

Қазақ музыка фольклорының шын мәнінде қолға алынып жиналуы тек Қазан төңкерісінен кейін ғана мүмкін болды. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында-ақ халықтың музыка өнерін зерттеуге деген қамқорлық күшейді. Бұл мәселені сөз еткенде, біз ең алдымен атақты фольклоршы А.В.Затаевичтің есімін еске түсіреміз. Қазақтың 2000-нан аса бағалы музыкалық шығармаларын жазып алып, «Қазақтың 1000 әні» және «Қазақтың 500 ән, күйі» атты екі томдық жинақтарының алғы сөзінде, ескертулерінде халық музыка өнеріне байланысты шығармаларының құрылысы, өзгешеліктері және халық композиторларының, орындаушыларының әрқайсына тән ерекшеліктері туралы түйінді пікірлер айтты. [5].

Кеңес дәуірінде фольклордың көбіне сөз өнері ретінде танылып келген белгілі. Ол халық шығармашылығы, ауыз әдебиеті мағынасында ғана қолданылып, негізінен тұрмыс-салт жырларын, ертегі, аңыз, көне, батырлық, романдық, тарихи жырларды қамтыды. Музыкалық фольклор осы аталған жанрлардың басым көпшілігімен сабақтас. Бері келе қазақ фольклор музыкалық әуеннен тыс дамитын мақал-мәтел, шешендік сөздер, жұмбақ секілді шағын үлгілері де зерттеле бастады. Бірақ оны бір ғана сөз емес, саз өнері деген жөн. Себебі, белгілі бір музыкалық-эпикалық дәстүр аясында жеткен фольклор шығармаларының барлығы дерлік өнерімен тығыз байланысты. Музыкалық фольклор шеңберінде халық ән-күйлерінің

құрылымдық, ладтық, интонациялық, ырғақтық, т.б. ерекшеліктері де қарастырылады. Ән жанры тұсында олардың көркемдік жүйесі мен поэзиялық өлшем - құрылымы да назардан тыс қалмауы шарт.

Салтқа байланысты фольклор үлгілері (бесік, шілдехана жыры, сыңсу, тойбастар, жоқтау, т.б.) салт-дәстүр шеңберінде ғана өмір сүреді. Олар өмір қажеттілігінен туып, қуаныш немесе қайғы үстінде ғана орындалған. Салтқа байланысты музыкалық шығармалардың құрылымы қарапайым келеді. Салттан тыс фольклор үлгілеріне халық әндері мен күйлерін жатқызамыз. Олар авторы жоқ, бірақ тұрақты музыкалық мәтіні бар шығармалар.

Фольклордың тарих және әлеуметтік шындықпен байланысы туралы мәселе Ш.Уәлиханов еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Ш.Уәлиханов фольклордың тарихылығын алғы шарт деп санады. Ол өзінің жазбаларында "Көшпелі, жазу-сызуы болмаған халықтардың тарихи фактыдан гөрі аңыздарында сақталған" - деп көрсеткен.

Қазақ музыка фольклорының кәсіби негізде зерттелуі А.Жұбанов, Б.Ерзакович, Л.Хамиди, Е.Брусиловский ізденістерінен бастау алады. Б.Ерзаковичтің «Песенная культура казахского народа» атты еңбегі қазақ халқының музыкалық фольклорын теориялық деңгейде зерттеудің үлкен бір көрінісі болады. Қазақтың әншілік және күйшілік дәстүрін бергі жерде зерттеген ғалымдар санатына А.Ахметова, А.Темірбекова, Ә.Мұхамбетова, Б.Қарақұлов, С.Елеманов, т.б. қосуға болады. Бүгінгі фольклортану ғылымының алдында тұрған басты міндет-халық ән-күйлерінің тарихылығы, қазақ этногенезінің қалыптасуына тигізген ықпалын анықтау болып табылады. Мақсатымыз: өз ұлтының тарихын, мәдениеті мен тілін, өнерін қастерлейтін және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылыққа ұштастыра білетін мәдениетті, өнерлі тұлға тәрбиелеу.

Халықтық тәлімдік, тағылымдық тәжірибесі бүгінгі таңда да өз маңыздылығын, құндылығын жойған жоқ. Халық өнері соның ішінде ән өнері ғасырдан-ғасырға өмір шежіресі болып кетті. Оның халық өмірімен тығыз байланыстылығы, тарихылығы, ұжымдық шығармашылық сипаты, көркем образдылығы, философиялық ой тереңдігі, көпварианттылығы, сан алуан жанрлығы тыңдарманның эстетикалық идеясын, көркемдік қажеттілігі мен қабылдаушылығын қалыптастыруда ерекше жағдай жасайды. Тұрмыс-салт әндері бесік жыры, балалар мен жастар әндері, еңбек, шаруашылық, кәсіп әндері, төрт түлік мал туралы әндер, диқан, егіншілік, аңшылық-саяткерлік әндері.

Қазақтың отбасылық әдет-ғұрып, тұрмыс салт әндері ұлттық өнердің бастау көзі. Музыкалық фольклор жүйесіндегі бұл байырғы жанрларда ғасырлар бойы қалыптасқан ырым ұғымдар сақталған. Қазақ халқының өмірнен үлкен орын алған ғұрыптық әндер жанрлық тақырыптар жағынан төмендегі салаларға бөлінеді: арбау-байлау әндері – «Бәдік», «Күләпсін», «Жарапазан»; үйлену тойларында айтылатын – «Жар-Жар» («Аужар», «Бике-ау», «Үкі-ау»), «Сыңсу» («Қыз сыңсуы», «Көрісу», «Қоштасу», «Сарын»), «Тойбастар», «Беташар»; нәрестенің дүниеге келуімен байланыстырылып айтылатын - «Бесік жыры» («Әлди бөпем», «Бала жұбату»); қайғы-қасірет, мұң-шер әндері – «Естірту», «Жоқтау» («Жылау», «Зарлау», «Дауыс айту», т.б.).

Қазақ халқының музыкалық шығармашылығы оның өмір - тіршілігімен тығыз байланысты болған. Оның білім мен жақсылықтың, әдемілік пен құдіреттіліктің қайнар көзі болып табылатын ән, күй, айтыс, терме, жыр, толғау сияқты сан түрлі бай жанрларында қазақ халқының басынан өткен небір тарихи оқиғалар, жат жұрттық шапқыншылармен шайқастағы батырлардың ерлігі, жоғары адамгершілік сезімдер, күнделікті күйбең тіршіліктің қуанышы мен қайғысы туралы жырланады. Қазақ халқының музыкалық мәдениеті оның ән шығармашылығынан неғұрлым айқын көрінеді, түптеп келгенде, сол көне дәуір адамдарының дүниетанымы еді. Кеңес одағының батыры Б. Момышұлының келіндердің бесік жырын, әжелердің ертегісін есітпей өскен ұрпақтың болашағына алаңдаушылығы тұрғысындағы тұжырымы да бар.

Қорытынды

Қорыта келгенде, музыкалық өлкетану- жеке тұлғаның шығармашылық және зияткерлік қасиеттерін дамыту ғана емес, сонымен қатар өскелең ұрпақтың өзін-өзі көркемдік тұрғыдан қалыптастыруының белсенді тәсілі болып табылады. Музыкалық өлкетанудың өскелең ұрпаққа беретіні көп-ақ. Тек сол көркемдік, эстетикалық азықты үнемі, дер кезінде үнемдеп, педагогикалы қағидалармен жастарды баули білгеніміз жөн. Өз Отанын, мәдениетін, салт – дәстүрін, жетістіктерін терең сезінетін адам өз Отанының нағыз азаматы болары анық. Өскелең ұрпақты кәсіпқойлық - ұлттық дәстүрлі музыкалық өнерімізге, рухани, бай құндылықтарымызға ынталандырып, қызықтырып, эстетикалық талғамын, дүниетанамын қалыптастыру қажет. «Ұяда нені көрсең ұшқанда соны ілерсің» - деген қанатты сөзді ұмытпағанымыз абзал. Теңіздің түбінде жатқан інжү-маржандай бай өнерімізді өлкетанудан бастап келешек ұрпақтың бойларына сіңіріп, тәрбиелеу, олардың дүниетанымын қалыптастыру - әр қазақ отбасының және кез келген музыка маманының міндеті екендігін ұмытпағанымыз жөн.

Әдебиеттер

1. С. Ұзақбаева «Халықтық педагогикадағы эстетикалық тәрбие» Алматы, 1993
2. Балабеков Е. Қазақтың музыкалық фольклоры. – Алматы, 2006.
3. Лихачев Д.С. Краеведение как наука и как деятельность / Д.С. Лихачев // Русская культура / Сост. Л.Р. Мариупольская. – М.: Искусство, 2000. С. 160. – С. 159 – 4.
4. Музыкальное краеведение как средство эстетического воспитания: исторический аспект. Мақала Арипбаева Л.Ш. ЮКГПИ. г.Шымкент
5. Л.А.Насонова. Музыкальное краеведение, как средство духовно-нравственной и музыкально-эстетической культуры учащихся. Мақала г. Воронеж

ЭОЖ 781

МРНТИ 17.00.09

А.М. Тұрдалиев¹, А.С. Байгонова²

¹аға оқытушы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Қазақстан, Шымкент қ., e-mail: mb.oktpr@mail.ru

²аға оқытушысы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Қазақстан, Шымкент қ., e-mail: aizhan.na@mail.ru

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының музыкалық-шығармашылық қабілетін қалыптастырудың теориялық және педагогикалық негіздерін ашып көрсетеді. Яғни, музыкалық-шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда заман талабына сай музыкалық білім беру бағдарламаларын қолдана отырып бағдар беру. Музыка маманының жоғары деңгейге жететін жетістігі мектеп оқушыларымен орнатылған қарым-қатынас шеберлігіне де байланысты. Музыка сабағында бастауыш сынып оқушыларын музыканың қызықты және ойын-сауық жағы көбірек тартады. Бұл кезеңде музыка сабағына деген қызығушылық, тақырыптың қызықтылығына, музыкадан туындаған эмоционалдық әсерлерге де негізделеді. Бастауыш сынып оқушыларының музыкалық-орындаушылық іс-әрекет жеке әндету, хормен

ән салдыру, әртүрлі музыкалық-ырғақтық қимыл-қозғалыстарды жасату, қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарда ойнау сияқты түрлері арқылы олардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру жүзеге асырылады.

Жалпы шығармашылық адамның қабілеттерін шыңдау арқылы оның жақсы нәтижелер мен үлкен жетістіктерге жететіні белгілі. Музыка сабағындағы іс-әрекеттер қызметі туралы отандық және орыс ғалым-педагогтарының еңбектеріне сүйене отырып, өзіміздің тәжірибеде жақсы нәтижеге қол жеткізген жұмыстарымыз бен көзқарастарымызды тұжырымдадық.

Түйін сөздер: музыкалық шығармашылық, музыкалық білім беру, қабілет, шығармашылық элементтер, жаңа прогрестивті үрдістер, музыкалық принцип, музыкалық есту қабілеті, педагогикалық міндет.

С. М. Турдалиева¹, С. Байгонова²

¹старший преподаватель, Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Казахстан, г.Шымкент, e-mail: mb.oktpr@mail.ru

²старший преподаватель, Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Казахстан, г.Шымкент, e-mail: aizhan.na@mail.ru

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ МУЗЫКАЛЬНО-ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Аннотация

В статье раскрываются теоретические и педагогические основы формирования музыкально-творческих способностей младших школьников. Основной акцент сделан на формирование музыкально-творческих способностей с использованием современных музыкально-образовательных программ. Успех специалиста-музыканта, достигшего высокого уровня, зависит от мастерства общения с учащимися. На уроках музыки учащихся начальных классов привлекает, прежде всего, интересная и развлекательная сторона музыки. В этот период привлекательность занятий для детей связана с эмоциональными впечатлениями, вызванными музыкой. Музыкально-исполнительская деятельность младших школьников осуществляется путем формирования их творческих способностей в таких видах, как индивидуальное пение, хоровое пение, выполнение различных музыкально-ритмических движений, игра на казахских национальных музыкальных инструментах.

Как известно, развивая свои творческие способности, дети могут достичь больших успехов. Опираясь на труды отечественных и русских педагогов-ученых о деятельности на музыкальных занятиях, мы сформировали новые методы и формы работы, ориентированные на достижение определенных результатов.

Ключевые слова: музыкальное творчество, Музыкальное образование, способности, творческие элементы, новые прогрессивные процессы, музыкальный принцип, музыкальный слух, педагогическая задача.

S.M. Turdalieva¹, A.S. Baygonova²

¹acting associate Professor, South Kazakhstan state pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan, e-mail: mb.okmpi@mail.ru

²Senior lecturer of the South Kazakhstan state pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan, e-mail: aizhan.na@mail.ru

THEORETICAL AND PEDAGOGICAL BASES OF FORMATION OF MUSICAL AND CREATIVE ABILITIES OF YOUNGER SCHOOLCHILDREN

Abstract

The article reveals the theoretical and pedagogical foundations for the formation of musical and creative abilities of younger students. The main focus is on the formation of musical and creative abilities using modern musical and educational programs. The success of a specialist musician who has reached a high level depends on the skill of communicating with students. At music lessons, primary school students are attracted, first of all, by the interesting and entertaining side of music. During this period, the attractiveness of classes for children is associated with the emotional impressions caused by music. Musical and performing activities of younger schoolchildren are carried out by forming their creative abilities in such types as individual singing, choral singing, performing various musical and rhythmic movements, playing Kazakh national musical instruments.

As you know, developing their creative abilities, children can achieve great success. Based on the works of Russian and Russian teachers-scientists on the activities in music classes, we have formed new methods and forms of work aimed at achieving certain results.

Keywords: musical creativity, Musical education, abilities, creative elements, new progressive processes, musical principle, musical hearing, pedagogical task.

Кіріспе

Қазіргі таңда жалпы педагогика саласының бастауыш сынып оқушыларының музыка сабағына деген қызығушылығы өнер мен музыкалық мәдениет тұрғысынан қарастыруға болады. Жеке тұлғаның музыкалық мәдениетін және эстетикалық ойдың қалыптасуы маңызды орын алады. Музыкалық білім беруді дамыту қазіргі мектептерімізде, оның ішінде білім баспалдығы болып саналатын бастауыш сынып жасындағы оқушылардың музыкалық қызығушылық іс-әрекеттерін тиімді ұйымдастырудың әдістерін, жолдарын іздестіру, болашақта өз қажетіне пайдалануды жетілдіру музыка мамандары үшін аса маңызды болып отыр.

Негізгі бөлім.

Қазіргі ғылым әртүрлі көзқараспен шығармашылық процесін зерттейді: философия зерттеудің әдіснамалық негізін анықтайды, білімнің ақиқаттығы принциптерін, шығармашылық ойлау нәтижелерін, әлеуметтану қоғамдық ортаның шығармашылық қабілеттерінің ынталандырушы және тежейтін факторларын анықтайды, психология шығармашылық ойлау процестерін зерттейді, ал музыка шығармашылықтың рухани-эстетикалық қабілетін қалыптастырады.

Жалпы мектептердің музыка сабағында бастауыш сынып оқушыларының күш-жігерін шоғырландыру, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру аспектілерінде музыкалық тәрбиені одан әрі жетілдіру, музыкалық қабілеті нашар дамыған оқушылардың музыкалық-шығармашылық дағдыларын белсендіру, музыкалық өнер құралдарымен тәрбиелеу қажет – деп санаймыз.

Әлеуметтік күрделі өтпелі кезеңнің қазіргі жағдайында тұлғаны еңбекке баулу, адамгершілікке және эстетикалық сұлулыққа тәрбиелеу басты мақсаттардың бірі болып қала береді.

Платонның айтуынша, музыка бүкіл әлемді жігерлендіреді, жаныңа күш-қуат береді, қиял ұшуына мүмкіндік береді. Философ музыканың құдіреті күшті, музыка өмірдегі барлық жақсылықты сыйлайды - деп тұжырым жасайды. Яғни, бастауыш сынып оқушыларын музыка сабағына қызығушылық қабілеттерін дамытуға және қалыптастыруға жол ашу, бұл дегеніміз, музыка сабағында болашақ дарынды музыкант немесе музыка әлеміне күштарлығын ояту. Бұдан жас бала әртүрлі қазақтың қоңыр үнді домбырасын немесе классикалық музыкаларды тыңдау арқылы, олардың мәдениеті жоғарылайды деп ой түюге болады.

«Музыка жанның этикалық жағына танымдық әсер етуге қабілетті, музыка мұндай қасиеттерге ие болғандықтан ол жастар тәрбиесі пәндерінің қатарына қосылуы тиіс» – деп Аристотель айтқан. Ол музыка болашақ жастардың тәрбиесінде басты құндылық ретінде қажетті дүние екенін жеткізген.

Музыканың адамдарға эмоционалдық күш беретін қасиеті бар болғандықтан, тұлғаның жоғары мәдениеттілігін, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудың маңызды құралдарының бірі болып табылады. Осылайша, бастауыш сынып оқушылары музыка құдіретінің арқасында олардың өз-өзіне деген сенімділігі және жеке тұлға ретінде ерекшеленуіне жетелейді. Демек, музыкалық тәрбие адамгершілік пен білім берудің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс.

Педагог-музыканттың басты міндеті – сабақ беру іс-әрекетімен шұғылдану. Дегенмен, өз іс-әрекеті мен оқушылардың іс-әрекеттерінің нәтижелерін талдай алмайтын мұғалімді шығармашылықпен жұмыс істейді деп айту мүмкін емес [1,6].

Қазіргі музыка сабағында оқушыларды негізінен, музыкалық-орындаушылық іс-әрекет жеке әндету, хормен ән салу, музыкалық-ырғақтық қимыл-қозғалыстар жасау, музыкалық аспаптарда ойнау сияқты түрлері арқылы жүзеге асырылады [2,87], демек осы қызметтер арқылы оқушыларға тиісті қабілеттерді дамытады. Сондықтан ғылыми-педагогикалық зерттеулерде шығармашылық қабілеттілікті қалыптастыру мәселесі маңызды орын алады.

Музыка мұғалімі оқушылардың тек шығармашылық жұмыстарын арттырумен ғана емес, олардың шығармашылық қабілеттерін де дамытуы тиіс. Алдымен, қабілеттер туралы анықтамаларға тоқталып өтеміз.

Қабілеттер – бұл белгілі бір қызмет түрлерін орындау табыстылығы тәуелді адамның жеке ерекшеліктері. Қабілеттер табиғаттан дайын түрде берілмейді. Олар тек өмір мен қызметтің белгілі бір жағдайларында, білімді, іскерлікті және дағдыны меңгеру, содан кейін шығармашылық қолдану процесінде ғана қалыптасуы мүмкін. Шығармашылық қабілеттер стандартты емес жағдайда білім, білік және дағдыларды қолдана білуінде көрінеді. Жалпы және арнайы қабілеттер бар. Ақыл, есте сақтау, бақылау сапасы жалпы қабілеттерге жатады, өйткені олар кең қызмет ауқымында қажет. Арнайы қабілеттер адам қызметінің тар салаларында қолданылады. Қандай да бір қызметті табысты орындау үшін жалпы да, арнайы да, қабілеттердің болуы қажет. Қабілеттер тұлғаның табиғи қасиеттері емес. Б.М.Тепловтың анықтамасы бойынша, қабілет негізінде ағзаның анатомио-физиологиялық ерекшеліктері жатыр, олар қолайлы жағдайларда және қызмет нәтижесінде қабілетте дамиды [3,23].

Музыкалық қабілеттерге мыналар жатады: музыкалық есту (дыбысты, ладты, гармониялық, тембрлік, динамикалық компоненттердің бірлігінде), ритм сезімі, музыкалық жады, қиял және музыкалық сезімталдық. Музыкалық қабілеттерін қалыптастыру қабілеті дамуының жалпы заңдылықтарына бағынады. С.Л. Рубинштейннің пікірінде, «музыкалық қызметтің белгілі бір түрлеріне кез келген музыкалық қабілеттерді қалыптастыру жүріп жатқан бастапқы пункт... музыкалық қабылдаудың жалпы адамзаттық «іс-әрекетінде»

жасалған. Сонымен қатар, музыкалық қабілет осы даму пунктінде дайын түрде берілмеген. Ол музыкалық естудің белсенді қызметінде қалыптасады», - деп айтқан [4].

Музыкалық есту қабілетінің маңызды буыны ретінде музыкалық есту қабілетін дамыту мәселесін зерттеумен Б.В.Асафьев айналысты. Оның қысқаша тұжырымдалған жаңдайы мыналардан тұрады: адамның есту аппаратына белсенді тыңдаудың туа біткен сапасына тән; музыканттың міндеті-есту қызметін тәрбиелеу және дамыту. Мұндай өзара тәуелділікті түсіну – оқушылардың белсенді тыңдау және есту дамуы – музыка мұғалімінің бүкіл жұмысы үшін негізгі мәнге ие [5,65].

Б.М.Теплов музыкалық қабілеттердің құрылымын зерттей отырып, оларды тұлғаның жалпы дамуымен байланыстырды. Ол алғаш рет музыкалық дарындылықтың синтетикалық көрінісі ретінде музыкалық ұғымын енгізді және оның негізгі компоненттерін анықтады: шындыққа эмоционалды-эстетикалық көзқарас, бейнелі ойлау, музыкалық-есту көріністерінің жүйесі, музыкалық есту қабілетінің түрлі сапалық қасиеттері. Ладтық және ырғақтық сезімдер.

Б.М.Тепловтың анықтамасы бойынша музыкалық қызметпен айналысатын әрбір адамның негізгі үш музыкалық қабілетін жатқызады:- музыкалық есту (лад сезімі); - музыкалық-ырғақтық сезім; - музыкалық-есту ұғымдарына қабілеттілік.

1.Ладтық сезім эмоционалды қабылдау мен әуенді дәл тану арқылы көрінеді.

2.Музыкалық-ырғақты сезім-ырғақты сезіну және оны ойнату қабілеті.

3.Музыкалық-есту ұғымдарына қабілеттілік әуеннің есту бойынша дәл ойнауында көрінеді (музыкалық жады).

Өзара байланысты музыкалық қабілеттер тек музыкалық қызметте қалыптасады, сонымен қатар музыкалық қабілеттердің барлық компоненттері музыкалық қызметтің белгілі бір жағына байланысты болып келеді. Іс-әрекет процесінде дами отырып, музыкаға эмоционалды ықыластық, музыкалық-есту түсініктерін қолдану сияқты арнайы музыкалық қабілеттер жалпы шығармашылық қабілеттерінің дамуына да әсер етеді. Демек, мұндай музыкалық қабілеттер музыкалық-шығармашылық болып табылады.

Ғалымдардың көзқарасы бойынша «балалар шығармашылығы» ұғымының өмір сүру мүмкіндігі туралы мәселе бойынша пікірталас бастап және оның даму жолдары мен құралдарын зерделеумен байланысты бірқатар мәселелер болды. Л.С.Выготский “«балалар шығармашылығы» балалар дамуының нормативтік және тұрақты серігі болып табылады”- деп жазды. Балалар шығармашылығы субъектілік құндылыққа ие. Сондықтан балалар шығармашылығына қатысты «жаңашыл» ұғымына ерекше сипатқа ие бола алады. [6,69].

Балаларды оқыту мен дамытуда психологтардың «өткен тәжірибе негізінде болашақ іс-қимылдарды жоспарлауға мүмкіндік беретін жаңа көріністерді құру қабілеті» деп анықтайтын қиыл маңызды рөл атқарады. Қимылдардың екі түрі бар – ойнату және шығармашылық. Л.С.Выготский болашаққа ұмтылған шығармашылық тұлғаны құру нағыз шығармашылық қиялмен дайындалады деп санайды. Қиялдың физиологиялық негізін бұрынғы тәжірибеде пайда болған уақытша байланыстардың жаңа үйлесімін жасайтын шартты рефлексдер механизмдері құрайды. Балалық шақтың әр кезеңіне өзінің шығармашылық көріністері тән. Бастауыш сынып оқушыларының ойлау қабілеті нақты-бейнелі сипатқа ие және олардың танымдық іс-әрекеті практикалық тәжірибеде белгілі бір деңгейімен шектеледі. Оқушылардың қиялында шындыққа қайшы келмейтін бейнелер жиі пайда болады, бірақ олар практиканың қарапайым көрінісі болып табылмайды, бұл - баланың сыни бағалауға қабілеттілігіне байланысты.

Ойлау және танымдық іс-әрекет ерекшеліктері бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерінің ерекше қасиеттерін анықтайды.

Б.Д.Эльконин ұсынған жас кезеңділіктері негізінде, мектепке дейінгі және бастауыш мектеп аралығындағы жас кезеңдер біртұтас жас ерекшеліктік дәуірге байланысты екі табиғи кезең ретінде қарастырылады. Шығармашылық процестің өзіндік ерекшелігі көптеген

факторларға байланысты: жас және психологиялық ерекшеліктерге, қоршаған ортаға, баланың мүмкіндіктеріне, оның жеке басының ерекшеліктеріне, өмірлік тәжірибе байлығына, тапсырмаларға назар аудару, өз жұмыстарын жоспарлау және педагог-жолдастар арасындағы өзара қарым-қатынас сипатына. Қазіргі мектептегі музыкалық білім берудің баланың жалпы шығармашылық даму міндеттерін шешуге қосқан үлесі жеткіліксіз. Мұның себептері мектеп оқушыларының музыкалық білімінде қолданылатын кейбір әдістердің консервативтілігі мен музыкалық шығармашылық элементтерін дамытуда олардың музыка пәнінің сағатының аз болуында деп ойлаймыз.

Б.В.Асафьев, Б.Л.Яворский музыканы орындау және шығару барысында олардың шығармашылық музыкалық ойлауын белсендіру арқылы оқушылардың тұлғасын жан-жақты қалыптастырудың өзектілігі идеясын ұсынды[4,55]. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда табысқа жету үшін Б.Л.Яворский әртүрлі формада музыкалық қызметті ұйымдастыру қажет деп есептеді: хормен ән айту, музыка тыңдау, күрделі емес музыкалық аспаптарда ойнау, балалардың музыкалық туындысы (импровизация). Шығармашылық элементтерде ғалымдар кез келген атқарушылық қызметтің ажырамас бөлігі ретінде қарастырды. Ғалымның пікірінше, музыкалық білім беру мен тәрбиелеудің мазмұнын әзірлеудің негізгі принципі әртүрлі өнер түрлерінің әсер ету процесінде эмоциялық және рационалды бірлікке сүйенуі тиіс. Сонымен қатар, ол баланың қоршаған өмірдің, өнердің құбылыстарын қабылдау тұтастығын түсінуден туындады, сондықтан оның педагогикалық жұмысына музыкалық және музыкалық емес түрлі қауымдастықтарды тарту тән. Б.Л.Яворский оқушыларды музыкалық өнерге баулудың ең тиімді тәсілі оларды музыкалық шығармашылық үдерісіне тікелей қосуды санады. Сондықтан оның барлық педагогикалық қызметінің басты мәселесі оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру және дамыту жолдарын іздестіру болып табылды.

Осы міндеттерді шешудегі басты рөл Б.Л.Яворский суырып салумен байланысты балалардың іс-әрекетіне жауап берді. Бұл ретте біз, дәстүрлі музыканы және импровизация музыкалық (бір дауысты әндер шығару, аспаптарда музицирлеу), ырғақты-қозғалыстағы музыка сипатын беру, вербалды-перцептивті – өлеңдер шығару, прозалық миниатюралар, мысалы, айтыс, терме, жыр және басқа қазақтың ұлттық музыкаларын жатқызамыз. Бейнелеу-иллюстративті (сурет салу, туындының құрылымының графикалық бейнесі) болып бөлінеді.

Мектеп оқушыларын музыкалық-орындаушылық шеберлікке баулу және олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту процесіне белгілі музыкатанушы Б.В.Асафьев бірнеше басқа көзқарасты ұсынды. Оның жүйесінде оқушылардың бағалау қызметін нормалау басым болды. Ең алдымен, үйрену емес, бақылау объектісі деген тұжырым болды. Сондықтан да оқушылардың тыңдаушылық мәдениетін қалыптастыру басты міндет деп санаған. Ерекше рөл «бағыттау» және «бақылау» әдістеріне бөлінді, олар оқушылардың музыка туралы ақпараттың сапалы өзгеруіне әкелетін қажетті музыкалық білімнің жинақталуына ықпал етті, аналитикалық-синтетикалық қызметке, бағалау пікірлеріне қабілеттілікті қалыптастырды. Бұл әдістерді қолдану оқушылардың эмоционалдық және зияткерлік бастаулары бірлігінде музыкалық қабылдауының дәйекті дамуына ықпал етті. Б.В.Асафьев оқушыларды музыкалық-орындаушылық шығармашылыққа баулу барысында құндылықты-бағдарлы қызметті қалыптастыру мәселесін одан әрі әзірлеу үшін теориялық негіз ұсынды. Сонымен қатар, автордың балалар музыкалық шығармашылығы туралы идеяларының маңызы зор.

Мектеп психологиялық қызметі әрбір оқушының жеке басының типологиялық сипаттамасын, оның мүдделерін, құндылықтың бағдарын анықтай алады. Бұл қасиеттердің жүйелі ғылыми негізделген диагностикасы балалардың дарындылық саласын анықтауға көмектеседі және баланың қабілеттерін дамыту бойынша одан әрі жұмысты анықтайды. Өз кезегінде бұл жұмыстың бағыттылығы жоғары сыныптардағы оқытуды жекелендіру мен саралауда жүзеге асырылады: білім беру мәні бойынша (жалпы білім беру дайындығының

бірінғай базалық деңгейіне тереңдетілген оқыту үшін пәндер тобын таңдау), әрбір оқушының қабілетіне қарай (жекелеген пәндерді, топтарды және жеке бағдарламаларды, әсіресе дарынды балаларға арналған жеке бағдарламаларды тереңдетіп оқыту үшін сыныптар құру, пәндер циклдерін неғұрлым толық зерделеу үшін мамандырылған мектептер мен сыныптар); қызығушылығы мен бейімділігі бойынша (музыка мектептері, музыкалық үйірмелер); оқытудың жеке стилін ескере отырып (оқытудың әртүрлі қарқыны, білімді меңгерудің неғұрлым орынды әдістерін, оқу материалының түрін таңдау). Оқу үдерісін ұйымдастырудың дәл осындай көрінісі оқушылардың білім алудағы тек құқылығын қамтамасыз етеді. Өйткені, кез келген түрдегі оқу орнының міндеті-ұжымдағы өз жұмысын табысты орындауға, адами қарым-қатынастың құндылығын қамтамасыз етеді. Өйткені кез-келген түрдегі оқу орнының міндет - ұжымдағы өз жұмысын табысты орындауға, адами қарым-қатынастың құндылығын сезінуге қабілетті, ынтымақтастыққа дайын тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту міндеттерін табысты шешу педагогтардың дайындығын, олардың кәсіби-педагогикалық шеберлігі мен шығармашылығын жетілдіру мәселесімен тікелей байланысты. Бастамашыл балалармен жұмыс жоғары психологиялық және педагогикалық біліктілігі бар шығармашылықпен белсенді мұғалімді талап етеді. Мұндай педагог тек арнайы оқу материалын ғана меңгеріп қоймай, балалардың қабілеттері, дарындылығы, шығармашылық балалармен қарым-қатынас ұстанымдары мен қабілеттерін көрсетудің құрылымдық түрлері мен ерекшеліктері саласында белгілі бір білім көлемі болуы тиіс, олардың әрқайсысында шығармашылық даралықты анықтай отырып, өзінің кәсіби қызметіне жаңа технологиялар мен т.б. элементтерін енгізу.

Қазіргі қоғамдағы мұғалімнің жұмысы белгілі бір білім мен білік кешенін беруге ғана емес, онымен бірге жалпы іс-әрекет процесінде оқушы тұлғасының жеке ерекшеліктерін дамытуға бағытталуы тиіс. Сонымен бірге, педагогикалық жұмысқа қойылатын талаптар арасында қарама-қайшылықтар бар, ол болашақ педагогтің кәсіби қызметке жеке-шығармашылық және типтік формальды дайындығы болуы тиіс. Осылайша, педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді кәсіби-педагогикалық даярлаудың жетекші міндеті балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін жұмыс істеуге қабілетті шығармашылық даралығы бар тәрбиеші-мұғалімнің жеке басын қалыптастыру және дамыту болып саналады. Музыканың өнер түрі ретіндегі ерекшелігіне байланысты оқушылардың эмоционалдық саласына тікелей әсер ету арқылы шығармашылық ынталандыру бағытындағы музыка сабақтарының рөлі айтарлықтай артады. Бірақ, жалпы музыкалық білім беруде жаңа прогрессивті үрдістердің, білім беру мазмұнын оқытудың дәстүрлі нысандары мен әдістеріне сәйкес келмеуі, балалардың музыка мен мектепке қызығушылығы деңгейінің төмендеуіне алып келеді.

Қазіргі жағдайда тәрбие ең алдымен дербестікті, шығармашылық бастаманы және әлеуметтік жауапкершілікті тәрбиелеу болуы тиіс. Мұндай контексте, бастауыш сынып оқушыларына тән өзін-өзі бекіту бастаманы, өз ойын, оқу қызметінде пікірдің тәуелсіздігін көрсету мүмкіндігіне айналады. Ол оқушылардың шығармашылық, икемді, өзіндік ойлау стилінің дамуына ықпал етіп қана қоймай, олардың жалпы әлеуметтік дербестігі мен белсенділігінің деңгейін арттырады. Жаңа тәрбие міндеттерін ескірген әдістермен шешуге болмайды. Дайын білімді, қызмет нысандары мен тәсілдерін, дайын құндылық-нормативтік ұғымдарды бір ұрпақтан екіншісіне беруден бас тарту және сыныптан тыс және мектептен тыс оқу процесінде оларды бірлесіп тұжырымдауға көшу ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық және физикалық дамуды ынталандыратын шынайы демократиялық тәрбиеге көшуді білдіреді. Сондықтан бүгінгі күні өскелең ұрпақты шығармашылық, эмоциялық-құнды және рухани білім беру мен тәрбиелеудің міндеттері тепе-теңдігі туралы айтуға болады. Балаларды өнерге баулу арқылы тұлғаның толыққанды дамуы, оны ізгілендіру үшін,

көркем шығармашылық қабілеттерін көрсету және дамыту үшін жағдайлар жасалады. Музыкалық білім беруде оқушылардың қызығушылығын, олардың музыкалық қабілеттерін дамыту негізінде музыкалық қызметтің мақсатқа сай түрлері деңгейіне дейін шешу белсенді педагогикалық міндет әрі музыкалық-шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың теориялық және педагогикалық негіздері ретінде ұсынылады. Музыкалық іс-әрекеттермен қатар, оқушының музыкалық мәдениеті де қатар дамиды, ол неғұрлым белсенді және жан-жақты болса, музыкалық даму процесі тиімдірек болады, сондықтан музыка мұғалімі оқушылардың музыкалық-шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың теориялық және педагогикалық негіздеріне сүйене отырып өзінің алдына қойған міндеттеріне қол жеткізеді деп ойлаймыз.

Қорытынды.

Музыка сабағындағы шығармашылық белсенділік процесі барлық қызмет түрлерінде мұғалімнің шығармашылыққа деген көзқарасына байланысты. Шығармашылық сабақтардың негізінде екі өзара тәуелді фактор жатыр: эстетикалық қабылдау бірлескен құру процесі және эстетикалық тәжірибе үшін дамыған қабілетке негізделген көркем шығарма.

Музыкалық іс-әрекеттің түрлері: музыка тыңдау, ән салу, музыкалық аспаптарда ойнау, музыкалық ырғақтық-қозғалыстар жас бүлдіршіндердің шығармашылық қабілеттерін көрсетуге және ең алдымен, әлемнің музыкалық-бейнелі көрінісін дамытуға түрткі болады. Балалардың музыкалық шығармашылық қабілеттерінің дамытуына ырғақтық-қозғалыстың маңыздылығы ерекше.

Әдебиеттер

1. Абдуллин Э.Б. Музыкалық білім педагогикасының әдіснамасы. – Алматы, 2009.
2. Дүйсенбінова Р.Қ. Музыкалық білім беру педагогикасы. –Талдықорған, 2006.
3. Теплов Б.М. Психология и психофизиология музыкальных различий: Избр.психол.тр./Под ред.: М.Г.Ярошевский; М.:МПСИ; Воронеж: МОДЭК, 2003.-639 с.
4. Ачражникова Л.Г. Профессия – учитель музыки: Книга для учителя. – М.: Просвещение, 1984. – 112с.
5. Асафьев Б.В. Избранные статьи о музыкальном просвещении и образовании. – М.1991.- 144с.
6. Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте.: Психологический очерк.-3-е изд. – М.: Просвещение, 1991. – 93с.

ӘОЖ 781
МРНТИ 17.00.02

А.С. Байгонова¹, Г.Д. Джоламанова²

¹аға-оқытушы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент қ, Қазақстан, e-mail: aizhan.na@mail.ru

²өнер ғылымдарының кандидаты, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық
университеті Шымкент қ, Қазақстан e-mail: aizhan.na@mail.ru

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МУЗЫКА САБАҒЫНДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАҒДЫСЫН ДАМУ

Аңдатпа

Бұл мақалада музыка сабағында шығармашылық дағдыларды дамыту әдістері талқыланған. Онда балалардың музыкалық шығармашылығын дамытудың теориялық аспектілері, атап айтқанда, барлық музыкалық іс-әрекеттердің қызмет түрлеріне тән, бірақ көркем шығармашылықтың әртүрлі түрлерінде көрінетін жарқын нысанды түрде музыкалық шығармашылық тұжырымдама қарастырылады. Өнер балаларда тұлғаның адамгершілік және эстетикалық негіздерін қалыптастыру құралы болып табылады, ол баланың тұлғалық, өзіндік ерекшеліктерін, ассоциативті және шығармашылық ойлауын дамытады. Мақалада балалардың туа біткен жеке бейімділігін, олардың музыкаға немесе басқа да өнер түрлеріне табиғи қабілетін есепке алудың маңыздылығы атап көрсетілген. Авторлар балалардың шығармашылық қызметке, олардың тұлғалық дамуына және рухани байытуына қызығушылықтарын дамытуға ықпал етеді.

Теориялық тұрғыдан алғанда, балалардың музыкалық шығармашылығы тұжырымдамасының түсіндірудің негізі оқушыларда туа біткен бейімділіктерінің болуын тануға негізделген, олар балалар іс-әрекетінде дербес және өздігінен ашылады. Музыкалық шығармашылықтың қайнар көзі өмір құбылыстары, музыканың өзі, баланың бойындағы музыкалық тәжірибе болып саналады.

Тірек сөздер: музыкалық шығармашылық, музыкалық өнер, музыкалық тәрбие, музыкалық мәдениет, сыни тұрғыдан ойлау технологиясы, музыкалық қабілет.

А.С. Байгонова¹, Г.Д. Джоламанова²

¹старший преподаватель, Южно-Казахстанский государственный педагогический университет,
Казахстан, г.Шымкент, e-mail: aizhan.na@mail.ru

²кандидат искусствоведения, Южно-Казахстанский государственный педагогический
университет, Казахстан, г.Шымкент, e-mail: aizhan.na@mail.ru

РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКИХ НАВЫКОВ ШКОЛЬНИКОВ НА УРОКАХ МУЗЫКИ.

Аннотация

Статья посвящена развитию творческих навыков на уроках музыки в школе. В ней рассмотрены теоретические аспекты развития музыкального творчества детей, в частности концепция творчества, которая свойственна всем видам деятельности, но в наиболее яркой форме проявляющаяся в различных видах художественного творчества. Искусство является инструментом формирования у детей нравственных и эстетических основ личности, развивает его индивидуальные, самобытные черты, развивает ассоциативное и творческое мышление. В статье подчеркивается важность учета врожденных индивидуальных склонностей детей, их природных способностей к музыке или другим видам искусства. Авторами показано как творческая активность детей, их участие в различных мероприятиях - концертах, творческих вечерах, театральных спектаклях, в том числе музыкальных, способствует развитию интереса детей к творческой деятельности, их личностному развитию и духовному обогащению. Теоретически, основой толкования концепции музыкального творчества детей является познание врожденных склонностей у учащихся, которые раскрываются в детской деятельности индивидуально и самостоятельно. Источником музыкального творчества являются картины жизни, сама музыка и музыкальный опыт ребенка.

Ключевые слова: музыкальное творчество, Музыкальное искусство, Музыкальное воспитание, музыкальная культура, технология критического мышления, музыкальные способности

A.S. Baigonova¹, G. D. Dzholamanova²

¹senior lecturer, South Kazakhstan state pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan,
e-mail: aizhan.na@mail.ru

²Candidate (Ph.D) of Arts study, South Kazakhstan state pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan,
e-mail: aizhan.na@mail.ru

DEVELOPING STUDENTS CREATIVE SKILLS IN MUSIC LESSONS

Abstract

The article is devoted to the development of creative skills in music lessons at school. It examines the theoretical aspects of the development of children's musical creativity, in particular the concept of creativity, which is inherent in all types of activities, but in the most vivid form is manifested in various types of artistic creativity. Art is a tool for the formation of children's moral and aesthetic foundations of personality, develops its individual, original features, develops associative and creative thinking. The article emphasizes the importance of taking into account the innate individual inclinations of children, their natural abilities for music or other types of art. The authors show how the creative activity of children, their participation in various events - concerts, creative evenings, theater performances, including music, contributes to the development of children's interest in creative activities, their personal development and spiritual enrichment. Theoretically, the basis for the interpretation of the concept of musical creativity of children is the knowledge of innate tendencies in students, which are revealed in children's activities individually and independently. The source of musical creativity is the pictures of life, the music itself and the musical experience of the child.

Keywords: musical creativity, Musical art, Musical education, musical culture, critical thinking technology, musical abilities.

Кіріспе

Ерте жастан бастап музыка өнері баланың дүниетанымын тұтастай, оның эстетикалық және адамгершілік мәні бойынша қалыптастырудың құралы ретінде қызмет етеді, ассоциативті, бейнелі ойлауды дамытады. Мектеп оқушыларының музыкалық қабілеттері дамиды, шығармашылық қызметте тәжірибе жинайды және жеке басын қалыптастырады.

Мектеп оқушыларының нәтижелі шығармашылығын талдай отырып, практикалық іс-әрекетте біз олардың қасиеттерін, бейімділігін, қызығушылығын және қабілеттерінің әртүрлілігін бағалай аламыз. Шығармашылық іс-әрекет оқушылардың жеке басының өзгеруіне әсер етуі мүмкін. Теориялық тұрғыдан алғанда, балалардың музыкалық шығармашылығы тұжырымдамасының түсіндірудің негізі оқушыларда туа біткен бейімділіктерінің болуын тануға негізделген, олар балалар іс-әрекетінде дербес және өздігінен ашылады. Музыкалық шығармашылықтың қайнар көзі өмір құбылыстары, музыканың өзі, баланың бойындағы музыкалық тәжірибе болып саналады.

Негізгі бөлім

Оқушылар музыка сабағында және әртүрлі мерекелік іс-шараларда белсенді түрде қатысып өздерінің музыкалық шығармашылығын шынайы және жайлы атмосферада әрекет етуге ерекше ықыласпен көрсете алады.

Психолог Б.М.Тепловтың айтуынша, оқушылар шығармашылық қызметке ерте қызығушылығын арттыру - оқушының жалпы дамуы үшін өте пайдалы, ол баланың қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне толығымен жауап береді [1]. Б.М. Тепловтың пайымдауынша, балалардың музыкалық кештерге және театрлық көрініскерге қатысуы олардың шығармашылық қабілеттерін одан әрі арттыруына ықпал жасайды.

Л.С.Выготский мен А.В.Запорожец өз зерттеулерінде бастауыш сынып оқушыларының музыкалық ойындар, дөңгелек үстел, әртүрлі ойнақы билер, ән айту сияқты музыкалық

шығармашылықтың барлық түрлерінде өзіне жақын іс-әрекетте шығармашылық қабілеттерін көрсететіндігін дәлелдейді [2]. Алайда, мектеп оқушыларында шығармашылықтың қазіргі тәжірибеде жеткіліксіз пайдаланылады, бұл негіздер отбасында да қолдау таппай жатады, эрине, бала үшін ең маңыздысы - оның айналасындағы қолдау көрсететін жақын адамдары. Осылайша, оқу процесі мен оның шығармашылық бағыты нашарлай түседі.

Аристотельдің «Музыка арқылы біз өзімізді үлгілі өнерге бейімдеп өркендете аламыз... Музыканың моральдік мәні сол, біз оның әсерімен таза нәр аламыз, яғни шынайы сүйеміз, немесе жиренеміз... Музыканың шын мәнінде біздің жан дүниемізді толқытып, көңілімізді көтеруге құдіреті әбден жетеді» деген сөзіне сүйенетін болсақ, бұл – оқушыларды музыка сабағы арқылы өнерге бейімдеп, олардың музыкалық қабілетін жақсартуға әрі музыкалық мәдениетін қалыптастыруға болады деген сөз.

Л.С.Выготскийдің ойынша, «Егер музыка өзінен-өзі орындалуы керек әрекеттерді бізді тікелей басқармаса, онда бұл оның негізгі әрекетіне, психикалық тұрғыда бағыт-бағдар және күш береді. Өнер – бұл болашаққа деген мінез-құлқымыздың ұйымдастырылуы, алға басу, мүмкін ешқашан орындалмайтын, бірақ бізді алға ұмтылуға мәжбүр ететін талап деп қарастырамыз. Сондықтан өнерді негізінен кідірілген реакция деп атауға болады, өйткені оның әрекеті мен оны орындау арасында әрдайым көп немесе аз уақытқа созылатын уақыт болады» - деп айтады [3]. Біздің пайымдауымызша, психология, өнер, музыка адамға күш береді, қандай қадам бастасаң да оған шынайы ниетпен іс-әрекет жасап, шығармашылыққа жетелеп тұрғандай.

Американдық философ, ақын және ойшыл Р.У.Эмерсон «Музыка бізді шешендікпен ойлауға мәжбүр етеді» - деп сөз қалдырған [4]. Демек, егер музыкамен айналыссақ, біздің рухани мәдениетіміз байи түседі.

Мектеп оқушыларын шығармашылыққа баулу жөнінде айтпас бұрын, шығармашылық ұғымына анықтама берейік.

Шығармашылық дегеніміз – шеберлік іс-әрекеттің барлық түрлеріне, мінез-құлыққа, қарым-қатынасқа, қоршаған ортамен байланысқа енгенде туатын, жоғары шеберлік функцияларын дамытуға негізделген жеке шығармашылық.

Шығармашылық үшін арнайы стандарттар жоқ, өйткені ол әрқашан жеке және оны тек адамның өзі ғана жасай алады. Шығармашылық іс-әрекет арқылы біз адамның іс-әрекетін түсінеміз, нәтижесінде жаңа білім алуға әкелетін ойлау құрылымын немесе ол - шындыққа деген жаңа көзқарасты білдіретін сезім. Шығармашылық, өз табиғаты бойынша, сізге әлі ешкім жасамаған немесе сізден бұрын болған нәрсені жаңа, өз жолымен, жақсы етіп жасауды қалауға негізделген. Музыка сабағында оқушыларға музыкалық тәрбие беру олардың қоғамдық маңызы бар және қоршаған әлемді танып-білуге бағыттанған өзіндік көркемдік шығармашылық процесіне қатысу арқылы жүзеге асырылады. Демек, оқушыларға музыка сабағында алдымен, тәрбие беру, сосын әр баланың өзіндік жеке шығармашылықпен айналысуына бағыт беріп және оқушыдан нәтижелі жетістікке жетуіне жетелеп отыру қажет деп тұжырымдаймыз.

Музыка сабағында оқушының шығармашылық қабілетін дамыту музыкалық білім берудің өзекті мәселелерінің бірі болып қала бермек.

Атақты орыс композиторы, пианист, педагог Д.Д.Шостакович «Музыка...әрбір адамға өзін-өзі түсінуіне көмектеседі, ол адамның сезімі мен ойын байытады» - деген [5]. Бұдан шығатын қорытынды - біз балалардың шығармашылық қабілетін дамыту арқылы олардың өзін қоршаған дүниенің әсемдік сырларына үңілуіне, содан рухани нәр алуына және рухани жан-дүниесінің дамуына ықпал жасаймыз.

Композитор Д.Б.Кабалевский «Балалардың шығармашылығы олардың жауаптарының ерекшелігінен, мұғалімнің балаларға сұрақ қоюға деген құштарлықтан, музыкалық шығарманың орындалу табиғаты туралы өз болжамдарында және мектептен тыс уақытта тыңдалған музыка туралы әңгімелерінде көрінетін аудиторияны байқауында көрінеді»[6],

деп сенді. Композитордың кеңес заманында айтып кеткен болжамының қазіргі кездегі музыка сабағында мұғалім қолданып жүрген мәселелерді шешу және сын тұрғысынан ойлау технологиясына көп көмегі бар деп ойлаймыз.

Музыка сабағында жүретін музыкалық іс-әрекеттің түрлеріне мыналарды жатқызуға болады:

- музыканы қабылдау мен қызығушылығы;
- хормен ән айту;
- музыкалық және ырғақтық қозғалыстар;
- балалардың музыкалық аспаптарында ойнау;
- оқушылардың музыкалық шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Музыканы қабылдау – бұл музыкалық шығарма мазмұнын тұтас, бейнелі, эмоционалды саналы түрде түсіну процесі.

Жоғарыда айтып өткен музыкалық іс-әрекеттердің барлығы да музыканы қабылдауына көмектеседі. Оқушыларды музыка сабағында жеке ән орындату және хормен ән айту дағдысы – бұл музыкалық қабілеттерін дамытуда үлкен әуелетке ие, вокалдық және хор дағдыларын қалыптастыратын және адам бойындағы ең жақсы қасиеттерді тәрбиелейтін ұжымдық ән түрі.

Музыкалық – ырғақтық қозғалыстар – музыканың эмоционалды әсерін күшейтетін музыкалық материалды мотор-пластикалық зерттеуге негізделген іс-әрекет түріне жатады. Музыкалы-ырғақты тапсырмаларды беру арқылы олардың музыкаға және ырғақтық жаттығуларды жасауына, музыкалық ойындарға көбірек көңіл бөлулеріне ықпал етіп, жағдай жасауға болады.

Музыка сабағында оқушылардың музыкалық аспаптарда ойнауы – оқушылардың музыкалық қабілеттерін танытуға ықпал ететін, көркемдік тәжірибесін байытып, орындаушылық қызығушылықты дамытатын ұжымдық орындаушылық түрлерінің бірі. Оқушылар топта әртүрлі ырғақтық-қозғалыстарды бірге жасауға тырысады. Сонымен қатар, музыка сабағында оқушылардың шығармашылығы – бұл музыкалық есту қабілеттерімен, білімдерімен және дағдыларымен жұмыс жасай алатын, өзіндік жұмысқа байланысты музыкалық шығармаларын жан-жақты түрде қолдана білуі.

Алайда, сабақтағы музыкалық іс-әрекет түрлерінің саны музыкалық білім беру мәселелерін шешудегі табысты әлі анықтай алмайды. Бұл сабақтың барлық элементтері оның тақырыбын, тоқсан, жылдық тақырыбына сай келу үшін оны ұйымдастыруға кешенді көзқарас қажет, ал сабақтың өзі оқушылардың музыкалық шығармашылық қабілетінің дамуын қамтамасыз етеді. Осылайша, оқушылардың музыкалық белсенділік тек музыкалық ғана емес, жалпы шығармашылықты да дамытады. Олардың өзіндік ой-қиялдары мен эмоциялары дамиды, шығармашылық қиял көріністері де тәрбиеленеді, ерік-жігер, өз бетімен көңіл бөлу қабілеті күшейе түседі. Өз кезегінде сабақта жалпы шығармашылықтың музыкалық шығармашылықпен ұштасуы оқушының қабілеттері мен мүмкіндіктерін шындай түседі.

Барлық қабілеттердің дамуы балаларға бейімділіктері мен қызығушылықтарын ескере отырып, жеке көзқарасты талап етеді. Бұл дегеніміз – бастауыш сынып оқушылары өздеріне берілген тапсырмаларды орындауларына жауапкершілікпен қарауына ықпал етуі.

Музыка сабағында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары. Жалпы, орта білім беру жүйесінде өнердің басқа түрлері сияқты музыка да ерекше мақсатқа ие. Мысалы, адамның рухани жетілуіне ықпал ету. «Музыкалық өнер – мелодияларды(әуендерді), сондай-ақ оларды барынша тартымдырақ және кемелірек ететін нәрселермен шұғылданатын өнер» - деп Әл-Фараби айтып кеткендей[7], оқушыларды әуендерді тартымдырақ етуге үйрету арқылы олардың музыкалық өнерін ары қарай дамытуға болады. Бірақ бұл рухани құндылықтардың тасымалдаушысы ғана емес, сонымен бірге игеру қажет рухани қарым-қатынас тілі. Бұл шығармашылық қызметте, музыкалық бейненің жеке

нұсқасының жеке тұлғасын қалыптастыру процесінде, музыкалық шығармамен интонациялық-көркемдік байланыста болады.

Көптеген психологтардың көзқарастары бойынша, оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен шарттарының дамуы екі топқа бөлінеді: психологиялық жағдайлар (интеллектуалдық және тұлғалық факторлар) және әлеуметтік психологиялық.

Психолог Д.Б.Элькониннің көзқарасы бойынша: тұлғаның дамуы белгілі бір әлеуметтік жағдайда пайда болуы арқылы жүзеге асырылады. Бұл балалар психологы В.С.Юркевичтің жүргізген танымдық қажеттіліктерді зерттеуде расталады:

-танымдылық қажеттіліктің бастапқы деңгейі – нәрестелерде және сынып оқушыларында әсер алу қажеттілігі;

-танымдылық белсенділік әлдеқайда шоғырланған, бірақ әлі де стихиялық сипатқа ие болған қажеттілігі;

-қызығушылық пен бейімділікке сәйкес келетін жаңа білім алуға деген саналы ниетпен пайда болады[8]. Демек, оқушыларды музыка сабағында музыкалық тыңдау және музыкалық қабылдау қажеттілігі маңызды. Мысалы, сыныпта кейбір оқушылар музыкалық аспаптарды алғаш көріп, оларды ұстап, дыбыстарды есту кезінде, ерекше әсер алады және жаңа білім алуға қызығушылық қабілеттері арта түсуіне көметеседі.

Л.С.Выготскийдің айтуы бойынша, шығармашылық демалысты қажет ететін нәрсе, жаңаны ойлап табумен байланыстының барлығы қиялды қажет етеді және эмоционалды және интеллектуалдық өмірмен байланысты функция ретінде қарастырылуы керек. Қиял баланың өзінің болашағын болжайды, сондықтан оны құруға және іске асыруға шығармашылықпен қарайды.

Мектеп оқушыларын бақылай отырып, әр оқушының шығармашылық қабілеттерін дамытудың өзіндік алғышарттары пайда болатынына сенімдіміз. Алғашқы музыка сабағының кезеңінде музыка әлеміндегі сұлулықпен танысуы ең маңызды кезеңі болып саналады. Мұнда музыка баланың ішкі жан-дүниесін қалыптастыратын эстетикалық және адамгершілік тәрбиенің әмбебап құралы ретінде қызмет етеді. Баланың мектепте алғаш болған күндерінен бастап олардың музыкалық қабілеттерін дамытып және музыкалық мәдениеттің негізін қалыптастыру керек.

Ғылыми зерттеушілер музыкалық даму баланың жалпы дамуына үлкен әсер етеді деп санайды:

-эмоционалды сфера қалыптасады;

-қиялы оянады, ерік-жігері қалыптасады;

-ақыл-ойдың шығармашылық күштері іске қосылады.. Сонымен қатар, бастауыш сынып оқушылары үшін: оқыту, қарым-қатынас, ойын және жұмыс сияқты іс-әрекеттер тән. Оқуда жетістікке жету үшін баланың мінезінің коммуникативті белгілері: сыпайылық, қарым-қатынас, жауаптылық, сондай-ақ ерік-жігер, табандылық және т.б. маңызды.

Шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға жағдай туғызу балалардың шығармашылық дамуындағы маңызды факторлардың білі болып табылады. Ал бірнеше авторлар, атап айтқанда педагог-ғалым, балалардың ерте даму методикасының негізін қалаушылар балалардың шығармашылық қабілеттерін сәтті дамытудың негізгі шарттарын бөліп көрсетеміз: - балаға іс-әрекетті таңдауға, жағдайлардың кезектесуінде, бір сабақтың ұзақтығында, әдістерді таңдауда үлкен еркіндік беру және т.б. Сонда баланың қалауы, қызығушылығы, эмоционалды көтерілуі одан да үлкен психикалық стресстің шамадан тыс жұмыс істеуге әкеліп соқтырмайтындығына және балаға пайдасын тигізетіндігінен кепілі болады:

- ересектердің еріксіз, ақылды, достық көмегі;

- отбасында және балаларда жылы, достық атмосфера.

Баланы жұмыс істеуге үнемі ынталандыру, оның сәтсіздіктеріне жанашырлық таныту, тіпті нақты өмірде әдеттен тыс оғаш идеяларға шыдамды болу өте маңызды. Күнделікті өмірден ескертулер мен ескертпелерді алып тастау керек.

«Музыкалық тәрбиесіз, адамның толыққанды ақыл-ой дамуы мүмкін емес» - дейді атақты ұстаз В.А. Сухомлинский[9]. Яғни, ұлы ғұлама Әл-Фарабидің көзқарасы бойынша: алдымен балаларға тәрбие беру, содан кейін білім нәрімен сусындату принципін басты ұстанғанды жөн деп санаймыз.

Жоғарыда айтылғандарға назар аудара отырып, шығармашылық қабілеттердің дамуы тұлға мен ақыл-ойдың дамуымен байланысты екенін атап өтуге болады. Баланың шығармашылық қабілеттері оның қоршаған ортамен қарым-қатынасы барасында оқыту мен тәрбиенің әсерінен дамиды.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін сәтті дамытудың негізгі шарттары мыналар: ерте физикалық дамуы, балалардың дамуын оздыратын жағдай жасау, максималды күш-жігерді қажет ететін шығармашылық процесстің табиғаты, балаға іс-әрекетті таңдауда еркіндіктің берілуі, ересектердің көмегінсіз жұмыс жасай білуге үйренуі, достарымен қарым-қатынас, олардың бір-біріне көмектесуі, отбасындағы және достарының арасындағы жылы, достық атмосфера. Балалардың шығармашылық дамуы қазіргі оқыту практикасындағы маңызды міндет. Баланың шығармашылық дамуы өнермен, атап айтқанда музыкалық өнермен тығыз байланысты. Шығармашылық қабілеттердің дамуы тұлға мен ақыл-ойдың дамуымен байланысты. Демек, сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттері оның қоршаған ортамен қарым-қатынасы барысында оқыту мен тәрбиенің әсерінен дамиды. Тұлғаның шығармашылық дамуының заманауи тұжырымдамалары бар. Жоғарыда келтірілген теориялық зерттеулердің қорытындыларына сүйене отырып, балалардың шығармашылық қабілеттерін ойдағыдай дамыту үшін белгілі бір жағдайлар қажет деп ойладық: бастауыш сынып оқушылары отбасында және мектепте ұжымдағы жылы, достық атмосфера, белсенділікті таңдау еркіндігі, сынып жетекшісінен және пән мұғалімінен қолдау беріліп отырса, балалардың шығармашылық дамуына жол ашылып тұрары сөзсіз.

Сонымен, музыканы қабылдау адамның музыкалық және жалпы даму деңгейіне, мақсатты білімге байланысты деп тұжырымдаймыз. Музыканы қабылдау тек тыңдау арқылы ғана емес, музыкалы орындау – ән айту, музыкалық ырғақты қозғалыстар, музыкалық аспаптарда ойнау, театрлық іс-шаралар арқылы жүзеге асырылады. Сонымен бірге, музыкалық қабылдауды дамыту үшін музыкалық іс-әрекеттердің барлық түрлерін қолдану өте маңызды. Бұл музыка мұғалімінің алдына қойған мақсаттарының бірі. Сол мақсаттарды тиянақты орындау арқылы бастауыш сынып оқушыларының шығармашылықтарын дамыта алады. Оқушыларды музыкалық шығармашылыққа баулып, оларды эстетикалық және адамгершілік мәні бойынша қалыптастырып, музыкалық қабілеттерін дамытып, шығармашылық жұмыста тәжірибе жинауға және жеке басын қалыптастыруға жол ашу; екіншіден, шығармашылық қабілеттерін сәтті дамытудың негізгі шарттарын қолдану, мысалы, оқушының ерте физикалық дамуы, оларға іс-әрекетті таңдауда еркіндік беру, достары мен отбасының арасындағы жылы, достық атмосфера қалыптастыру, балалардың дамуын жеделдететін жағдай жасау, білім, спорт, мәдениет, өнер салаларында қол жеткізген жетістіктерін бағалау, оқушының жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, және т.б., былайша айтқанда, баланы физикалық әрі психологиялық тұрғысынан тәрбиелеу арқылы дайындау; үшіншіден, баланың тек музыка сабағында ғана емес, сабақтан тыс, көптеген мәдениет орындарында болуын қамтамасыз етіп, рухани байлығын одан әрі арттыруына жағдай жасау, музыкалық талғамы мен эстетикалық шығармашылығын дамыту, музыкалық қабілеттерін дамыту жолында сабақта алған білімдерін тәжірибе жүзінде іске асыруы, аспапта ойнауы, шығарманы өзіндік әрлеуі, музыкалық импровизацияны музыкалық қабілетті дамытудың маңызды бір әдісі ретінде оқушылардың білімдерін тереңдету, бекіту; сонымен қатар,

бастауыш сынып оқушыларының музыкалық және шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселелерін шешу кезінде ескеру қажет шарттарды орындау, және т.б.

Қорытынды

Кейінгі кезде, небір ғалым-педагогтар, мұғалімдер, музыканттар музыкалық әрекеттің негіздері (яғни, дене құрылымының физиологиялық сипаттамалары, мысалы, есту немесе дауыс апараты) бәріне қол жетімді деген қорытындыға келді. Яғни, олар жас балалардың музыкалық қабілеттерін дамытуға негіз болады деген. Ғалымдардың музыкалық проблемаларын зерттеудегі сарапшылардың пікірінше, дамымайтын қабілет деген ұғымның өзі ақылға сыймайды деген қорытындыға келеді. Егер баланың туа біткеннен бастап музыкалық дамуына қажетті жағдайлар жасалса, бұл оның музыкалық қабілетін қалыптастыруға айтарлықтай әсер етеді деп саналады. Бұл отбасында немесе әлеуметтік ортада баланың қабілетінің артуына жәрдем болады. Кейбір ата-ана балаларының өздерінің қалауы бойынша әртүрлі үйірмелерге: ағылшын тілі, орыс тілі, тіпті қазір қытай тілі курстарына беріп жатады. Бірақ, баланың өз қабілетінің деңгейіне қарай берілсе оның шығармашылығы арта түседі, бұл неғұрлым белсенді және неғұрлым жан-жақты болса, баланың музыкалық даму процесі тиімді болады және музыкалық білім беру мақсатына сәтті қол жеткізіледі. Сондықтан баланың табиғатына, оның жан-дүниесіне жақын үйірмелерге берген дұрыс болады деп тұжырымға келеміз.

Әдебиеттер

1. Теплов Б.М. Психология музыкальных способностей. –М.,2008.
2. Жалпы психология. – Алматы. 2012.
3. Рогова Е.И. Общая психология. – М., 2008.
4. Эмерсон Р.Г. Музыкальная энциклопедия, I-том. – М.,1999.
5. Абдуллин Э.Б. Музыкалық білім педагогикасының әдістемесі. –Алматы, 2009.
6. Кабалевский Д.Б. Бүкіл өмірдің ісі.//жинақ/ Құрастырушылар – Критская Е.Д., Пожидаев А.Г. – М. 1995.
7. Әл-Фараби. Нақыл сөздер. – Алматы,2018.
8. Юркевич В.С. Одаренный ребенок, иллюзии и реальность. – М., 2013.
9. Лук А.Н. Психология творчества. – М., 1998. - 215

ӘОЖ 781
МРНТИ 17.00.02

А.Т. Досбағанбетова¹, А.С.Байгонова²

*¹Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің доцент м.а,
Қазақстан, Шымкент қ, e-mail: aliya.tore@mail.ru*

*²аға оқытушы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент қ, Қазақстан, e-mail: aizhan.na@mail.ru*

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ ӨНЕРГЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ФЕНОМЕН РЕТІНДЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ

Андатпа

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының музыкада қолданатын «танымдық қызығушылық» ұғымын зерттеуге арналған. Бастауыш сынып оқушыларының пәнге деген қызығушылығын қалыптастыру ерекшеліктері, оның психологиялық және педагогикалық аспектілері, білім беру процесінің тиімділігіне, балалардың оқуға деген мотивациясының пайда болуына әсері көрсетіледі. Ең алдымен, бастауыш сыныптардағы оқушылардың музыка сабағына қызығушылықтарын зерттеу,

бұл музыкалық өнерге психологиялық-педагогикалық тұрғыдан танымдық қызметтің негізгі себебі болып табылатын қызығушылықты қалыптастыруға қатысты екені баяндалады. Егер танымдық іс-әрекет тәжірибесі педагогикалық сауатты ұйымдастырылған болса, нәтижесінде, қарапайым мақсаттарға күрделіге біртіндеп қозғалу, олардың алдына қойылған мақсаттарға жетуде оқушыларды қолдау оқушылардың мүдделерін нығайтуға және байытуға ықпал етеді. Музыкалық шығармаларды сауатты ұйымдастырып тыңдату, оқушылардың музыкалық қабылдауын және назарын белсендірудің әртүрлі тәсілдері бастауыш сынып оқушыларының қызығушылықтары мен талғамдарын дамытуға және олардың музыкалық қажеттіліктерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Бастауыш сынып оқушыларының музыкалық қызығушылығын қалыптастыру шарты ретінде: - балалардың белсенді және әртүрлі музыкалық қызметі; -музыка сабағында алған білімі;

-шеберлікті және дағдыларды байыту; -бастауыш сынып оқушыларының музыкалық қабілеттерін дамыту, жалпы әсемдікке деген қызығушылықты қалыптастыру. Әрбір болашақ музыка маманы өзінің сабағында оқушылардың қызығушылығын қалыптастыру мен олардың музыкалық сауаттылығының дамуы үшін, өзінің практикада жинаған іс-әрекеттерін тиімді қолдана алса, музыкалық білім беру үдерісінің мәнді де және мағыналы болуына мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: қызығушылық, танымдық-қызығушылық, жалпылама тәсілдері, музыкалық тәрбие, педагогикалық сауат, музыкалық білім беру шарттары, музыкалық шығармашылық, музыкалық өнер.

А.Т. Досбаганбетова¹, А.С. Байгонова²

¹и. о. доцента, Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Казахстан, г. Шымкент, e-mail: aliya.tore@mail.ru

²старший преподаватель, Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Казахстан, г. Шымкент, e-mail: aizhan.na@mail.ru

ИНТЕРЕС УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ К МУЗЫКАЛЬНОМУ ИСКУССТВУ КАК ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОМУ ФЕНОМЕНУ

Аннотация

В статье рассматривается понятие «познавательный интерес», используемое применительно к учащимся начальных классов при изучении музыки. Выявляются особенности формирования у учащихся интереса к предмету, его психологические и педагогические аспекты, влияние на эффективность образовательного процесса и на появление у детей мотивации к обучению. Изучаются условия, при которых формируется интерес учащихся начальных классов к музыкальным занятиям, к музыкальному искусству, интерес, который является основной причиной познавательной деятельности с психолого-педагогической точки зрения.

Если опыт познавательной деятельности организован педагогически грамотно, и основан на постепенном движении от простых задач к сложным, то это способствует достижению поставленных перед обучением целей. Грамотное прослушивание музыкальных произведений, различные способы активизации музыкального восприятия и внимания учащихся способствуют развитию интересов и вкусов младших школьников и формированию их музыкальных потребностей. В качестве условий формирования музыкального интереса учащихся начальных классов в статье отмечаются: - активная и разнообразная музыкальная деятельность детей; - знания, полученные на уроках музыки; - обогащение умений и навыков; - развитие музыкальных способностей младших школьников, формирование способности к восприятию прекрасного.

Ключевые слова: интерес, познавательно-интерес, обобщенные приемы, музыкальное воспитание, педагогическая грамотность, условия музыкального образования, музыкальное творчество, музыкальное искусство.

A. T. Dosbaganbetova¹, A.S. Baigonova²

¹acting associate professor, South Kazakhstan state pedagogical University, Kazakhstan, Shymkent, e-mail: aliya.tore@mail.ru

²senior lecturer, South Kazakhstan state pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan, e-mail: aizhan.na@mail.ru

INTEREST OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS IN MUSICAL ART AS A PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL PHENOMENON

Abstract

The article discusses the concept of "cognitive interest", used in relation to primary school students in the study of music. The article reveals the peculiarities of students' interest in the subject, its psychological and pedagogical aspects, its influence on the effectiveness of the educational process and on the appearance of children's motivation to learn. We study the conditions under which the interest of primary school students in music classes, in the art of music, and the interest that is the main cause of cognitive activity from a psychological and pedagogical point of view, is formed.

If the experience of cognitive activity is organized pedagogically correctly, and is based on a gradual movement from simple to complex tasks, it helps to achieve the goals set for training. Competent listening to music, various ways to activate the musical perception and attention of students contribute to the development of interests and tastes of younger students and the formation of their musical needs. As conditions for the formation of musical interest in primary school students, the article notes: - active and diverse musical activities of children; - knowledge gained in music lessons; - enrichment of skills and abilities; - development of musical abilities of younger students, the formation of the ability to perceive the beautiful.

Keyword: interest, cognitive interest, generalized techniques, musical education, pedagogical literacy, conditions of musical education, musical creativity, musical art.

Кіріспе

Қызығушылық түсінігі оқыту мен дамытудың маңызды қозғаушы күштерінің бірі ретінде осы зерттеудің бірқатар ортақ ұғымдарына кіреді.

Бұл мәселені бастауыш сынып оқушыларының музыкалық білім берудегі қызығушылықтың ролін мұқият қарастырамыз. Ғылымда қызығушылықтың әртүрлі анықтамалары бар, алдымен психология ғылымының ғалымдары қызығушылық туралы зерттеген бірнеше психологиялық еңбектерге тоқталуды жөн деп санаймыз.

Негізгі бөлім

Музыкалық білім беруді дамыту қазіргі мектептерімізде, оның ішінде білім баспалдығы болып саналатын бастауыш сынып жасындағы оқушылардың музыкалық қызығушылық іс-әрекеттерін тиімді ұйымдастырудың әдістерін, жолдарын іздестіру, болашақта өз қажетіне пайдалануды жетілдіру музыка мамандары үшін аса маңызды болып отыр.

Қазақстан Республикасының үкіметі қабылдаған «Білім туралы» заңының «білім беру жүйесі» аталатын үшінші бөлімінде «Білім беру жүйесінің басты міндеттері»:

-баршаның сапалы білім алуға құқықтыраның теңдігі; білім беру жүйесінің басымдығы; әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімдігі; жеке адамның білімдарлығын ынталандыру және дарындылығын дамыту, білім беру деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі; оқытудың, тәрбиенің және дамытудың бірлігі; білім берудегі басқарудың демократиялық сипаты, білім беру жүйесі қызметінің ашықтығы және оқытудың, тәрбиенің және дамытудың бірлігі; жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімі мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру; азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді және

құрметтеуге; халық дәстүрлерін қадірлеуге тәрбиелеу - делінген [1]. Демек, жасына, нәсіліне қарамай барлық балалар сапалы білім алуға құқылы деген сөз.

Бастауыш сынып оқушыларының музыкалық тәрбиесі қоғамдағы толғандырарлық бірінші кезектегі міндеттердің қатарына жатады, бұл өскелең ұрпақты музыкалық-адамгершілік тәрбиелеу мәселелерінің бірқатар маңызды аспектілерін түбегейлі шешуге кең жол ашады.

Бастауыш сынып оқушыларының музыкалы-адамгершілік тәрбиесін жандандыру мәселесі педагогтар алдына балалардың әр түрлі қабілеттерін дамытуға оңтайлы көзқарас, бағдар беру жолдарын іздеу және табу мәселелерін қойды. Музыка және адамгершілік мәдениет мәселелеріне бастауыш сынып оқушыларының қызығушылығы мен назарын күшейту мәдениет саласын кеңейтуге елеулі әсер етеді. Өнер мен өмір сұлулығы, сыртқы әшекей емес, оның мәні – адамгершілік, оның ішкі мазмұнының ажырамас бөлігі ретінде өмірдің барлық салаларында озады. Өнер адамның өмірі мен қызмет саласындағы мәні деуге болады, ал бастауыш мектептегі өнер рөлін кеңейту тиісінше педагогикалық мәселелер шеңберінің кеңеюіне әкеп соғады. Адамгершілік, еңбек, өндіріс, спорт, адамның мінез-құлқы және, әрине, музыка – осының бәрі ғылымның, қоғамның дамуындағы тамаша аспектілердің толық тізімі.

А.Н.Леонтьев қызығушылық - сезім [2], қызығушылық объектісі туралы жаңа нәрсе білу қажеттілігімен байланысты. Кез-келген бастауыш сынып оқушысы өзінің алғашқы қызығушылығын қуанышты эмоция арқылы жеткізетініне практика барысында көз жеткіздік. Қызығушылық, - бұл өзің күтпеген нәрсені сенімді түрде көрсету. Мысалы, музыка сабағында оқушыларға күнделіктідегідей емес, таңқаларлықтай түрде сабақты кәсіби шеберлігінді салып, музыкалық аспапта ойнап көрсетудің өзінен балалардың шынайы қуанғанын байқауға болады.

Қазақша уикипедияда қызығушылыққа мынадай анықтама берілген: қызығушылық – бір нәрсе туралы жағдайға қарай білуге құмарлық, дүниедегі заттар мен құбылыстарды танып-білуге бағытталған адамның жеке ерекшеліктерінің бір көрінісі. Адамның іс-әрекетіне, көзқарасы мен талғамына, мұрат-мүддесіне байланысты қызығушылықтары әр түрлі болады. Қызығушылық тұрақты қасиетке айналғанда ғана адам өз іс-әрекетінен жақсы нәтиже шығара алады [3]. Демек, оқушылардың нәтижелі жетістіктерге қол жеткізу үшін қызығушылығының тұрақты қасиетке айналуына ықпал жасау керек. Қызығушылықтың психология тұрғыда сипаттау: адамның танымдық әрекетті ынталандыратын қажеттілікке негізделген көзқарас және мотивациялық күй деп түсіндіріледі. Қызығушылық шындықтың белгілі бір саласына танымдық қызығушылыққа (қалауға) негізделген. Біртіндеп, ол субъектіге белсенді, белсенді көзқарастың тұрақты жеке қажеттілігіне айналуы мүмкін. Қызығушылық мазмұнға құштарлық, тапсырмаға қатысу, белсенділік, іс-әрекет барысында сипатталады. Қызығушылықты таңдануға, қызығушылыққа жақын эмоциялардың бірі ретінде түсіндіруге болады.

Енді қызығушылық танытқан тұлға туралы психологиялық тұжырымдарға тоқталамыз. Қызығушылық танытқан адам қызығушылық тудырады. Бұл дегеніміз – сикырлау, қызығушылық сезімі. Бұл эмоцияны бастан кешіретін адам жаңа ақпаратты қосып, қызығушылық тудыратын объектіге жақындау арқылы тәжірибені кеңейтуге, араласуға ұмтылады. Адам зор қызығушылықпен шабыттанады және жанды сезінеді. Дәл осы жандандыру танымдық және моторлық белсенділікті байланыстырады. Тіпті салыстырмалы қозғалғыштық жағдайында да адам өзінің қызығушылық танытқан ісімен айналысса, «тұрады және әрекет етеді» деген принциппен жүреді.

Қызығушылық – бұл.... -адам зейінінің сайлау; -оның ақыл-ой және эмоциялық белсенділігінің көрінісі, С.Л.Рубинштейн, философ және психолог. Ол қызметтің негізгі үш түрін атады: жұмыс, ойын, оқу және оларға психологиялық талдау жасады. Осы атаған түрлердің әрқайсысы үшін нақты мотивацияны, олардың табиғаты мен тұлғаның дамуымен байланысын сипаттады [4]. Біз мынандай тұжырымға тоқталамыз: мотивация адамның

қызығушылығын оятады, бірақ ол – талмай еңбекті қажет ететін жұмыс пен тәртіп арқылы жүзеге асады.

Осылайша, қызығушылықты біз осы объектіге қатысты таңдау, жоғары ақыл-ой және эмоциялық белсенділікпен сипатталатын объектіге жеке тұлғаның ерекше қатынасы ретінде түсіндіре аламыз. Сонымен қатар, ғалым-психологтардың теорияларын өз зерттеу жұмысымызда қолданамыз. Бастауыш сыныптардағы оқушылардың қызығушылықтарын зерттеу, ең алдымен, танымдық қызметтің негізгі себебі болып табылатын қызығушылықты қалыптастыруға қатысты, бұл қандай да бір салада білім, білік және дағды алуға дайындыққа және ұмтылуға әкеледі.

Басты себептерге қарағанда (ұжымдық, әлеуметтік себептер және т.б.) танымдық қызығушылықта оқыту себебі ретінде бірқатар артықшылықтар бар: - оқушылардың танымдық қызығушылығы мотив ретінде бірінше кезекте сезініледі. «Қызықты» және «қызық емес» - сабақ пен пәнді бағалаудың негізгі критерийлері. Бастауыш сынып оқушыларына оқытылатын заттың маңыздылығы туралы сенімділікті алдау қиынырақ. Осылайша, бастауыш сынып оқушыларының оқу мотиві оң және теріс болуы мүмкін. Мысалы, «мен мектепке баруды ұнатамын, өйткені онда достарыммен сөйлесуге, ойнауға болады» деген түрдегі сөздер баланың достарымен қарым-қатынас жасау ғана емес, олармен бірге жарыса сабақ оқу да қызықты екенін білдіруі мүмкін;

- танымдық қызығушылық баланы тек оқу іс-әрекеті барысында ғана емес, сонымен қатар бос уақытында да сабақтарға ынталандырады. Балалар қосымша әдебиеттерді оқып, өздеріне қызықты тапсырмалар мен жаттығуларды өз бетінше орындай алады, оқытылатын пәнде көбірек жаттыға алады және жетілдіре алады;

- танымдық қызығушылық борыш, жауапкершілік уәждерімен, өзін-өзі бекіту қажеттілігімен, кең әлеуметтік және ұжымдық уәждермен иерархиялық байланыстар арқылы мотивация жүйесінің құрылымына кіреді. Көрсетілген уәждердің өзара байланысы оқушының тұлғасын дамытады және байытады. Осылайша, танымдық қызығушылық басқа уәждермен өзара әрекет етеді және оларға әсер етеді, бұл бастауыш сынып оқушыларының қызығушылығын қалыптастыру бойынша педагогикалық қызметте ескерілуі тиіс.

Бастауыш сынып оқушыларының музыкалық шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру жалпы шығармашылықтың дамуына ықпал етеді. Балалық шақ шығармашылық үшін музыкалық қабілеттерін дамытуға тамаша мүмкіндіктер береді. Ересек адамның шығармашылық әлеуеті көбінесе осы мүмкіндіктердің қалай пайдаланылғанына байланысты болады. Осылайша, баланың шығармашылығы дамиды, музыкаға деген өзіндік көзқарастың негіздері және оған деген қажеттілік қалыптасады деп ойлаймыз.

Заманауи музыка пәні мұғалімінің міндеті - оқушыларға тек ақыл-ойды ғана емес, сонымен бірге жан-дүниені ойлауға, сезінуге, жанашырлыққа және дамытуға үйрету. Шығармашылық тәсіл кез-келген кәсіби қызметте маңызды екені бәрімізге мәлім. Адам қызығушылықпен, сүйіспеншілікпен, қиялмен ғана өз ісіне жақындайды. Сонымен, жоғарыда келтірілген тұжырымдамаларды қорытындылай келе, бойына музыкалық шығармашылық дарытылған тұлғаны дамытуда музыка пәні мұғалімінің рөлі өте зор және оны жаңа технологиялық және шығармашылық шешімдерді қолдану дәуірінде пайдалылық тұрғысынан бағалау керек екеніне көз жеткізуге болады.

Балалар мүдделері, әдетте, заттың немесе қызметтің эмоционалдық тартымдылығына негізделген. Яғни, қызығушылықты қалыптастыру процесінде басқа қажеттіліктермен, қабілеттермен, борышты түсінумен тығыз байланыс жүзеге асырылады. Орыс психолог-зерттеушісі М.В.Гамезо бастауыш сынып оқушыларының қызығушылығының келесі тәртібін ұсынады: -алдымен баланың қандай да бір білім немесе қызмет саласына деген қызығушылығы қоршаған ортаның әсерінен туындайды; -бұл қызығушылық оқу және сабақтан тыс сабақтарға ауыстырылады, нәтижесінде олар күш, тұрақтылық пен тереңдікке

ие болады. Осы айтылған оқушылардың қызығушылығын арттыру мәселесінде өз тұжырымдамасын енгізді.

Оқушылар алған білім көлемінің аз болуына байланысты танымдық қызығушылықтары әрдайым оқшауланбайды. Бұл мұғалімнің шәкірттеріне әр түрлі міндеттерді шешудің жалпылама тәсілдерін беру әрекеті жиі нәтиже бермейді, тек қана бастауыш сынып оқушыларының тұрақтылығы мен қызығушылығының қарқындылығын азайтады деген фактіні түсіндіреді. Балалардың қызығушылықтары оқыту үдерісіне, оның практикалық нәтижесіне байланысты екенін ескеру қажет.

Бұл бастауыш сынып оқушысы үшін оны қызықтыратын салада жетістікке жетудің, таңдаған қызметінде белгілі бір табыстарға жетудің маңызды екенін білдіреді. Осыған байланысты терең тұрақты қызығушылықты қалыптастыру үшін балалардың алдына қол жетімді мақсаттар қою орынды. Сонымен қатар, назар аударудың жиі ауысуы оқушының жеке тұлғасын қалыптастыру үрдісі мен оқуға деген қызығушылықты нығайтуға теріс әсер етуі мүмкін.

Егер танымдық іс-әрекет тәжірибесі педагогикалық сауатты ұйымдастырылған болса, бұл бастауыш сынып оқушыларына күрделі міндеттерді шешудің жалпыланған тәсілдерін біртіндеп меңгеруге мүмкіндік береді. Нәтижесінде, қарапайым мақсаттарға күрделіге біртіндеп қозғалу, олардың алдына қойылған мақсаттарға жетуде оқушыларды қолдау оқушылардың мүдделерін нығайтуға және байытуға ықпал етеді. Бұл дегеніміз, бастауыш сынып оқушыларына білімді игертуде жеңілден күрделіге сатылап жоғарылау деп тұжырымға тоқталамыз.

Музыкалық өнерге деген қызығушылықта (музыкатушы) Ю.П.Хаустова музыкалық қызметтің қандай да бір түрін меңгеруге, сондай-ақ тыңдауға арналған музыкалық шығармаларды саналы тыңдауда (музыканың ерекше түріне қызығушылық) көрсеткен ерекше қажеттілікті жүзеге асыру ретінде анықтады. Демек, музыка маманы оқушыларға музыкалық шығармаларды тыңдатпас бұрын, оларға көңілді, ашық, олардың теледидардан тамашалап жүрген мультфильмдердің саундтректерін таңдаса – музыкалық қызығушылықтары арта түсері анық деп ойлаймыз.

Музыкалық қызығушылықтың негізі келесі компоненттердің өзара әрекеттесуі болып табылады:

- музыка сабағында оқушының саналы ойына бағыт беретін музыкалық қажеттілік;
- қызығушылықтың мәнін ұғыну оның құндылығын арттырады, бұл оқушының музыкалық іс-әрекет үдерісіне эмоциялық тартылуын күшейтеді;
- музыкалық қызметтің қандай да бір түрін меңгеруге қажетті және оның құндылығын бастауыш сынып оқушыларының сезіне білуге және эмоциялық уайымдауға негізделген ерік әрекетін қалыптастыру. Музыкалық қызығушылықты музыкалық шығармаларды тыңдау арқылы жүзеге асырудың үш түрі бар: пассивті, жартылай белсенді және белсенді. Пассивті әдіс - кездейсоқ, саналы емес тыңдау. Жартылай белсенді әдіс - музыкалық шығармаларды дайындау және саналы түрде іріктеу алдындағы «аналитикалық» тыңдау. Белсенді әдіс - баланың өз шығармаларын орындауында және шығаруында көрінеді. Музыкалық қызығушылықты іске асырудың жартылай белсенді және белсенді тәсілі кезінде шығармашылық бастаманың жарқын көріністерін байқауға болады.

Алайда бастауыш сынып оқушылары бұл музыкалық қызығушылық түрлерін сирек көрсетеді. Бұл музыкаға деген қызығушылықты қалыптастыру – бастауыш мектептегі музыка сабақтарындағы маңызды міндеттердің бірі екенін тағы да көрсетеді, оны шешу оқушының жұмыс қабілетін арттыруға, көңіл – күйді арттыруға, есту бақылауын күшейтуге, орындаудың мәнерлеп – көркемдік жағын жақсартуға, оған көбірек ой-өрісін, айқындылығын және жетіле беруіне мүмкіндік береді.

Бастауыш сынып оқушылары мектептегі музыка сабағында музыкалық қызығушылықты қалыптастыру және эстетикалық талғамды дамыту мәселесін шеше отырып, мұғалімдер

балалардың «Музыка» пәніне немқұрайлы, салғырт қарауымен жиі кездеседі (мысалы, математикамен, қазақ, орыс және ағылшын тілімен және т.б. пәндермен салыстырғанда). Осылайша оқушылар музыкалық өнерге өзінің табиғи қызығушылығын біртіндеп жоғалтып жатады.

Д.Б.Кабалевский өзінің музыкалық тәрбие туралы еңбектерінің бірінде атап көрсеткендей, балаларды өнерге үйрету өте қиын, және осындағы негізгі қиындық – егер балалар осы өнер эмоциялық тұрғыда әсер етпесе, оларды өнерде бір нәрсеге үйрету мүмкін емес. «Музыка бізге көңілді ғана емес, ол кітап сияқты бізді ақылды және мейірімді етеді», «Музыка - адамға әсер ететін күшке ие, ол балалар мен жасөспірімдердің рухани тұлғасын тәрбиелеуде үлкен рөл атқара алады» деп нақыл сөздер қалдырды. Оның музыка өнері арқылы – адамзатқа жас баланың жүрегіндей рухани сезім, өнерге деген сүйіспеншілікті жеткізгісі келгенін байқауға болады.

Яғни, бастауыш сынып оқушылары музыкалық өнерді – таза айнадай қабылдайды деп тұжырымға келеміз. Өйткені, музыка өнеріне пәк сезімді жас бүлдіршіндердің де үлесі өте маңызды. Педагогикалық ғылымда бастауыш сынып оқушыларының оқу мүдделерінің дамуының бірнеше деңгейлері ерекшеленеді: әуестік-қызығушылық, білім алушылық, танымдық қызығушылық. Әуестік барлық балалардың музыка сабағына қызығушылықтың ең қарапайым дейгейі болып саналады. Бұл кезеңде оқушылардың музыканы терең зерттеуінің де қажеттілігі жоқ.

Ең алдымен, бастауыш сынып оқушыларды музыканың қызықты және ойын-сауық жағы тартады. Бұл кезеңде музыка сабағына деген қызығушылық, тақырыптың қызықтылығына, музыкадан туындаған эмоционалдық әсерлердің жарықтығы мен жағалығына негізделеді. Бұл қарапайым музыкалық аспаптарды пайдалана отырып, мысалы, Б.Ауданбайдың «Астана кештері» [5] әнінің бір бөлігі ретінде, эстрадалық шығармасы, патриоттық әні, күрделі және күрделі музыкалық шығармалармен салыстырғанда бастауыш сынып жасындағы балалар үшін қызықты болуы мүмкін. Әуестілік – музыкалық өнер сабақтарына деген қызығушылықтың ең төмен деңгейі болса да, оны бастауыш сынып оқушыларын пәнге қызығушылығын арттыру үшін пайдалану қажет деп санаймыз. Музыка мұғалімі музыкалық оқытудың бастапқы кезеңі барысында осындай қарапайым деңгейге сүйеніп, жұмыстың келесі кезеңдерінде оны белсендіруге кірісе алады. Сабақта қиындықтарды жеңуге немесе күрделі материалдарды меңгеруге ықпал ететін белсенді көңіл-күй, оң эмоционалдық жағдай жасау үшін қызықты.

Білім алушының музыка сабағына қызығушылықты дамытудың екінші сатысы болып музыканы оқуда оқушының оң нәтижелерінің ықпалымен музыкалық оқыту процесінде пайда болады. Осы кезеңде оқушылар өзіне қызықты музыкалық құбылыс: ән, музыкалық шығарма, музыкалық жанр, композитор, орындаушы және т.б. туралы жаңа білім алуға ұмтылысын көрсете бастайды. Музыка сабағына қызығушылықтың жоғары сатысы – танымдық қызығушылықты қалыптастыру. Оның пайда болуы музыкалық сезімдер мен қажеттіліктердің дамуымен байланыстыруға болады.

Музыка сабағына қызығушылықты зерттеу нәтижелері балалардың минималды, жеткілікті және жетілдірілген қызығушылық деңгейлерін анықтауға болады. Осылайша, бұл бастауыш сынып оқушыларының музыкалық талғамның ерекшелігімен, музыкамен айналысуға деген құлшынысымен және сабақтарға дайындық деңгейімен ерекшеленетінін байқауға болады.

Сабақты ұйымдастырудың дәстүрлі емес формалары, шығармашылық тапсырмаларды қолдану, қиындық деңгейімен сараланған тапсырмалар, балалардың танымдық қызығушылығын арттыратын және музыка сабақтарында жағымды эмоционалды жағдай туғызатын ойын әдістері енгізілген.

Қорытынды

Оқушылар тәжірибеде көрсеткендей, дербес сабақтарда музыкамен, үйде баланың өзі музицирлеу арқылы, мектепте концерттерге қатысып, музыка және музыканттар туралы

оқып-үйренуде арнайы оқулықтан алған білімі мен дағдыларын танымдық қызығушылығымен музыка сабағында пайдаланатын болады және музыкалық қажеттілікті өзі оқып, өзін-өзі музыкалық мәдениеттілікке тәрбиелейді. Тұрақты музыкалық қызығушылықты қалыптастыру негізі пәнге жалпылай кең қызығушылықты дамытуға жатады. Мысалы, сұлулық, әдемілік баланың музыкаға әуестігін оятатады. Бұл дегеніміз баланы әдемілікке, эстетикалық талғамын қалыптастыруға жақсы көмектеседі, осындай қызығушылықты қалыптастыру оқушылардың көркемдік талғамын, эстетикалық қажеттіліктерін және сезімдерін дамытудың жоғары деңгейін талап етеді.

Бастауыш сынып оқушыларының терең музыкалық қызығушылығын тәрбиелеу баланың сезіміне күшті әсер ететін көркем бағалы музыкалық шығармалардың көмегімен жүзеге асырылады. Әр түрлі жанрдағы және әр кезеңдегі дәуірлердегі музыкалық шығармаларды қолдану балалардың музыкалық қызығушылығын қалыптастыруға оң әсерін тигізеді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. 2007ж. 27-шілдедегі №319 бұйрық., ҚРБҒМ 2013ж.
2. Леонтьев А.Н. Потребности, мотивы и эмоции.// -М.:МГУ, 2001.
3. Қазақша уикипедия. Энциклопедия. Дереккөз://интернет ресурс.
- 4.Алиев Ю.Б. Мектеп мұғалім – музыканттың үстел кітабы..-М.,2000
5. Ауданбай Б. Балаларға базарлық.// -Астана кештері. – Шымкент қ. 2012ж.

ӘОЖ 78

МРНТИ 17.00.02

А.Т. Досбаганбетова¹, А.М. Қарсыбаева²

*¹доцент м.а, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Қазақстан, Шымкент қ, e-mail: aliya.tore@mail.ru*

*²аға оқытушы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Қазақстан, Шымкент қ, e-mail: mb.okmri@mail.ru*

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ БАРЫСЫНДА МУЗЫКА МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада музыка сабағында жаңа технологияларды қолдана отырып, музыка мұғалімінің кәсіби шеберлігін дамыту жолдары қарастырылған. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа сабақты түсіндірудің тиімді әдістерінің бірі - жаңа технологиялардың негізі, яғни музыка саласында жаңа технологияларды қолдану. Заманауи білім берудің жаңа технологиялық әдістері студенттердің дербес білім алуына, танымдық белсенділіктерін дамытуға, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға, кез-келген мәселе бойынша өз көзқарасын білдіруге және кез-келген мәселе бойынша өз көзқарасын білдіруге бағытталған.

Түрлі жаңа технологияларды білім беру ісінде қолдану оқу үрдісін сапалы деңгейге көтеруге, оқушыларға білім көкжиегінде шексіз білім алуға, мұғалімдердің әдістемесін дамыта отырып, білім беру үрдісін қызық және күрделі құбылысқа айналдыруға жағдай жасау мәселелері қарастырылады.

Бұл жаңа әдісті қолдану кезінде педагогикалық және психологиялық талаптарға сай бола отырып, оқушының оқу материалын меңгеруіне жағдай жасау қажет. Музыка саласында жаңа технологияларды қолдану, оларды түсіну, мектеп өміріне жаңа технологияларды кеңінен енгізу - жақсы білім алудың жақсы тәсілдерінің бірі болып есептеледі.

Кілт сөздер: білім беру, музыка, музыка мұғалімі, кәсіби шеберлік, жаңа технология, ақпараттық технология.

А.Т. Досбаганбетова¹, А.М. Қарсыбаева²

¹и.о.доцента, Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Казахстан, г.Шымкент, e-mail: aliya.tore@mail.ru

²старший преподаватель, Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Казахстан, г.Шымкент, e-mail: mb.okmpi@mail.ru

ПУТИ РАЗВИТИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО МАСТЕРСТВА УЧИТЕЛЯ МУЗЫКИ В ПРОЦЕССЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ НОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

Аннотация

В данной статье рассматриваются способы развития профессионального мастерства учителя музыки с использованием новых технологий на уроках музыки. Сегодня одним из наиболее эффективных способов ведения предмета подрастающему поколению является освоение новых технологий, то есть использование новых технологий в области музыки. Новые технологические приемы современного образования направлены на самостоятельное обучение студента, развитие познавательной деятельности, формирование креативности, умение выражать свои взгляды по любому вопросу. Рассматриваются вопросы применения различных новых технологий в образовательной деятельности, создания условий для повышения качественного уровня учебного процесса, получения учащимся безграничных знаний в образовательном пространстве, превращения образовательного процесса в сложное и интересное явление, развивая методики учителей.

При использовании этого нового метода необходимо создать условия, позволяющие учащемуся усвоить учебный материал, отвечая при этом педагогическим и психологическим требованиям. Использование новых технологий в области музыки, их понимание, широкое внедрение новых технологий в жизнь школы – один из лучших способов получить хорошее образование.

Ключевые слова: образование, музыка, учитель музыки, профессиональное мастерство, новые технологии, информационные технологии.

A. T. Dosbaganbetova¹, A.M. Karsybayeva²

acting associate Professor, South Kazakhstan state pedagogical University, Kazakhstan, Shymkent, e-mail: aliya.tore@mail.ru

senior lecturer, South Kazakhstan state pedagogical University, Kazakhstan, Shymkent, e-mail: mb.okmpi@mail.ru

WAYS TO DEVELOP PROFESSIONAL SKILLS OF A MUSIC TEACHER IN THE PROCESS OF USING NEW TECHNOLOGIES

Abstract

This article discusses ways to develop the professional skills of a music teacher using new technologies in music lessons. Today, one of the most effective ways to explain the subject to the younger generation is the basis of new technologies, that is, the use of new technologies in the field of music. New technological methods of modern education are aimed at independent student learning, the development of cognitive activity, the formation of creativity, the ability to express one's views on any issue. The article deals with the application of various new technologies in educational activities, creating conditions for improving the quality of the educational process,

getting students unlimited knowledge in the educational space, turning the educational process into a complex and interesting phenomenon, developing the methods of teachers.

When using this new method, it is necessary to create conditions that allow the student to learn the educational technologies in the field of music, their understanding, the widespread introduction of new technologies in the life of the school is one of the best ways to get a good education.

Key words: education, music, music teacher, professional skill, new technologies, information technologies.

Кіріспе

Музыка пәні – шығармашылық пән. Оған көптеген ізденіс, шығармашылық, іскерлік, тапқырлық өте қажет. Осы күнге дейінгі музыка сабақтары әртүрлі құрылымда, жоғарыда айтылып өткен авторлардан туындалып жатса да, барлығының да мақсаты бастауыш сыныптарда музыка сабағында жаңа педагогикалық технологиялардың әдіс-тәсілдерін тәжірибеде пайдалану.

Сондықтан да музыка сабағында оқушылардың бойына музыкалық білімді жаңа технологиялар арқылы сабақ өту, мұғалімнің басқа қырынан көрсететін шеберлігіне байланысты. Сол орайда музыка пәні мұғалімінің кәсіби шеберлігі жоғарғы деңгейде болу керек. Ал ол үшін музыка пән мұғалімі қазіргі таңда қолданысқа берілген жаңа педагогикалық технология әдіс-тәсілдерін, түрлі бағдарламалар элементтерін дұрыс және ұтымды қолдануы қажет. [1,11-12б]

Өйткені ең алдымен музыка шығармашылық, өнер сабағы екенін үнемі жадымызда ұстап, берілген тақырып мазмұнын шеберлікпен ашып көрсетіп, жас шәкірттер бойына музыкалық білімді құнарлы сіңіруіміз керек.

Ұлы педагог Ушинский: «Мұғалім білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, іздеуді тоқтатса, мұғалімдігі де жойылады» - деген болатын. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында «Білім беру жүйесінің басты – міндеті ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағыталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу делінген».

Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бір әдісі – жаңа технология негіздері болып табылады, яғни, жаңа технологияларды музыка сабағында пайдалану.

Жаңа технологияларды пайдалану барысында музыка мұғалімінің кәсіби шеберлігін дамыту

Қазіргі білім беру жүйесіндегі жаңа технологиялардың танымалдыққа ие: саралап оқыту, дамыта оқыту, деңгейлеп оқыту, модульдік оқыту, сын тұрғысынан ойлау технологиясын, жобалап оқыту технологияларымен қатар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен жүзеге асырылатын: компьютерлік технология, мультимедиа технологиясы, қашықтан оқыту технологиясы, желілік технология, интернет технология, интерактивтік технология, интерактивтік технология деп аталатын түрлерін білім берудегі инновациялық технологиялар тобына жатқызамыз.

Музыка сабағында барлық жаңа технологияның алдымен қоятын мақсаты – білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылықтарын қалыптастыру болып табылады.

Қазіргі білім беру саласындағы жаңа технологияларын меңгеру сауаттылыққа, жан- жақты білгір маман болуға ұмтылу керек. Жаңа технологияны меңгеру музыка мұғалімінің зейін- зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген ұстаздық келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектесетіндігі хақ.

Музыка сабағында жаңа технологияны пайдаланып, жете түсініп, жаңа технологиялардың әдіс-тәсілдерде мектеп өміріне кеңінен енгізу жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты болып табылады. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, педагогикалық — психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде.

Бұл заман талабына сай білім беруде жаналыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқытудың озық технологиялары мен жаңа технологиялық әдістерді сабақ үрдісінде тиімді пайдалана алатын білігі мен білімі жоғары ұлағатты ұстаз болу керек деген сөз. [2]

Ұстаздық жолды ұстанған тұлға үшін педагогикалық шеберлікті жетілдіру негізгі мақсат болып саналады. Өйткені мұғалімнің кәсіби шеберлігі шәкіртті қалай, қалайша оқыту үшін оның психологиясын білу;

- екінші жағынан, оқытып- тәрбиелеудің әдіс- тәсілдерін, жолдарын терең білу және оны қолдана білу мен астасып жатқан мәселе. Тәжірибеде осы талаптарға сай музыка мұғалімдерінің кәсіби шеберлігі дамып және қалыптасып жетіледі.

Атақты педагог- ғалым В. Сухомлинский «Мұғалімдік мамандық- бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырығы мол жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер ол даналықты жүрекпен ұға білу болып табылады»- деп ұстаздық өнерге ерекше баға берсе, қазақ ағартушысы Ы. Алтынсарин «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім- мектептің жүрегі» дегені бекер айтылған сөз емес. Педагогикалық шеберліктің негізгі балалардың өз еркімен дамуына жол ашу, оқу – тәрбие процесінде оқушылармен педагогикалық ынтымақтастықта жұмыс атқарудың формаларын, әдістерін дамыту, шәкіртке деген қамқорлық пен сүйіспеншілікті арттыру, жұмыс әдіс- тәсілдерін жаңаша жандандыра түсу педагогикалық шеберліктерінің басты сипаты болып табылады. Сондықтан әр бір мұғалім күнделікті сабағына өмір талабына сай дайындалып педагогикалық технологияларды кеңінен пайдалануы тиіс. Ол заман талабы.

Жаңа технологияларды музыка сабағында пайдаланып өту, музыка мұғалімінің кәсіби шеберлігін дамыту жұмысы ең бірінші сабаққа даярлықтан басталады, яғни, өтілетін сабақтың жоспарын құру, оны өткізу әдістемесі, оқушылардың қабілеттерін, жас ерекшеліктерін ескере отырып, техникалық құралдарды, дидактикалық материалдарды пайдалану. Мұғалімнің осы кәсіби шеберлігін дамыту әрекеті арқылы оқушының шығармашылық қабілеті қалыптасады. Ал, шығармашылық қабілеттер шығармашылық елес, шығармашылық ойлау арқылы жүзеге асады. Оқушыны шығармашылық ойлауға, жылдамдыққа, икемділікке, тапқырлыққа үйрету ол мұғалімнің әр сабағында қалыптасып отыратыны анық. Сабақта, жалпы білім беру мекемелерінде оқушыларға ыңғайлы және жайлы жағдай жасалу қажет, сонда ғана оқудан жақсы нәтиже шығады, ол тұлға ретінде жан - жақты дамитын болады.

Қазіргі білім берудегі жаңа технологиялық әдістер-тәсілдерді оқушының өз бетінше білім алуына, танымдық белсенділігін арттыруға, шығармашылығын қалыптастыруға, кез — келген мәселе жөнінде өз пікірінің болуы және оны дәлелдей алуы тағы сол сияқты ықпал ететіндігі белгілі. Осы жаңа әдістерді қолдану кезінде педагогикалық — психологиялық талаптарды біріктіре отырып, оқушының оқу материалын терең игеруіне жағдай жасау қажеттілігі ескерілуі тиіс. М. Жұмабаевтың “Педагогика” деген еңбегінде «Сабақ барысында мұғалім оқушыға тақырыпты жеткізу үшін алдымен балаға жаңа беретін білімді жат күйінше емес, баланың бұрынғы таныс біліміне байлап берсін» делінген.

Мектептерде компьютерлік технологияны қолдану оқушылардың шығармашылығын арттыруда белсенді роль атқарады. Жеке оқушының компьютерде жұмысты сауатты орындауы, музыка сабағына қатысты ақпарат көздерін ала білуі дара тұлғаның қалыптасуына әсер етеді. Компьютер оқушылар үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Олай болса музыка сабағында компьютер арқылы жүргізу-оқу үрдісін белсендіруге, мәселені шешуге және шешім қабылдай білуге, оқушының өзін өзі бақылауына

мүмкіндік туғызады әрі оқушы ерекшелігін ескере отырып оқытуды жүзеге асырады. Музыка мұғалімі сабақты дұрыс жоспарлап, мақсатын нақты белгілеп алмайынша көздегеніне жете алмайды. Сабақтың мазмұнын, құрылысын, дәлдігін, жұмыс жүргізу тәсілін мұқият ойластыру қажет. Музыка пәні шығармашылық пәндер қатарынан болып саналады. Бірақ осындай қайшылықтарға қарамастан музыка пәні өте қызықты пәндердің бірі ретінде оқушылардың жан-жақты жарасымды жетілуіне, музыкалық сауатты болуына қажетті білім беретін, яғни құзыретті жеке тұлғаны тәрбиелеуге өзіндік үлес қосатын пән. [3,416]

Ақпараттық технология негіздері тұлғаның музыка пәнінен алған білім сапасы мен сауаттылығын кеңейтуге жәрдемдеседі, мысалы: интернет сайты арқылы жоғары деңгейдегі көрнекіліктерді пайдалануға болады. Заман ағымына қарай сабақта музыкалық-видео, музыкалық-аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану оқушының дүниетанымын кеңейтеді. Әсіресе, оқулықтағы тарауларды қорытындылау кезінде оқушылар қосымша материалдар жинақтап, білімдерін кеңейтіп, танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, қисынды ойлау жүйесін қалыптастырып, шығармашылығын дамытады. Ақпараттық-технологияларды музыка сабақ үстінде пайдалану арқылы сабақ барысында техниканы қолдану арқылы материалды түсіндіру, оқушыны сөйлету және пікірталас, бекіту, оқушылардың білімін бақылау, жеке жұмыс, талдау, тестілеу, қажет ақпаратты іздестіру; сабақтан тыс уақытта оқушының дербес, өздігінен қолдануы, яғни үй тапсырмасын орындау, рефераттар даярлау, өзіндік бақылау жұмыстары жүзеге асады. Сонымен қатар, музыка мұғалімі АКТ-ны қолдану музыкалық үрдістерді сипаттап, талдау жасау үшін компьютер немесе басқа да ақпараттық құралдар арқылы көрнекілік ретінде суреттер, музыкалық бейнероликтерді кеңінен қолдану, оқушылардың музыкалық есту, көру қабілеттерін дамыту үшін табиғаттағы заңдылықтар мен үрдістерді анимация арқылы қолдану тиімді, мысалы: мультимедиялық технологиялардың көмегімен күрделілігі жөнінен түрлі деңгейдегі музыкалық тапсырмалар мен алған білімдерін тексеріп, бекіту өте тиімді. Әсіресе музыка сабағында тоқсандық тақырыптарды қорытып, қайталауда тест тапсырмаларын оқушылар қызыға орындайды.

Ключевые слова: Казахский эпос и фольклор, народные песни, исторические кюи, Коркыт Ата, Салауаткерей, Кангожа, Тулак.

R. T. Syrailova¹, S.B. Dyusebayeva²

¹senior lecturer, South Kazakhstan state pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan, e-mail: viproza64@mail.ru

²senior lecturer, South Kazakhstan state pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan, e-mail: sabit.nsp@mail.ru

IN THE DEVELOPMENT OF MUSICAL WORKS IMAGE OF HISTORICAL EVENTS

Abstract

In the article, as a result of the long historical development of musical works, the Kazakh folk instrumental music formed the well-known genres of kuev, performed on dombra, kobyz and sybyzgy. Then the legends, historical cuis, customs, lyrical cuis, and hardships were divided.

Kuyler's legends are works aimed at folk and traditional music. These compositions, extant, reflect not only the lifestyle and the life of the people, but also beliefs about the world, about the phenomena of the world: "Akku", "Kok Mr", "Nar idgen", "Sarily hunter", "Korkyt", "Kazan", "Krugly", "Gmal", "SIRM Kyz", "SIRM Saari", "Kambar kuyi", "Selma", "Asa Kulan", "Asa Kyz", "Tepen Kok", "Tepen cook", "state.

Keywords: Anyz kuyler, Kazakh epics and folklore, Turmys-salt anderi, tarihi kuyler, Korkyt ATA, Salauatkerei, Kangozha, Tulak.

Кіріспе:

Адам сезімі тым ұшқыр, шегі жоқ. Сол ұшқыр сезімді бейнелеп жеткізуге тек музыканың ғана құдіреті жете алады. Музыка - сезім тілі. «Оқыған сайын оқудың керектігін сезінесің» дегендей, музыканың тұнығын бойлаған сайын оның сан салалы, тіпті ғажайып сырлы құдіретін сезіне бастайсың. Музыка тек адам жанына ғана әсер беріп қоймай, тіршілік әлемінің барлығына да әсер ететіндігі белгілі. Музыканың өсімдіктер клеткалары мен

жануарларға адам таңданарлықтай әсер етулері сияқты қызықты деректер көп-ақ. Мұны дүние жүзінің көптеген ғалымдары іс жүзінде дәлелдеп отыр.

Тіршілік әлемінде ең жоғарғы ақыл иесі - адам. Сондықтан музыканың адам жанына беретін әсерінде шек болмауы керек.

Музыкалық материалды игеру үстінде балалар гармония (үйлесім) жөніндегі түсінікті, Музыкалық өнерді қабылдауды қалыптастыратын нақты педагогикалық тәсілдер қажет.

Музыка сабағында музыкалық шығарманы тыңдап, қабылдай білу, оның шығу тарихымен танысу, жеке орындап үйрену музыка дүниесін түсінуге кең есік ашады. Музыкалық қабылдау музыкалық іс-әрекеттердің барлық түрлерінің нәтижесінде қалыптасады.

Музыка әуенін тыңдап түсіну мәдениеті бала кездегі тәрбиенің негізінде қалыптасқаны жөн. Ол үшін оқушыны, ең алдымен, сезім байлығын дамытуға, есту, есте сақтау, қиялды ұштау және шығармашылық еңбекке үйреткен тиімді.

Музыканы дұрыс тыңдап, одан ерекше ләззат алу үшін музыкалық шығарманың талғамдық деңгейі, оқушыға беретін сезімдік ассоциациясы маңызды орын алады.

Дәстүрлі аспаптық музыкасының ертеден келе жатқан бұл жанрлары мәдени болып табылады, яғни, ауызша әңгіменің, музыканың, театрлық элементтердің, орындаушылық өнердің ең басынан бір тұтастығын аңғартады.

Сонымен қатар музыканың (ән-күйдің) жалпы табиғатын білдіретін мәліметтерде жиі айтылып отырылғаны жөн.

Мысалы, айтылған немесе үйретілетін ән-күйлердің сюжеттік суреттемесін айтып беру, олардың дыбыс күшімен нені бейнелейтінін әңгімелеу балалар үшін өте қызықты болады.

Ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу, өмірге енгізу санадағы ескінің сарқыншағы деп бағаланды. Халықтық дәстүрлер өзінің қоғамдық мәнін жойып, отбасылық мәнге ғана ие болды. Оның өзі бертін келе, мектеп, жоғары оқу орындарының тәрбие жұмыстарының негіздеріне кірді.

Балаға жан-жақты тәрбие беруде үлкен жауапкершілік. Оқу-тәрбие жұмысының бағдарламалары, әдістемелік нұсқаулар ұлттық тәлім-тәрбие жұмысының жүйесі құрылды. Ұлттық тәрбиедегі ұрпақ сабақтастығы сақталды.

Қазақ ұлтының рухани мәдениетіндегі орындаушылық өнері пайда болатын қасиет. Баланың бойында ең алдымен анасына, өз отбасына, өз үйіне, туған жеріне деген жылы сезімнен бастау алатын, тұлға есейген сайын біртіндеп ұлт, халық, әлеумет, мемлекет деңгейіне көтеріле бастайды.

Қазақ халқы - рухани зор байлықтың мұрагері. Ежелгі ата-бабаларымыздың күмбірлеген күміс күйі, сыбызғы-сырнайының үні, асқақтата салған әсем әні, ғашықтық жырлары, шешендік сөз, айтыс өлеңдері мен бостандық үшін жері мен елін қорғаған батыр бабаларымыз туралы тарихи жырлары, дастандары ғасырлар бойы өз ұрпағын өнегелі де, өнерлі, адамгершілік ар-ожданы жоғары намысқой азамат етіп тәрбиелеп келгені тарихи шындық. Қазақ музыка шығармашылығы арқылы оқушылардың орындаушылық өнерін қалыптастыру үлкен тәрбиелік мәнге ие. Олай болса, тәуелсіздік туы желбіреген егеменді еліміздің болашақ патриот ұрпағын тәрбиелеуде оқушылардың бойына ізеттілік, қайырымдылық, кішіпейілділік, әдептілік, елін, жерін, Отанын сүю секілді ең асыл қасиеттерді қаны мен жанына сіңіруде осы ата-бабамыздың салт-дәстүрін негізге ұстансақ, өте ұғымды болар еді.

Халық әндері арқылы туған еліне, өз халқының салт-дәстүріне құрметпен, сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу, халық музыкасын тыңдау және орындау арқылы қоршаған ортадағы сұлулықты, табиғаттағы әсемдік пен адамдар арасындағы қарым-қатынасты сезіп, түсінуге тәрбиелеу болып табылады. Жалпы білім беретін мектептегі оқушыларға қазақ ұлтының рухани мәдениетін тәрбиелеуде халық әндерінің ерекше үлкен мәні бар екенін атап өту қажет. Мысалы: «Елім - ай» әнін білмейтін, оны орындағанда тебіреніп, қатыгездіктің құрбаны болған боздақтарын еске түсіріп, бүгінге дейін көзіне жас

алмайтын қазақтың кәрі-жасы кемде-кем. Ауыздан - ауызға, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, халықтың өткен тарихын, ой-қиялын, арманын бейнелейтін халық әні ерлікке, мейірімділікке үйретеді. Осындай шығарманы тыңдау, орындау арқылы оқушылар қоршаған ортаны таниды. Оқушыларға ата-бабаларымыздан келе жатқан қазақ ұлтының рухани тәрбиелеуде мәдени мұрамызды, байлығымызды игертуге, ақыл-парасат күшін ұғындыруға атсалысуымыз керек. Сол себепті халық әндерін репертуарға кіргізу керек екендігін, оның көркемдік тәрбиелі жағы бағалы екендігін атап кетуге болады. Оқушылардың халықтық музыканы үйренуінде, қабылдауында жас ұрпақтың халық музыка шығармашылығына деген қызығушылығын оята білуіміз қажет.

Дәстүрлі күй-аңыздарына мазмұнның алуан түрлілігі тән. Бұл аңыздарда көшпелі малшылардың тұрмысы, еңбек кәсібі, халықтың эстетикалық дүние тану көзқарасы бейнеленеді. Академик М. Әуезовтың пікірінше, күй аңызында «Қазақ эпосы мен фольклоры елінің бір саласы ретінде музыкамен етене жақын, тығыз байланысты... сыбызғы, қобыз, домбыра, сөйлейтін көп күйлермен қатар, сол күйлердің ауызша айтылатын керкем, шебер әңгімесі болатыны мәлім»[1] делінген.

XIX-XX ғасырдың біртуар ғалымдары, жазушылары, шығыстанушылары - Ф.Диц, Ш.Уәлиханов, П.Остроумов, В.Жирмунский, М.Әуезов, Ә.Марғұландардың деректері бойынша Қиыр Шығыс және Орталық Азияның түркі тілдес халықтары өзінің патриархы ретінде халық қазынасының сақтаушысы, музыканың бастаушысы саналған Қорқыт бабаны (ҮШ- IX ғ.ғ.) пір деп бағалайды[2].

Ол туралы академик А. Жұбановтың баяндаған аңызын келтіре кетейік: «Халық шежіресінің айтуынша, Қорқыт аты тек туыстарының ұнатып қоя салған аты емес. Қорқыт шыр етіп жерге түскенде, ол айналасын қоршап отырғандарға, шешесіне кішкене сәби сияқты болып көрінбеген, түрі адамға ұқсамайтын «қап» сияқты болып көрінген, жұрт шошып, қашып кеткен, бейшара шешесі ғана қасында қалған. Қап емес адам тапқанын жүрегі сезген ана, ғажап заттың ауызын аша бастайды. Әлсіз үнді сәбиін көреді. Оны емізеді, баланың жылағанын естиді. Баланың даусын естіп, бағанағы қорқып қашып кеткендер енді қайта жиылады, балаға «Қорқыт» деген ат қояды

Бұл аңызды XIX-ғасырда Ш.Уәлиханов жазған, кейіннен А. Диваев толықтырған, А.Жұбанов қайта жазған[3].

Жалпылай айтқанда, қобыз күйлеріне байланысты алғаш айтылар ерекшеліктерге аса бай бейнелік мазмұнды, нақтылы, әрі әртүрлі келетін тақырыптық байлықты, жиі қолданылатын шеберлік тәсілдерді, сондай-ақ құрылымдағы жалғыз қаданстық (монокадансовость) пен үнемі қайталанып отырылатын толғауларды жатқызуға болады.

Қорқыт күйлері деп жиырмадан астам күйлер аталады. Соның ішінде әйгілі аңыз-күйі «Желмаяда» бар.

Музыкалық тәжірибеде әр аспаптарда аттас күйлер жиі кездеседі. Мысалы қобыздағы «Желмая» - Қорқыткі болса, домбырадағы осы аттас күй атақты жырау Асанқайғыға көптеген тарихи деректермен дәлелденген.

Аңыз күйлердің тақырыбы мен мазмұны көбінесе адамның Отанға, артында қалған туған жерге деген сағыныш сезімдеріне арналған. Осындай сезімге толы, сыбызғыда орындалатын, қасында ата-анасы, басында баспанасы жоқ, көрінгеннен түрткі көрген жетім баланың мұңлы өмірін бей-нелейтін күйлердің бірі - «Жетім бала» күйі:

Жалпы айтқанда, ежелден бері келе жатқан аңыз күйлерде халқымыздың күнделікті өмір тұрмысы, ертегі - аңыз бейнелерімен қатар, Отансүйгіштік, патриоттық тақырыптар ерекше орын алады. Аңыз күйлер қазақ елінің өмір тарихын, тұрмыс-салтын және рухани даму жолдарын көркемдік түрде паш етеді.

Жоғарыда аталып өткен күйлерге қосымша, халық арасында кең тараған басқа да аңыз күйлері өте мол. Мысалы, «Аққу», «Желмая», «Жетім қыз», «Тепен кек», «Көрұғлы»,

«Аңшының зары», «Сары өзен», «Нар идірген», сияқты тағы басқа күйлердің өзімен бірге айтылатын аңыздары бар[4].

Аспапты музыканың ежелгі, көне түрлерінің мағынасы өте зор, себебі ауызша дамыған әншілік - поэтикалық көне өнермен қатар, аспапты туындылар да қазақ халқының рухани өмір тарихының бастау - көзі болып қала бермек.

Тұрмыс-салт әндеріндегідей, адам өмірінің туу, үйлену, өлу сияқты тағы басқа ең басты тағдырлы кезеңдерінің суреттелуі қазақтың аспапты музыкасында да кең орын алады. Мысалы, ел ішінде көп таралған: беташар, той бастар, қоштасу, естірту, жоқтау, аңсау, толғау күйлері адам өмірінің осы маңызды кезеңдерін терең де әсерлі бейнелейді. Мысалы, үйлену тойы дәстүрлі «Той бастар» күйімен ашылады:

Мағынасы жағынан шерлі, мұнды сезімдерге толы «Қоштасу» күйлерінде туған елмен, туыстармен қоштасу және өмір жайында толғау, өмірмен қоштасу сияқты тақырыптар, кеңінен қамтылады. Бұл күйлер тобына әйгілі Құрманғазының, Дайрабайдың, Т.Момбековтың, М.Өскенбаевтың (1904 -1982)[5] «Қоштасулары»; Еспайдың «Қош аман бол, Ақбикеші», «Өтті-кетті» сияқты күйлері жатады:

Өлім, қазаға арнап шығарылған тұрмыс-салт әндерімен қатар аспапты музыкада да жоқтау жанры дамып, жетілді. Халықтың шебер күйшілерінің шығармашылығында бұл жанр тұрақты, берік орын алды. Мысалы,

Салауаткерейдің «Салауат күйі», Дәулеткерейдің «Салық өлгені», Сейтектің «Қорамжан», «Ғазиз» күйлері, Ықыластың «Ерден» күйі - бұл жанрдың ерекше әсерлі үлгілері болып саналады:

Академик Әлікей Марғұлан өзінің Шоқан Уәлихановқа арнаған мақаласында «жақын адамның өлімін музыканың көмегі арқылы естіртуді қазақтардың қалыптасқан дәстүрі деп есептеуге болады» деп жазды. Мысалы, Шоқанның өлімі туралы қаралы хабарды оның әкесіне сол кездегі атақты күйшілер Қанғожа мен Тулақ жеткізген. Қанғожаны керген Шыңғыс одан бір күй орындауын сұрайды, бірақ күйдің орнына аса кайғылы әуен естіледі. Шыңғыс басқа әуен орындауын өтінеді. Бұл әуен одан бетер қайғылы естіледі. Осы кезде Шыңғыс Қанғожаға ойынын тоқтатуды бұйырып, Тулаққа, көңіл аударды: «Тулақ, сен тартшы! Күйшілер мұңлы әуенді төге береді... Қайғылы саздардың бірінен-соң бірі естіледі. Қанғожа қобызда, ал Тулақ сыбызғыда ойнаған ...»[6].

Алғашқыда әр түрлі өмір кезеңдеріне, салтанатқа, той-думан, астарға арналып шығарылған әндерді аспапта сүйемелдеуден пайда болған тұрмыс-салт күйлері, кейіннен дами келе, өз алдына бөлек жанр болып, халықтың шебер күйші композиторлары - Еспайдың, Дәулеткерейдің, Құрманғазының, Динаның және т.б. халық композиторларының шығармашылық өнерінде биік шыңға көтерілді.

Қазақтың дәстүрлі аспаптық музыкасын зерттеушілер күй тартысты бірнеше түрге бөледі[4]: бірінші түрі - сайысқа түсетін күйшілердің жеке орындаушылық өнерлерін көрсететін тартыс. Күйшінің алдына қойылатын мақсаттың жеңілдеу болғандығынан, тартыстың бұл түрі халық арасында кең таралған.

Екінші түрі - күйшінің шығармашылық қабілетін көрсететін тартыс.

Үшінші - тартыстың ең күрделі түрі. Онда күйшінің шығармашылық және орындаушылық өнерімен бірге, оның жаңа ғана естіген күйді дереу қайталап беру өнерін қандай дәрежеде меңгергенін көрсететін тартыс.

Халық жадында тартыстың осы түрлеріне мысал бола алатын, көптеген ауызша деректер, әңгіме аңыздар көп сақталған. Біздің дәуірімізге ХІХ ғасырдың аяғында Қоңырат жерінде болған атақты тоғыз күйшінің арасында болған күй тартыс жөніндегі деректер толық жетіп отыр.

Бұл қазақ халқының рухани өмірінде аса жарқын із қалдырған ірі оқиғалардың бірі болды. Сайысқа Орынбай, Дүкенбай, Қаратөс-Аймағамбет пен Қаналы төре сияқты атақты күйшілер қатысты. Сайыстың шарты бойынша әр күйші алпыс екі Ақжелең күйлерін толық

орындауға міндетті еді. Осы кезге шейін белгісіз болып келген күйші Қазанғап, жарысушылардың арасынан алға суырылып шығып, алпыс екі Ақжелеңді нақыштай орындауымен көзге түсті. Әсіресе оның «Күй шақырғыш Ақжелеңі» ұтымды орындалды. Сайыс жүлдегері Қазанғаптың аты қазақ даласына кең тарады[7].

Қазірге дейін халық есінде Құрманғазы меі Дәулеткерейдің, Қазанғап пен Усен Төренің, Тәттімбет пен Найман қызының, Аққыз бен Әбікен Хасенұлының күй тартыстары анық сақталған.

Тарихи күйлер бізге белгілі болған замандардың рухани белгісіндей болып, әр дәуірде де тартылып келген. Тіпті ежелгі сақ, ғұн, үйсін, қаңлы тайпаларынан жеткен ән- күй мұралары туралы нақтылы деректерде бар.

Бұған мысал ретінде, жоғарыда келтірілген, ХІҮ-ғасырда жазылған Әбдіқадыр Мұрағидың «Зубдәтел әдуар» атты еңбегіндегі: «365 немесе 366 күй туралы» мақаланы айтуға болады. Грек тарихшысы Квант Курций Руф жазған «Ескендір жорығы» еңбегінде де Орта Азия көшпелілерінің күй тарту үрдістері сөз болған. Міне, осындай деректерде көшпелі ру-тайпалардың аспапты музыкасының тарихи негіздері хатталған[8].

Жалпы Шығыстағы тарихы мен дәстүрі сақталған басты тақырыптардың бірі - Александр Македонский сияқты ұлы тұлғаға байланысты айтылады.

Батыс пен Шығыстың кептеген елдерін бағындырған атақты қолбасшы Александр Македонскийдің (IV- ғ.б.з.д.) көркем бейнесі көне дәуірден бері әртүрлі елдердің қызығушылығын тудырып отырған. Шығыс елдеріндегі осы тұлғаға қалам тартқан ұлы ақындар Фирдоуси - өзінің «Шахнаме» поэмасының үлкен бөлімін қолбасшының ұлы жорықтарына арнаса, Низами - «Искандер-наме» дастанын соған әдейі арнап жазған. Осы туындыларда зерттеуші Е.Бертельс шынайы атап өткендей, ұлы Ескендір (Александр) негізгі үш тұрғыда, жаулаушы-патша, философ-патша; пайғамбар-патша ретінде бейнеленген[9].

Ескендір жөніндегі әлем әдебиетінен қазақ фольклоры мен әдебиеті де сырт қалған жоқ. Бұған мысал ретінде «Мүйізді хан» атты ертегілер тізбегін немесе ұлы Абай Құнанбаевтың «Ескендір» поэмасы мен Ыбырай Алтынсариннің «Ұлағатын» атасақ та жетеді.

Халық күйлері «Кеңес», «Шубар ат», «Шыңырау», «Аққу», «Сары өзен», «Бозайғыр» сияқты тағы басқа күйлердің Қорқыт баба дәуіріне дейін шыққаны жөніндегі деректер мол. ХҮ-ХҮІ ғасырлар шамасында қазақ хандығы қалыптасып, ол үш жүзге бөлінген уақыт болатын. Тарихи әндер сияқты, тарихи күйлерде халықтың басынан өткен үлкен оқиғаларға байланысты шығарылған. Мұндай үлкен тарихи оқиғаларға 1723-1774 жылдардағы «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» атанған Жоңғар басқыншылығы, Сырым Датов (1783) және Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісов бастаған халық көтерілістері (1836-1837), Есет Серкебаев пен Бекет Көтібаров бастаған шаруалар көтерілісі (1852-1853), соңғы кезеңдегі көтерілістер - 1916 жылғы Амангелді Иманов басқарған ұлт азаттық көтерілісі және басқалар жатады.

Осындай ұлт есінде мәңгі қалатын тарихи оқиғалар халықтың аспаптық музыкасында да кеңінен орын алып, күй тілінде асқан шабытпен кескінделіп қалды.

Ел тарихындағы елеулі оқиғалар халық аспаптарында күй тілімен суреттеліп, ерекше рухани естелік ретінде сақталып келді.

Халық басына төнген қаралы күндерді суреттеген тарихи күйлерді «Зар заман», «Ел айырылған», «Қос айырылған», «Қазақ-ноғайдың айрылысу күйі» деген топтарға біріктіруге болады. Осы топтардағы күйлер дәстүрлі қоштасу жанрына жатады. Бұл күйлерден халықтың шерлі қайғысы, мұң- зары, жоқтауы естілгендей көрінеді[10].

Мысалы, «Қазақ - ноғайдың айырылысу» күйінде түрлі жанрдың элементтері: қоштасу, жоқтау, тарихи үрдістер тоғысқан. Бұдан қазақ күйлеріне тән көпжанрлық ерекшелікті де байқауға болады: Күйдің өнбойынан ұлттық әуездің табиғаты білінеді: онда ән өнеріндегідей сыңсу да, жылау да, қимастық та бар.

Ұлы Отан соғысы жылдарында ел басына түскен ауыр қайғыны, қоштасу-айырылысуды, батырлар ерлігін суреттейтін патриоттық күйлер пайда болды. Мұндай күйлер қатарына Дина Нұрпейісованың «Ана бұйрығы», «Жеңіс», Манарбек Ержановтың «Үш балам» күйлерін, сондай-ақ Мұрат Өскенбаев пен Ашырали Шынғожаевтардың бірнеше күйлерін атап өтуге болады:

Қорытынды: Ел бірлігі, туған жерге деген махаббат сезімі, басқыншыларға қарсы халық күресі сияқты тақырыптар тарихи поэмалар мен әндердегі сияқты, тарихи күйлерде де кең орын алған.

Дәстүрлі күйлерінің құрылымдық, орындаушылық ерекшеліктері оның жанрлық сипатына, ішкі мән-мағынасына, көркемдік тіліне, дыбыс бітіміне, үндік ерекшелігіне де байланысты бөлініп қаралады.

«Күй аңыздарының жанрлық ерекшелігі, тарихи кезендері, деректілігі, көркемдік қасиеттері, күйдің эстетикалық, эмоциялық қуатын арттырар синкретті сипаты жөнінде тарам-тарам зерттеу жұмыстарын жүргізіп, әңгіме өрбіту келер күндердің мәртебелі міндеті» - деп жазды ғалым-жазушы Ақселеу Сейдімбекұлы күй жанрлары туралы ғылыми еңбегінде.

Қазақтың халықы музыкалық-аспаптық күйлерінде әуенін шығарып қоймай сонымен қатар күйдің тілімен тарихты сөйлетіп баяндай білген, қазіргі заманда ол дәстүрді жалғастырып жатқан күйші-сазгерлерде сол ұстанымды сақтап поэма, пьесалар жазуда.

Әдебиеттер

1. Жұбанұлы Қ. Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы жайлы. – Алматы, 1936. –19.
2. Книгамоего деда Коркута. Огузский героический эпос. – М.-Л. 1962. С.
3. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы, 1961. М. Марғұлан Ә. Қорқыт туралы жазбалар //Қазақ әдебиеті; 1982. –12 қараша. 10 бет.
4. Джумалиева Т. Традиционные жанры казахской инструментальной музыки. История казахскоймузыки в 2-х томах. – Алматы. 2000. – С. 253
5. Тизенгаузен В. Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечение из персидских источников. – М.- Л.,| 1941. – С.194.
6. Қазанғап. Ақжелең. Күйлер жинағы. Құрастырған А. Раимбергенов. – Алматы, 1984, 10 бет.
7. Қазақтың музыкалық фольклоры. –Алматы, 1982. – 245 бет.
8. ТюенгаузенВ.Г.Сборникматериалов,относящихся к истории Золотой Орды. Извлечение из персидских источнишв. – М.- Л., 1941. С. 41.
9. Қуран-кәрім. Қазақша мағынасы жәнс түсінігі. ХУІІІ-бөлім. – Алматы, 1991. 82-өлең, 32бет.
10. Мерғалиев Т., Бүркітов С., Дүйсен О. Қазақ күйлерінің тарихы. – Алматы, 2000. –163 бет.

ӘОЖ 374.02
МРНТИ 14.27.09

Р.К. Таубаева¹, Г.С. Абдуллаева²,

*¹аға оқытушы, Аймақтық әлеуметтік - инновациялық университеті,
Қазақстан, Шымкент қ., e-mail: raya.taubaeva@mail.ru*

*²аға оқытушы, Аймақтық әлеуметтік - инновациялық университеті,
Қазақстан, Шымкент қ., e-mail: Inju-16_10@bk.ru*

ОҚУШЫЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ МУЗЫКА ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ МЕКТЕПТЕН ТЫС МЕКЕМЕЛЕРДЕ ТӘРБИЕЛЕУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Мақалада білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі - оқушылармен жүйелі түрде сыныптан және мектептен тыс тәрбие жұмысын жүргізу мәселелері қарастырылған. Мектепте сыныптан тыс тәрбие жұмысы мектептегі тәрбие жұмысының құрамдас бөлігі болғандықтан, ол тәрбиенің жалпы мақсатын орындауға бағыттанып, балаға қоғамда өмір сүруге қажетті әлеуметтік тәжірибені меңгерту және қоғамдық тұрғыдан қабылдаған құндылықтар жүйесін қалыптастыруды көздейді. Соған орай оның негізгі мақсаты - сабақ үстінде жүзеге асыратын тәрбие міндеттерін толықтыру және тереңдету, олардың қабілеттерін неғұрлым толық ояту, қоғамдық белсенділігін шыңдау, бос уақытын дұрыс ұйымдастыру.

Бұл жұмыстарды пән мұғалімдері, ата-аналар жүргізеді. Сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың өз қалауымен, олардың белгілі бір өнер түріне бейімділігін ескере отырып жүзеге асырылады. Осы мақсатта алуан түрлі үйірмелер қоғамдар, клубтар мен студиялар құрылуда. Олардың ішінде оқушыларға тәрбие беруде әсіресе музыкамен байланысты көркемөнерпаздар үйірмелері (хор ұжымдары, ансамбльдер, би, драма, фольклорлық оркестрлер, жеке ән айту т. б.) ерекше орын алады.

Түйін сөздер: Мектептен тыс мекемелер, оқушылар, ұлттық музыка, тәрбие, білім, өнер.

Р.К. Таубаева¹, Г.С. Абдуллаева²

*¹старший преподаватель, Региональный социально-инновационный университет,
Казахстан, г. Шымкент, e-mail: raya.taubaeva@mail.ru*

*²старший преподаватель, Региональный социально-инновационный университет,
Казахстан, г. Шымкент, e-mail: Inju-16_10@bk.ru*

ПУТИ ВОСПИТАНИЯ УЧАЩИХСЯ ВО ВНЕШКОЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ ЧЕРЕЗ НАЦИОНАЛЬНОЕ МУЗЫКАЛЬНОЕ ИСКУССТВО

Аннотация

В статье рассмотрены вопросы систематического проведения внеклассной и внешкольной воспитательной работы с учащимися, которая является неотъемлемой частью системы образования. Поскольку внеклассная воспитательная работа в школе является неотъемлемой частью воспитательной работы в школе, оно направлено на выполнение общей цели образования. А также приобретение социального опыта, необходимого для жизни ребенка в обществе и формирование системы общепризнанных ценностей. В связи с этим его основная цель - пополнение и углубление воспитательных задач, осуществляемых на уроке, более полное проявление своих способностей, усиление социальной активности, правильная организация досуга.

Эти работы ведут учителя-предметники, родители. Внеклассные работы проводятся по усмотрению учащихся с учетом их склонности к тому или иному виду искусства.

В этих целях создаются различные кружки, общества, клубы и студии. Среди них особое место в воспитании учащихся занимают кружки художественной самодеятельности связанные с музыкой (хоровые коллективы, ансамбли, танцы, драмы, фольклорные оркестры, индивидуальное пение и др.).

Ключевые слова: Внешкольные учреждения, учащиеся, национальная музыка, воспитание, образование, искусство.

WAYS OF EDUCATION OF STUDENTS IN EXTRA SCHOOL INSTITUTIONS THROUGH NATIONAL MUSICAL ART

R. K. Taubayeva¹, G. S. Abdullayeva²

¹senior lecturer, Regional socio-innovative University, Kazakhstan, Shymkent, e-mail: raya.taubaeva@mail.ru

²senior lecturer, Regional socio-innovative University, Kazakhstan, Shymkent. e-mail: Inju-16_10@bk.ru

Abstract

The article considers the issues of the systematic conduct of extracurricular and extracurricular educational work with students, which is an integral part of the education system. Since extracurricular educational work at school is an integral part of educational work at school, it is aimed at fulfilling the general goal of education. As well as the acquisition of social experience necessary for the life of a child in society and the formation of a system of universally recognized values. In this regard, his main goal is to replenish and deepen the educational tasks carried out in the lesson, to more fully manifest his abilities, strengthen social activity, and organize leisure activities correctly.

These works are subject teachers, parents. Extracurricular activities are carried out at the discretion of students, taking into account their propensity for a particular type of art.

For this purpose, various circles, societies, clubs and studios are created. Among them, a special place in the education of students is occupied by amateur circles associated with music (choral groups, ensembles, dances, dramas, folk orchestras, individual singing, etc.).

Key words: Out-of-school institutions, students, national music, education.

Кіріспе

Музыка-адамзат өміріндегі ең ертедегі іс-әрекет формасы болып туындаған. Ерте кездің өзінде музыканың көңіл көтере отырып, үйрететіндігі белгілі. Музыканы қабылдау мен көркем шығармашылық үдерісі барысында адамның ләззат алуы мен эстетикалық ықпал ету арқасында оның тәрбиелік әсері де, ақпаратталу, тану, тәжірибе алмасу, әлем жағдайын талдау, шаттану мен шабытттану да жүзеге асады. Демек, музыка қоғамдық адамның өмірлік тәжірибесін тереңдету, кеңейту үшін, өмірді өз тұтастығында қайта қалыптастыруда көмектеседі, адамның өмірлік және көркемдік тәжірибесі өзара әрекеттесе отырып, адам әрекеті мен санасының барлық құрылымына әсер етеді.

Сонымен музыка баланың бірінші күнінен бастап маңызды орын алады да, жалпы мәдени дамуына ықпал етеді. Бүгінгі күні жас ұрпақтың музыкалық мәдениет деңгейі рухани тәрбие мен білімге байланысты екені бәрімізге мәлім. Музыкалық мәдениетке көңіл бөлмеу, мүлдем қолдан шығару жас ұрпақтың эмоциональдық жағдайына, рухани адамгершілік қасиеттердің құнсыздануына келтіріп, еңбек, қоғам мен адамның жеке өмірінде келеңсіз із қалдырады. Сондықтан да болашақ ұрпақты ұлттық тұрғыда тәрбиелеу заман талабына, қоғамдағы өзгерістерге, әлеуметтік жағдайларға байланысты туындап отыр.

Бүгінгі мектептегі педагогикалық үрдіс сабақта және сыныптан тыс іс-әрекеттердің бірлескен тәрбиелік ықпал ету деп танылады. Сабақ әрине, оқыту мен тәрбиелеудің жалғыз формасы емес. Оқыту процесінде бала бойында өнер мен тіршілік сұлулығы, өмірге деген руханилық қатынасы қалыптасады.

Мектептегі руханилық-ұлттық тәрбие сыныптан және мектептен тыс көркем шығармашылық іс-әрекетте өз жалғасын табады. Сыныптан тыс ұйымдастырылған руханилық-ұлттық тәрбие жұмыстары бірнеше педагогикалық функция орындайды. Олар өнер мен ақиқатқа деген руханилық қатынас қалыптастырып, тұлға рухани баюына септесіп, бос уақытты дұрыс пайдалану мәселесін шешеді.

Мектептен тыс мекемелердің тәрбие беру үрдісінде музыкалық тәрбие жұмыстарының түрлі формалары мен әдістемесі маңызды орынға ие, сол себепті де музыканы оқыту мен өнерге баулуда мектеп сабағымен шектелмеуіміз қажет.

Музыканы оқыту оқушыларды көпшілік музыкалық ағарту жұмыстарына баулуда көмектеседі. Бастауыш сынып оқушыларына руханилық тәрбие берудің көпшілік формалары тұлға музыкалық қабілеттері мен жалпы оқушылар музыкалық дамуын тексеруді қажет етпейтін іс-шаралар. Іс-шараларға оқушы өз ынтасы мен қызығуына сай қатысады. Көпшілік іс-шаралар музыка, музыканттар туралы әңгіме, диспут, лекция концерт, музыка аптасы, ертегілер, ертеңгіліктер, мерекелік кештер, музыкалық спектакль, ән мерекесі, музыкалық жарыстар баланың жалпы дамуына әсер етумен бірге жалпы мақсаттылықта руханилық-ұлттық тәрбие беруді қамтамасыз етеді. Музыкалық үйірмелер, ансамбль, студия жұмыстары педагогтың оқушымен дара қатынас, орнатып жұмыс істеуге мол мүмкіндік бере отырып, олардан, шығармашылық ұжым ұйымдастыруға көмектеседі. Әсіресе, мектептен тыс мекемелердегі бастауыш сынып оқушыларына руханилық тәрбие беруде маңызды роль атқарады. Мұндай сабақтар оқушы дүниетанымын кеңейтіп, оларды өз бойында көркем-руханилық қажеттілікті дамытуға тәрбиелейді. Шығармашылық және танымдық мотивациясын қалыптастырып дамыту, әртүрлі жеке даралық талаптарын қанағаттандыру мен кәсіп таңдаудағы еркіндігіне, оның бағдарын айқындауына жәрдемдеседі.

Қоғам сұранысының күн санап арта түсуі табиғи құбылыс. Сондықтан да қоғамдық өмірге балалар мен жасөспірімдерді бейімдеу, салауатты өмір салтына тарту, сабақтан бос уақытын мазмұнды, дұрыс ұйымдастыруына жағдай жасау болып отыр.

Тәрбие түрлері өз алдына дербес, әрқайсысы тәрбие беру жүйесінде өзіне ғана тән қызмет атқарады, бірақ та оларды біріктіретін бір ғана негізгі мақсат, жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеу. Мектептен тыс білім беру мекемелерінің руханилық тәрбие беру ісі түрлі формаларда жүзеге асырылуда: ертеңгіліктер, тәрбие-танымдық іс-шаралар, соғыс, еңбек ардагерлерімен кездесу кештері, ата-аналармен бірге іс шаралар және т.б., барлығында музыка сүйемелдеуінде өтіледі, музыкасыз болмайды. Көркемдік білімнің құрамдас бөлігі ретінде музыкалық тәрбие оқушылар руханилық тәрбиесін нығайтуға көмектеседі.

Мектептен тыс білім беру мекемелеріндегі тәрбие жұмыстары еріктілігімен ерекшеленеді: оларға бағдарламаны орындау міндеттерімен шектелмеу; түрлі жастағы оқушыларды қамту; өз бетінше әрекеттену жұмыстары қоғамдық, пайдалы жұмыстарға бағытталуы; жұмыс түрлері мен формаларының көп түрлілігі сияқты белгілер тән. Сонымен бірге көптеген зерттеу жұмыстарын талдау сабақтарда музыка ықпалы, әсері елеусіз қалатынын көрсетті. Бұған музыка сабағы сағаттарының аздығы, оқушыларға руханилық-ұлттық тәрбие беруде музыка құралдарын толық пайдаланбайтын педагогтар бар деген сияқты факторларға байланысты екенін байқаймыз.

Оқушыларды ұлттық музыка өнері арқылы тәрбиелеуде мектептен тыс мекемелердің алатын орны.

Әрбір жеткіншек өз халқының тарихы, әдет - ғұрпы, мәдени дәстүрі саласынан белгілі деңгейде білім мен тәрбие алып шығуы, сөйтіп өз елінің игілігіне үлес қосуға даяр болуы қажет. Ал мұның өзі ең алдымен бүкіл мемлекеттің, соның ішінде мектептің жалпы тәрбие

жүйесін қазақ халық музыкасының негізінде жетілдіруді талап етеді. Қазіргі таңда мектеп, қосымша білім беру ұйымдары, балабақшалар мен арнаулы орта және жоғары оқу орындарында ескі педагогикалық тәжірибелердің орнына жаңаша, ұлттық тәлім-тәрбиенің

қағидаларына негізделіп жазылған «Қазақтың салт-дәстүрлері» М.Смайлов [1], «Қазақтың тәлім-тәрбие тарихы» Қ.Б.Жарықбаев [2], «Елім-ай» М.Х.Балтабаев[3], «Кәусар бұлақ» З.Ахметова [4], «Мұрагер» Ә.Ы.Райымбергенов [5]. және басқа да көптеген ғылыми-тәлімдік бағдарламалар басылып шығып, оқу - тәрбие жұмыстарына енгізіле бастады.

Жалпы білім беретін мектептердің бағдарламалары да оқу пәндерінің теориялық деңгейі мен практикалық бағытын қазақ халық музыкасының талаптары тұрғысынан қайта қарап жетілдіруді, оның тәрбие құралдарының ықпалымен балалардың дербес шығармашылық ойлауын, талғамын дамытуды, еркін таңдауға боларлық ұлттық өнерге байланысты пән мен факультативтердің ауқымын кеңейтуді ескеруі қажет. Мысалы, мектептерде міндетті түрде қазақтың айтыс, әншілік, күйшілік, терме -жыр, шешендік, сәндік -қолданбалы өнерлер бойынша факультативтік курстар ашу, оны жүзеге асыруға байланысты қажетті дидактикалық кешендер (бағдарламалар, әдістемелік нұсқаулар, оқулықтар) жасау оқушыларға халық мұрасын жүйелі меңгеруіне септігін тигізеді. Сондай-ақ оқу - тәрбие процесінің әдістемесі мен ұйымдастырылуына да ұлттық мәдени дәстүрлерге, әдет -ғұрыпқа байланысты өзгерістер енгізген дұрыс. Ол үшін осы талаптарға сай оқулықтар, оқу және техникалық құралдар жасап, оны оқу -тәрбие процесіне енгізу, оқушылардың осы талаптарды меңгеру деңгейін әлсін -әлсін тексеріп отыру, жауапкершілікті сезінуіне ықпал жасау қажет.

Мектеп оқушыларының қалыптасып дамуы үздіксіз сипатта болатынын ескере отырып, оның іске асуы тек сабақ жүйесінде ғана емес, сабақтан тыс жүргізілетін әртүрлі тәрбиелік әрекеттерде ұштасады. Ол әлбетте сыныптан тыс және мектептен тыс тәрбие беру жұмыстары болып бөлінеді.

Сыныптан тыс тәрбие жұмысы - тұлғаның әлеуметтік қалыптасуын қамтамасыз етуде оған жағдай туғызатын мұғалімдердің басшылығымен ұйымдастырылған және сабақтың мақсатымен өзара байланысты болып келетін тәрбие жұмысының дербес түрі. Ол әртүрлі тәрбие әрекеттерінің жиынтығы ретінде балаға кең көлемде тәрбиелік ықпал ете алады.

Біріншіден, оқудан тыс әр тарапты әрекет баланың сабақта мүмкін болмайтын жан-жақты дара қабілетін ашуға ықпал етеді.

Екіншіден, сыныптан тыс әртүрлі тәрбие жұмысының түрімен айналысу баланың жеке әлеуметтік тәжірибесін жандандырып жетілдіреді, оның адамзат құндылықтарына негізделген білімдерін байытып, қажетті практикалық іскерлігі мен дағдысын қалыптастырады.

Үшіншіден, сыныптан тыс түрлі тәрбие жұмысы оқушыларда әрекеттің әр түріне қатысты қызығушылығының дамуына, оған белсенді қатысуына деген құлшынысын тәрбиелеуге нәтижелі ықпал ете алады. Бүгінде бала өзінің бос уақытын қандай іске арнауды білмей жатса, соның негізінде олардың арасында қылмыстың көбеюіне әкеледі. Сондықтанда бұл өзекті мәселеге айналуға.

Д.Б.Кабалевский жазғандай «оқушылармен сыныптан тыс, дұрыс ұйымдастырылған жұмыс, олардың моральдық сапа-қасиеттерін, еңбекқорлығын, ынта-жігерін, өз бетінше әрекеттенуді, шығармашылық белсенділікті, дүниетанымын қалыптастырады» [6,с. 142].

Мектептен тыс білім беру мекемелерінде музыкалық тәрбие жұмыстары дұрыс жоспарланып, музыкалық материал дұрыс таңдалып, орнымен пайдаланған және оңтайлы әдістеме мен түрлі жұмыс формаларын қолдану музыкалық тәрбие жұмыстары немесе басқаша айтқанда, рухани қажеттілік пен сезімдерді тәрбиелеуде, ұлттық көркем мәдениетін қадірлеу, музыкалық дәстүрлерімізді сақтауға, сондай-ақ оқушыларды ізгілікке тәрбиелеу мәселесін шешуде маңызды роль атқарады. Халық музыкасын, халық музыка шығармашылығын, ұлттық әндер мен күйлерді оқып білу оқушы қажеттіліктері мен бағалау

қабілетін дамыта отырып, әрдайым музыкамен айналысуға баулиды. Осы жұмыстарды жетілдіруде негізгі салмақ музыка мұғаліміне түседі. Музыка мұғалімінің қабілеттері мен кәсіби ептілігі, шеберлігіне байланысты. Ол оқушы бойында халық музыкасы мен байсалды, заманауи музыканы түсініп, қадірлеуге, мұраларды сақтауға, музыканың көркем идеясын ұғынып, сезуге, музыканы дұрыс бағалауға, талғампаздық қабілетін тәрбиелейді.

1. Ұлттық музыканы қолданып түрлі іс-шаралар өткізу, музыкалық-әдеби көріністерді көріп-тыңдату, музыканттар мен композиторлар туралы кинофильмдерді көрсету, кәсіби музыканттар ұжымының концерттік бағдарламаларын тыңдату сияқты іс-әрекеттердің арқасында, яғни ұлттық музыка құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының руханилық тәрбие беру мәселесін шешуге көмектеседі.

2. Мектептен тыс білім беру мекемелерінде руханилық талғам мен руханилық қажеттілік тәрбиелеуге бағытталған музыкалық тәрбие жұмыстарының формалары жоғары дәрежелі көркем музыкалық шығармалар, оқушыларды практикалық жұмысқа баулу мақсатында музыкалық және шығармашылық іс-әрекеттерге қатыстыру, балалардың руханилық тәрбиесіне музыка мұғалімінен бөлек басқа пән оқытушылары мен үйірме жетекшілерін тарту және т.б. бастауыш сынып оқушыларының руханилық тәрбиесінде ұлттық музыка құралдарын қолдану тиімділігін дәлелдейді.

3. Мектептен тыс білім беру мекемесі педагогикалық жүйесіндегі руханилық тәрбие бойынша музыкалық тәрбие жұмыстарында бастауыш сынып оқушыларының қоғам өміріндегі музыканың рөлі мен мәнін түсінуге, оны дұрыс бағалауға, музыканы тану арқылы қызығушылығын оятып, музыкалық тәрбие жұмыстарына белсенді араласуына жағдай жасайды.

4. Мектептен тыс білім беру мекемелер қарамағында өткізілетін музыкалық танымды іс-әрекеттер арқасында бастауыш сынып оқушыларының руханилық тәрбиесінің белгілері мен көрсеткіштерін жоғарылататын әрекеттер: оқушылардың терең де көркем ойға бай музыкалық шығармаларды меңгеруі; халық музыкасын руханилық тану ептілігінің дамуы; музыкаға дұрыс баға беру ептілігінің қалыптасуы; түрлі музыкалық танымды іс-әрекет формаларына қызығу, оның ішінде музыкалық орындаушылыққа қызығу.

5. Мектептен тыс білім беру мекемесінің руханилық тәрбие жұмыстарын жетілдіруде негізгі салмақ музыка мұғаліміне түседі. Осы жұмыстардың табысты болуы музыка мұғалімінің қабілеттері мен кәсіби ептілігі, шеберлігіне байланысты. Ол оқушы бойында халық музыкасы мен байсалды, заманауи музыканы түсініп, қадірлеуге, мұраларды сақтауға, музыканың көркем идеясын ұғынып, сезуге, музыканы дұрыс бағалауға, талғампаздық қабілетін тәрбиелейді.

6. Мектептен тыс білім беру мекемелерінің руханилық тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттыру үшін көркемөнерпаздар үйірмесінің репертуарына көркем-идеясы жоғары, халық және байсалды, ұлттық музыка үлгілерін қосу қажет; музыканың іс-шара тақырыбына сай болуын қадағалау керек; тыңдауға берілген музыкалық шығарманың бастауыш сынып оқушының жас шамасына сай болуы тиіс; оқушыларды осы шығармаларды тыңдауға дайындық жұмыстар қажет.

Қазақ халық музыкасының қажеттілігі қазіргі кез талабына, қоғамдағы өзгерістерге, әлеуметтік жағдайларға байланысты туындап отыр.

Қоғамның белгілі даму заңдылығы, ұлттық сана-сезімнің дамуына орай қазақ халық музыкасын игеруге байланысты қоғам талаптары да үздіксіз өсе бермек. Осыдан келіп қазақ халық музыкасын, дәстүрлерін тәлім-тәрбие үрдісінде, соның ішінде рухани-ұлттық тәрбиесінде пайдалануды жетілдіру қажеттілігі туындайды. Әрине, бұл процесте халық музыкасының әрбір кезеңдерінде қалыптасқан даму жолдарын талдау, оны саралап пайдалану, қоғамның даму перспективасын болжау маңызды орын алады.

Қазақ халқының бүгінгі өскелең ұрпағы мен жастары адамгершілік сезімін меңгерген, саясаттан және төрткүл дүние тынысынан кең хабардар. Сонымен қатар олардың талап -

тілектері артып, өз халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын меңгеру қажеттігін түсінуі, республикадағы саяси -әлеуметтік жағдайларды, ұлт мәселесін дұрыс шешуде жауапкершілігін артты.

Осыған байланысты жаңа проблемалар, соның ішінде оқушыларды ұлттық музыка өнерін жүйелі меңгертуге, олардың қатысуымен республикада ұлттық мәдени-тарихи дәстүрлерді дамытуға, сондай-ақ жастар арасында қазақтың рухани өмірінің үлгі-өнегесін таратуға,насихаттауға және оны рухани тұрғыда қабылдай білуге байланысты тәжірибелік шешімді нақты қарап, талдау қажеттігі туындайды.

Әрбір жас ұрпақ өз халқының тарихы, әдет - ғұрпы, мәдени дәстүрі саласынан белгілі деңгейде білім мен тәрбие алып шығуы, сөйтіп өз елінің игілігіне үлес қосуға даяр болуы қажет. Ал мұның өзі ең алдымен бүкіл мемлекеттің, соның ішінде мектептің жалпы тәрбие жүйесін ұлттық музыка өнері негізінде жетілдіруді талап етеді.

Қорытынды

Мектептен тыс білім беру мекемелерінің тәрбие жұмыстарының формалары: музыка туралы әңгіме, тақырыпты кештер, диспуттар, көркемөнерпаздар байқауы, фестивальдар,

халық әндерінің байқауы,халық аспаптарында ойнау конкурстары. Ұлттық музыканы қолданып түрлі іс-шаралар өткізу, музыкалық-әдеби көріністерді көріп-тыңдату, музыканттар мен композиторлар туралы кинофильмдерді көрсету, кәсіби музыканттар ұжымының концерттік бағдарламаларын тыңдату сияқты іс-әрекеттердің арқасында, яғни ұлттық музыка құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының рухани тәрбие беру мәселесін шешуге көмектеседі.

Сонымен қатар оқушыларының тәрбиесінің белгілері мен көрсеткіштерін жоғарылататын әрекеттер: оқушылардың терең де көркем ойға бай ұлттық музыкалық мұрасын меңгеруі; музыкаға дұрыс баға беру ептілігінің,талғамының қалыптасуы; түрлі музыкалық танымды іс-әрекет формаларына, оның ішінде музыкалық орындаушылыққа қызығу.

Мектептен тыс білім беру мекемелерінің рухани тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттыру үшін көркемөнерпаздар үйірмесінің репертуарына көркем-идеясы жоғары, ұлттық музыка үлгілерін қосу қажет; музыканың іс-шара тақырыбына сай болуын қадағалау керек; тыңдауға берілген музыкалық шығарманың оқушының жас шамасына сай болуы тиіс; оқушыларды осы шығармаларды тыңдауға,түсінуге және қызығушылығын арттыруға дайындық жұмыстар қажет.

Мектептен тыс білім беру мекемесінің руханилық тәрбие бойынша өткізетін музыкалық тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттыруға байланысты мынадай ұсыныстарымыз бар: білім беру департаменті мен бастауыш сынып мұғалімдері білімін жетілдіру институтымен бірлесіп практикалық тәжірибе алмасу мақсатында теориялық семинарларды ұйымдастырып өткізу; музыка мұғалімдерінің өз тәжірибесінде халық музыкасының ұлттық музыканың озық үлгілерін қолдану; руханилық тәрбие беру орталықтарын әлем музыка мәдениетінің үлгілерімен қамтамасыздандыру, таныстыру, кітапхана қорын руханилық бағыттағы шығармалармен толықтыру; музыкалық тәрбие жұмыстарының қолданбалы, белгілі, әдіс-тәсілдерін практикаға ендіру мен бірге жаңа жұмыс формаларын іздестіріп, қолдану қажет, әсіресе: халық педагогика құралдарын руханилық тәрбие беру орталықтарында қолдану; халық өнері академиясын құру; халық музыка апталықтарын, мерекелік іс-шараларын: ән мерекесін, халық әндерінің байқауын ұйымдастыру; мектептен тыс білім беру мекемелерінің әдіскерлері мен музыка мұғалімдерін және өнер саласының жетекшілерін руханилық тәрбие беру жұмыстарын ұйымдастыру барысында бірлесіп өткізуге шақыру.

Әдебиеттер

1. Қалиев С., Оразаев М., Смайлова С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы, 1994

2. Жарықбаев Қ.Б, Қалиев С.Қ. Орта мектептің 11 кластарында факультативтік сабақта өткізілетін «Қазақтың тәлім тәрбие тарихы» курсы бағдарламасы. – А, 1990, 149 бет.
3. Хасенова А.Ш. Мектептегі музыкалық тәрбиенің әдістемесі. – Алматы, 2001.
4. Ахметова, З. «Кәусар бұлақ» бағдарламасы – Алматы: Кәусар бұлақ, 1994. - 32 бет.
5. Райымбергенов А., Райымбергенова С., Байбосынова Ұ. Жалпы білім беретін қазақ орта мектебінің музыка пәніне арналған “Мұрагер” бағдарламасы. –Алматы: Ұмай, 2003.
6. Кабалевский Д.Б. Педагогические размышления. – М.: Просвещение, 1986.-142 с.

ӘОЖ 78

МРНТИ 18.41.01

СЫР БОЙЫ ЖЫР МАҚАМДАРЫ МЕН ҚАЗАНҒАП КҮЙЛЕРІНІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Е.Ж. Мұстафаев

*«Өнертану» мамандығының қауымдастырылған профессоры, Абай атындағы КазҰПУ,
Өнер, мәдениет және спорт институты, Алматы қ., Қазақстан*

Аңдатпа

Бұл мақалада Сыр бойының жыр-мақамдары мен Қазанғап күйлерінің ұқсастығы жайлы айтылады. Қорқыт атадан бастау алған ұлтымыздың музыка иірімдері басқа да түркі тілдес халықтарында кездеседі. Бұл айғақ Сыр бойы мақам-саздары Қазанғаптың шығармашылығына үлкен әсер еткенін айқындайды. Көп зерттеушілер «Қазанғап Ақтөбенің күйшісі, бейіті сол жерде жатыр» дейді. Қазанғап өмір сүрген заманда Ақтөбе облысы, Қызылорда облысы деген терминдер болмаған. Сондықтан олай деп айту қисынға келмейді. Құлағы тесік өнер адамы Қазанғап күйлерін мұқият тыңдаған кезде күйлерінің ішінен Сыр бойы мақамдарының әуенін аңғарады. Бұл Қазанғаптың ел аралап жүріп, Сыр бойы жыршы-жырауларын көргенін, естігенін дәлелдейді. Жалпы, біз қазақ күйшілерін жер-жерге, ру-руға, өңір-өңірге бөлгенге қарсымыз. Қазақтың күйі бар қазаққа ортақ. Демек, барлық халық күйшілері де қазақ халқына ортақ болуы тиіс. Автор бұл мақалада Қазанғап қай жердікі деген сөзге тоқталмайды. Автор Қазанғаптың Сыр бойы мақамдарынан әсер алып, сол иірімдерді өз шығармашылығына арқау етіп алғанын айтқысы келеді.

Түйін сөздер: Қорқыт, Сыр бойы мақамдары, Қазанғап күйлері, сабақтастық, жыршы-жыраулар.

Е.Ж. Мұстафаев

*ассоциированный профессор «Искусствоведения»,
Институт Искусств, культуры и спорта при КазНПУ им. Абая,
г.Алматы, Казахстан*

ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ МАКАМОВ СЫРДАРЬИНСКОГО РЕГИОНА И КЮЕВ КАЗАНГАПА

Аннотация

В этой статье рассматривается музыкальное сходство макамов Сырдарьинского региона с творчеством народного кюйши Казангапа. Национальные музыкальные истоки, которые берут начало с великого Коркута нашли свое отражение во многих мелодиях тюркских народностей. Мы можем твердо говорить, что творчеству Казангапа имело огромное влияние

макамы (мелодии) Сырдарьинского региона. Некоторые исследователи всегда и громко говорят, что народный кюйши Казангап жил и умер в Актюбинской области. В то время когда жил и творил Казангап, не было областей, как Актюбинская или Кызылординская. Хорошо прослушав произведения Казангапа грамотный музыкант может услышать макамы Сыра. Это означает, что Казангап писал свои кюи, прежде ознакомившись с творчеством эпических певцов Сырдарьинского региона. Некоторые кюи Казангапа прямо повторяют макамы земли Сыра. Казангап не только является земляком актюбинцев, он является великим сыном казахского народа, так как его творения принадлежат всей нации. Автор хочет это доказать в своей статье.

Ключевые слова: Коркут, макамы Сырдарьинского региона, кюи Казангапа, преемственность, эпические певцы.

Mustafaev E.Zh.

*associate professor of Art History, Institute of Arts, culture and sport at,
KazNPU named after Abai, Almaty, Kazakhstan*

SUCCESSION OF THE MACAMS OF THE SYRDARYA REGION AND THE KYUIS OF KAZANGAP

Abstract

This article examines the musical similarity of the melody (maqam) of the Syrdarya region with the work of the folk kuishi Kazangap. National musical origins that originate from the great Korkut are reflected in many melodies of the Turkic peoples. This proves that the work of Kazangap was greatly influenced by the melody (maqam) of the Syrdarya region. Some researchers always and loudly say that the national kuishi Kazangap lived and died in the Aktobe region. At the time when Kazangap lived and worked, there were no such regions as Aktobe or Kyzylorda. Having carefully listened to the works of Kazangap, a competent musician can hear the Syrdarya melodies (maqams). This means that Kazangap wrote his kui, first of all, having familiarized himself with the work of the epic singers of the Syrdarya region. Some kuis of Kazangap directly repeat the melodies (maqams) of the Syrdarya region. Kazangap is not only a fellow countryman of the inhabitants of Aktobe, he is a great son of the Kazakh people, because his creations belong to the whole nation. The author wants to prove this in his article.

Key words: Korkut, maqams of the Syrdarya region, kyuis of Kazangap, continuity, epic singers.

Кіріспе. XIX-XX ғасыр арасында өмір сүрген қазақтың дәулескер күйшісі, замана жаршысы, алпыс екі тарау Ақжелең күйлерін өмірге алып келген Қазанғап Тілепбергенұлы жайлы зерттелген, жазылған еңбектер өте аз. Музыкатану ғылымдарының академигі саналатын Ахмет Жұбанов атамыздың өзі де Қазанғап туралы аз айтып кеткен екен. Ол кісі «Құрманғазы – күй атасы» деген болатын. Кім біледі, Ахмет Жұбанов атамыз сол XX ғасырдың ортасында Қазанғапты тереңірек зерттеген болса, «Күй атасы – Қазанғап» деп айтар ма еді? Бұл деректің өзі Сыр бойының күйшілік дәстүрінің аз зерттелгенін көрсетіп тұр.

Қазақ жерінде мақамдатып жыр айту ежелден келе жатқан киелі өнердің дара түрі. Дәлірек айтсақ, бұл өнердің көп сақталған, терең қалыптасқан жері Сыр бойы және Маңғыстау өңірі. Өнертанушы ғалым Әсия Мұхамбетованың «Қазақтың дәстүрлі музыкасы және XX ғасыр» атты кітабында «Қызылорда жері дүниежүзілік мәні бар дәстүрлі өңір» деп жазады [1]. Бұл жерде ғалым апамыз Сыр бойындағы жыраулық өнер туралы айтып отыр. Соңғы уақыттарда жыраулық өнер мен эпикалық дәстүр сөздері қатар қолданылып жүр.

Заманымыздың көрнекті ғалымы Р. Бердібаев та эпикалық дәстүрдің маңызы жайлы айтып та, жазып та кеткен. «Эпос көркемдік ойлаудың қайталанбас, мәңгілік мағынасы

кемімес, сұлулығы тозбас айрықша ажарлы бір деңгейі. ...Эпостың асыл мұраты, ірі тұлғалары, таза, табиғи шындығы, керемет көркемдігі сан қауымды адамдық, азаматтық рухында тәрбиелеп келді, оның әрі қарапайым, әрі қол жетпестей биік туындылары әлі де алуан буын өкілдеріне ерлік, шындық, мәрттік өнегесін дарыта берме» [2].

Филология ғылымдарының докторы Ақселеу Сейдімбеков өзінің 1992 жылы шыққан «Күй шежіре» кітабында былай дейді: "Қазанғап күйлеріне ден қойғанда, оның алды-артында дәл сондай күйшілік дәстүрді кездестірмейміз» [3].

Өте орынды айтылған. Бірақ, осы тұста біздің айтатын дәйегіміз бар. Қазанғаптың алдында күйшілік дәстүрдің болуы міндетті шарт емес еді. Сыр бойында Ұлы Қорқыттан бастау алған, атадан балаға жалғасып келе жатқан жыраулық дәстүр бар еді. Қолына қобыз немесе домбыра берсең термелетіп ала жөнелетін ұл мен қыз, жалықпайтын құйма құлақ тыңдаушысы бар, таңды-таңға асырып жырлайтын жыраулар бар болатын.

Жалпы, қазақ халқының өнерпаздарын өңір-өңірге, облыс-облысқа, ру-руға бөліп қараған дұрыс үрдіс емес. Әрине, әр өнерпаздың не ел екенін, қай рудан шыққанын біліп жүргеніміз артық болмайды. Бірақ, біздің қанымызға сіңіп кеткен рушылдық, жершілдік ауруымыз бар. Сол «аурудың» кесірінен ұлттық өнерпаздар таяқ жеп отыр десем артық кеткенім болмас.

Әр облыс әр күйшіні меншіктеп алған. Қазанғап атындағы Республикалық күйшілер сайысы міндетті түрде Ақтөбеде өтуі керек, Тәттімбет атындағы сайыс Жезқазғанда немесе Қарағандыда өтеді, Есір атындағы сайыс Ақтауда болады және т.с.с. Осы үрдіс жерге бөлінген емей немене? Ал, неліктен керісінше болмайды. Мысалы, Сүгір атындағы сайыс Өскеменде, Дәулеткерей атындағы сайыс Қызылордада, Дина атындағы сайыс Талдықорғанда және т.с.с. облыстарда неге өтпейді ?

Қазақ өнері бар қазаққа бірдей, ортақ болуы тиіс. XX ғасырдың 70-80-90 жылдары консерваторияда оқып жүргенде, әр күйші барлық өңірдің күйлерін талғамай орындаушы едік. Консерваторияның мақсаты да жан-жақты етіп тәрбиелеу болатын. Ал, қазір «сен батыстансың, батыстан ойна, сен Қаратаудансың, Сүгірден тарт, сен Ақтаудансың, тек Маңғыстау өңірінің күйлерін орындауың қажет» деген т.б және т.с.с. сөздер көбейіп кеткен. Сыр бойынан келсең, «Құрманғазыны тартуға болмайды», батыстан келген күйшіге «сен Тәттімбет пен Сүгірден тартпа, тарта алмайсың» деген сияқты таяз әңгімелер мәдени ортада кезіп жүр.

Міне, біз осылай біртұтас күй өнерін бөлшектеп, өңір-өңірге бөліп тастадық, күйші аталарымызды да жер-жерге, облыс-облысқа, ру-руға бөліп алдық. Домбырашы-күйшілер өзді-өзіміз таласып, қазақ халқына ортақ күй өнерін бөлшектеп жатқанда, домбырамыз скрипкаға, пианиноға, саксофонға, гитараға, трубаға, эстрадалық жеңіл әндерге және т.б. жем болды, сахнадан шеттеп қалды. Сөйтіп, қазір жетім баланың күйін кешіп, концерт залдарының есігінен сығалап жүр. Ол аз болғандай соңғы 10-15 жылда теледидар эфирінен де түсіп қалды. «Домбырашыларды қойшы, өзара келіспей жүреді, ауызбіршіліктері жоқ» деген пікір қалыптасып, ел аузында кезіп жүр.

Ал, енді Қазанғапқа келейік. Ақтөбелік өнерпаздар «Қазанғаптың бейіті Ақтөбеде жатыр дейді. Сондықтан ол Ақтөбелік» дейді. Солай-ақ болсын, біз оған таласпаймыз. Бірақ, моланың орналасқан жері бұлтартпас айғақ бола ала ма? Құрманғазы атамыздың мүрдесі Астраханда жатыр, сонда ол орыстың күйшісі болғаны ма? Төле би Ташкентте жатыр, Жалаңтөс батыр Самарқанда, ал, сонда олар өзбектің биі мен батыры ма?

Біз ешкімнің қатесін бетіне басайын деп отырған жоқпыз. Біздің айтайын дегеніміз мынау: Қазанғап жастайынан Сыр бойының мақам-саздарын, эпостық жырларды тыңдап, сол әуендерден әсер алып күйлер шығарған. Қазанғап күйлерін естігенде, жыр мақамдарын тыңдап отырғандай боласың.

Сыр бойының жыраулық дәстүрі мен жыр мақамдарының ноталары төмендегі кітаптарда алғаш жарияланған болатын: Т.Токжанов «Сырлы Сарын» 2000 ж. және Е.Мұстафаев «Мақам - мәңгілік мәйегі» 2006 ж.

Әйгілі жырау, филология ғылымдарының кандидаты Берік Жүсіповтың 1990 жылы жарық көрген «Жиделі Байсын күйлері» кітабында Шал Мырза күйшінің Қазанғапқа ұстаз болғаны айтылады. Тіпті, Сыр бойындағы ел аузында қалған Мырза күйшінің мынандай өлең жолдары бар:

«Болғанда сіз – өнерпаз, біз – бір сыншы.
Сүйсінді өнеріңе Мырза күйші.
Күй төгіп құдіретті домбырадан,
Қайда да халқыңменен бірге жүрші.
Можно сказать, что на сегодняшний день ярмарки современного искусства, как отдельно взятый институт, играют очень важную роль, они во многом определяют развитие истории современного искусства, устанавливая новые тенденции и направления. Самое главное, что ярмарки современного искусства навязывают людям мысль о том, что искусства-это вещь, которую можно купить и что у каждого произведения искусства есть определённая цена.

Таким образом, художественный рынок есть особое явление в историко-культурном ландшафте развитых стран, так как именно там формируется деловое отношение к коммерческому потенциалу творческих усилий человека. Арт-рынок представляет собой неоднозначную, динамичную и живую систему, ядром которой выступает художник как создатель произведения искусства. Автор произведения искусства включен в орбиту художественного рынка посредством сложного механизма взаимоотношений, реализуемых через целый комплекс коммуникаций.

Художественный рынок следует воспринимать как своеобразный индикатор уровня культурного развития уровня социума, готового или нет к цивилизованным коммерческим взаимоотношениям между обществом и искусством. Формированию и развитию профессионального рынка искусства непременно сопутствует целый ряд особенных институций, находящихся в пограничном пространстве между культурой и экономическим сектором (галереи, аукционные дома, музеи, арт-салоны, рекламные агентства и т.д.). Ценообразование на арт-рынке – процесс крайне сложный, изменчивый и зависимый о множества факторов, серьезно зависящих от укрупнения самого арт-рынка, в том числе и от формирования все большего количества арт-институций, креативных кластеров, увеличения числа музеев и галерей современного искусства, в том числе и виртуальных.

Литературы:

1. <https://restproperty.ru/news/v-turtsii-proydet-biennale/>
2. <https://www.artprice.com/>
3. <https://www.artprice.com/>
4. Барт Р. Избранные работы. Семиотика. Поэтика. – М.: Прогресс, 1989. – 616 с.

**ӘОЖ 37(094)
МРНТИ 14.01**

М.Ж.Танирбергенов¹, Л.М. Умралиева²

*¹Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, п.ғ.д., профессор,
Қазақстан, Deu-me@mail.ru*

*²Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, докторант,
Қазақстан, lauraumralieva@mail.ru*

ҚҰРАСБЕК ТЫНЫБЕКОВТІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚҚА НЕГІЗДЕЛГЕН ТӨРТ ЭЛЕМЕНТ

Аңдатпа

Мақалада Құрасбек Тыныбековтің шығармаларындағы ұлттық құндылықтар талқыланады. Сонымен қатар көркем шығармалардағы ұлттық құндылықтардың келешек жастарға беретін тәрбиелік мәні сипатталып, шебер суретшілердің қазіргі заманның

талабына сай стильдерде тұсаукесер тақырыптары, шығармашылық өмір жолдары қарастырылған.

Автордың шығармаларынан түрлі стильдерді жаңарту, бейнелеу өнерінің түрлі бағытындағы, дәстүрлі өнердің жастар тәрбесінде ұдайы қалыптасуына бағытталған. Суретші талай ғасырларға куә болған халқымыздың асыл мұрасын, эстетикалық талғамы биік бүгінгі өскелең ұрпақтың кәдесіне жарату, өсіп өндіру, ұлттық құндылықтарымызды жаңа форматта жаңғыруы, қалыптасуы сипатталады.

Суретшінің гобелен өнеріне деген ынтасы, оның қалыптасуы, қазіргі таңдағы дамуы, оның түрлері, жасалу жолдары, түрлі техникасын жұмыс жасау үлгілері қарастырылады. Қолөнершілердің текеметтен бастау алған, қиялынан туындаған жүн бояу, жип иіру, сырмақ сыру, әдеп- ғұрып, салт санамызды дамытып келе жатқан көне өнердің қазіргі деңгейдегі өрбуі қалыптасуына бағытталған.

Түйін сөздер: Ұлттық құндылықтар, Салт-дәстүр, Ұлттық мұра, Мәдениет, Ұлттық тәрбие, Қазақи ою-өрнек, Ұлттық коллорит.

М.Ж.Танирбергенов¹, Л.М. Умралиева²

¹Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, доктор педагогических наук, профессор, Казахстан, Deu-me@mail.ru

²Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, докторант Казахстан, lauraumralieva@mail.ru

ЧЕТЫРЕ ЭЛЕМЕНТА НА ОСНОВЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЦЕННОСТИ В РАБОТАХ КУРАСБЕКА ТЫНЫБЕКОВА

Аннотация

В статье рассматриваются национальные ценности в творчестве Курасбека Тыныбекова. Кроме того, описана воспитательная ценность национальных ценностей в произведениях искусства для будущей молодежи, рассмотрены темы презентаций мастеров-художников в современных стилях, творческий образ жизни.

Обновление разных стилей от работ автора направлено на постоянное формирование традиционного искусства при воспитании молодежи в разных областях изобразительного искусства. Художник описывает использование благородного наследия нашего народа, свидетелем которого много веков, как сувенир современного подрастающего поколения с высоким эстетическим вкусом, ростом и производством, возрождением и формированием наших национальных ценностей в новом формате.

Рассмотрена страсть художника к искусству гобелена, его становлению, современному развитию, его типам, способам создания, примерам работы с различными техниками. Он направлен на формирование современного уровня древнего искусства, которое началось с фантазии ремесленников, крашения шерсти, прядения пряжи, плетения сырмака, развития наших обычаев и традиций.

Ключевые слова: национальные ценности, обычаи, национальное достояние, культура, национальное образование, казахский орнамент, национальный колорит.

M.Zh. Tanirbergenov¹, L.M. Umralieva²

¹South Kazakhstan State Pedagogical University, Doctor of Education, Professor,
Kazakhstan, Deu-me@mail.ru

²South Kazakhstan State Pedagogical University, doctoral student
Kazakhstan, lauraumralieva@mail.ru

FOUR ELEMENTS BASED ON NATIONAL VALUE IN THE WORKS OF KURASBEK TYNYBEKOV

Abstract

The article examines national values in the work of Kurasbek Tynybekov. In addition, the educational value of national values in works of art for future youth is described, topics of presentations by masters-artists in modern styles, a creative lifestyle are considered.

The renewal of different styles from the works of the author is aimed at the constant formation of traditional art while educating young people in different areas of the fine arts. The artist describes the use of the noble heritage of our people, which has been witnessed for many centuries, as a souvenir of the modern younger generation with high aesthetic taste, growth and production, the revival and formation of our national values in a new format.

The author considers the artist's passion for the art of tapestry, its formation, modern development, its types, methods of creation, examples of working with various techniques. It is aimed at the formation of the modern level of ancient art, which began with the imagination of artisans, dyeing wool, spinning yarn, weaving syrmak, the development of our customs and traditions.

Key words: national values, customs, national treasure, culture, national education, Kazakh ornament, national color.

Кіріспе

Ата-бабамыздан мирас болып қалған шын мәніндегі халық ескерткіштерінің ең қомақты бөлігі – қазақтың сәндік қол өнері. Мұндай ескерткіштер тек қана бейнелеу өнері емес, көркемдік пен шығармашылық тоғысқан барлық халықтарымыздың мәдени мұралары жатады. Оның тәрбиелік мәнін зерттеу, жинау және қорғау қасиетті борыш. Талай ғасырларға куә болған халқымыздың асыл мұрасын, эстетикалық талғамы биік бүгінгі өскелең ұрпақтың кәдесіне жарату – этнопедагогика ғалымдарының алдында тұрған үлкен мақсат. [1]

Осы тұста халқымыздың көне мәдениетін әр сабақ жіпке сыйғызып, бүгінгі заманға жеткізуде гобелен өнерінің үлесі зор. Қазақ гобеленінің негізін қалаған марқұм суретшілер Құрасбек Тыныбеков және Батырбек Өтепов қазақ елінің тарихы мен салт-дәстүрлері тотолитарлық құрсауда болған кезеңде қазақтың қара киізінен рухтанып, салт-дәстүрін өрмекпен өріп, қиялымен қияға шығарған шеберлер деп айтсақ жаңылыспаймыз. Суретші-гобеленшілерге жекелей тоқталатын болсақ Қазақ гобеленінің негізін қалаған марқұм суретші Құрасбек Тыныбеков жалған дүниенің жалт еткен арнасында небәрі 33 жыл өмір сүріп, осы аз ғана ғұмырында халқына талай еңбектерін сыйлап үлгерді. Гобелен – өте күрделі өнер. Дегенмен, істің адамы үшін еріншектік жат. Жасыратыны жоқ, көненің көзіндей қария әжелер бір күнде бірнеше сырмақ сырса да, ешкім таңғалмайтын. Икемділікпен үндесетін бұл өнер қолөнершінің шыдамдылығын шыңдайды. Әсіресе, өз жаныңнан, қиялыңнан туған дүниелер жіп, бояу таңдаудан бастап, көп еңбекті талап етеді. [2,3]

ҚҰРАСБЕК ТЫНЫБЕКОВТИҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚҚА НЕГІЗДЕЛГЕН ТӨРТ ЭЛЕМЕНТ

Құрасбек Тыныбеков 7-ші сәуір 1947жылы қазіргі Төлеби ауданы, Аққұм ауылында дүниеге келген. Тоқыма суретшісі, қазақ ұлттық гобеленнің негізін салушылардың бірі. Атматы көркем-сурет училищесін 1966 жылы бітіріп және Львов сән және қолданбалы өнері институтын 1971 жылы бітірген. Атматы көркемсурет училищесінде (1971 - 1978), Алматы театр-көркемсурет институтында (1978-1980) оқытушы және шығармашылық жұмыста болды. Қ.Тыныбековтың туындылары - "Шопан" (1970), "Дала балладасы" (1974), "Тау мен дала аңызы" (1975), "Әлем" ("Өмір ағашы", 1976), "Тың парады", "Байқоңыр ырғақтары" (1977), "Медеу" (1978), "Байқоңыр" (1979), "Теңіз симфониясы" (1980) гобелендері. Шет елдермен достық және мәдени байланысы қазақ қоғамының (1976 - 1980), Қазақстан Суретшілер одағы Президиумының (1980) мүшесі. [4]

Қазақ халқының ежелгі сөз қолдану дәстүрінде төрт саны көптеп ұшырайды. Бұл санның сөз арасында жиі айтылуына көне замандағы шйшылдардың айтқан философиялық көзқарастары, атап айтқанда, дүниенің дамуы туралы айтқан тұжырымдары ықпал еткен.

Себебі төрт саны күнделік тұрмыста зат пен құбылыстың, процестің алғашқы негізгі, әуелгі бастамасы немесе жиынтығы деген мағынада қолданылады. Сондықтан төрт санын арнайы сөз ету этимологияны қызықтаушыларға көмек болар деген ойдамыз. Қазақ төрт мүшем аман болсын дейді. Сол сияқты төрт түлік мал, екі көзім төрт болды, төрт таған, төңіректің төрт бұрышы, дүниенің төрт тұлғасы деген сөз нақыштары күнделікті тұрмыста жиі айтылады. Төрткүл, Төрттөбе, Төртағаш деген жер, су аттары, яғни топонимдік ұғымдар көп ұшырайды. [4,5]

Материалдық дүниенің алғашқы негізі болып есептелген төрт элементтің әсерінен грек елінде алтын ғасыр, күміс ғасыр, мыс ғасыр, темір ғасыр деген түсініктер пайда болған. Сол кездегі жазушы Гесиод «Еңбектер мен күндер» деген поэмасында адам баласының тарихын төрт ұрпаққа бөлген. Алғашқы ұрпақ жақсы жағдайда, яғни алтын ғасырда өмір сүрді дейді ол. Одан кейінгі екінші ұрпақ күміс ғасырда тіршілік етті, үшінші ұрпақ мыс ғасырда күн көрді. Алтын ғасырдан бастап халық тұрмысы төмендеп, енді біздер темір ғасырға кезіктік деп, қоғамдағы таптық жағдайдың, яғни құлдық дәуірдің келуін Гесиод темірден көрген, жақсы заман артта қалды деп өткен заманды дәріптеген.

Құрасбек Тыныбековтің әрбір шығармашылық туындысында төртке бөліп қарастырғаны байқалады:

Біріншіден: Өнер үлгілері бізге ғажайып эстетикалық құндылықтар сыйлай отырып, өмірде де сұлулық түзуге, дүниені әдемілік заңдарына түрлендіруге тәрбиелейді.

Екіншіден: Шығармада сұлулық заттың жаратылыс құбылысының түр-түсі тұтас, кесек көрінгенде ғана, оны жете тануға бел байлаған адамның өзінше бір қайталанбас сезімталдық нәзіктігімен үндесіп, бауырласып барып бірте-бірте ашыла береді.

Үшіншіден: Әр заттың байыбын барлау, қабылдау шамасы қашан да автордың табиғат әсемдігі мен жан-жақты қатынасының белгілі бір сапалық қадір қасиетіне қарай айқындалады.

Төртіншіден: Ұлтымыздың сонау арғы кезеңдегі мәдени өмірін еске алсақ, ерте заманда он саусағынан өнер тамған нағыз шеберлердің мыс, алтын, күміс сияқы құнды металдардан балқытылып жасалған зергерлік бұйымдары көздің жауын аларлық әсем бұйымдар мен елін қорғаған батырлар үшін жасалған қару-жарак, ер-тұрман, сауыт-саймандары өте құнды шежіре болып қала беретінін дәріптеген. [6,7]

Қандай өнер түрі болмасын, қоршаған шындық болмысының құбылыстарын бейнелейтін, өзіне тән көркемдік құралдары арқылы, баланың санасына әсер ете отырып, оның сұлулық туралы алғашқы түсінігін, қоршаған өмір шындығына деген эмоциялық қатынасының қалыптасуын сапалы дәрежеге жеткізетін сезімдік танымдық талғамдық мүмкіндіктерін

кеңейтеді. Көбінің ажары аталынбай қалса да олардың қолтаңбалары түскен өшпес мәдени мұралары келешек ұрпаққа өнегелі үлгі әрі әсемдікке баулитын өнер саласына айналууда. Демек өнер әр уақытта, өз қоғамының мұң-мұқтажын өтеуші ғана емес, сол қоғамның тәрбиелеуші әрі ұлттық құндылықтарды насихаттаушы болып табылып отыр. [8]

Суретші бұл жұмыстарында ұлттық дәстүрді гобелен тоқу ісінде кеңінен қолдана білген. Әр бір жұмысын бейнелеу арқылы тіршілік заңы бар екендігін, қатаңдықты, қазақтың кең даласындағы сырды, қарапайым тұрмыстық қарым- қатынас санасын кәдімгі поэзия тілімен жырлағандай жеткізе алатын, адамның көңіл күйін бояу арқылы, жіп арқылы ою-өрнек тілімен көрсете білген.

Көркем жаңа идеяларды, сюжеттерді, жаңа тақырыптарды өмір ғана береді. Объективтік ақиқат және мағыналық міне осы жағдайлар ғана суреттемеге дара түрде қараған кездегі жалғыз құнды талап болып есептеледі. Суреттен нысанның мәніне терең ену, дүниені ерекше қабылдау құндылығын арттырады.

Өнертану ғылымының докторы Айдар Қамбарұлы Ниязов естелігінде «Құрасбек Тыныбеков қолөнер саласында Қазақстанға ғана емес, сонау алыс шетелдерге де танымал. Өйткені, ол қазақтың кілем тоқу өнерінде жаңа қырынан жол салып, тұңғыш гобелен өнерінің негізін қалаған көш бастаушының бірі, бірегейі. Ұлтымыздың қолөнеріне деген әсем сағынышын өзі жасаған басқұрлар мен алашаларда және кілемдердегі ою-өрнектерден байқауға болады. Бұл салада суретші қайталанбас ғажап дүниелер жасады. Оның туындыларынан халқымыздың салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары, әсем табиғат көріністері, ертегілер мен аңыздардың кейіпкерлері, фольклорлық жыр-дастандары айқын аңғарылады. Олар гобелен өнерінің композициялық құрамында тамаша өрнектеліп, бояулар бір-бірімен ырғақты байланысып, жылы қоңырқай түсті колоритті құраған “Ерекше талант иесі еді” деп санайды. [7,8]

Құрасбек Тыныбековтің 1973 жылы тоқыған гобелені «Отбасы» тақырыбына арналған. Гобеленнің өлшемі 243x388, қазіргі таңда Әбілхан Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейінде сақтаулы. Шебердің «Отбасы» туындысында адам өмірінің жалғасу факторы негізінде *төрт элементін* көрсеткісі келген. Туындының бояу яғни реңктері ұлттық колоритті сақтай отырып дайындалған.

Бірінші элемент: отбасының тірегі, қамқоршысы әкенің образын орталықта отырған образын баласының қамыс сырнай ойнап тұрған қуанышын құптағандай, оң қолымен құшағына алып, балаға күш қуат бергендей. Сонымен бірге әке образын қанатын жайған сұңқардай балапанын қорғап тұрған сұсты портретінде мықым денелі, жайбарақат жайғасқан.

Екінші элемент: Ойын бала образы. Бала өзінің өнерін, қамыс сырнай арқылы ойнап әкесіне қарап, мақтанышын жеткізгісі келгендей жоғары қарап тұрған сәтін керемет көрсете білген. Баланың қыймыл қозғалысы ұлттық ою-өрнектер үлгісінде, тауысмайтын шексіз оюлар сияқы бала өміріде жалғасын қошқар мүйіз элементінде шеберлікпен орындаған.

Үшінші элемент: Бала қуанышына рахат алып қалқып тұрған Ана образы. Баласының қуанышы, ата-ананың екіесе қуандырады демекші, анасы ұлының сырнай арқылы ойнаған әуеніне би билеп әр түрлі қозғалысында шалқиды. Ананың үстіндегі киімі ұлттық нақыштағы орамал бешпеті мен кемзолі түстік ерекшелікпен көмкерілген. Баласының өнеріне бүкіл дүниеден сүйінші сұрағандай.

Төртінші элемент: Отбасының демеушісі, шешіреткісі, ақылшысы бір қолымен әлемді тербетіп, екінші қолымен Ұлы мен келінінің қуанышын, яғни немересі ойнап тартып тұрған өнеріне қорған болғандай, екінші қолымен қанатын кең жайып, тамашалап тұрған әже образы. Бұл әже образы бүкіл туындының мазмұнын, барлық келтірілген ою-өрнектер мен көкерілген бұлттар, қоршаған табиғатты бақылап, жамандықтан сақтап тұрған кейуана қалпында тік тұрып барлық композицияға байланысын көрсетіп тұрғандай.

Бір қарағанда туынды күндіз, ақша бұлттар аспанда қалқып тұрғандай. Бұлттардың қозғалысын шексіз ою-өрнекпен бейнелеп өмір жалғастығын көрсеткендей. Екінші жағынан қарасаң ай бейнесін жарқыратып оюлар мен үйлестіріп, туындының бір бөлшегіне айналдырған. Мұның өзі күнделікті уақыттың күн мен түннің жалғасуын туындыда бірге орналастырғанын байқаймыз. Туындының тағы да бір құнды бөлігі, Адам баласынан басқа қоршаған табиғат бөліктерін әр түрлі ою-өрнек үлгісінде шеберлікпен тоқып шыққан. Шығармада қошқар мүйіз, сынық мүйіз, ирек, қос мүйіз, т.б. ою-өрнек үлгілерін образдық пішім беріп қоршаған табиғатты бейнелей тоқыған. [9,10]

Қорытынды

Қорыта келе осылайша жоғарыда айтылған мысалдар төрт санының сөз арасында көбірек айтылуына себепші болған. Яғни, төрт санының бізге түсініксіз мағыналары ертедегі философиялық көзқарастармен тығыз байланысты деген сөз.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Қалың елім, қазағым /Құраст. Қ.Әлімқұлов, С.Балғабаев, М.Қасымбеков, Қ.Найманбаев. – Алматы,1998.- 306 б.
2. Құрасбек Тыныбков Альбом Офсеттік басылым. Шартты баспа табағы 11. 2018
3. Б. Симова ХАС ШЕБЕР – Шымкент: САНАТ баспасы, 2018.
4. Жақыпов Құттыбек Тыныбекұлы – Алматы: ЖСШ «Интерпринт»,2016.
5. Жақыпов Құттыбек Тыныбекұлы Альбом каталогы [@ madiyarfarida Шымкент 2016;
6. Кенжалиев К. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 125 б.
7. Уразова, З.З. Қазіргі отбасы тәрбиесінде ұлттық құндылықтарды пайдалану мүмкіндіктері / З. З. Уразова, А. К. Абсейтова. – Текст : непосредственный // Молодой ученый. – 2019. – № 48 (286). – С. 500-502. – URL: <https://moluch.ru/archive/286/64635/> (дата обращения: 27.05.2020).
8. Өтешова.Б. «Ұлт ұрпағының дүниетанымын халық тағылымдары арқылы дамыту»- Алматы, 2007. – /Б б. 42-43; 118; 168.
9. С. Ғаббасов. «Халық педагогикасының негіздері» – Алматы, 1995. /Бб.1;3;7; 26./
10. Қ.Бөлеев «Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау». – Алматы, 2004.

ӘОЖ 7.03

МРНТИ 18.07.43

Крыкбаева С.М.¹, Ермаганбетова З.М.²

¹ өнертану кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а., Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: sarakm@yandex.ru

² оқытушы, Аль-Фараби ат. Оқушылар сарайы, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., e-mail: zaira.ermaganbet@mail.ru

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН СУРЕТШІЛЕРІНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ СЮРРЕАЛИЗМ БАҒЫТЫ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі қазақстандық суретшілердің шығармашылығындағы ұлттық дәстүрлі бейнелердің сюрреализм бағытымен сабақтастығы қарастырылады. Қазіргі заманғы қазақстандық сюрреалист суретшілердің шығармашылығындағы архетиптер мен рәміздер салыстырмалы талданады. Сюрреализм бағытының негізгі тәлілі автоматизм, алдау

құралдарын қолдану, түс-елес образдарын пайдалану болып табылады. Сюрреализм бағыты әлем мәдениеті мен өнердің дамуына орасан зор ықпал етті, сонымен қатар бұл ағымға арналған ғылыми-өнертанушылық зерттеулер де суретшілердің жаңа толқынының көркемдік талғамының қалыптасуына үлкен септігін тигізді. Жаңа көркемдік формалар мен жанрлар пайда болып, заманауи әдістерді, ұлттық дәстүрлер мен көзқарастарды, және заманауи көркемдік стильдерді, соның ішінде сюрреализм бағытына тән тәсілдерді жаңа тақырыптарда қалыптастырды.

Түйін сөздер: Сюрреализм бағыты, образ, архетип, ұлттық дәстүрлер, рәміз, мифология, сюжет.

С.М.Крыкбаева¹, З.М.Ермаганбетова²

¹*кандидат искусствоведения, и.о. ассоц. профессор Казахского Национального женского педагогического университета, Казахстан, г. Алматы, e-mail: sarakm@yandex.ru*

²*преподаватель, Дворец школьников им. Аль-Фараби, Казахстан, г. Нур-Султан e-mail: zaira.ermaganbet@mail.ru*

НАПРАВЛЕНИЕ СЮРРЕАЛИЗМА В ТВОРЧЕСТВЕ СОВРЕМЕННЫХ КАЗАХСТАНСКИХ ХУДОЖНИКОВ

Аннотация

В статье рассматривается преемственность национальных традиционных образов в творчестве современных казахстанских художников в направлении сюрреализма.

Сравнительный анализ архетипы и символы в творчестве современных казахстанских художников-сюрреалистов. Основные направления сюрреализма автоматизм, использование средства обмана, использование воображаемых образов. Направление сюрреализм внесло большой вклад в развитие мировой культуры и искусства, а научные художественные исследования этого направления во многом способствовали формированию художественных вкусов художников новой волны. Возникли новые художественные формы и жанры, на новых темах сформировались современные методы, национальные традиции и взгляды, современные художественные стили, в том числе сюрреалистические подходы.

Ключевые слова: Направление сюрреализм, образ, архетип, национальные традиции, символ, мифология, сюжет.

S.M. Krykbaeva¹, Z.M. Ermaganbetova²

¹*Candidate of Arts, i.o. assoc. professor of the Kazakh National Women's Teacher Training University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: sarakm@yandex.ru*

²*Teacher, Schoolchildren's Palace Named After Them Al-Farabi, Kazakhstan, Nur-Sultan, e-mail: zaira.ermaganbet@mail.ru*

DIRECTION OF SURREALISM IN THE CREATIVITY OF MODERN KAZAKH ARTISTS

Abstract

The article examines the continuity of national traditional images in the work of modern Kazakhstani artists in the direction of surrealism. Comparative analysis of archetypes and symbols in the work of modern Kazakh artists-surrealists. The main directions of surrealism are automatism, the use of the means of deception, the use of imaginary images. The direction of surrealism has made a great contribution to the development of world culture and art, and scientific artistic research in this direction has largely contributed to the formation of the artistic tastes of artists of the new wave. New art forms and genres have emerged, modern methods, national traditions and views, modern art styles, including surreal approaches, have been formed on new themes.

Key words: Surrealism direction, image, archetype, national traditions, symbol, mythology, plot.

Кіріспе

Сюрреалист суретшілердің көкसेген басты мақсаты бейсана түйсік танымы арқылы өз шығармашылықтарын шынайы әлемнің шектеулігіне тәуелсіздіктен азат ету болды. Сюрреализмнің бейнелеу өнеріндегі дербес бағыт ретінде қалыптасуы бастауы ең көрнекті қайраткер әйгілі суретшілердің туындыларында айрықша орын алады. Сюрреалисттер туындыларының барлығы дерлік адам жанының терең түкпіріндегі өзге түгіл өзінен де жасырып ұстайтын құпия қырларын мүмкіндігінше нақты көрсетуге бағытталған. Олар әрбір адамның ішкі жан-дүниесін айқындап, оған өз үрейі мен елестерінің көзіне қаймықпай тіке карауға мүмкіндік берді. Сюрреализм саңлақтарының шығармашылығына деген ықылас пен қызығушылықтың әлі күнге дейін суымауының себебі де осы.

Қазіргі жаһандану үрдісі тұсында, біздің еліміз өзінің төлтума мәдениетін қайта таразылап, оның ұлттық идеясы мен идеологиясын қалыптастыруға ұмтылған шақта, ұлттық дәстүрлі өнеріміздің шығу тегі мен болмысын терең зерттеп, бейнелеу өнеріміздің ұлттық образды белгілерін анықтау қазіргі кездегі дәстүрлі көркем өнерге бетбұрыс заманының ең көкейкесті мәселелерінің бірі болып отыр. Сондықтан осы мәселені әрі қарай зерделеу ондағы тұрақты белгілер мен ұлттық тұтастық бейнені ашып алуы қажет етеді.

Қазақстан бейнелеу өнерінде кездесетін терең және оның өзіне ғана тән көріністердің негізі - ұлттың этномәдениетінде жинақталған, яғни қазақ халқының дәстүрлі тарихи дүниетанымынан туындайды. Мифтердің өзінің жалпыадамзаттық емес, аймақтық, ұлттық деңгейде танылатынына байланысты, бейнелеу өнеріндегі тұрақты образдардың барлығы көбінесе белгілі бір өлкеге, қауымға немесе этносқа тән. Осыған байланысты қазақтың дәстүрлі ұлттық өнеріндегі тұрақты белгілер - Кеңістік, Табиғат, Тәңіршілдік, Ұмай Ана, Қаһармандық, Тұлпар, Бөрі және т.б. тәрізді архетипті көркем образдарда көрініс табады [1].

Мифология мен көркем шығармашылықтағы сюжеттер мен образдардың пайда болуы және бейнелеу өнерінде үнемі қайталануы, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуы дәстүрлі өнердің мәні мен мазмұнын рухани кеңістік аймағымен тұтастай құрайтындығын айғақтайды. Ұлттық діл мен дүниетанымда батырлардың Қаһармандық культі сан ғасырлар бойы бейсанада дәйекті түрде орныққандықтан, қазақтың дәстүрлі өнері заманауи сюрреалист суретшілердің шығармаларында тұрақты белгіге айналған [2, .25 б.].

Қазақ бейнелеу өнеріндегі Тыныштық пен Молшылықты білдіретін символдар материалдық құндылықтармен қатар руханилық игіліктерді де қамтиды. Мәселен, киіз үй, мол дастархан, бала-шаға, төрт түлік мал т.б. тұтаса бейнеленуі «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» шат-шадыман өмір салтын айшықтайды [3, 63-65]. Осыған байланысты қазақ суретшілерінің тұрақты тақырыптарының бірі ретінде қалыптасқан Наурыз мерекесінің сипатын байыптасақ, ол көне дәуірлерден бергі жалғасқан діни салт-дәстүр болумен қатар қазақ халқының ғұмыр кешуінің тұрмыс-тіршілігін білдіретін тұтас образ болып табылады. Қазақ бейнелеу өнеріндегі тұрмыс-салтқа байланысты тағы да бір тұрақты монументалды образ - Шаңырақ бейнесі. Оның көркем эстетикалық құндылығымен бірге философиялық мәні де аса зор. Дәстүрлі қазақ дүниетанымындағы Өлім мен Өмір мәселесі де заманауи бейнелеу өнеріндегі тұрақты тақырыптардың бірі. Қоғамдық сана мен бейсаналықтан да орнықты көрініс тапқан бұл процестің көркем өнерден де айшықты орын алуы заңды құбылыс.

Ұлттық дәстүр тақырыптарын туындыларына арқау қылып, қазақ бейнелеу өнеріндегі ұлттық рухтың жаңғыра түлеуіне үлкен ықпал еткен саңлақ суреткерлердің бірі - Жұмақын Қайрамбаев. Қайрамбаев шығармашылығына етене тән екі мәселе, ол Адам және Әлем мәселесі. Суретші бұл мәселелерді Адам санасы мен Әлем көрінісі арасындағы қатынасты өнер Кеңістігінде сезім мен түйсік, түс пен рең құралдарымен шебер бейнелеу арқылы терең психологиялық деңгейде шешуге тырысады. Суретші шығармалары жай адам әдетте көре

бермейтін тылсымдыққа толы. Жұмақын Қайрамбаев туындыларында бейнеленген көзге таныс құбылыстар мен көріністердің өзі көрермен көңілінде сан алуан сұрақтар туғызады. Себебі, суретші мен оның образдары арасындағы тылсым қатынасты көрерменнің көзі көрмесе де, көңілі сезеді. Қайрамбаевтың шығармашылығынан дәстүрлі ұлттық архетиптер образы - Жылқы бейнесі. Көшпенді түркі халықтарының дүниетанымы мен тұрмыс-тіршілігінде жылқының орны айрықша екендігі сөзсіз. Қайрамбаев шығармалары «Тайбурыл», «Көкпар», «Табын», «Шеру», «Елес», «Ай жарықта», т.б. Ж.Қайрамбаевтың Жылқы архетиптік образын арқау еткен туындысы «Күн тұтылғанда» картинасы, онда жылқы үйірі табиғатпен тұтастандырыла көрсетілген, адам бейнесі мұнда көрініс бермейді, қатыспайды. Көк аспан мен сары даланың ортасында өз бетімен жөңкіліп келе жатқан жылқы үйірі жаңа ғана жап-жарық дүниені табанда тас түнекке айналдырған табиғаттың тылсым құбылысына жекпе-жек қарсы тұру сәтінде кескінделген. Қысқа ғана құлын ғұмырында мұндай ғаламат қорқынышты көрініске куә болып көрмеген тай-құнандардың жан ұшыра шыңғырған дауыстары, құлындарын іздеген биелердің шұрқырағаны, үйірін шашыратып алмауға тырысып оңды-солды орағыта шапқан айғырдың азынаған үні, сан тұяқтардың сары даланы жаңғырықтырған дүбірі көрермен құлағына ап-анық естілгендей әсер қалдырады. Бұл шығармасында Қайрамбаев Табиғат пен Болмыстың, Жарық пен Түнектің бетпе-бет келуінің сюрреалистік бір көрінісін Жылқы архетиптік ұлттық образын аша көрсету арқылы бейнелеген [4, 184-186 б.].

Қазақтың заманауи ең көрнекті, әлемге танымал суретшілерінің бірі Ерболат Төлепбай. Қазақтың «Сальвадор Далиі» атанған суретшінің шығармашылығында жалпыадамзаттық құндылықтар көшпенділер мәдениетінің ұлттық рухымен тұтасқан өріле өрнектеледі. Шабыт бастауын Қайта Өрлеу дәуірінен қазіргі заманға дейінгі классикадан алған суретші өз туындыларында әлемдік көркем эстетикалық құрылымдарды ұлттық эпос пен тарихқа, фольклор мен тұрмыс-салт көріністеріне байланыстыра бейнелеуге талпынады. Сондықтан да суретшінің постимпрессионистік сарындағы, әсіре ренді, экспрессивтік пластикамен бейнеленген сюрреалистік туындыларының өзінен ұлттық нақыштар нышаны анық сезіледі. Қазақстан бейнелеу өнерінің тұрақты архетиптік образдарының ішіндегі Ерболат Төлепбайдың туындыларында ең жиі кездесетіні - Ана образы. Осы тақырыпқа суретшінің жиі қалам тартуына оның өз анасына деген кіршіксіз перзенттік сезімі арқау болса керек. «Бар ғұмырым бес-ақ күндей болды: біріншісі - бүлдіршін бала кезім, екіншісі - бой жетіп тұрмыс құрғаным, үшіншісі - ана атанғаным, - есейіп егде тартқаным, ал - бесінші күнім - осы өзіммен әңгімелесіп отырғаным» деген анасының ұлағатты сөзін осы тақырыптың туы етіп тұтынған Төлепбай Ана образын классикалық үрдістегі сәбиін қолына ұстап отырған Мадонна бейнесінде ғана емес, балдырған қыз, бойжеткен қалыңдық, сүйікті жар, сәбилі ана, өз әже бейнелерінде, эволюциялық даму барысында кескіндейді. Бұл образдар суретші туындыларында бір сарынды статикалық кескіндер ретінде ғана емес, шаттана секіріп ойнап жүрген сәби, сәйгүлік мінген бойжеткен, қымыз сапырып отырған келіншек, нәрестесін әлдилеген ана, әңгімелесіп отырған құрбылар, ұршық иірген әже тәрізді образдар түрінде суреттеледі. Ал енді, Ана мен Сәби архетипті образын дербес алып қарастырсақ, Төлепбай туындыларының арасынан бұл тақырыпқа арналған бір кескіндемені басқаларынан бөліп алып талдаудың қажеттілігі жоқ. Мұндай образдардың бәріне тән ортақ сипаттамалар — бұл ошақ анасы, ұлт ұйтқысы, болашақтың бастауы іспеттес Бақытты Ана бейнесі сәбиіне шапағатты мейірін төгіп, аналық бақыт сезімінен жүзі нұрлана балқып отырған Ана бір қолымен бесігін тербетсе, екінші қолымен Әлемді тербетіп отырғандай әсер қалдырады. Бояуларының ашық реңділігі, кескіндердің жұмсақ пластикасы, сюжеттік желілердің сарапталған сараңдығына мазмұнның бейсаналы байлығы сәйкестене суреттелуі көрермен көңілінде бейбітшілік, тыныштық, мамыражайлық пен алаңсыздық сезімдерін туғызады. Ол өзінің осы әлемдік көркемөнердің, соның ішінде қазақ бейнелеу өнерінің де, кең таралған тұрақты тақырыбына арналған тамаша туындыларында суретші Ерболат Төлепбай Табиғат

Ана, Жер Ана, Ұмай Ана, Ошақ Анасы, Ел Анасы тәрізді сипаттардан бастапқы бағдар алатын архетипті Ана образын толықтай және жан-жақты аша білген деп пайымдаймыз.

Қазақтың заманауи бейнелеу өнерінің сюрреализм ағымына жататын туындылары ішінде осындай монументалды образдардың бірқатарын бойына сыйғызған сүбелі шығармалардың бірі - Бексейіт Түлкиевтің «Суретші түсі» атты туындысы. Бексейіт Түлкиевтің туындыларының басты ерекшелігі олардың кеңістік пен уақыттағы көпсатылылық. Суретші шығармаларындағы бір кезеңде жеке адам ғұмырының, немесе ұлт тарихының әртүрлі дәуірлерінің өзара байланыстыра суреттелуі оның өз замандастары арасында ешкімге ұқсамайтын өзіндік ерекше қолтаңбасы.

Бексейіт Түлкиев шығармашылығындағы постмодернизм ұстанымына тән шарттылық пен бейсаналылық белгілері дәстүрлі ұлттық нақыштармен өрнектеле тұтасып, жалпы әлемдік және дәстүрлі қазақ бейнелеу өнерінің біте қайнасқан біртұтас болмысының көрінісі ретінде қабылданады. Батыстық қылқалам майталмандарының шедеврлерімен жете таныс суретші қазақ ұлттық өнерінің үрдістерін әлемдік мәдениеттің озық үлгілерімен шебер ұштастырады. «Суретші түсі» туындысында Қайта Өрлеу данышпаны Леонардо да Винчиден бастап, сюрреализм серкесі Сальвадор Далиге дейінгі көптеген кескіндеме шеберлерінің қолтаңбасы анық байқалады. Алайда, әлемдік мифологиялық сюжеттерден тура көшірілгендей таныс образдарға суретші таңғаларлықтай қазақтың ұлттық сипатын шеберлікпен береді. Мәселен, орта ғасыр дәуіріндегі итальян суретшісі Андреа Мантеньяның «Өлі Христос» картинасынан алынғаны көзге ұрып тұрған, перзентін аза тұтқан Ана образы ежелгі Мысыр мифологиясындағы Исида және христиандық мифологиядағы Мария Ана образдарына ұштасып жатқанымен, қазақтың кимешегімен бейнеленуі тәңіршілдік танымынан бастау алатын Ұмай Ана архетиптік образына меңзейді. Ананың артында тұрған ер адам бейнесі Леонардо да Винчидің «Құпия кеш» фрескасындағы Иуданың образынан алынуы бұл жерде қандай да бір құпия зұлымдық орын алғандығы туралы ойды туындатады. Өмір мен Өлім текетіресін айқындай түсетін тағы бір бейнелер тобы — марқұм болған пендені азалап тұрған адамдар ұлттық салт-дәстүріміздің бір қайғылы көрінісін сипаттаса, ұшып бара жатқан құс образы марқұмның шырқырап Көкке ұшқан Жаны кейпінде ежелгі анимизм архетиптерінен де бір елес береді. Ал скафандр киген жас бала бейнесін Ғарыш пен Кеңістік архетипті образдарының символы ретінде де, өткен өмір мен келешек ұрпақтың бейсаналық байланысының белгісі ретінде де, автордың өзінің бала кезіндегі асыл арманы ретінде қарастыруға болады.

Қазіргі заманғы қазақ бейнелеу өнерінің абстракционизм және сюрреализм жанрларында жалықпай қалам тартып жүрген танымал тарлан суретшілердің бірі Алпысбай Қазығұлов. А.Қазығұлов өзі таңдаған өнер жолында өндіре еңбектеніп жүрген өнімді суреткер. Оның туындыларының басты кейіпкері - Аспан мен Жерді астастырған ұлан-ғайыр Кеңістік, сол кеңістіктің символы іспеттес қазақтың байтақ Даласы, осы даланың желіне жалын желбірете жүйткіген жүйріктер мен маң далада маң-маң баса тізбектелген ұшы-қиыры жоқ көш-керуендер. Суретшінің қиялында қалыптасқан дүниетаным түсінігі мен қоршаған орта туралы көзқарасы «Көш» атты туындысында түс пен реңнің әрлілігі мен композициясының мазмұны мен мәні автордың өзіндік қолтаңбасымен дараланады [5, 104 б.].

Қазақ бейнелеу өнеріндегі сюрреализм бағытының әлемге танымал талантты өкілдерінің бірі суретші, ақын және философ Айбек Бегалин. Әлемдік кескіндеме өнерінің жоғарғы жетістіктерін өз шығармашылығына суреткерлік сезімі арқылы сіңіре білген суретші Батыс пен Шығыстың бейнелеу өнеріндегі дәстүрлі тұрақты белгілерінің таңғажайып құрамдас көрінісін кескіндеп, бірқатар жаңа тәсілдер ойлап тапқан. Соның бірі әлемдік өнерде теңдесі жоқ күрделі графикалық әдіс - «бегалиграфия» болса, тағы бірі - «паттерндік структурализм» теориясы. Паттерн дегеніміз, суретшінің тұжырымы бойынша, уақыттан тыс, сондықтан да мәңгі архетиптік образдардың топтамасы. Структурализмнің

негізгі ерекшелігі - Кеңістік пен Уақыт образын шым-шытырық сызықтар мен сюжеттерді, бейнелер мен дәуірлерді, әртүрлі ұлттық және дәстүрлі нақыштарды бірінің үстінен бірін қабаттай өрнектеу тәсілімен жасау. Өзінің шығармашылығының техникалық жағын осылайша күрделілендірген суретші тақырыптық жағынан да көп қырлы. 27 туындыдан тұратын «Апокалипсис» циклында батыс мифологиясына негізделген образдардың тұтас бір галереясын жасаған суретші «Қазақстан», «Шыңғысхан», «Сақтар көсемі», «Бұқар жырау», «Қазыбек би», « Менің нағашым Тәттімбет», «3000 Шаңырақ», «Көшпенділер» тәрізді монументалды кескіндемелерді, «Бөрі», «Қыран», т.б. тотемдік белгілерді бейнелеген. «Апокалипсис», «Уақыт», және «Көшпенділер» циклдарындағы тұрақты образдарды структурализм теориясына сәйкес бір-біріне қабаттай кескіндеу арқылы суретші өзінің соңғы кездегі туындыларына жаңа бір этномифологиялық сарын берген. Бұл жұмыстардың қатарына әйгілі «Оберон мұнарасы» картинасы жатады. Батыс Еуропа мифологиясынан алынған эльфтер мен орман перілерінің билеушісі Оберон образы әлемдік мәдениетте елеулі орын алған бейнелердің бірі. Алайда, Бегалинның шығармасындағы басты образ Оберонның өзі емес, картинаның орталық бөлігінде Балбал бейнесі орналасқан. Композицияның оң жақ жоғарғы бөлігінен орын алған домбыра ұстаған қыз бейнесі осы бұрыннан белгілі картинаға жаңадан қосылған тың образ. Туындыдағы Азияға тән құбылыс тек осы екеуі ғана. Дей тұрғанмен, туындының басты образдары да дәл осы екеуі екені сөзсіз. Айбек Бегалиннің бұл туындысы да, жалпы шығармашылығы да әлемдегі қай елдің де көрерменінің дүниетанымына жат, көзіне тосаң көрінбейтініне көзіміз анық жетеді. Сюрреалист суретшілердің басым көпшілігі өз туындысында не айтқысы келгенін көпшілік көрерменге тәптіштей түсіндіріп жатпайды. Таңғажайып тылсым дүниені шытырман штрихтермен көлегейлей көрсетіп көрерменнің көз алдына жайып салады да, түйсікті түсіну мен түбегейлі талдауды оның өз тандауына қалдырады [6.].

Қорытынды

Жаңа бағыттарды ұстаным еткен жаңашыл суретшілер күрделі көркемдік қабылдау түйсіктерін өнер игілігіне айналдыра алды. Қазақтың ұлттық архетиптік бейнелерінің байлығы, олардың мифологиялық және философиялық мәні, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлер мен салттардың тоғысу тәжірибесі дәстүрлі өнер үрдістерінің заманауи талаптарға сәйкес трансляциялануына мүмкіндік береді. Сондықтан Қазақстан заманауи суретшілердің шығармаларына дәстүрлі мәдениеттен тамыр алатын терең тақырыптар мен ұлттық нақыштағы бейнелер, ішкі түйсіктілік және ой кеңдігі, мазмұндық және түрлі нақты сипат тән.

Әдебиеттер

1. Наурызбаева З.Ж. Мифоритуальные основания казахской культуры: автореф. ... канд. филос. наук. – Алматы, 1994. - 23 с.
2. Дүйсенбаев А.Қ. «Қазақ батырларының қаһармандық бейнесі арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің педагогикалық шарттары». – Атырау, 2007. – 25 бет. Ералин.Қ, Ералина.Ф. Бейнелеу өнеріндегі қазақ салт-дәстүрлерінің көрінісі // Түркология, 2006 – №2 – Б.63-65.
3. Саркулова М.С. Мифологизация образа «конь» в кочевой культуре // Вестник КАЗНУ. – 2009. – №1 (32) – с.184-186.
4. Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. Жиырма томдық. 1. Т. – Астана: Аударма, 2005. – 496 бет.
5. <http://cheloveknauka.com/surrealizm-kak-kvintessentsiya-realnogo-i-sverhrealnogo>

УДК 7.06
МРНТИ 11.25.41

Л.И. Нехвядович¹, Ж.Н. Шайгозова²

¹д.иск., доц., директор Института искусств и дизайна Алтайского государственного университета г. Барнаул, Россия

²к.п.н., ассоциированный профессор Института искусств, культуры и спорта Казахского национального педагогического университета им. Абая г. Алматы, Казахстан

Работа подготовлена в рамках государственного задания Алтайского государственного университета, проект №748715Ф.99.1. ББ97АА00002 «Тюрко-монгольский мир "Большого Алтая": единство и многообразие в истории и современности»

РОЛЬ ЭТНОИСКУССТВОВЗНАНИЯ В ИССЛЕДОВАНИИ ТЮРКО-МОНГОЛЬСКОЙ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ТРАДИЦИИ

Аннотация

В последние десятилетия можно отметить новую волну актуализации интереса к проблеме исторического познания тюрко-монгольских ценностей Большого Алтая, когда продолжают развиваться узкоспециализированные научные дискурсы и одновременно формируются междисциплинарные области знания. Интеграция этнографии и искусствознания представляет собой междисциплинарное научное направление – этноискусствознание, ориентирующее исследователя на рассмотрение этнического фактора в формировании национальной специфики искусства.

Исследование, представляет собой научную попытку теоретического основания исследования тюрко-монгольской художественной традиции. Отмечается, что характерным признаком современного искусствознания является переход от моноэтнических исследований к междисциплинарным исследованиям национальных (локальных) художественных школ. В этом контексте существенное теоретико-методологическое значение приобретает методология этноискусствознания.

Ключевые слова: этноискусствознание, этноискусствоведческое исследование, методология, тюрко-монгольская художественная традиция.

Л. И. Нехвядович¹, Ж. Шайгозова²

¹Өнертану докторы, доцент, Алтай мемлекеттік университеті Өнер және дизайн институтының директоры Баурнаул қ., Ресей

²п.ғ.к., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті Өнер, мәдениет және спорт Институты Алматы қ., Қазақстан

Жұмыс Алтай мемлекеттік университетінің мемлекеттік тапсырысы, № 748715Ф.99.1.ВВ97АА00002 «Үлкен Алтайдың» түркі-моңғол әлемі: тарих пен қазіргі заманғы бірлік пен алуан түрлілік» жобасы аясында дайындалған.

ТҮРКІ-МОНҒОЛ КӨРКЕМДІК ДӘСТҮРІН ЗЕРТТЕУДЕГІ ЭТНО ӨНЕРТАНУДЫҢ РӨЛІ

Аңдатпа

Соңғы онжылдықтарда, жоғары мамандандырылған ғылыми дискурстар дамып, пәнаралық білім салалары қатар қалыптасқан шақта Үлкен Алтайдың түркі-моңғол құндылықтары туралы тарихи білім мәселесіне қызығушылықтың жаңа толқынын атап өтуге

болады. Зерттеушіні өнердің ұлттық ерекшеліктерін қалыптастырудағы этникалық факторды қарастыруға бағыттайтын, пәнаралық ғылыми бағыт, этнография мен өнер тарихының интеграциясы - этно өнертану.

Зерттеу - түркі-моңғол көркемдік дәстүрін зерттеудің теориялық негізіндегі ғылыми талпыныс. Заманауи өнертануға тән ерекшелік - моноэтникалық зерттеулерден ұлттық (жергілікті) өнер мектептерінің пәнаралық зерттеулеріне көшу екендігі атап өтіледі. Бұл тұрғыда этно өнертану методологиясы маңызды теориялық және әдістемелік маңыздылыққа ие болады.

Кілттік сөздер: этно өнертану, этно өнертанушылық зерттеу, әдістеме, түркі-моңғол көркемдік дәстүрі.

L.I. Nekhvyadovich¹, Z. Shaygozova²

¹Doctor of Arts, Assistant Professor, Head of the Institute of Arts and Design, Altai State University Barnaul, Russia

²Candidate of Pedagogical Sciences, Professor of the Institute of Arts, Culture and Sports of the Abai Kazakh National Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan

The work was prepared within the framework of the state assignment of the Altai State University, project No. 748715Ф.99.1.ББ97АА00002 "The Turkic-Mongolian world of the "Great Altai": unity and diversity in history and modernity."

THE ROLE OF ETHNO- ART STUDY IN THE RESEARCH OF THE TURKO-MONGOL ARTISTIC TRADITION

Annotation

In recent decades, we can note a new wave of actualization of interest in the problem of historical knowledge of the Turkic-Mongolian values of the Great Altai, when highly specialized scientific discourses continue to develop and at the same time interdisciplinary fields of knowledge are formed. The integration of ethnography and art studies is an interdisciplinary scientific direction - ethno-art studies, which orients the researcher towards the consideration of the ethnic factor in the formation of the national specificity of art.

The study is a scientific attempt to provide a theoretical basis for research of the Turkic-Mongolian artistic tradition. It is noted that a characteristic feature of modern art studies is the transition from mono-ethnic studies to interdisciplinary studies of national (local) art schools. In this context, the methodology of ethno-art study acquires significant theoretical and methodological significance.

Key words: ethno-art study, ethno-art study researches, methodology, Turkic-Mongolian artistic tradition.

Процессы глобализации, развитие информационного общества активизировали систему этнического самосознания, этническая проблематика становится одной из актуальных в художественной практике, проявлением творческой индивидуальности, тенденцией, внутри которой возникают закономерности. Такая мировоззренческая парадигма характерна для мирового искусства в целом и ярко отразилась в изобразительном искусстве Большого Алтая.

Образы тюрко-монгольской художественной традиции являются актуальным источником этноискусствоведческой информации. Ее своеобразие определяется историческими условиями формирования этнической ментальности, сложным переплетением мировоззренческих оснований традиций, которые отражаются в формально-содержательной

и образной структуре произведений искусства. Понимание этих факторов во взаимодействии явится условием раскрытия самобытности национальных (локальных) художественных школ.

Исследование этнической специфики тюрко-монгольской художественной традиции в современном искусстве Большого Алтая представляется актуальным. Уникальность художественного наследия и культурного пространства региона во многом определяется его полиэтничностью. Именно поэтому в современных арт-практиках художников Большого Алтая актуальны проблемы исторических корней, этнокультурной самобытности, межкультурного диалога. Исследование тюрко-монгольской художественной традиции позволяет определить степень ее влияния на формирование образной системы искусства, творческого метода и стиля.

Теоретическую актуальность исследованию придает междисциплинарный подход, который предполагает изучение проблемы в рамках еще только определяющейся в своих основах методологии этноискусствознания. Статус нового научного направления ориентирует на спецификацию его объекта и предмета по отношению к смежным отраслям науки. В условиях глобализации, когда преемственность развития искусства ставится под сомнение, такой подход дает возможность показать диалектику индивидуального и всеобщего, этнического и национального.

В зарубежном искусствоведении этническая составляющая входит в описание и анализ национальных художественных стилей (И. Винкельман, К. Шнаазе, И. Тэн, А. Ригль, Г. Вельфлин, А. Варбург, Э. Панофский). Концепцию функционирования этнокультурных традиций в художественной культуре разрабатывают искусствоведы Казахстана (Р.А.Ергалиева, К. Ш. Нурланова, А. С. Галимжанова, Ж. Шайгозова), Узбекистана (Н.Р.Ахмедова).

Проблема многообразия национальных форм в искусстве осмысливается в академическом искусствознании (А. А. Федоров-Давыдов, М. В. Алпатов, А. А. Каменский, Д.В.Сарабьянов, Н. А. Яковлева, О.Б. Яковлева, К. Г. Богемская, Ф. С. Мальцева, В. С. Манин, В. А. Леняшин, Е. И. Кириченко, М. Г. Неклюдова, В. Б. Мириманов).

Междисциплинарные исследования проблемы этничности как свойства искусства разрабатываются на основе формально-стилистического (Б. М. Бернштейн, С. В. Иванов, В.Г. Власов, Г. Ф. Валеева-Сулейманова), структурно-семиотического (С. М. Червонная, В.М. Петров, Е. С. Медкова), культурологического подходов (М. С. Каган, Н. А. Хренов, И.Г. Яковенко, А. К. Якимович, Э. М. Колчева).

Проблема этнорегионального своеобразия культуры в центре внимания сибирских ученых. Исследователь Н. А. Томилов утверждает необходимость интеграции археологии, этнографии и искусствознания для детального анализа художественного стиля, его зависимости от этнического самосознания [1]. В этом направлении исследуются этническая история и процессы межэтнического взаимодействия (Н. А. Томилов, В. Г. Рыженко, Н. В. Кулешова), материальная и духовная культура (Е. М. Тошаква, Ф. А. Сатлаев), мифология и фольклор (А. С. Суразаков, А. М. Сагалиев, Л. П. Гекман, М. И. Шахнович, Н.С. Гребенщикова), декоративно-прикладное искусство Алтая (Н. И. Каплан, В. И. Эдоков, А.В.Эдоков).

В русле этноархеологии проводятся комплексные изучения семантики первобытных мифологических изображений (З. А. Абрамова, Л. Л. Баркова, М. Ф. Косарев, В. Д. Кубарев, А. П. Окладников, С. И. Руденко, В. И. Молодин, И. В. Октябрьская, Ю. Ф. Кирюшин, А.А.Тишкин).

В региональном искусствоведении разрабатывается комплексный подход к изучению художественного наследия и современного искусства Сибири (П. Д. Муратов, Г. В. Гольнец, М. В. Москалюк, Е. П. Маточкин, Т. М. Высоцкая, Л. Н. Ларина, В. Ф. Чирков, Т. М. Ломанова, В. О. Назанский, О. М. Галыгина, Г. Ю. Мысливцева, Е. Ю. Павлова,

А.Г.Кичигина). Особое значение в искусствоведческой оценке развития изобразительного искусства Большого Алтая, определения его стилистических особенностей имеют работы В.И. Эдокова, Л. И. Снитко, Г. И. Прибыткова, Т.М. Степанской, М. Ю. Шишина, Л.Н.Шаминой, И. К. Галкиной, Л. Н. Лихацкой, Л. Г. Красноцветовой, Р. М. Еркиновой.

Исследователь Т. М. Степанская впервые предметно поставила вопрос о необходимости этноискусствоведческого анализа столичных и провинциальных взаимовлияний в творчестве сибирских художников [2]. Основная деятельность по заявленной проблеме осуществляется в рамках ее научно-педагогической школы «Изобразительное искусство и архитектура Сибири». Заслуживают внимания исследования, посвященные проблеме взаимодействия художественных традиций Алтая и сопредельных территорий (Казахстана, Монголии, Китая) (А. В. Эдоков, А. Л. Усанова, К. А. Мелехова, Н. Ю. Афанасьева, Ю. А. Виноградов, М.Г.Нечаев, Д. М. Мергалиев, Е. Ю. Личман, Сино Гуань, Жанайхан Еркин).

Анализ научной литературы позволяет заключить: 1) в гуманитарных науках определяются различные подходы к понятиям «этничность», «этнический фактор», «этнокультурная традиция»; 2) современная тенденция к интеграции наук служит основой формирования общих понятий гуманитарных дисциплин; 3) в искусствоведении формируется исследовательская традиция, терминологический аппарат, теоретическая база для изучения проблемы этнической специфики искусства; 4) осознается необходимость спецификации этноискусствознания как научного направления; 5) актуализируется потребность специального исследования, нацеленного на исследование особенностей проявления этнокультурных традиций в изобразительном искусстве Большого Алтая.

Проблема возникает в связи с тем, что в методологии истории искусства до сих пор не сложилось единого понимания этнокультурной традиции как объекта искусствоведческого исследования, подходы к изучению данного феномена в структуре художественного процесса также неоднозначны. В связи с этим, назрела необходимость теоретического осмысления заявленной проблемы, поскольку связана она с генезисом и особенностями художественного языка изобразительного искусства, способностью его передавать архетипическое содержание, с его ролью как фактора сохранения и развития национального (локального) своеобразия искусства.

Междисциплинарный характер поставленной проблемы предполагает синтез различных теоретических подходов и их концептуальных положений. Рассмотрение этничности как свойства искусства определяет вектор изучения этнокультурного своеобразия изобразительного искусства с точки зрения феноменологии и герменевтики. Этот базовый уровень методологии включает концептуальные положения феноменологической философии Э. Гуссерля об интенциональности, связывающей сознание и предмет познания, герменевтические принципы понимания и интерпретации текстов Г. Гадамера.

Табиғатты өмір сүру ортасы ретінде көрсете отырып, оның өмір сүру заңдылықтарын түсінуге талпына отырып, суретші саналы түрде өзінің жеке даралық ерекшелігін қалдырады. Ол әлеммен бірігіп кетуге, оның бөлшегі болуға, өнім беретін рухқа үңіле отырып, жасауға болатын, беретіні бар, сезуге болатын, басқаға айналмайтын тірі органы жасауға тырысады. Бұл ұстанымдар өзінің өмірге енуін абстрактлық экспрессионист М. Ротко мен дадаиста Х. Арпа шығармашылығынан тапты. Шығарманы, фактураны, түсті, форманы жасау технологиясына деген назар, олардың шығармаларын «табиғат» нысанына жақындата түседі. «Ашық» жобалаушының экспозицияның пәндік контексіне деген қызығушылығы осы қатардан табылады. Қоршаған дүниенің қасиеттерін тасымалдаушы бола тұрып, заттар оның материалдықпен өлшенген табиғат символына, оның моделіне айналады. Әлеуметтік-мәдениет контексінде зат мәдениет құндылықтарын тасымалдаушы ретінде көрініс табады, тұрмыс экспозиция жобалаушысының қызығушылығының нысаны

ретінде болып, оның формасында тек қана функционалдық және элеуметтік мәдени (тұтынушылық, экономикалық, өндірістік, құндылық, эстетикалық) мәні көрініс табады. Ортаны жобалау барысында, зат оны қалыптастырудың элементі ретінде көрініс табады, ал заттардың жиынтығы кеңістікті ұйымдастырады. Кеңістікті ұйымдастыруда заттардың арасындағы бір біріне реакциялар, олардың өлшем, форма, фактура, түс, сонымен қатар функция, жас, стилистикасының танымдық деңгейі сияқты формалдық пластикалық сипаттамасы өзара байланысы ерекше мәнге ие болады. Экспозициялық кеңістікте заттарды жайғастыру, жобалаушының олардың мүмкіндіктері, өзара байланыстары және көршілестігі туралы интуитивтік білім алу негізінде, олардың мәнін түсініп білгенен кейін барып болады. Дизайнер үшін өмір іздерін білдіретін, «табылған» нысан немесе «бұрынғы заттар» ереше қызығушылық туғызады [3].

Итальялық кескіндемеші Дж. Моранди тұрмыс заттарының формасындағы геометриялық шексіздік құпиясын тауып оның жоғары мәнін қайта қайтарды. Мұражайда заттар келесі фантазияға арналған есептеу нүктесі ретінде және экспозиция «диалогына» жақындаған сайын, ол терең де көпқабатты бола түседі, бірінші элемент ретінде көрінеді. Экспозициялық жабдықтар бұл жағдайда экспонаттарға арналған «оправаға» лайықты, безендіру дизайнының шығармасы ретінде олардың үстінен қарайтын, біріктіретін, жинақтайтын қызмет атқарады. Ашық жобалау жағдайында жабдықтардың сапасы мен сипаты тек қана экспозициялық ойға ғана емес, көбінесе тапсырыс берушінің материалдық мүмкіншілігіне өндірістік-технологикалық базасына байланысты болады. Ерікті түрде шектеу қойып отыра, бір жағынан мүмкіндіктерге сүйеніп, екінші жағынан жобалаушы жалғыз дұрыс таңдау жасайды. Архитектурада лайықты материалдарды пайдалану оған демократиялық ашықтық пен заманауилық рухты білдіреді. Осыған байланысты боялмаған фанера, қаңылтыр, мыс, толқынды шифер, шарбаққа арналған сымтемір сетка сияқты материалдарын пайдалану арқылы бүгінгі қала өмірінің өткір атмосферасын береді, қалдық емесе арзан материалдарды қолдану таңқалдыратын ұтымдылыққа жеткізетіндігін дәлелдейді, қазіргі қоғамның рухын және оның қарама қайшы құндылықтарын, импривизацияға қаныққан және тірі жобаны жасауды архитектор және дизайнер Фрэнк Гери шығармашылығынан көрсетуге болады. Алдыңғы қатарлы әлем дизайнерлерінің шығармашылығындағы көп позициялы қазіргі дизайн, монолит емес барлығының мақсаты бірдей пәндер, бөлімшелерден құралған жүйе тәрізді қабылданады. Бұл бәрінен бұрын жұмыста, жеке тұлғалардың қоғамдастығы, әрқайсысы өзінің идеалын көрсететін тұтынушылармен байланыс тәсілдері және жеке даралардың одағы болып табылады. Бұл айтылғандарды аймақтық дизайн тарихы дамуынан мысалдар келтіру арқылы көрсетуге болады. Жапонияның дизайнерлік мектебі, дәстүрлік элементтерін европаның ұтымдылық теориясымен, технологиялығымен және жүйелілігімен ұштастыра отырып, қазіргі кезде әлемдік позицияда бірінші орынға шықты. Оны ерекше етіп көрсететін, батыстық жаңа тенденциямен, ұлттық дәстүрдің біржақты болмау күресі жағдайындағы дамудың бір халықтық емес әр түрлі бағыттылығы.

Жапонияның дизайнерлік мектебінің өзіне тән ерекшелігі материалмен жұмыс болып табылады. Материал табиғатына көңіл бөлу көркемдіктің және тіпті образдылықтың бастау алар мүмкіндігін туғызудың қажетті шарты. Бұларда әр түрлі материалдармен жұмыс істеудің курсы ұйымдастырылады. Жапон дизайнының ерекшелігі мен жетістігі әдемілеудің болмауы. Мұның орнына ежелгі дәстүрлер мен қазіргі мәдениеттің бірігуі болып табылады. Италиядағы 1980-1990 жылдардағы дизайнерлік мектеп теориялық әдіснамалық және педагогикалық ұстанымдар бірлігімен ерекшеленеді. Италия дизайнерлерінің шебер тұлғасына бағытталған, қандайда бір пән бойынша немесе дизайн формасына сай өзінің жасаған концепциясы бойынша артистикалық, интуитивтік дәстүр бойынша әдістерін бекітуге алып барады. Бұл айтылғандарға Флоренциядағы Архитектура институтында пайда болған «радикалдық дизайн»; Р. Дализидің жобалау әдісінің немесе «бірге қатысу»

концепциясы; К. де Карли жасаған тұрғын ортаның «бірінші кеңістік» концепциясы мысал бола алады. Шығармашылықтың толық бостандығы жағдайындағы эксперимент ретінде мектеп базасында жобалау ізденісі жұмыстарын жүргізу ең бастысы болып табылады. Италияның қазіргі көрнекті дизайнерлері Т. Мальдонадо, Э. Соттсасс, Э. Мари 1978 жылғы Рим академиясының дизайнерлер бөлімінде өткен көрменің өзінде әр түрлі көзқарастар болды. Мальдонадо оқыту барысында орта және жоғары мектеп білім беру реформасын жасау қажеттігін көрсетіп, оның үстіне дизайнерлік және архитектуралық курстардың, пәндердің жүгінен босатып, орталықтандырып өткізуді қажет ететін талаптар қойды. Соттсасс және Мари болса бұл проблемаға олар басқаша қарады. Соттсасс бойынша қандай мектеп болмасын оның әдістемелік анықтығы, жүйелілігі, бағдарламалығы, соған сәйкес схемалығының болуын қажет етеді. Жалпы дизайнға оның үстіне италия дизайнынына бұлар деген әр уақытта жат болды. Ол әр уақытта «жалғыз сенімді мақсат» жалғыз сенімді әдіс жетістігіне жетуге емес, жарқ етіп шығуға, жүйелілік тұйықталуды жоюға, мүмкіндіктер биігіне шығуға, мақсат биігіне шығуға тырысты. Соттсасстағы нақтылық— тікелей нақты, ерекше типологияға және типизацияға берілмейтін, жобалау нысандарын жүйеге келтірудің басқада әдістерімен ерекшеленеді. Бұл жағдайда тікелей-нақты негізгі модель «колөнер» болып табылады. Соттсасс дизайнері колөнерші суретші философ түрінде болса, ал мектептің өзі ортағасырлық үлгі мен антикалық академия арасындағы бөлшек ретінде болып табылады. Бұл дизайнға италяндық сызық ерекшелігімен байланысты.

Қорытындылай келе, дизайн белгілі жанрлар шекарасын өшіретін, өндірістік жобалау біртіндеп таза көркем шығармашылықтың сценографиялық, архитектуралық болып келетін түрлерінің біріне ауысады. Бүгінгі күннің «Универсалдық дизайнер» шығармашылық жанрын анықтауы төтенше жағдайда киындаған орта құрылымын жасаумен айналысады. Универсалдық архитектор — суретші — дизайнер — бүгінгі күнгі жобалау әлеміндегі типтік фигура. Бірақ оны қалыптастыру—әлі аяқталудан алыс болып табылады [4,5]. Оның әдіснамасын қалыптастыру сияқты дизайнерлік қызметтің дүниетанымдық қондырғысын тұтастай қарастыруды қажет етеді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
2. Ералин Қ., Ералина Ғ. Дизайн негіздері: оқу құралы / Қ. Ералин, Ғ. Ералина.– Алматы: Эверо, 2017.
3. Ералин Қ. Ералина А. Е64 Этнодизайн. /Қ.Ералин А.Ералина. Оқу құралы. Алматы: Эверо, 2017ж.
4. Бегімбай К.М. Б34 Дизайн саласына маман даярлаудағы компьютерлік технологиялар: Монография. – Алматы: Эверо, 2017.
5. Адамкулов Н.М., Кыстаубаева Б.К., Жаскиленова А.С. Заманауи дизайн. / Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: Эверо, 2019.

ӘОЖ 745.749.
МРНТИ 18.31.51

М.А. Сутеева¹, Г.Б.Кемалова²

¹педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
²аға оқытушы, магистр

К.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Қазақстан, Ақтөбе қ., e-mail: gul_kemalova@mail.ru

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ЗАМАНАУИ КИІМДЕРІНДЕГІ ОЮ-ӨРНЕКТИҢ МӘНІ

Аңдатпа

Мақалада сан қырлы ұлттық өнеріміздің бір саласы – ұлттық киімдеріміздің ерекшеліктері туралы сыр қозғалады. Қазақ киімі кез келген ұлттың киім өнерімен тайталасқа түсе алатын, тіпті, оқ бойы озық тұратын ғажап мәдени мұра. Өйткені, қазақ киімінің тарихы тым тереңде, ықылымдардан сыр шертер өткен замандарымызда жатыр. Жахандану дегенді желеу етіп, әлемді жауламаққа ұмтылған батыс елдерінен өндірілетін киімдер бүгінде аса бағалы саналса да, қазақ киімі түрлі өрнектермен, алтынмен, күміспен күтпеліп, аруларымыз бен сұлуларымыздың үстінде көлбеңдеп, қызымыздың да, кең даламыздың да көркін асырғаны туралы кең баяндалады. Ұлы көшпенділер өркениеті жөнінде сөз ете отырып, оның ішінде өз ұлтымыздың мәдени мұраларын, қазақ киім-кешегінің өзіне тән даму жолы мен тарихы қарастырылған.

Кілт сөздер: Ою-өрнек, қолөнер, шебер, киім-кишек, мәдениет, ұлттық, тарих, эстетика.

ЗНАЧЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНОГО ОРНАМЕНТА В СОВРЕМЕННОЙ ОДЕЖДЕ

М.А. Сутеева¹, Г.Б.Кемалова²

¹кандидат педагогических наук, профессор; ²старший преподаватель, магистр
Актюбинский региональный государственный университет имени К.Жубанова
Қазақстан, г.Ақтобе, e-mail: gul_kemalova@mail.ru

Аннотация

В статье рассказывается об особенностях национальной одежды-одной из сфер многогранного национального искусства. Казахская одежда-это удивительное передовое культурное наследие, которое может конкурировать с искусством одежды любой нации. История казахского костюма берет свое начало с древних времен. Хотя одежда, разработанная на Западе, которая решила завоевать весь мир во имя глобализации, сегодня очень ценна, ожидается, что казахская одежда украшенная различными орнаментами, золотом и серебром превзойдет по величю демонстрируя красоту дочерей казахских степей. Речь идет о цивилизации великих кочевников, в том числе о культурном наследии своей нации, характерном пути и истории развития казахской одежды.

Ключевые слова: орнамент, ремесло, мастер, одежда, культура, национальная, история, эстетика.

M.A. Suteeva¹, G.B. Kemalova²

¹Candidate of Pedagogics, Associate Professor; ²Senior teacher, master
K.Zhubanov Aktobe Regional State University
Kazakhstan, Aktobe c., e-mail: gul_kemalova@mail.ru

THE SIGNIFICANCE OF NATIONAL ORNAMENTS IN MODERN CLOTHING

Abstract

The article describes the features of national clothing, one of the areas of multifaceted national art. Kazakh clothing is an amazing advanced cultural heritage that can compete with the art of clothing of any nation. The history of the Kazakh costume dates back to ancient times. Although the clothes developed in the West, which decided to conquer the whole world in the name of globalization, are very valuable today, it is expected that Kazakh clothes decorated with various ornaments, gold and silver will surpass in magnitude demonstrating the beauty of the daughters of the Kazakh steppes. We are talking about the civilization of the great nomads, including the cultural heritage of their nation, the characteristic path and history of the development of Kazakh clothing.

Keywords: ornament, craft, craftsman, clothing, culture, national, history, aesthetics.

«Болашақ - өткен тарихты білуден басталады» дейді, Баласағұн бабамыз. Олай болса, тарихқа, мәдени мұраларымызға қаншалықты терең үнілсек, қоғамдағы қазіргі жағдайды соғұрлым жақсы түсінетін, білетін боламыз. Сондай қажеттіліктің бірі – халықтың қолөнері. «Өнерден қуат алмаса, тіршіліктің шырағы өшеді» деп, М.Әуезов айтқанындай, өсіп келе жатқан ұрпағымызға өз халқының өнерін бойына сіңіртіп өсіру – қазіргі кездегі педагогтердің ой толғандыратын мәселесі. Ұлттық мәдениетімізді меңгермей, мәдениетті адамзат тәрбиелеу және ұлттық сананы қалыптастыру мүмкін емес. Білімді, жан-жақты тәрбиелі жастар ұлтымыздың баға жетпес қазынасы, сондықтан жастарды жан-жақты қабілетті азамат етіп өсірудегі халық қолөнерінің тәлім- тәрбиелік, білім-танымдық ролі орасан зор [1].

Осыған орай мақаламыздың мақсаты қолөнер түрлерінің тарихына тоқталып, қолөнер шығармаларының соның ішінде ұлттық киім-кешектердің жасалу жолдарының көркемдік мүмкіндіктерінен мағлұмат беру. Демек, бүгінгі ұрпақтың осынау өмір сәулетін халықтан қалған ұлттық мұрасын жаңа технология тәсілдерінде қайтадан өңдеп, жаңғыртып дамытуына ықпал ету, тиімді пайдалануға үйрету көзделеді.

Қазақтың ұлттық киімдері, қолөнері көне заман тарихымен бірге дамып, біте қайнасып келе жатқан бай қазына. Қазақтың ұлттық қолөнер мәдениетінің тарихында зергерлік қолөнер шығармашылығы айрықша орын алады. Осы қолөнер шығармасында халқымыздың көркем шығармасы мен материалды құндылықтарының деңгейі, талғамы, мұраты толық және айқын көрсетілген. Қола, күміс, алтын және тағы басқа мәңгі сақталатын құнды материалдар ғана ежелгі күннен біздің күнімізге дейінгі халықтық өнердің дамуының үздіксіз жолын қадағалауға мүмкіндік береді. Ал, қазақтың дүйім оюын ерінбей, жалықпай жинап, оны тұтас энциклопедия етіп шығарған ғалым Ш. Өмірбаеваның еңбегі орасан деп бағалауға болады. Қазақтың ою өрнегі ғасырлар бойы қалыптасып, дамып, өзінің керемет жағымен тамсандырудан бір талмай келе жатқан ұлттық өнер туындысы. Халқымыз туындатқан кез келген қолөнер туындысынан мұның бейнелерін көре аламыз. Ою, өрнектің бізге жеткен түрі өте мол. Кейбір қолөнершілер оның үш жүзден астам түрі болғанын жинақтап, дәлелдеді. Ал, көптеген оюларда гүлдің, құстың, аңның және ағаштың түрін бейнелегенін көре аламыз. Өйткені, ежелгі қазақтардың ұғымында құс биіктік пен көктің, гүл әсемдік пен жастықтың символы болды. Сондықтан да, халқымыз жас адамның киіміне гүл бейнесіндегі өрнектер тоқыды [2].

Қазақ аңызында көк өгіз жерді қазып, алғашқы екі адамға су шығарып береді. Артынан мүйізімен жерді көтеруге кіріседі. Бірақ, өкінішке орай, белгісіз себептермен бір мүйізі сынады, сөйтіп, дүние кемелі толмай қалған. Қазақтардың кез-келген ою-өрнек композициясында кездесетін тұмар ою мен сыңар оюлар осы оқиғаны ишаралайды. Қытайдың антропо-морфты космосы да оңтүстікке қарап иіліп тұр. Мұны біз қобыздан да байқаймыз. Мәселен, күндіз бен түннің, жаз бен қыстың, т.б. ауысуы ою-өрнекте кесте мен бос кестенің арақатынасы ретінде көрініс тапқан. Оюлардан құлақ шыққанда /тісі шыққанда/ бұрылып кетуі, әйгілі «хайуанаттар стиліндегі» тас ғасырынан үзілмеген шарпысу, қажасу, жұту, құсу, кірігу, құбылу сілемдері, қаңтарылмаған дүниені одан әрі бұзылудан сақтау үшін жөн, амал іздеу биполярлық контурды шөгендеу ниетімен туған біртекті процестің тарихи дамуы ғана. Соңғы орта ғасырда ою-өрнектердің басым болып кетуі өнер дамуының өзіне тән ішкі заңдылығы деп танылғаны жөн. Ою-өрнектер мейлінше дерексізденген, өте көне полиэйконизм принципін ең жоғарғы сатысы. Қазақтың ою өрнегі туралы айтар сөз көп. Оның тарихы өте алыстарда жатқандықтан, бұл да халқымыздың ауыз әдебиеті секілді баға жетпес құндылығымыздың бірі болып табылады. Қолөнердің түрлі саласында дамып, жаңарып келеді. Олардың мынадай түрлері бар:

«Төртайшық» айды тұспалдайды. Оның әрбір тармағы төрт ай секілді жай элементтен құралған. Төртайшық элементтерінен шексіздікке ұласатын ою өрнектер құруға болады. «Жұлдыз» бұл өрнек геометриялық сынық сызықты тұспалдайды. Кейде жұлдыздың натуралды қалпын кестелейді. Жұлдыздың бейнесі композицияланған ою, өрнектердің ортасында кездеседі. Және бес жұлдыздың бейнесі ап анық көрініп тұрады. «Жұлдызгүл» ою өрнегі бес бұрыш жасап, гүлмен өрнектеліп, бес тармақтан тұратын гүлді тұспалдайды. Тұскиіз, төсекжапқыш, беторамалдың ортасына және сырт киімнің арқа тұсына немесе шапан етегінің алдыңғы екі бұрышына салынады. «Жұлдызқұрт» ою, өрнегі ши орауда ши орауда, сырмақтың шеткі жиегінде кездеседі. Ол ақ пен қарадан, қызыл мен жасылдан, көк пен сарыдан бунақталып келеді. «Күн» ою, өрнегі күнді меңзейді. Күн, ай аспан бейнеленген тұмарлар қасиетті деп саналған. Себебі, діни ұғымда бұлардың магиялық күші бар деп сенген. «Күн», «Күн көзі», «Күн сәулесі», «Шыққан күн» оюлары кілемнің, тұскиіздің дәл ортасына салынады. Сол секілді бұл өрнектер кесте тоқуда немесе ағаштан, сүйектен ойылған заттарды бедерлеуде, ат әбзелдерін әрлеуде қолданылады. «Кемпіркосақ» ою өрнегі бірнеше түстен жолақтар жасап, алма кезек орналасады. Қазақтарда кейбір түстердің нышандық міні бар. Көк түс аспанның, ақ ақиқатты, қуаныштың, сары ақыл мен парасаттың, қайғы мұңның, жасыл жастықтың, көктемнің символы [2].

Қолөнер бұйымдарын жасауда әрбір түс белгілі тәртіппен кемпіркосақ көркіне лайықтап орналастырады. Бұл өрнектер алаша, қоржын, басқұр тоқуда жиі пайдаланады. «Егізжұп» бұл өрнек ертеден келе жатқан барлық шығыс халықтарына тән. «Егіз» өрнегінің бейнесі шеңбер, әлем кеңістігі, өлі және тірі табиғат деген ұғымды білдіреді. Шеңбердің іші қас ортасынан бөлінген. Бұл ою, өрнек дүниедегі заттың бәрі егіз деген пәлсапалық ойды білдіреді. Сырт киімде, кілемде, тұскиізде, дөдегеде және батырлардың жауынгерлік киімде кездеседі. «Ай гүл» ең көне оюлардың бірі. Ол Пазырық қорғанынан табылған әйел алқасының бетінде бейнеленген. Бұл өрнек Ғұндар дәуірінің ескерткіші болып табылады. «Мүйіз» қазақ оюының негізгі және ең көне мәнері. Ою, өрнектің бұл элементі мүйізді меңзеуден шыққан. «Мүйіз» ою өрнегі кейде ұсақ, кейде ірі болып келеді. Ұсақ түрлері ағаш, сүйек, мүйіз сыяқты нәзік қолөнер салаларында, пайдаланады. Ірі түрлері сырмақ, текемет, алаша, кілем, сәулет өнерінде сан түрлі мәнерде қолданады. «Мүйіз» элементтері «аймүйіз», «қосмүйіз», «сыңармүйіз», «қырықмүйіз», «сынықмүйіз», «маралмүйіз», «өркешмүйіз», «қошқармүйіз» тағы да басқа түрлерге бөлінеді. «Мүйіз» өрнегі үй жихаздарына, кілемге, сырмаққа, текеметке, алашаға, көрпеге, тұскиізге қолданылады. Тұрмыстық заттарда күбі, ожау, шанаш, жүкаяқ, торсық, сандық секілді бұйымдарда қолданылады. Сондай ақ, қару жарақтарда, қынап, оқшантай, садақта, киім кешек атаулыда, ат әбзелдеріне, ер тоқымға,

айылда салынады. Жалпы бұл элементтердің қолданылмайтын жері жоқ десе де болады. «Қосмүйіз» ою, өрнегі қойдың, ешкінің, сиырдың екі мүйізін ғана бейнелейді. Және де кейде ырғақ, кейде ілмек деп аталатын оюларды жалпыхалықтық ауызда «қосмүйіз» дейді. Үй жихаздары мен тұрмыстық заттарды, киім кешектерді, қару жарақтарды безендіру үшін қолданылады. Қазіргі кезде «қосмүйіз» оюын сәукелеге, айырқалпақтың төбесіне, шетіне, камзолдың алдыңғы жағына, етіктің қонышына салады. «Тоғызтөбе» ою ең көне өрнектеріміздің бірі ретінде мәдени шежіреміз іспетті. Бұл өрнек Қимақтар мен Қарлұқтардың қолөнерінде сақталған. Және кезінде «тоғызтөбе» ою өрнегін Айша Бибі күмбесінің кірпіштерін өрнектеу үшін қолданған. Ал, қазіргі кезде қазақ, қырғыз, түркімен, қарақалпақ қолөнерінде кездеседі. «Арқармүйіз» оюы қойдың мүйізін бейнелейтін оюдың түрі. Бұл элемент «қошқармүйізге» өте ұқсас. Бірақ, оған қарағанда шиыршықтанып, тармағы одан бетер көбірек болып келеді. Кілем, тұскиіз, сырмақ, кесте, киім кешек пен үй жихаздарында кездеседі. «Сыңармүйіз» бұл ою жоғарыда айтып кеткен «арқармүйіз», «қоймүйіз» секілді оюдың сыңар түрін ғана бейнелейтін түр. Шеберзаттарға, орналастырылған «сыңармүйіз» өрнек композициясында дараланып тұрмай, жымдасып келеді. Әдетте, «сыңармүйіз» оюы үй жихаздары мен тұрмыстық заттарға, сондай ақ, қару жарақ, киім кешек, тағы да басқа бетіне өрнек салынатын заттардың баршасында кездеседі. Және де текеметті, сырмақты әшекейлейтін олардың жиегінде жүргізілетін өрнектің бір түрі. Қошқармүйіз оюы қойдың төбесімен екі жаққа қарай иіріле түскен мүйіз бейнесінде келіп, оның қолтық тұсынан қойдың құлағын долбарлайтын тағы бір шолақ мүйіз тәрізді екі буын шығып тұрады. Одан байқаған адамға қошқардың тұмсық пішіні аңғарылады. Текеметте, сырмақта, басқұрда, алашада, кілемде, былғарысүйек ағаш, зергерлік бұйымдардың барлық түрлерінде кездеседі. Бұл ою түсті шүберектер мен ойылып, құрғақ, яғни, аппликациялық өрнек түрінде тігіледі. «Қырықмүйіз» оюы бір біріне жалғаса тармақтала қосылған көпмүйізден құралған ою, өрнектің бір түрі [3]. Ол көбінесе дөңгелек не төртбұрыш ішінде бейнеленеді. Кейде ағаш бұрағы тәрізді тармақталып, жайылып бейнеленеді. Бір бірімен қосылған бірнеше тармақты көпмүйізді оюлардан құралады.

«Қолдөңгелек» өрнегімен негізінен киім бұйымдарын, текеметтерді, сырмақтарды әшекейлейді. Ежелгі көшпенділер дүниетанымында күнді тұспалдайтын дөңгелек таңбасында тылмыс бір күш бар деп сенген. Сондықтан, тұрмыста қолданылатын барлық бұйымдардың ортасына күннің тұспалды бейнесі қолданылған. «Тұмарша» ою, өрнегі үш бұрыш үлгілес болып келеді. Үш гүл, үш бұрыш тәрізді тұмарлар тіл мен көзден сақтау үшін адамдарға ғана емес, үй жануарларына да бойтұмар ретінде таңылады. Кілем бұйымдарының жиегінде, киіз, кілем, текеметтің орта тұсын көмкеруде кездеседі. «Қостұмарша», «сызықтік тұмарша» түйістірілген екі тұмарша үшбұрыш өрнегі қосылады да, екі геометриялық үшбұрыш жасайды. Бұл өрнектің түрі «тұмарша» өрнегі секілді тіл мен көзден сақтай ұғымын білдірмейді, тек, әсемдік әшекей түрінде қолданады. Әдетте, кілем шетіндегі және ортасындағы оюлардың ортасына салынады. Кейде бұл өрнек «аралықгүл» деп те аталады. «Бағанаөрнек» қора төбесінің арқалығын астына тіреп тұратын дінгек ағашты бейнелейді. Бұл өрнекті заттың, бұйымның ортасына келтіреді. Оны негіз етіп, жаң жағын басқа өрнектермен бейнелейді. «Бағанаөрнек» асадалмен, кебезелердің аяқтына, қырларына, аяқ қойғыштың шетіне, піспек саптардың жоғары жанбасына адалбақанның бойында жиі ұшырасады. Және текеметтің орта тұсын көмкеруде де кездеседі. «Шыныгүл» оюы гүлді тұспалдап тұрады. Бұл өрнек «төрттайшық», «итемшек» оюларына ұқсас келеді. Ол айға, мүйізге, жапыраққа ұқсас элементтерден құралған. Екі мүйіздің қайырылған екі ұшына жапырақ қондырылған, сол жапырақтар бірнеше рет сатыланып, қайталанып отырады. «Гүл» өрнегі барлық гүл түрін тұспалдайды. Бұл өрнектің түрі қолөнер бұйымдарында үш жапырақтан басталып, он екі жапырақты ою, өрнекке дейін кездеседі. Кесте тіккенде және киім кешектердің жаңасына, қалтасына, жиектеріне салынады. «Шытырман» ою, өрнегі көп жапырақты өсімдік пен көп тармақты мүйіз және геометриялық фигуралар аралас келетін

күрделі өрнек. Мұндай өрнектер заттардың бетіне көптармақ болып желіленіп келіп, бүтін бір көрністі: жайлау, орман, жазық дала, кең сақараны меңзеп жасалады. «Түйетабан» түйенің басқан ізін долбарлайтын күрделі ою, өрнек [4,5]. Ол кейде «қарта», «қарға», «қызылайыр» өрнектеріне ұқсайды. Қатар тұрған SS тәрізді екі сызық қатарласып қосылмайды. Түйенің табанына ұқсас екі жарты сопақша дөңгеленіп келеді. «Түйетабан» деп аталатын көп гүлді, үлпекбасты тікені бар өсімдік те түйенің табанына ұқсас болып келетін екі жарты, оны кей жерлерде «табакөрнегі» деп те атайды. «Сыңарөкше» оюы «сыңармүйіз» оюында айтылғандай мүйіздің бір сыңары. Етіктің басына ұқсап, қайқиып, қайталанып, шексіздікке ұласа береді. Бұл өрнек негізінен «қошқармүйіз» элементі арқылы жасалады. «Сыңарөкше» оюының бірнеше түрі бар. Олар «өкшегүл», «қосөкше». «Сыңарөкше» кілем, киіз, шымши, басқұрлар мен аяққапта кездеседі. Ал, «қосөкше» оюларын кілемдер мен басқұрлардың ортасына түсіреді. «Балта» оюы «балға таңба», «балта таңба» дейтін ру таңбаларынан пайда болған. Бұл таңба «г» немесе «т» әріпіне ұқсас. Мұндай ою тас қап немесе кесеқап, тұскиіз, төсекжапқыш, басқұр бұйымдарында кездеседі. «Балдақ» оюы бүркіт ұстаған қолдың білегіне келіп тұратын, жоғарғы басы балдақ секілді жарты шығыр формасында келеді. «Балдақ» өрнегі бір бірімен қосыла, шеңберлене, ілмелене келіп, күрделі өрнек түзейді. Бұл өрнек киіз бұйымдарын әшекейлеуде, кесте тігуде, зат бетіне оюлы бедер салуда қолданылады. «Мөр», «таңба», «бестаңба» мал таңбасына ұқсайтын өрнек. Бұл өрнек дүниенің төртбұрышын шартты түрде бейнелеу ұғымын білдереді. «Таңба», «бестаңба» өрнектерін малға ен салуға, мекеменің ресми таңбасы ретінде және алаша, сандық, керует секілді қолөнер бұйымдарын өрнектеуде пайдаланады [6].

Жалпы ойымызды қорытындылай келе, қазіргі уақытта кей мамандар бойжеткен мен ерлердің киімдеріне екі бөлек оюлар бедерленетінін айтады. Мысалы, қыз балалардың бешпетіне, көйлегіне гүл тәрізді немесе қанатты қарлығаш секілді өрнектер бейнеленген. Ал ер баланың киміне найзаның ұшы, бүркіт, қошқар мүйіз секілді өрнектер батыр, алғыр болсын деген ырыммен салған.

Бірақ бұл тұжырыммен келіспейтіндер де бар. Олар ою кеңістік арқылы түрленеді және көлемге ғана бағынады дейді.

Киім үлгілерін тынымсыз зерттеген атақты шебер Сабыркүл Асанова: «Кей уақытта подиумнан анық көріну үшін сәнгерлерімізге оюлардың айшықтарын үлкендеу, түрлерін өте жарқын етіп жасау керек болады. Оюдың көлемі кіші болып қалса, мінбеден көрінбей қалуы мүмкін. Бірақ дәл қазір маңыздысы, ою-өрнектің орналасу ретінде емес, оның кең көлемде насихатталуында» дейді.

Әдебиеттер:

1. Төлегенова К. Р., Есиркепова М. Н., Дүйсенова М.С. Қолөнер – өшпес мұра: көмекші оқу құралы / К. Р. Төлегенова, М. Н. Есиркепова, М.С. Дүйсенова. – Алматы: Эверо, 2017 .
2. Тасмағамбетова А.Р. Қазақ ұлттық киімі мен қолөнер тарихы: Оқу құралы. – Алматы, 2019.
3. Жиенбекова А.А. Қазақстардың сәндік қолданбалы өнері. Оқу құралы./ А.А.Жиенбекова –Алматы: «Эверо» баспасы, 2018.
4. М.Ш. Өмірбекова Энциклопедия «Қазақтың ою - өрнектері» – Алматы 2003.
5. С. Асанова Қазақтың ұлттық киімдері. – Алматы: Атамұра, 1995.
6. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. –Алматы: Өнер, 1987 ж.

УДК 7:061.4(100)

МРНТИ18.17.13

Киргизбекова С.С.

*ст. преподаватель кафедры Дизайна КазНПУ им. Абая, член Союза дизайнеров
Казахстана. Алматы e-mail-sveta010161@mail.ru*

ДЖО ПОНТИ: ОТЕЦ ИТАЛЬЯНСКОГО ПОСЛЕВОЕННОГО ДИЗАЙНА

Аннотация

В данной статье рассмотрено творчество отца итальянского послевоенного дизайна Джо Понти, будучи одним из самых влиятельных архитекторов и дизайнеров Италии XX века.

Также автор глубоко анализирует работу Понти в области дизайна интерьера, где умножал изобретения и отдавал предпочтение многофункциональным решениям. Он полностью обновил иконографический репертуар, свободно обращаясь к классической традиции. Он также рационализировал систему производства изделий, сохранив при этом их высокое качество исполнения. Особое внимание уделяется важности роли сыгравшей в модернизации итальянского декоративного искусства, особенно благодаря его участию в биеннале в Монце и миланском триеннале. В 20-х годах прошлого века Понти начал тесное сотрудничество, в частности, с компанией по производству столового серебра Christofle, стеклотувами Venini и Fontana Arte и обратился к уникальным творениям, демонстрирующим мастерство исключительных мастеров.

Ключевые слова: дизайн, архитектура, интерьер, проект, модерн, традиции, компании, стили, мастерство.

Киргизбекова С.С.

*Дизайн кафедрасының аға оқытушысы Абай атындағы ҚазҰПУ, Қазақстанның
дизайнерлер одағының мүшесі. Алматы e- mail-sveta010161@mail.ru*

ДЖО ПОНТИ: СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ИТАЛЬЯНДЫҚ ДИЗАЙННЫҢ ӘКЕСІ

Аңдатпа

Бұл мақалада XX ғасырдағы Италияның ең ықпалды сәулетшілері мен дизайнерлерінің бірі бола отырып, соғыстан кейінгі итальяндық дизайнның әкесі Джо Понтидің жұмысы қарастырылады.

Сондай-ақ, автор Понтидің интерьер дизайны саласындағы жұмысын терең талдайды, онда ол өнертабыстарды көбейтіп, көп функциялы шешімдерді таңдады. Ол классикалық дәстүрді еркін қолдана отырып, иконографиялық репертуарды толығымен жаңартты. Сондай-ақ, ол жоғары сапалы өнімді сақтай отырып, өнім өндіру жүйесін рационализациялады. Итальяндық сәндік өнерді модернизациялауда ойнаған рөлдің маңыздылығына ерекше назар аударылады, әсіресе оның Монца пен Милан триенналындағы биеннальға қатысуы арқасында. Өткен ғасырдың 20-жылдарында Понти тығыз ынтымақтастықты бастады, атап айтқанда, christofle күміс үстелімен, Венини және фонтана арте шыны үрлеушілерімен және ерекше шеберлердің шеберлігін көрсететін ерекше туындыларға бет бұрды.

Түйінді сөздер: дизайн, сәулет, интерьер, жоба, заманауи, дәстүрлер, компаниялар, стильдер, шеберлік.

Kirgizbekova S. S.

*Department's of Creative disciplines senior lecturer of KAZNPU name after Abay, member of the Union of Designers Kazakhstan. Almaty
e-mail -sveta010161@mail.ru . 87077357413*

JOE PONTI: FATHER OF POST-WAR ITALIAN DESIGN

Abstract

This article examines the work of the father of Italian post-war design, Joe Ponti, as one of the most influential architects and designers in Italy of the twentieth century.

The author also deeply analyzes Ponti's work in the field of interior design, where he multiplied inventions and gave preference to multifunctional solutions. He completely updated the iconographic repertoire, freely referring to the classical tradition. He also rationalized the production system of products, while maintaining their high quality of execution. Special attention is paid to the importance of the role played in the modernization of Italian decorative art, especially due to its participation in the Monza Biennale and the Milan triennial. In the 20s of the last century, Ponti began a close collaboration, in particular, with the silverware company Christofle, glassblowers Venini and Fontana Arte, and turned to unique creations that demonstrate the skills of exceptional craftsmen.

Keywords: design, architecture, interior, project, modern, traditions, companies, styles, craftsmanship.

«Люблю архитектуру, древнюю и современную. Люблю её фантастические и торжественные творения, её изобретательность и абстрактность, её аллюзии и формы, которые очаровывают наш дух и приводят в восторг наши мысли. Люблю архитектуру – сцену и поддержку нашей жизни».

Этими словами Джо Понти начал в 1957 году сборник статей *Amate L'Architettura*. Этот луч света проходит через все его работы - радостные, щедрые и насыщенные. За свою долгую карьеру Понти сыграл много ролей: архитектор, дизайнер, ремесленник, поэт, художник, журналист и постоянный практик, чтобы превратить теорию в настоящий творческий опыт. Его работы побуждают всех использовать дизайн как лучший способ превратить повседневную жизнь в красочный чувственный праздник[1].

Джио Понти (18.11.1891 - 16.09.1979) - его называют отцом или крестным отцом итальянского дизайна. В качестве дизайнера Понти работал в 120 компаниях. Как архитектор, он проектировал и строил в 13 странах. В качестве главного редактора он опубликовал 560 номеров журналов и написал статью как минимум в каждом из них. Как преподаватель он читал лекции в 24 странах. Он также находил время, чтобы диктовать две тысячи пятьсот букв, рисовать и писать стихи.



Керамическая чаша Il pellegrino di Montesanto, 1955. Люстра для отеля Parco dei Principi в Риме, 1964

Понти умер в 1979 году в возрасте 87 лет, один из самых влиятельных итальянских архитекторов и дизайнеров 20 века. Его небоскреб - Pirelli Tower - возвышается в его родном Милане. Считается, что Понти всегда был удачливым и хитрым. Мало того, что он сам был плодотворным, но и его проекты были эклектичными, в них сочетались разные стили и идеологии, иногда противоречащие друг другу. Понти изобрел стилистические игры, в которые сам любил играть годами.

Вместе с другими культовыми мастерами Джо Понти помог сделать Италию мировым центром дизайна 20 века. Как почти все великие деятели итальянского дизайна, Понти учился на архитектора и занялся промышленным дизайном, разрабатывая продукт для итальянской компании. Его работодателем была фабрика Ричарда Джинори.

В течение 1920-х и 1930-х годов Понти работал с мастерами над созданием сложной и красивой керамики, искусно декорированной в неоклассическом стиле, с древними фигурами и ангелами, которые стали лейтмотивом его ранних работ. Конечно, по сравнению с модернистскими вещами того времени они казались немного архаичными. Но сегодня дизайнеры хотят быть выразительными, поэтому достоинства были другие: самовыражение рассматривалось как препятствие для серьезного функционального подхода.

Работая на Ричарда Джинори, Понти поощрял его любовь к насыщенным цветам, замысловатым формам и мастерству. Все эти качества сохранились в его творчестве на долгие годы, несмотря на то, что сами предметы стали более простыми и строгими. До войны Джо Понти обрабатывал стекло для Venini и серебро для Christofle. Шедевры ранних Pontі включают узор на шелковой ткани Vittorio Ferrari и красивые толстые гардеробы, отделанные шпоном из шиповника 1935 года[2].

Понти симпатизировал курсу Бенито Муссолини, и годы Второй мировой войны были не лучшим периодом в биографии маэстро. Однако и здесь ему повезло. Послевоенной Италии нужны были талантливые дизайнеры, и его карьера постепенно пошла вверх. Конечно, Понти - дизайнер, пошел по пути, по которому пошла индустрия. В 1948 году Понти разработал кофемашину La Cornuta для компании La Pavoni, которая стала символом итальянской «сладости жизни». В то время как кресла Superleggera 1957 года (буквально сверхлегкие), разработанные для Cassina, явно демократичны. Стулья действительно были настолько легкими, что в рекламе мальчик поднимает стул кончиком пальца.



*Джо Понти. Церковь Св. Франциска Ассисского в Милане. 1958-1964.
Статуэтка «Лошадь», Paolo de Poli. Серебро, медь, эмаль. Парные кресла, Cassina.
1948*



*«Вилла-бабочка». Вилла семьи Планиар Джо Понти построил в 1957 году, в Каракасе.
Кресло Distex, Cassina. 1954.
Переиздание кресла Letizia 1956 г., Molteni & C.*

Репертуар Понти-архитектора чрезвычайно широк. У него есть ранние, полностью неоклассические проекты (на архитектора сильно повлияли традиции Андреа Палладио). Это трехэтажный дом на Виа Рандаччо в Милане, проект 1925 года, или частный загородный дом Тони Булье во французском Гарше, проект 1925-1926 годов.

В большом здании Via Domenichino 1-3 в Милане, даже на уровне деталей, таких как балконы, можно увидеть удивительное сочетание неоклассических и модернистских элементов.

В 1930-е годы Понти был занят проектированием типичных домов. У всех есть женские имена: Джулия, Фауста, Карола, Ливия, Серена, Флавия и т. Д. Понти нашел формулу простоты и уцененности конструкции без жалкого однообразия: фасады были изобретены сложным и оригинальным способом. В отделке сочетаются травертин и клинкерный кирпич. В здании Casa Marmont на Виа Густаво Модена в Милане Понти реализовал 9 принципов современного дома, опубликованных им в журнале Domus[3].

На чем настаивал архитектор?

1) Ориентация здания должна быть правильной; 2) каждая квартира должна состоять из трех частей: служебной, дневной и ночной; 3) каждая квартира должна быть укомплектована балконом или террасой; 4) столы не должны касаться парадных комнат; 5) цокольный этаж должен быть хорошо изолирован и проветривается, а стены подвала должны быть

оштукатурены; 6) балконы, террасы и окна следует считать частью квартиры, занавески и ящики для цветов обязательны; 7) верхний этаж следует позиционировать как самый элитный. Его следует трактовать как квартиру-виллу; 8) в квартирах должно быть максимальное количество встроенной мебели; 9) лестница в доме не должна быть массивной, но ее ширина должна быть достаточной.

В послевоенные годы Понти создал модернистскую архитектуру. Самым известным произведением является небоскреб Pirelli Tower 1956 года. Понти вошел в историю как дизайнер эффектных вилл. Среди самых известных - Вилла Планчард в Каракасе (1955 г.) и Вилла Намазей в Тегеране (1960 г.). В экстерьере и интерьере этих вилл Понти продемонстрировал свою страсть к эффектным цветовым сочетаниям, его способность играть со светом и текстурой.

Италия всегда была склонна к традициям, 20 век не исключение. В то время, когда в архитектурной теории и практике Германии и России происходили радикальные изменения и когда новое поколение архитекторов продвигало функционализм и конструктивизм соответственно, итальянская школа отреагировала более сдержанно [4].

Цветочные мотивы ар-нуво, четкие и упорядоченные композиции, простые геометрические формы ар-нуво австрийского и английского ар-нуво в Италии превратились в региональный стиль «новченто». ...

Ноцентристы были уверены в совместимости прошлого и настоящего. Джо Понти принадлежал к «новченто» до тех пор, пока этот стиль, сливаясь с другими художественными направлениями, не превратился в то, что сейчас принято называть итальянским дизайном. Культ аргументированных и безжалостных инноваций был совершенно чужд Джо Понти, он всегда шел в ногу со временем, но никогда не был радикальным. В его произведениях культурная традиция обрела новые формы, исправленные временем и продолженные в настоящем. Он никогда не жертвовал качеством, достоинством, красотой вещей из соображений экономии и общедоступности. Создавая стандартные дома и квартиры, Понти стремился поднять жилищные стандарты муниципалитета и считал 25-метровую комнату достойным стандартом, а не роскошью.

Один из важнейших аспектов его работы - просветление. Как издатель и главный редактор (1928–1941 и 1948–1979) культового журнала Domus, Понти стал уникальным летописцем итальянского дизайна 20 века. В годы войны ему пришлось оставить пост главного редактора Domus, он руководил журналом Stile с 1942 по 1947 год.

Публикуя работы своих современников Карло Молино, Пьеро Форназетти, Лучио Фонтана, Понти интегрировал итальянский дизайн в культуру современного искусства. Именно ему удалось придать дизайну и проектированию интеллектуальный вес, иначе у итальянского дизайна были все шансы превратиться в чисто коммерческую дисциплину, которой он, по сути, стал в США.

По воспоминаниям современников, Понти был очень щедрым, невероятно любопытным, непредвзятым и горячим искателем новых идей. В Милане его часто навещали друзья со всего мира. Студия Понти располагалась в гараже и была настолько просторной, что его помощники иногда переходили со стола на стол на самокатах. Уже в восьмидесятилетнем возрасте он с интересом смотрел на новое поколение дизайнеров, подбадривая Этторе Соттса [5].

Конечно, Джо Понти самый подвижный. В течение сезона умы и воображение дизайнеров воодушевляются наследием архитектора и дизайнера. Известные бренды черпают свои мотивы и идеи из его наследия, как бездонную бездну. «Джо Понти - отец всего послевоенного итальянского дизайна. В течение пяти десятилетий он разрабатывал концепцию демократичной красоты, которую затем использовал массовый рынок. Сегодня его предметы пользуются большим спросом у коллекционеров. Об этом свидетельствует рост цен, который достиг 100 000 долларов.



*Стул Superleggera, модель 699, Cassina. 1957.
Кушетка. Орех, латунь, текстиль. 1959. Ковер Diamantina*

5 мая 2019 года в парижском Музее декоративно-прикладного искусства проходила выставка, посвященная одному из самых влиятельных архитекторов и дизайнеров XX века: Джо Понти (1891-1979). Ретроспектива «Tutto Ponti: Gio Ponti, archi-designer» («Весь Понти: Джо Понти, архи-дизайнер») охватывает всю карьеру Понти, который вошел в историю как отец-основатель послевоенных архитектуры и дизайна Италии и мог, как говорил его друг Эрнесто Натан Роджерс, спроектировать всё что угодно – «от ложки до города».

Десятилетие с 1950 по 1960 годы – самый успешный период в творчестве архитектора. В 1950-х он строит первый небоскреб в Милане – башню Pirelli и виллу Планкарт в Каракасе.

В 1957-м выпускает суперлегкий стул Superleggera для Cassina, который одним пальцем может поднять даже ребенок.

В 1970-м одной из самых заметных его работ становится кафедральный собор в итальянском городе Таранто, а в 1974-м – Художественный музей Денвера.

Понти – обладатель множества престижных наград, в том числе золотой медали Парижской академии архитектуры; ему была присуждена докторская степень Королевского колледжа искусств в Лондоне. Его работы вдохновляли современников и продолжают вдохновлять нынешнее поколение архитекторов и дизайнеров.

После смерти его дочери Лиза Понти подытожила карьеру Джо Понти: «Шестьдесят лет архитектурной работы в тринадцати странах, двадцать четыре года публичных лекций, двадцать пять лет преподавания, пятьдесят лет редакторской работы, более 2000 статей, 120 проектов, тысячи архитектурных эскизов - всего много и все от одного человека[6].

Литература:

1. <http://www.libed.ru/knigi-nauka/429248-3-udk-745-4790758-bbk-3018ya73-minobrnauki-rossii-federalnoe-gosudarstvennoe-byudzhethnoe-obrazovatelnoe-uchrezhdeni.php>

2. <https://www.interior.ru/design/1084-dzho-ponti-otets-italyanskogo-poslevoennogo-dizajna.html>

3. Graziella Roccella: Gio *Ponti*. Meister der Leichtigkeit. Taschen-Verlag, Köln 2009, ... Архитектура счастья: Как обустроить жизненное пространство. Ален Боттон. «Классика XXI века».

4. Джо Понти. «Дом по-итальянски». 1933 г.

5. Джо Понти «Любите архитектуру». 1957г.

6. <http://elite-mag.ru/persony/5608-arhitektor-i-dizajner-dzho-ponti.html>

6. <https://www.houzz.ru/statyi/10-idey-dlya-interyera-ot-dzho-ponti-stsetivw-vs~46468459>

V БӨЛІМ. БАСТАПҚЫ ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ

РАЗДЕЛ V. НАЧАЛЬНАЯ ВОЕННАЯ ПОДГОТОВКА

ӘОЖ: 371.7
МРНТИ 14.27.05

Б.Б. Джакубақынов¹, Қ.Ә.Құлатаев², Ө.С. Баймұратов³

¹п.ғ.к., ә.ғ.д., доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: beibit-22@mail.ru

²аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан,
Алматы қ., e-mail: kulataev.k@mail.ru

³ магистрант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: 11Dostyk@mail.ru

ЖАУЫНГЕРЛІК ДӘСТҮРЛЕР – ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Аңдатпа

Әскери-патриоттық тәрбиелеуде білім беру ұйымдарының рөлі өте зор. Олардың қызметін одан әрі дамыту рухани, адамгершілік, патриоттық тәрбие жағдайын сын көзбен ой елегінен өткізіп, әлеуметтік саладағы тұжырымдамалар мен бағдарламаларға және оқу-тәрбие жоспарлары мен мазмұнына қажетті өзгерістер енгізуді талап етуде. Басым мақсатқа қол жеткізу үшін білім оқу мазмұны мен тәрбие үрдісін қайта құру, оларды интеграциялау керек. Қазіргі адамзаттың тіршілік кезеңі білім мазмұнында, оқыту мен тәрбиелеуде тұлғаның рухани дамуына, оның патриоттық сезімдеріне әсер ететін факторлардың рөлін күшейтуді қажет етуде.

Жауынгерлік дәстүрлер – бұл моральдық және этикалық нормалардың жиынтығы. Мақалада жиырмадан аса осындай нормалардың тізбегі берілген. Оқушы жастар - ата-бабасының барлық көп ғасырлық дәстүрлерін өз бойына сіңіруші, жауынгерлік дәстүрлердің жалғастырушысы. Дәстүрлердің маңыздылығы: жауынгерлердің бірлігі мен тұтастығын қалыптастыруға ықпал ететіні, оның құрамына кіретін адамдарды әскерде белгіленген тәртіп ережелері мен нормаларына бағынуға мәжбүрлейтіндігі, оны дәстүрді ұстанбайтын немесе оларды бұзатын адамдардан тазартуды талап ететіндігі.

Түйін сөздер: Әскери-патриоттық тәрбие, оқушы жастар, жауынгер, жауынгерлік дәстүрлер, жауынгерлік рух, руханилық, адамгершілік, патриотизм, ұлттық сана, патриоттық сана.

БОЕВЫЕ ТРАДИЦИИ - ИСТОЧНИК ВОЕННО-ПАТРИОТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ

Б.Б. Джакубакынов¹, К.А.Кулатаев², О.С. Баймуратов³

¹ кандидат педагогических наук, доктор военных наук, доцент, Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Казахстан, Алматы, e-mail: beibit-22 @ mail.ru

² старший преподаватель, Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан, e-mail: kulataev.k@mail.ru

³ магистрант, Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Казахстан, Алматы, e-mail: 11Dostyk@mail.ru

Аннотация

Роль образовательных организаций в военно-патриотическом воспитании очень важна. Дальнейшее развитие их деятельности требует критического анализа состояния духовного, нравственного, патриотического воспитания, необходимых изменений в концепции и программы в социальной сфере, а также в учебные планы и содержание образовательных программ. Для достижения приоритетной цели необходимо перестроить образовательный контент и учебный процесс, интегрировать их. Современный этап жизни человека требует усиления роли факторов, влияющих на духовное развитие личности, его патриотических чувств.

Боевые традиции война представляют собой совокупность морально-этических норм. Статья содержит список из более чем двадцати таких норм. Молодёжь впитывает в себя все многовековые традиции своих предков, приумножает боевые традиции. Важность боевых традиций заключается в том, что они способствуют формированию единства и целостности воинского коллектива, заставляют его членов соблюдать правила и нормы поведения, установленные в армии, и требуют, чтобы очистить ряды воинов от тех, кто не следует традициям или нарушает их.

Ключевые слова: военно-патриотическое воспитание, учащаяся молодежь, воин, боевые традиции, боевой дух, духовность, нравственность, патриотизм, национальное самосознание, патриотическое сознание.

BATTLE TRADITIONS - SOURCE OF MILITARY-PATRIOTIC EDUCATION

B.B.Jakubakynov¹, K.A.Kulataev², O.S.Baimuratov³

¹ candidate of pedagogical sciences, doctor of military sciences, associate professor, Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Kazakhstan, Almaty, e-mail: beibit-22 @ mail.ru

² senior lecturer, Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Almaty, Kazakhstan, e-mail: kulataev.k@mail.ru

³ undergraduate, Kazakh National Pedagogical University. Abaya Kazakhstan, Almaty, e-mail: 11Dostyk@mail.ru

Abstract

The role of educational organizations in military-patriotic education is very important. Further development of their activities requires a critical analysis of the state of spiritual, moral, patriotic education, the necessary changes in the concept and programs in the social sphere, as well as in curricula and the content of educational programs. To achieve the priority goal, it is necessary to restructure the educational content and the educational process, integrate them. The modern stage of

human life requires strengthening the role of factors affecting the spiritual development of the individual, his patriotic feelings.

The fighting traditions of a warrior are a set of moral and ethical standards. The article contains a list of more than twenty such norms. Young people absorb all the centuries-old traditions of their ancestors, augment the fighting traditions. The importance of military traditions lies in the fact that they contribute to the formation of unity and integrity of the military collective, force its members to comply with the rules and standards of conduct established in the army, and require that those who do not follow the traditions or violate them be cleansed of the ranks of soldiers.

Keywords: military-patriotic education, studying youth, warrior, fighting traditions, fighting spirit, spirituality, morality, patriotism, national identity, patriotic consciousness.

Кіріспе

Қазіргі таңда жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу ең өзекті мәселе болып отыр. Оған дәлел соңғы кездері жастардың бойында қайсарлықтың, жігерліліктің, өжеттіліктің, төзімділіктің, тектіліктің азаюы, батыс елдері мәдениетіне орынсыз еліктеуі, олардың түрлі теріс қалықтардың болмысына ене бастағаны байқалады. Көп ғасырлық тарихы бар қазақ елінің басынан небір қиын кезеңдер өткені белгілі. Хандары әділ, батырлары қайсар, ұрпағы текті халық екенімізді ұмытып бара жатқан сияқтымыз.

Қазіргі өтпелі заманнан аман өту мақсатында, жаһандану кезінде жойылып кетпеуіміз үшін тарихи сананың, яғни бірінші дініміздің, екінші тіліміздің, үшінші діліміздің, яғни салт-дәстүріміздің, соның ішінде жауынгерлік дәстүрлердің, маңыздылығы ерекше. Осындай сәтте елінің тыныштығы мен болашақ тағдырын ойлаған азаматтар белсенділік танытып, өздерінің қайсарлықтары мен патриотизмін көрсетуі қажет. Патриоттық сана мен патриоттық қасиеттер ұлттық сана мен ұлттық қасиеттерден туындайды. Оларды ғылыми зерттеу мақсатында ғана бөліп қарауға болады, ал өмірде олар ажырамастай бірегей жүйені құрайды.

Негізгі бөлім

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында ең басты қағидалардың бірі – осы патриотизмді дамыту. Тұңғыш Президент мақаласында «Туған жер» бағдарламасын ұсынып, жас ұрпақтың бойына сүйіспеншілік, патриоттық сезімді қалыптастыру керектігін атап өтті. «Туған жер» деген кезде әрбір азаматтың, әрбір адамның жүрегінде тулаған шабыт пен сезім ұялайтыны анық. Себебі, адам өзінің туған жерінің перзенті, сол даланың, сол жердің, сол мекеннің бір бөлшегі. Атамекенге деген сезім мен махаббатың өлшемі шектеулі болмайды. Ол шексіз. Осы бір ерекше шексіз патриоттық сезімді әрбір азамат пен жастардың бойына етене сіңіріп, қанға дарыту үшін Елбасы: «Бұл жұмысты өз бетімен жіберуге болмайды, мұқият ойластырып, халыққа дұрыс түсіндіру қажет. Туған жеріне көмек жасаған жандарды қолдап-құрметтеудің түрлі жолдарын табу керек», - деді [1].

Сонымен қатар, Елбасы «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласының «Тарихи сананы жаңғырту» атты 2-бөлімінде өз тарихына деген мақтаныш сезімін ұялатып, отаншылдық тәрбие беру мектеп қабырғасынан басталуға тиіс екендігін басып айтты. Сондықтан мектептер мен барлық өңірлердегі өлкетану музейлерінің жанынан тарихи-археологиялық қозғалыстар құру қажеттілігі туындайды. «Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы» - деп қорытындылады Елбасы мақаласын [2].

Қазақ даласындағы жауынгерлік дәстүр сонау түркі дәуірінен, одан қалса ықылам замандағы сақ-ғұн дәуірлерінен басталғанын тарихтан мәлім. Осынау ұлттық құндылықтарымыздың қатарынан саналатын жауынгерлік дәстүр туралы деректер, бұлтартпас айғақтар қатарына сайын даламыздағы табылған және табылып жатқан тас беті

суреттері – петроглифтер мен ескерткіштер жатады. Жауынгерлік дәстүрлер бір сағатта және бос орында пайда болған жоқ. Жауынгерлік дәстүрлер - бұл армия мен флотта жауынгерлердің ұрыстағы және әскери қызмет атқару кезіндегі тарихи тұрғыда қалыптасқан және ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын [әскери салт-дәстүр](#) мен ереже, мінез-құлық нормасы [3].

Жауынгерлік дәстүрлер туралы қазақтың тарихын, мәдениетін, салт-санасын жаңғыртуға арнап, сүбелі үлес қосқан және түбегейлі зерттеуде зор еңбек еткен қазақтың өлкетанушысы, географ, публицист, этнограф-ғалым Серікбол Қондыбайдың «Жауынгерлік рух кітабында» кеңінен баяндалған [4].

Әскери кәсіп қазақтардың ата кәсібі десек болады. Бұл кәсіп ежелгі сақ, ғұн, түркі дәуірінен бастау алады. Еркін елдің ұрпағы да әскери кәсіппен айналысуы міндетті. Қазақ жауынгерлерінің қоғамдық функциясына Отанды жаудан қорғау, елді басқыншылардан азат ету, халықтың жерін, қонысын сақтау, жау қолында, тұтқында жүргендерді азат ету, жау қолында өлгендердің ата кегін қайыру жатады. Әскери кәсіп - өзінің идеологиясы, моральдық этикасы, намыс кодексі, жауынгерлік дәстүр, салты, ырым-жоралары бар қазақ қоғамының ерекше саласы.

Қатардағы жауынгерлерден бастап жоғарғы әскери басқару органдарының мүшелерінің рухани-адамгершілік-патриоттық ахуалы Қарулы күштер басшылығының назарында үнемі болатыны айдан анық. Жауынгердің киетін киімінің бастап, әскери терминология мен геральдика, ғұрып-дәстүр, рәсімдік шаралар, әскери айырым белгілері мен символика (тулар, жалаулар, штандарттар, таңбалар т.б.) ұлттық тұрпатта болып, тарихтан нәр алып жатса, құба-құп. Сондықтан, материалдық-техникалық қамсыздандырумен қатар, жауынгерлік рухты көтеру жағын көбірек ойластырған жөн. Араб тілі- ғылым тілі, парсы тілі – поэзия тілі, түрік тілі – әскер тілі деген сөз тарихтан қалған.

Қазақ әскерлерінің негізгі ұраны «Малым-жанымның садағасы, жаным- арымның садағасы» деген ата-бабамыздан қалған ұлағатты сөз болуы тиіс. Қазіргі қазақ жастры қазақ тілі мен тарихын, жауынгерлік дәстүрлерін жақсы білетін болуы тиіс. Болашақ жауынгер - ұлттық дәстүрлердің терең қабатынан хабардар, қиын жағдайларға қарамастан ешқандай тәртіпсіздік пен қылмысқа бармайтын, ең бастысы – рухани моральдық, патриоттық ұстанымы жоғары, ұлтжанды, өз қасындағы әскери серігін де, әскери мүлікке де жаны ашыйтын тұлға.

Қазіргі ақпараттық заманда Қарулы күштердің әлеуеті материалдық дүниеде емес, жауынгерде, оның білімінде, мінез-құлқында (мәдениетінде), денсаулығында. Мақалада жауынгерлік рух, адамгершілік және белсенділік сияқты тірек сипаттар Абайдың «толық адам» ұстанымына сәйкес ажырамастай бірлікте қарастырылады [5, 53-55 б.]. Бұл қазіргі материалдық дүниеге басымдылық беріліп, технология қарқынды дамып жатқан заманда адами келбетті сақтап қалу үшін сыни ойлаудың және басқаша әлеуметтік-саяси көзқарастың қажеттілігінен туындайды

Ел тағдыры жауынгердің өзінің орны мен рөлін толық сезінуіне және жауапкершілігін терең түсінуіне тікелей байланысты. Қазір белең алып отырған мемлекетаралық гибридік қақтығыс жағдайында жеңімпаз болудың бір-ақ жолы бар - ол рухты күшейту, яғни, жалған теориялар, догмалардан және стереотиптерден бас тарту, ақиқатты іздеу және жаратылыс заңдарына бағыну, патриоттық сезімдерді күшейту. Әсіресе, өтпелі кезеңде тығырықтардың, соның ішінде тіршілік және қызмет қиындықтары жиі кездесетіні бәрімізге белгілі. Осындай қиын жағдайлардан ең алдымен рухани жігер, рухани құндылықтар ғана алып шыға алады. Технология мен техника қанша жетілсе, азамат та сонша рухани кемелденуі тиіс.

Мысалы, қарудың мықты болуы, жаудың сан жағынан басым болуы жеңістің басты шарты деп тұжырым жасауға болмайды. Әскери техника - соғыс құралы ғана, қаншалықты жақсы болса да, жеңіске кепілдік бермейді. Егер сарбаздардың рухы төмен болса, өте қиын сәтте оларға әскери техника көмектеспейді. Тарихта техникалық жағынан әлсіз әскерлер, рухани

моральдық және жауынгерлік рухы арқасында, озық қарсыластарын жеңгеніне көптеген мысалдар бар.

Әскери-патриоттық тәрбиелеуде білім беру ұйымдарының рөлі өте зор. Олардың қызметін одан әрі дамыту рухани-адамгершілік-патриоттық тәрбие жағдайын сын көзбен ой елегінен өткізіп, әлеуметтік саладағы тұжырымдамалар мен бағдарламаларға және оқу-тәрбие жоспарлары мен мазмұнына қажетті өзгерістер енгізуді талап етуде. Басым мақсатқа қол жеткізу үшін білім оқу мазмұны мен тәрбие үрдісін қайта құру, оларды интеграциялау керек. Қазіргі адамзаттың тіршілік кезеңі білім мазмұнында, оқыту мен тәрбиелеуде тұлғаның рухани дамуына, оның патриоттық сезімдеріне әсер ететін факторлардың рөлін күшейтуді қажет етуде.

Білім беруді гуманизациялау үрдісі жаңаша педагогикалық ойлауды және оқу-тәрбие процесін жеке тұлға мүддесіне бағындыра басқарудың жаңа мәнерін толығырақ пайдаланудың негізінде «толық адамды» қалыптастыруға бағытталған. Білім беру ұйымы өміріндегі бұл бағыттар жауынгер тұлғасын қалыптастыру үрдісінің өзегі болып табылатын рухани-адамгершілік-патриоттық тәрбие практикасында көрініс таппай қоймайды.

Сонымен, жауынгер - идеялық мамандық, оның негізі – оны жанымен, яғни жүрегімен, тандау. Жауынгерлер - ортақ мүдделер мен рухани құндылықтар, біртұтас дүниетаным мен доктрина, ғасырлық дәстүрлер, корпоративтік ынтымақтастық пен этика біріктірген ерекше әскери бауырластық. Төмендегі рухани құндылықтар, жауынгерлік қауымның біртұтас дүниетанымы, оның ғасырлық дәстүрлері тәуелсіз Қазақстанның әскерінен көрініс табуы тиіс:

- Қазақ елінің тарихын білу және сүю, асыл азамат және патриот болу, Отанға адал қызмет ету, соңғы қан тамшысына дейін оны сыртқы және ішкі қауіп-қатерлерден қорғау, ешқандай жағдайда да рухын түсірмеу, қандай да бір кедергілер алдында тоқтамау;

- Антқа, жауынгерлік туға адалдықты сақтау, ешқандай жағдайда да сатқындық пен сатқыншылдыққа жол бермеу; мемлекеттің қорғанысы мен Қарулы күштернің жай-күйін білу, әскери істің дамуы үшін жеке жауапкершілігін сезіну;

- ұлы ата-бабаларымыздың дәстүрін үнемі ұстану, олардың өсиеттеріне сүйену; әскери тарихты зерделеу және оның сабақтарын әскерді нығайту, жауынгер тұлғасын дамыту үшін пайдалану;

- «Өмірім - Отанға, ар-ожданым - ешкімге!» ұранын мүлтіксіз орындау; офицерлік атақтың қадір-қасиетін, жеке ар-намысын, армия мен мемлекеттің абыройын қорғау және қолдау;

- әскери адамға қажетті қасиеттерді ұдайы дамытып отыру: адалдық, риясыздық, шыншылдық, бағынушылық, мейірбандық, кішіпейілділік, шыдамдылық, тұрақтылық, әлсіздерге, жазықсыз қорланғандарға қамқорлық. Өз бойында тәртіптілікті, батыл мінезді, жеңіске деген ерік-жігерді, көрегендікті, өзін-өзі ұстауды, бастамашылдықты, батылдықты, физикалық ептілікті және басқа да әскери ізгілікті тәрбиелеу;

- шығармашылық, өз ойы мен сөзін түзеу, ниет пен іс-әрекетте ізгілікті тұлға болу; өзінің зияткерлік деңгейін үнемі арттыру, мәдени ой-өрісін кеңейту;

- мемлекеттік заңдар мен әскери жарғыларды білу, кәсіби болу, өз қызметі тұрғысынан үздіксіз жетілу; әскери қызмет пен мемлекеттің мүддесі үшін өз міндеттерін ынталы атқару;

- жауынгерлерді соғысқа қажетті нәрселерге үйрету; Бауыржан Момышұлы рухында әскери өнерді меңгеру; өз білім деңгейін үздіксіз арттыру, надандыққа төзбестік таныту;

- аз шығынмен жеңіске қол жеткізу, ізгілікті ұмытпай жігерлі және батыл шайқасу; сөзбен және іспен төзімділікті көрсетуде жеке үлгі көрсету, жеңіліске ұшырамауға бар күш-жігерін жұмсау, ізгі өнегелер мен тәжірибелерді болашақ жеңістің пайдасына қолдану; тұтқында өзін лайықты ұстау;

- әділ соғыс жүргізу; әскери мораль кодексін, соғыс заңдары мен әдет-ғұрыптарын сақтау, әскери қажеттіліктерді басшылыққа алу; жеңілген жауға, әскери тұтқындарға, азаматтық

халыққа адам сүйгіштік пен ізгілік, мейірімділік көрсету; жөнсіз қиратуға, тонауға жол бермеу;

- әскерлерді ұрысқа жібермей, өзі бастап кіру, өзін аямау, қиындықтардан қашпау, жеке батылдықы, қауіптер мен өлімге бой алдырмау - қорқақтық пен ақ көңілділік жауынгерге жат болуы тиіс;

- бөлімшелер мен бөлімдерді шебер басқару, бағыныштыларға талап қоя отырып, оларға қамқорлық жасау, сенім мен өзара құрмет негізінде олармен қарым-қатынас жасау; азаматтық орта алдында әскердің жағымсыз бейнесін қалыптастыруға жол бермеу;

- тек әскери маман, қол астындағылардың жауынгерлік көсемі болып қана қоймай, олардың идеялық шабыттандырушысы, сарбаздар жүрегінің билеушісі, нәзік психолог және насихаттаушы болуға ұмтылу; қылышпен ғана емес, сөзбен де жеңе білу, шешендік тәсілдерді меңгеру; армияда бүлік шығаруға арналған ілімдерге қарсы күрес жүргізу;

- жауынгерлік бауырластықты бекіту, сөзбен де, ісімен де жолдастарына немқұрайлы қарамау, түсінушілік, бейбітшілік пен келісімде болу, қадір-қасиетіне қарай құрмет көрсету; өзара көмек және қолдау көрсету, жолдастарын жаман қылықтардан тосу;

- әскери атақтың беделін көтеретін, жауынгерлік ар-намысты тәрбиелеуге ықпал ететін рәсімдер мен салттарды мүлтіксіз сақтау;

- жауынгерлік туды әскери бөлімнің «жаны» ретінде, Отан қорғаушыларының абыройы мен айбындығының символы ретінде қасиетті қадірлеу. Тулар мен штандарттарды алу - жоғары мәртебе, Жауынгерлік туды жоғалту - қылмыс, ұят.

- наградаларды ерліктердің, жауынгерлік ерекшеліктер мен әскери еңбектердің куәлігі ретінде құрметтеу; әскери киімге және айыру белгілеріне ұқыптылықпен қарау; өз әскер түріне тиістілігін білдіретін киімді, белгілірді мақтан тұту;

- жоғары этикалық стандартқа сәйкес келу, өзінің беделінің және барлық жауынгер қауымының тазалығын сақтау; өз сөзіне, сертке, удеге адал болу;

- азаматтық қоғамда және әскери ортада әдептілік пен этикет ережелерін сақтау; соған лайықты болу; харам іс-әрекеттерге жол бермеу; әңгіме айтып, сөз таластыра білу; қарапайым болу, дау-дамайлардан аулақ болу; жігіттікке сай ханымдарға қатысты сыпайы, ілтипатты, зейінді болу;

- әскери атаққа кішкентай болса да көлеңке түсіретін теріс әдеттерден тартыну; өсекшілдіктен, жала жабудан, мақтаншақтықтан, маскүнемдіктен, балағат сөздерден, құмар ойындарынан, алаяқтықтан, алып-сатарлықтан, саяси күреске қатысудан аулақ болу;

Қорытынды

Осылайша, қазақ жауынгерінің әдебі - бұл моральдық және этикалық нормалардың жиынтығы, ол ата-бабасының барлық көп ғасырлық дәстүрлерін өз бойына сіңіреді. Ол - жауынгерлік дәстүрлердің жалғастырушысы. Дәстүрлердің маңыздылығы: жауынгерлердің бірлігі мен тұтастығын қалыптастыруға ықпал ететіні, оның құрамына кіретін адамдарды әскерде белгіленген тәртіп ережелері мен нормаларына бағынуға мәжбүрлейтіндігі, оны дәстүрді ұстанбайтын немесе оларды бұзатын адамдардан тазартуды талап ететіндігі.

Жоғары рухқа толы жауынгерлік дәстүрлер әскери қызметшілердің бойында Қарулы күштер мен әскери құралымдарға қатыстылығы үшін мақтаныш сезімін тудырады, оларды өзін-өзі жетілдіруге, арман-мақсатқа жетуге итермелейді. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің қазіргі әскери қызметшілері қазақ батырларының жоғары жауынгерлік және моральдық қасиеттерінің лайықты мұрагерлері болып табылады. «Бейбіт өмірді қаласаң, соғысқа дайын бол!» демекші, тарих бізге соғыс пен қақтығыстың күтпеген жерде өршитінін және бейбіт уақытта оларға дайындала алмаған, әскері мен жауынгерлері ауыр сынақтарды көтере алмайтын жақтың ауыр жағдайға ұшырайтынын бірнеше рет дәлелдеп берді.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру [электрондық ресурс]. URL: <https://strategy2050.kz/book/post/> (қараған күні: 10.06.2020).
2. Назарбаев Н.Ә. Ұлы даланың жеті қыры [электрондық ресурс]. URL: <http://www.akorda.kz/kz> (қараған күні: 11.06.2020).
3. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Әскери іс. Алматы: "Мектеп" ААҚ, 2001.
4. Қондыбай С. Жауынгерлік рух кітабы [электрондық ресурс]. URL: <https://qamba.info/site/book/online/serikbl-qndybai-viii> (қараған күні: 13.06.2020).
5. Болатбекқызы А. Абай шығармаларындағы «толық адам» мәселесі // Молодой ученый. - 2015. - №8.1. - С. 53-55.

ӘОЖ 378:796
МРНТИ 14.15.15

С.Тәукейұлы¹, Р.Ж.Нарибай²

¹ *м.ғ.к, қауымд.проф.м.а., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: taukeyuly@bk.ru*

² *б.ғ.к., доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: naribaeva.roza@mail.ru*

ҚҰНАРЛЫ ДА ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ - СТУДЕНТТЕРДІҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНЫҢ АЛҒЫ ШАРТЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Жастардың денсаулығы қоғам дамуының тұрақтылық кепілі болып табылады. Алайда соңғы онжылдықтағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер аясында жастардың денсаулық мәселесі көлеңкелік тұстарда қалып отыр. Қоғамдық денсаулық деңгейін, өмір сапасын, ұзақ өмір сүруді, әлеуметтік белсенділікті анықтайтын негізгі фактор дұрыс тамақтану, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі болып табылады. Ал мұның алғы шарты күнделікті тұтынуға қажетті тамақ өнімдерінің сапасына және дұрыс дайындалуына тікелей байланысты. Негізінен студенттер тағамның сапалық құрамына оның, биологиялық құндылығына көңіл аударма бермейді, ең басты назары тамақ санына бағдарланады. Тап осындай тағамдар адам ағзасына теріс және ұзақ мерзімді әсер етеді.

Тамақтану сапасы қоғамның даму деңгейін көрсететінін есте сақтау қажет.

Мақалада студент жастардың денсаулығы мен салауатты өмір салтының негізгі факторларын қолданудың әлеуметтік зерттеу нәтижелері берілген.

Түйін сөздер: студент жастар, денсаулық, салауатты өмір салты, азық-түлік құрамы, ас мәзірі, дұрыс тамақтану, оқу-тәрбие үрдісі.

ЗДОРОВОЕ И ПРАВИЛЬНОЕ ПИТАНИЕ - КАК УСЛОВИЕ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ СТУДЕНТОВ

С.Таукейұлы¹, Р.Ж.Нарибай²

¹ *кандидат медицинских наук, асс.проф, Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Казахстан, Алматы, e-mail: taukeyuly@bk.ru*

² *кандидат биологических наук, доцент, Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Казахстан, г.Алматы, e-mail: naribaeva.roza@mail.ru*

Аннотация

Здоровье молодежи служить гарантом стабильности благополучного развития общества. Однако на фоне социально-экономических изменений в последние десятилетия

проблема здоровья молодежи остается в тени. Основным фактором, определяющим уровень общественного здоровья, качество жизни, долголетие, социальная активность относится здоровое питание, безопасность пищевых продуктов. А это связано с качеством и правильностью приготовления пищевых продуктов, необходимых для повседневного потребления. В основном студенты не обращают внимание на качественный состав пищи, т.е. на его биологической ценности, главное внимание уделяется количеству пищи. Именно такая пища оказывает негативное и долгосрочное влияние на организм.

Необходимо помнить, что качество питания отражает уровень развития общества.

В статье представлены результаты социологического исследования отношения к здоровью и использования основных факторов здорового образа жизни студенческой молодежи.

Ключевые слова: студенческий молодежь, здоровье, здоровый образ жизни, состав продуктов питания, меню, правильное питание.

HEALTHY AND PROPER NUTRITION - AS A CONDITION FOR A HEALTHY LIFESTYLE OF STUDENTS

S. Taukeiuly¹, R.Z.Naribay²

¹candidate of medical Sciences, associate Professor, Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Kazakhstan, Almaty, e-mail: taukeyuly@bk.ru

² candidate of biological Sciences, associate Professor, Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Kazakhstan, Almaty, e-mail: naribaeva.roza@mail.ru

Abstract

Youth health is a guarantee of stability and successful development of society. However, against the background of socio-economic changes in recent decades, the problem of youth health remains in the shadows. The main factor that determines the level of public health, quality of life, longevity, social activity is a healthy diet, food safety. This is due to the quality and correctness of food preparation necessary for everyday consumption. In General, students do not pay attention to the quality of food, i.e. its biological value, the main attention is paid to the amount of food. It is this type of food that has a negative and long-term effect on the body.

It should be remembered that the quality of food reflects the level of development of society.

The article presents the results of a sociological study of attitudes to health and the use of the main factors of a healthy lifestyle of students.

Key words: student youth, health, healthy lifestyle, food products, menu, proper nutrition.

Кіріспе

Студенттік кезең әртүрлі қызықты оқиғаларға бай және жүйке жүйесіне кейде шамадан тыс күш салуымен ерекшеленеді. Оқу үдерісі кезінде, әсіресе емтихандарды тапсыруда студенттің физикалық жағдайы мен ақыл-ойына біршама салмақ түсетіні анық, себебі, күн бойы және тіпті тәуліктеп ойды жинақтау, қорытындылау қажеттілігі талап етіледі. Қандай жаста болмасын адамның жақсы физикалық жағдайына, есте сақтау және оны шоғырландыруға, ағзаның келіп түсетін дәрумендер мен минералдар санына қарай сапалы тамақтану үлкен әсер етеді.

Студенттің өмірі, әдетте, дер кезінде тұрақты түрде тамақтану тұрғысынан жабдықталмаған. Олай дейтініміз, сабақтың ұзақтығы, күнделікті қарқынды ақпараттық жүктеме, созылмалы қанық ұйқының болмауы, күн мен демалыс режимінің бұзылуы, тамақтану сипаты мен қазіргі өмірлерінің қарқынды ағыны - оларды, нағыз, яғни табиғи өнімдерді таңдауда түсінбестікке әкеледі. Уақыт тапшылығын сылтауратқан студент

жастарда, құрамында түрлі хош иістендіргіштер, бояғыштар және модификацияланған компоненттер бар тез дайындалатын тағам өнімдерінің танымалдығының өсуі - қоғамның болашағын алаңдатады. Міне, осындай дұрыс тамақтанбау көптеген аурулардың пайда болып өршуінің маңызды факторы болып табылады.

Мұндай аурулардың алдын алуға болады, егер салауатты өмір салтын ұстаса және бірінші кезекте дұрыс тамақтанса.

Негізгі бөлім

Халқымыздың ішер тамаққа қатысты, «Ас - адамның арқауы, қуаты», «Ас тұрған жерде ауру тұрмайды» - деген денсаулық қағидаттарына негізделген мағыналық ұғымы кең мақал-мәтелдері тегін айтылмағаны рас. Мұнда ағзаның қалыпты тіршілігі, оның өнімді қызмет атқаруы, өсіп, толысуы, ұрпақ жалғастыруда, күнделікті ішіп-жейтін құнарлы астың үлкен маңыздылығы айқын айтылып отырғанын ұғынуға болады.

Адам ағзасы - энергияны, пайдалы заттар мен компоненттердің қорын үнемі толықтыруды талап ететін түрлі үдерістер үнемі орын алатын күрделі механизм. Ал, ағза тамақтан қажетті нәрсенің бәрін алады, сондықтан әрбір адамға ол тағамда қолданылатын құрамның жеткілікті болуына көңіл бөлу керек.

Мәселен, тәулік ішінде ересек адамға 85 г ақуыз (оның ішінде 48 г жануар тектес ақуыз), 100-104 г май (оның ішінде 30 г өсімдік майы) және 380 г көмірсулар қажет [1].

Ағзадағы ақуыз құрылыс материалының рөлін атқарады, соның нәтижесінде адамның бұлшықеттері өседі. Ақуыздар адамға жұмысты орындау үшін күш береді.

Көмірсулар сапалы ми жұмысы үшін қажет. Олар тез және баяу болып бөлінеді. Түрлі тәттілер мен кондитерлік өнімдер жылдам көмірсулар ағзаға пайдасыз, ал баяу көмірсулар өте тез сіңірілмейді, есесіне ұзақ уақытқа энергия қорын береді.

Кейбір адамдар майды - қажетсіз қоректену элементі деп санайды. Шын мәнінде, тек майлардың арқасында адамның терісі тегіс және серпімді болып қалады. Диетада майлардың болмауы адам денсаулығының жай-күйіне теріс әсер етуі мүмкін [2].

Бұл жерде айта кететін нәрсе, бірде-бір тағамдық өнім ағзаның барлық заттарға қажеттілігін толық қанағаттандыра алмайды. Мысалы, ет барлық қажетті амин қышқылдарынан тұрады, бірақ онда минералдық заттар мен дәрумендер жеткіліксіз. Нанда көмірсулар көп, бірақ ағзаға қажетті басқа заттар жоқ. Сондықтан адамның күнделікті тамақ мәзіріне ақуыз өнімдерін, өсімдік және жануарлар майларын, дәрумендер мен минералды тұздарға бай көкөністерді кіріктерген жөн.

Тамақтанудың көмегімен адам ағзасының бұрын конституция мен тұқым қуалаушылық белгілердің айырмашылығы ғана деп ұғындырылған, негізгі өмірлік функцияларындағы өзгерістерге қол жеткізуге болады. Тамақ рационының толықтығы көп жағдайда халықтың денсаулық жағдайын анықтайды, өсу мен дене дамуына, еңбекке қабілеттілігіне, бейімделу мүмкіндіктеріне, сырқаттанушылыққа және өмір сүру ұзақтығына әсер етеді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы қанағаттанғысыз азық-түлік мәзірінен туындайтын патологиялық жағдайлардың төрт негізгі түрін ажыратуды ұсынады:

- ашқұрсақ жүру - ұзақ немесе одан аз уақыт ішінде калориялығы бойынша жеткіліксіз тамақ мөлшерін тұтыну;

- жетіспеушіліктің арнайы түрі - мәзірде бір немесе бірнеше тағам заттарының салыстырмалы немесе абсолюттік жетіспеушілігінен туындаған жағдай;

- артық тамақтану - артық тағам мөлшерін тұтыну;

- тепе-теңсіздік - мәзірде қажетті тамақ заттарының дұрыс емес арақатынасы.

Сонымен, толық тамақтану ағзаның қалыпты жұмыс істеуі үшін ақуыздың, көмірсулардың, майлардың, дәрумендердің, микро және макроэлементтердің қажетті мөлшерін сіңіруді көздейді. [3].

Қазіргі таңдағы тез тамақтану дүңгіршектерінің саны күн санап артып отырған жағдайда, дұрыс тамақтану мәселесін сақтау, мектепке дейінгі жастан бастап зейнет жасындағы адамның барлық жіктері үшін өзекті мәселе болып отырғаны анық.

Әсіресе, студенттердің көпшілігі дұрыс тамақтану туралы ойламайды. Тез тамақтану орындарындағы тұрақты түрде асығыс тісбасарларды пайдалану жағымсыз салдарға әкеледі - асқазан-ішек жолдарының көптеген ауруларының (гастрит, асқазанның ойық жарасы және зат алмасудың көптеген бұзылуы) дамуына әкеп соғады.

Жалпы жоғары оқу орындарының алдында тұрған міндеттер, жоғары деңгейдегі кәсіби мамандарды даярлау үшін құрылымдық басқарушылық өзгерістерді ғана емес, сонымен қатар белсенді өмірлік ұстанымы бар дені сау тұлғаны тәрбиелеуді де талап етеді. Салауатты өмір салты (СӨС) адамның әлеуметтік белсенділігінің шарты мен алғышарты ретінде бірінші кезекте денсаулықты сақтау және дамыту критериясы бойынша, оның сана-сезімін және мінез-құлқын мақсатты қалыптастыруды көздейді [4].

Студенттік жылдар жастардың өмірін түбегейлі өзгертеді, әсіресе басқа қалаға оқуға түскен бозбала немесе бойжеткен пәтерде немесе жатақханада тұрған жағдайда. Студенттік өмір дәрістер мен емтихандар, танысып, білісулер және т.б. жаңа оқиғаларға толы болғандықтан - дұрыс тамақтану сияқты «болмашы» нәрсеге көңіл бөліп ойландырта қоймайды.

Алайда, әрбір жас өз өмірінің осы кезеңінде бірінші кезекте - салауатты және дұрыс тамақтану режимін ұйымдастыру керек.

Жастық шақта артық салмақтан зардап шегетін немесе денсаулықтарында кінараты барлар сирек кездеседі. Бірақ бұл кезеңде дұрыс тамақтанбау барлық ағзалардың жағдайына әсер етеді, бұл болашақта сыр бере бастайды. Бұдан да басқа, жылдам көмірсулардың шамадан тыс мөлшері, режимді сақтамау және сапасыз тағамдарды пайдалану, кейінгі өмірде адамның жұмысқа қабілеттілігіне және көңіл-күйіне қатты әсер етеді.

Адамның өмір сүру қарқындылығымен, жұмысқа қабілеттілігімен, ағзаның сыртқы ортаға және жұқпалы ауруларға төзімділігі мен тамақтануы арасында тікелей байланыстылықтық бар. Тағы да бір айта кететін жайт, оның адамның көңіл-күйімен байланысы да дәлелденген. Дұрыс тамақтану шаршауды төмендетеді, көңіл-күйді жақсартады, тітіркену мен қозуды бәсеңсітеді. Жақсы денсаулықты сақтау үшін әр адамның тамақ мәзірі (рационы), көлемі бойынша шектеулі және өнімдердің жиынтығы бойынша толыққанды болуы тиіс.

Мейлі жас, ересек болсын денсаулық пен жұмысқа қабілеттілікті сақтау үшін тағам, адамның бір тәулік ішінде жұмсайтын энергиясының мөлшерін толық қалпына келтіруі тиіс. Осы мақсатпен әртүрлі кәсіптегі адамдар үшін тамақтану нормалары құрастырылады, қоректік заттарда энергияның қандай қоры бар екенін, олардың энергетикалық құндылығы қандай екені анықталынады. Заманауи зерттеу әдістері, әр адам үшін тамақтану нормаларын дұрыс таңдауға мүмкіндік береді. Тағам мәзірін жасау кезінде ағзаның барлық қоректік заттарға - ақуыздарға, майларға және көмірсуларға, дәрумендерге, минералды тұздарға қажеттілігі ескеріледі [5].

Жоғарыда айтып өткендей студенттік жастардың көбісі, ақыл-ой және дене жүктемелерінің үлкен көлемін орындай отыра белсенді өмір салтын жүргізеді, әрине мұндай жұмыс күндері кезінде күн тәртібін ғана емес, сонымен қатар толық және дұрыс тамақтану мүмкіндігін де сақтау қиынырақ.

Дұрыс тамақтану жағдайынан жастардың қаншалықты сауаттығын тексеру мақсатында шағын топта зерттемелік жұмыс жүргізілді. Нақты тамақтануды бағалау үшін сауалнама әдісі қолданылды. Сауалнамаға 18-22 жас аралығындағы «Бастапқы әскери дайындық» мамандығы студенттері, яғни 35 адам тартылды. Сауалнама мәліметтері 1-ші кестеде келтірілген.

Сауалнамадан алынған жауап нәтижелеріне көз жүгіртсек, оншалықты қуантарлық жағдай емес. Өйткені, жастардың көбісі, қазіргі жастық шақтағы денсаулық деңгейіне бірқатар факторлердің, әсіресе тағамның құрамдық жағдайы және т.б. әсер етуіне аса мән бере қоймайды немесе салғырт қарайды деген тұжырымға келуге итермелейді.

Мысалы, «Таңертең таңғы ас ішесіз бе?» - деген сұраққа 20%-зы - ешқашан, 45%-сирек, 15%-кейде, 5%-жиі, тек 15% ғана әрқашан деп жауап берген;

Қазіргі таңдағы сапасы төмен тез тамақтану дүңгіршектерінің саны күн санап артып отырған жағдайды ескере және әлеуметтік зерттеу тобына тартылған студенттердің сондай орындардың тамақтарын пайдаланатындарын тексеріп білу мақсатында «Сіз тез тамақтану орындарынан жиі тамақ жейсіз бе?» - деген сұрақ берілді. 30% - жиі, 10% - әрқашан, 30% - кейде, 25,5% - сирек, тек 5% - ешқашан – деген жауаптар алынған.

«Уақыттың жетіспеушілігін» сылтау ететін студент жастардың асығыс тісбасарларды пайдаланулары, яғни ақуыз өнімдері, өсімдік және жануарлар майлары, дәрумендер мен минералды тұздарға бай көкөністердің толық құрамы жоқ фаст фуд өнімдерімен қоректенуі немесе күні бойы ашқұрсақ жүруі, кейде тәулігіне бір рет тоя тамақтануы, соның салдарынан асқазан-ішек жолдарының, семіздікпен байланысты көптеген аурулардың пайда болуына әкеп соғатыны белгілі.

Осындай мәселеге байланысты «Сіз дұрыс емес тағамды жиі пайдаланасыз ба?»

және «Жемістер мен көкөністерді қалай және жиі қолданасыз ба?» - деген сұрақтарға алынған жауап нәтижелері төмендегідей: Жауаптар сәйкесінше: әрқашан - 12%, жиі - 30%, кейде - 25%, сирек - 30%, ешқашан - 3%; әрқашан – 22,5%, жиі - 25%; кейде - 21%; сирек – 31,5%; ешқашан - 0%;

Жастарға тікелей қатысты бүгінгі күннің өзекті мәселесінің бірегейі, гиподинамия жағдайы. Себебі, бірнеше сағат бойы дәрістер мен семинарларда, компьютерде тапжылмай отыру денеге жеткілікті физикалық жүктеменің түсірілуін шектейді. Ал бұл дегеніміз жеген тағамның мөлшері мен тиісті физикалық жүктеме арасындағы қатынас теңеспейді деген сөз. Бұл жағдай, қозғалыс тапшылығымен байланысты түрлі дерттердің ушығуына әкеп соғады.

Мұны анықтау үшін «Сіз спортпен жиі айналысасыз ба?» - деген сұраққа, сауалнамаға қатысқан студенттердің жауаптары: әрқашан - 15%, жиі - 25%; кейде - 30%; сирек – 23%; ешқашан - 7%.

Кесте 1.

Сауалнама нәтижелері бойынша студенттің нақты тамақтануы

Сұрақтар / Жауаптар (%)	Әрқашан	Жиі	Кейде	Сирек	Ешқашан
Таңертең таңғы ас ішесіз бе?	15	5	15	45	20
Сіз тез тамақтану орындарынан жиі тамақ жейсіз бе?	10	30	30	25,5	5
Сіз дұрыс емес тағамды жиі пайдаланасыз ба?	12	30	25	30	3
Жемістер мен көкөністерді қалай және жиі қолданасыз ба?	22,5	25	21	31,5	0
Сіз спортпен жиі айналысасыз ба?	15	25	30	23	7

Сауалнамаға қатысқан жастардың жауаптарын талдай отыра, қазіргі заманғы студенттердің көпшілігі тамақтану тәртібін сақтамайды, жеп-ішетін астың дұрыстығын қадағаламайды және ағзаға тек пайда әкелетін ғана емес, залал келтіретін зиянды өнімдерді пайдаланады деген және дене жаттығуларының денсаулыққа анатомиялық, физиологиялық, биохимиялық тұрғыдан түсініктің әлі де болса жеткіліксіздігі бар деп қорытынды жасауға болады.

Тамақтану рационының бұзылуы студенттердің денсаулығына теріс әсер етеді. Біріншіден, құрамында майлар мен көмірсулардың мөлшері көп тәттілер, ұн және кондитерлік өнімдер, жарма сияқты тағамдарды көп қолданудан, ағзаға олардың көптеп жүйелі және артық түсуі жүреді. Екіншіден, сирек, яғни күніне 1-2 рет және молынан тамақ ішіп тұрақты емес тамақтану, сондай-ақ ұйықтар алдындағы тамақ ішу. Үшіншіден, тамақтану ырғағының бұзылуы.

Міне осылай, дұрыс тамақтану жағдайын ескермей, өз денсаулығына, болашағына салғырт қарайтындар арасында, қазіргі таңда жас талғамайтын семіздікке байланысты бірқатар дерттердің меңдеп бара жатқанын өмір көрсетіп отыр.

Семіздіктің және онымен байланысты аурулардың алдын алу үшін ең алдымен тамақтанудағы жоғарыда атап көрсетілген қателіктерден аулақ болу, қозғалыс белсенділігін арттыру, энергия шығындарын арттыру қажет. Ол үшін дене жаттығуларының әртүрлі түрлерін орындау, спортпен айналысу және дене салмағын жүйелі бақылау керек [3, С.4-5].

Қорытынды

Дегенмен, студенттермен тікелей жұмыс атқаратын ЖОО-ғы әрбіріміздің, білім нәрімен сусындауға талаптанған болашақ мамандарымыз, қазіргі жастарымыздың денсаулық жағдайына әрқашан назар аударғанымыз жөн, және оған біршама жұмыстар атқарылып жатыр деп нақты айтуға болады.

Біздің, Абай атындағы ҚазҰПУ 2018 оқу жылынан бастап сабақ кестесіне енгізген өзгертулер нәтижесінде, мәселен, 3-ші сабақтан кейінгі берілетін 30 мин. үзіліс студенттердің жеңіл болса да тамақтануларына жеткілікті уақыт. Барлық оқу корпусарында асхана жұмыс істейді және ас мәзірінің құрамы толық тамақтану нормасына сай десек те болады, ең бастысы студент жастардың материалдық тұрғысы ескеріліп, төмен бағамен сатылады.

Сонымен, дұрыс тамақтану салауатты өмір салтының негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Ұлт денсаулығын, атап айтқанда, өскелең ұрпақтың арқасында көтеру үшін тамақтану мәдениетінің жалпы және жеке деңгейін көтеру мақсатында оқушылармен, студенттермен іс-шаралар мен әңгімелер өткізу қажет. Студенттер арасында тамақтанудың сапасын арттыру үшін асханадағы толыққанды тамақтанудың жағдайын жақсарту керек, бұл зиянды тағамдардан бас тартуға әкеп соғады.

Әдебиеттер:

1. Физиология питания. Учебник / Под ред. Т.М. Дроздова, П.Е. Влощинского, В.М.Поздняковского. – Новосибирск: Сибирское университетское издательство, 2007. - 352.
2. Безруких М.М. Формула правильного питания: Метод. пособ. / М.М. Безруких, Т.А.Филиппова, А.Г. Макеева. – М.: Олма Медиа Групп, 2009 [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://coolib.com/b/212031/read>.
3. Смоляр В.И. Рациональное питание. – Киев: Наукова думка. 1991г. - 368 с.
4. Толстая. О.В. Здоровый образ жизни и правильное питание. [Электронный ресурс] - Режим доступа. <http://www.cge91.ru/2012/04/zdorovyjobraz-zhizni-i-pravilnoe-pitanie/>. (Дата обращения 20.11.2014).
5. Березина И.С., Бритвин В.В., Гольчикова Н.Ю., Дожук И.В. Школа здоровья: Учебное пособие. – Архангельск: Архангельский медицинский колледж, 2010. - 112 с.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Хабаршы журналының 2020 жылғы №3 (64) «Көркемөнерден білім беру: өнер – теориясы – әдістемесі» сериясына мақала жариялаған

АВТОРЛАР ЖӨНІНДЕ МӘЛІМЕТ

I БӨЛІМ. КӨРКЕМДІК БІЛІМ БЕРУ

РАЗДЕЛ I. ХУДОЖЕСТВЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

Қожағұлов Т.М. Қазақстан кәсіби суретшілерінің көркем туындылары негізінде оқушыларының талғамын қалыптастыру.

Қожағұлов Т.М. Формирование вкуса учащихся на основе художественных произведений профессиональных художников Казахстана

Kozhagulov T. M. Formation of students' taste on the basis of artistic works of professional artists of Kazakhstan

Умралиева Л.М., Танирбергенов М.Ж. Қазақстан суретшілерінің шығармаларындағы ұлттық құндылықтар қашанда келер ұрпаққа мұра

Умралиева Л.М., Танирбергенов М.Ж. Национальные ценности в произведениях Казахстанских художников всегда наследуются будущими поколениями

Umralieva L.M., Tanirbergenov M.Zh. National values in the works of kazakhstani artists are always inherited by future generations

Бейсенбаев С.К., Битемир Д.А. 3D-моделирование в графической программе sketch up рабочего пространства преподавателей-дизайнеров.

Бейсенбаев С.К., Битемир Д.А. Оқытушы-дизайнерлердің жұмыс орнын sketch up графикалық бағдарламасында 3D - модельдеу.

Weisenbayev S.K., Bitemir D.A. 3 D - modeling of design teachers' workspace in sketch up graphic software.

Келденова К.К. Орнамент как средство художественно-эстетического воспитания младших школьников в системе дополнительного образования

Келденова К.К. Ою-өрнек қосымша білім беру жүйесінде бастауыш сынып оқушыларына көркемдік және эстетикалық тәрбие беру құралы ретінде

Keldenova K.K. Ornament as a means of artistic and aesthetic education of primary school children in the system of additional education

Турдалиев А.М., Мұсақұлов Қ.Т. Кәсіптік білім берудің педагогикалық бағдар жұмысы

Турдалиев А.М., Мұсақұлов Қ.Т. Работа педагогических направлений профессионального образования.

Turdaliev A.M., Musakulov K.T. Work of pedagogical directions of vocational education

К.М.Бекболатова., А.С.Сманова. Дәстүрлі колөнер негізіндегі шығармашылық іс-шаралар.

К.М.Бекболатова., А.С.Сманова. Творческие мероприятия на основе традиционного декоративного искусства.

Bekbolatova K.M., Smanova A.S. Creative events based on traditional decorative art

Келденова К.К. Дополнительное образование в мировой художественной педагогике как главный ресурс эстетического воспитания школьников.

Келденова К.К. Әлемдік көркем педагогикасында қосымша білім беру мектеп оқушыларының эстетикалық тәрбиесінің басты ресурсы ретінде.

Keldenova K.K. Additional education in the world of art pedagogy as the main resource of aesthetic education of schoolchildren.

Мукеева Н.Е., Қартбаева Ж.Ж. Мектепалды даярлық тобы балаларының ертегілер арқылы эстетикалық талғамын дамыту.

Мукеева Н.Е., Картбаева Ж.Ж. Развитие эстетического вкуса детей дошкольной подготовки через сказки.

Mukeeva N., Kartbanva Zh. Development of children's aesthetic sense in preschool training through fairytales.

II БӨЛІМ. МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ

РАЗДЕЛ II. МУЗЫКАЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

Юсупова А.А. Развитие музыкальных способностей младших школьников в процессе обучения пению.

Юсупова А.А. Ән айтуды оқыту процесінде бастауыш сынып оқушыларының музыкалық қабілеттерін дамыту.

Yusupova A. A. Development of musical abilities of younger students in the process of learning to sing.

Дюсебаев С.Б., Сырайлова Р.Т. Уәлихан Қонақбайұлының музыкалық шығармашылық стилистикасының ерекшелігі

Дюсебаев С.Б., Сырайлова Р.Т. ОСОБЕННОСТИ СТИЛИСТИКИ МУЗЫКАЛЬНОГО ТВОРЧЕСТВА УАЛИХАНА КОНАКБАЙУЛЫ

Dusebayev S.B., Syrylova R.T. Features stylistic musical creativity of Ualihan Konakbayeva

Абдуллаева Г.С., Таубаева Р.К. Музыка мұғалімінің кәсіби педагогикалық қабілетін қалыптастыру.

Абдуллаева Г.С., Таубаева Р.К. Формирование профессионально-педагогических способностей учителя музыки.

Abdullayeva G.S., Taubayeva R.K. Formation of professional and pedagogical abilities of music teacher.

Байбатшаева С.З., Смаилова М.С. Оңтүстік өңіріндегі музыкалық өлкетану арқылы өскелең ұрпақты тәрбиелеу.

Байбатшаева С.З., Смаилова М.С. Воспитание подрастающего поколения через музыкальное краеведение в южном регионе.

Baybatshayeva S. Z., Smailova M. S. Education of the younger generation through musical local lore in the southern region.

Тұрдалиев А.М., Байғонова А.С. Бастауыш сынып оқушыларының музыкалық-шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың теориялық және педагогикалық негіздері.

Турдалиева С. М., Байгонова А.С. Теоретические и педагогические основы формирования музыкально-творческих способностей младших школьников.

Turdaliev A.M., Baigonova A.S. Theoretical and pedagogical bases of formation of musical and creative abilities of younger schoolchildren.

Байгонова А.С., Джоламанова Г.Д. Мектеп оқушыларының музыка сабағында шығармашылық дағдысын дамыту.

Байгонова А.С., Джоламанова Г.Д. Развитие творческих навыков школьников на уроках музыки.

Baigonova A.S., Dzholamanova G. D. Developing students' creative skills in music lessons

Досбағанбетова А.Т., Байгонова А.С. Бастауыш сынып оқушыларының музыкалық өнерге психологиялық-педагогикалық феномен ретінде қызығушылығы

Досбағанбетова А.Т., Байгонова А.С. Интерес учащихся начальных классов к музыкальному искусству как психолого-педагогическому феномену.

Dosbaganbetova A. T., Baigonova A. S. Interest of primary school students in musical art as a psychological and pedagogical phenomenon.

Досбағанбетова А.Т., Қарсыбаева А.М. Жаңа технологияларды пайдалану барысында музыка мұғалімінің кәсіби шеберлігін дамыту жолдары.

Досбағанбетова А.Т., Қарсыбаева А.М. Пути развития профессионального мастерства учителя музыки в процессе использования новых технологий.

Dosbaganbetova A.T., Karsybayeva A.M. Ways to develop professional skills of a music teacher in the process of using new technologies.

Исабекова Г.Т., Риксибаева А.Б. Музыканың адам денсаулығына әсері

Исабекова Г.Т., Риксибаева А.Б. Влияние музыки на здоровье человека

Isabekova G.T., Riksibayeva A. B. Influence of music on human health

Еркибаева Г.Г., Пернебекова Г.Е. Роль музыки в создании эстетической культуры

Еркибаева Г.Г., Пернебекова Г.Е. Эстетикалық мәдениетті қалыптастырудағы музыканың рөлі

Erkibaeva G.G., Pernebekova G.E. The role of music in creation of aesthetic culture

Сырайлова Р.Т., Дюсебаев С.Б. Музыкалық шығармалардың даму процесінде кездесетін тарихи оқиғалардың бейнесі

Сырайлова Р.Т., Дюсебаев С.Б. Образы исторических событий в процессе развития музыкальных произведений

Syrailova R. T., Dyusebayeva S.B. In the development of musical works image of historical events

Таубаева Р.К., Абдуллаева Г.С. Оқушыларды ұлттық музыка өнері арқылы мектептен тыс мекемелерде тәрбиелеу жолдары

Таубаева Р.К., Абдуллаева Г.С. Пути воспитания учащихся во внешкольных учреждениях через национальное музыкальное искусство.

Taubayeva R.K., Abdullayeva G. S. Ways of education of students in extra school institutions through national musical art.

Мұстафаев Е.Ж. Сыр бойы жыр мақамдары мен Қазанғап күйлерінің сабақтастығы

Мұстафаев Е.Ж. Преемственность макамов сырдарьинского региона и кюев Казангапа

Mustafaev E.Zh. Succession of the macams of the syrdarya region and the kyuis of Kazangap

Какимова Л.Ш., Абденова Г.З. Формирование компетенций в практике преподавания урока музыки в школе

Какимова Л.Ш., Абденова Г.З. Мектепте музыка сабағын оқыту практикасында құзыреттіліктерді қалыптастыру

Kakimova L.Sh., Abdenova G.Z. Formation of competencies in the practice of teaching a music lesson at school

Какимова Л.Ш., Нұрмуғанбет Ш. Мектептегі музыка сабақтарында оқытудың интерактивті әдістерін қолдану (орта білім берудің жаңартылған мазмұны мысалында)

Какимова Л.Ш., Нұрмуғанбет Ш. Использование интерактивных методов обучения на уроках музыки в школе (на примере обновленного содержания среднего образования)

Kakimova L.Sh., Nurmuganbet Sh. Use of interactive teaching methods in music lessons at school (on the example of updated content of secondary education)

III БӨЛІМ. СӘНДІК ҚОЛӨНЕР

РАЗДЕЛ III. ДЕКОРАТИВНО-ПРИКЛАДНОЕ ИСКУССТВО

Кудасова Г.Ж. Заманауи тігің бұйымдарының моделдеу және құрастырудың ерекшеліктері

Кудасова Г.Ж. Особенности моделирования и конструирования современных швейных изделий

Kudassova G.Zh. Features of modeling and construction modern sewing research

IV БӨЛІМ. ӨНЕРТАНУ

РАЗДЕЛ IV. ИСКУССТВОВЕДЕНИЕ

Хазбулатов А.Р., Битореева Д.Т. Казахстанский арт-рынок: о вопросах развития территории искусства в современных условиях

Хазбулатов А.Р., Битореева Д.Т. Қазақстанның арт-нарығы: қазіргі заманда өнер аймағының даму мәселелері туралы

Khazbulatov A.R., Bitoreyeva D.T. Kazakhstan art market: on issues of development of the territory of art in modern circumstances

Таңірбергенов М.Ж., Умралиева Л.М. Құрасбек Тыныбековтің шығармаларындағы ұлттық құндылыққа негізделген төрт элемент

Танірбергенов М.Ж., Умралиева Л.М. Четыре элемента на основе национальной ценности в работах Курасбека Тыныбекова

Tanirbergenov M.Zh., Umralieva L.M. Four elements based on national value in the works of Kurasbek Tynybekov

Қрықбаева С.М., Ермағанбетова З.М. Қазіргі қазақстан суретшілерінің шығармашылығындағы сюрреализм бағыты

Крыкбаева С.М., Ермағанбетова З.М. Направление сюрреализма в творчестве современных казахстанских художников

Krykbaeva S.M., Ermaganbetova Z.M. Direction of surrealism in the creativity of modern kazakh artists

Нехвядович Л.И., Шайгозова Ж.Н. Роль этноискусствознания в исследовании тюрко-монгольской художественной традиции

Нехвядович Л.И., Шайгозова Ж.Н. Түркі-монғол көркемдік дәстүрін зерттеудегі этно өнертанудың рөлі

Nekhvyadovich L.I., Shaygozova Z.N. The role of ethno- art study in the research of the turko-mongol artistic tradition

Мухадиев Ә.М., Байкулаков Н.Т. Композиционные приемы архитектурного формирования городского пространства

Мухадиев Ә.М., Байкулаков Н.Т. Қала кеңістігінде сәулетті қалыптастырудың композициялық тәсілдері

Mukhadiev A. M., Bachlakov N. T. Methods of architectural composition of formation of urban space

Омарова Е.О. Анализ традиционных женских ансамблей в этническом стиле

Омарова Е.О. Этникалық стильдегі дәстүрлі әйелдер ансамбльдерін талдау

Omarova E.O. Analysis of traditional women's ensembles in ethnic style

Қалмен С.М., Кемалова Г.Б. Заманауи дизайнерлік жобалаудың түрлері мен ерекшеліктері

Калмен С.М., Кемалова Г.Б. Виды и особенности современного дизайнерского проектирования

Kalmen S.M., Kemalova G.B. Types and features of modern design project

Сутеева М.А., Кемалова Г.Б. Қазақтың ұлттық заманауи киімдеріндегі ою-өрнектің мәні

Сутеева М.А., Кемалова Г.Б. Значение национального орнамента в современной одежде

Suteeva M.A., Kemalova G.B. The significance of national ornaments in modern clothing

Киргизбекова С.С. Джо Понти: отец итальянского послевоенного дизайна

Киргизбекова С.С. Джо Понти: соғыстан кейінгі итальяндық дизайнның әкесі

Kirgizbekova S. S. Joe Ponti: father of post-war italian design

V БӨЛІМ. БАСТАПҚЫ ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ
РАЗДЕЛ V. НАЧАЛЬНАЯ ВОЕННАЯ ПОДГОТОВКА

Джакубақынов Б.Б., Құлатаев Қ.Ә., Баймұратов Ө.С. Жауынгерлік дәстүрлер – әскери-патриоттық тәрбиенің қайнар көзі

Джакубақынов Б.Б., Құлатаев К.А., Баймуратов О.С. Боевые традиции - источник военно-патриотического воспитания

Jakubakynov B.B., Kulataev K.A., Vaimuratov O.S. Battle traditions - source of military-patriotic education

Тәукейұлы С., Нарибай Р.Ж. Құнарлы да дұрыс тамақтану - студенттердің салауатты өмір салтының алғы шарты ретінде

Таукейұлы С., Нарибай Р.Ж. Здоровое и правильное питание - как условие здорового образа жизни студентов

Taukeiuly S., Naribay R.Z. Healthy and proper nutrition - as a condition for a healthy lifestyle of students